

73кА3  
А44

# Ақындар жыры



ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ  
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

# АҚЫНДАР ЖЫРЫ

ҚАЗІРГІ

ХАЛЫҚ ПОЭЗИЯСЫ



ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ-1963

Қазақ ССР Ғылым академиясының Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының шақыруымен астанамыз Алматыда 1961 жылдың 3—5 август күндері халық ақындарының республикалық мәслихаты өтті.

Мәслихат — ел өмірінің аса бір елеулі шағында, бүкіл совет халқы, жер жүзіндегі адал ойлы адам баласы заманымыздың асқан ұлы докуменіті — КПСС Программасының жобасына анық асыл көңілден зер салып отырған кезінде шақырылды.

Мәслихатқа отыздан астам халық ақындары, жыршы-жыраулар, әншілер мен шешен-ділмарлар, дарынды күйшілер жиналды.

Советтік халық поэзиясының бүгінгі жайын баяндайтын бұл кітап — халық ақындарының жоғарыда аталған республикалық мәслихатының материалдарынан тұрады. Жинаққа мәслихаттың алды-артында жазылған ғылыми зерттеулер мен мақалалар да енгізіліп отыр.

Кітап әдебиет зерттеушілерге, жоғары және орта мектептерде әдебиет пәнінен сабақ беретін оқытушыларға, филология факультеттерінің студенттері мен мектеп оқушыларына арналған.

Жинақты дайындауға Фольклор бөлімі мен Совет тұсындағы халық поэзиясы бөлімінің ғылыми қызметкерлері: М. Ғұмарова, Т. Сыдықов, Б. Адамбаев, Ә. Рахымжанов, Б. Ысқақов, Н. Төреқұлов, Қ Сейдаханов қатысты. Ақындар айтысының әуенін нотаға түсірген Музыка зерттеу бөлімінің ғылыми қызметкері Зәуре Кереева.

#### РЕДАКЦИЯЛЫҚ КОЛЛЕГИЯ;

М. Базарбаев, А. Жұбанов, М. Қаратаев,  
Е. Ысмайылов, О. Нұрмағамбетова,  
Б. Уахатов (жауапты редактор).

ХАЛЫҚ  
АҚЫНДАРЫНЫҢ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МӘСЛИХАТЫ

*(3—5 август 1961 жыл)*



## БІРІНШІ КҮН

*Филология ғылымының кандидаты  
М. БАЗАРБАЕВТЫҢ кіріспе сөзі*

Қадірлі жолдастар! Бүгін республикамыздың әр облысынан келген ақын-жырауларымызбен бас қосып отырмыз. Келген ақындар сан жағынан көп болмаса да, күнделікті өмірге ілесіп, өнімді өлең-жыр беріп жүрген өнерпаздар түгелге жуық жиналды. Өздеріңізге мәлім, ақындық өнерді халық жоғары бағалайды. Халық поэзиясы қазақ әдебиетінің қашаннан бергі мол тармағы. Кезінде халық ауыз әдебиеті арнасынан жазба әдебиетіміз нәр алғаны белгілі. Қазіргі ауыз әдебиеті мол салалы, кең арналы. Соның бір мол бөлімі ақындар, жыраулар, өлеңшілер, суырып салып айтатын айтыс ақындарының творчествосы.

Советтік заманда ақындық өнер қаулап өсті. Оның Жамбыл, Нұрпейіс, Шашубай сияқты биік шыңы болды. Олар қалдырған үлгі, өнеге, дәстүр қалай ілгері дамып, өрлеп барады? Біздің бір мақсат осыны анықтау.

Әр уақытта-ақ ақын жаңалықты тез көріп, тез ұғып, шапшаң өрлеп, өсіп бара жатқан өміріміздің колхоз бен совхоздағы, ауылдағы үншісі, жаршысы болушы еді. Көп ақындарымыз қазірде де сондай еңбек етеді. Соңғы бір-екі жылда өткізілген облыс ақындарының айтыстары осыны дәлелдейді. Рас, айтыс сапасы бар жерде бірдей емес. Бірақ мұны алдағы уақытта дұрыс жолға қоюға болады.

Қазіргі ақын-жырауларымыздың ішінде республика жұртшылығына мағлұм болған Шипин Омар, Ахметбеков Нұрхан, Баймұратов Нұрлыбек, Әзірбаев Кенен,

Жанғабылов Сәттігүл, Жүсіпов Құмар, Кәрібаев Үмбет-әлі, Жапсарбаев Қалқа сияқты айтқыштарымыз бар. Осылардың көбі бүгінгі мәжілісімізге катысып отыр. Бұлармен және басқа ақын-жыраулармен де Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтының тығыз байланысы бар. Жинаған өлең-жырларын, жаңа дастандарын халық ақындары институтқа жіберіп отырады. Олар, сөйтіп, бір жағынан халық өнерінің үлгілерін жинаушы, реттеуші қызметін атқарады. Қазір Әдебиет және өнер институты осындай 100-ден астам ақынмен хат жазысып тұрады.

Қазір біздің әңгіме еткелі отырғанымыз шығарушылық өнер. Осында келген қадірлі ақындарымыздың тұрған жерінде күнделікті өмірге араласуы қандай, тұрмысымызда сан алуан өзгерістер, өрлеу, өсулер болып жатыр, соны ақындарымыз жаңаша түсініп, ұғып жырлай ма? Партия ұсынып отырған ұлы жоспарлар, алда болмақ съезд, қазір жарияланған Программа — осының бәрі кімнің де болса бойына шабыт бітіріп, ойына қанат жалғағандай. Қарт ақындарымыз осы думан жарысқа қалай ілеседі, немен ілеседі? Ал біздің мақсат — ақындарымыздың жаңа тақырыпта айтылған өлең-жырлары болса оны жазып алу және әрбір ақын-жыраумен жеке әңгімелесіп, оның ой-тілегін, шығарғыштық қалпын анықтау.

Мұндай бас қосу жиналыстар 30-шы жылдар мен соғыс кезінде болған. Соңғы жылдары Қазақстан жазушылар одағы облыс аралық кездесулер, айтыстар өткізді. Егер алдағы уақытта республикалық үлкен слет керек десек, оны тағы ойласып көрелік.

Сонымен Академияның Әдебиет және өнер институтының Қазақстан жазушылар одағымен бірлесіп шақырған республика ақындарымен бас қосу жиналысын ашық деп жариялаймын.

М. Базарбаев жолдас айтқандай, мен бір ұзақ баяндама жасағалы тұрғаным жоқ. Сіздермен азын-аулақ әңгіме, кедес ретінде бірнеше сөз айтуды мақсат көрдім.

Менің әңгімемнің бүгінгі тақырыбы коммунистік құрылыс дәуірінде халық ақындарының негізгі міндеттері жайында.

Біздің бұл мәжілістің шақырылып отырған кезеңі алдымызда тұрған міндетті айқындай да, анықтай түсіп отыр. Сіздермен өте қолайлы, өте ғажайып, тамаша кезеңде бас қосып отырмыз. Қазір Коммунистік партияның жарияланып отырған ұлы Программасының жобасы біздің бүкіл совет халқының, бүкіл Советтік Социалистік Отанымыздың алдында тұрған ұлы міндеттерін дәл, дұрыс көрсетіп беріп отыр. Біздің өнер иелерінің, көркем сөз иелерінің міндеті де осы ұлы міндеттерден таралады. Коммунистік партияның XXII съезі ұлы Программаны қабылдайды. Сол қабылдауға тиісті Программаны біздің халқымыз, совет адамдары қазірдің өзінде үлкен қуанышпен үн қосып, алда тұрған ұлы мақсаттың маңыз-мағынасын, бағдарын ұғып, тұс-тұстан, жер-жерден өздерінің ой-сезімдерін ортаға салып жатыр. Міне, осы бір тамаша кезеңде, үлкен маңызды кезеңде бас қосып отырған халық ақындары өздерінің өнерімен байланысты міндеттерін анықтап, сол жөнінде пікір алысып, кеңесіп, көп мәселелерді шешіссе, іске үлкен пайдасы тимек.

Біздің халық ақындары деп аталатын — елден, колхоздар мен совхоздардан, алыс аудандардан, облыстардан келген ақындарымыз ұлы мақсатқа, коммунизм орнату мақсатына қызмет етеді. Бүкіл халқымызбен бірге Отан мақсатын көздей отырып, халықтың мұң-мүддесін, арманын жырлап келген және жырлайтын сол ел ақындары енді бұдан былай программа сызған жоспар, қағида бойынша қызмет ететін болады.

Туысқан Коммунистік партиямыздың көркемөнер қайраткерлері мен әдебиет қызметкерлерінің алдына қойған ұлы мақсат-міндеттері халық ақындарының да мақсат-міндеті боп табылады. Демек, Н. С. Хрущев жолдас жазушыларды, әдебиетшілерді, ақындарды Коммунистік партияның сенімді көмекшісі деп орынды баға-

лады. Біздің жазба ақындарымыз бар, елдегі халық ақындары бар, бүкіл көркемөнер қайраткерлері бар — мұның барлығы Коммунистік партияның көмекшісі деп есептелініп, халық алдында тұрған ұлы мақсатқа өздерінің бар өнерімен, қабілетімен, дарынды талантымен қызмет етеді. Бұдан былай да осы қызметін арттыра бермекші.

Біздің алдымызда тұрған нысана бүгінгі күндері айқындала түсті. Бір кезде, бұдан жүз жылдар бұрын, бүкіл дүние жүзі халықтарының данышпан-ақылгөйлері Маркс пен Энгельс адам баласы арман еткен ең жақсы, әділетті қоғам — коммунизм деген болса, сол коммунизмнің елесі қазірдің өзінде Европаны кезіп жүр деген болса, енді, міне, содан жүз жыл өткеннен кейін адам баласының ең алдыңғы сапында сәулетті, жарқын қоғамға бастап келе жатқан біздің советтік Отанымыз болып отыр. Бұл үшін бүкіл совет халқы мықтап мақтана алады. Адам баласы арман еткен коммунизм қазір қиял емес, ол нақты іске айналды. Қаһарман халықтың ұлы творчестволық еңбегімен, совет адамының ерлік, қимыл-әрекетімен қабырғасы көтерілетін алтын сарай, нұрлы дүние. Бұл жаңа қоғамның бейнесін көз алдымызға елестетіп, ертең өзіміз ішінде өмір сүретін бақыт дүниесін біз ұлы жобадан жақсы көріп отырмыз. Халық ақындары қай заманда болмасын, халықтың жүрегінде не асыл нәрсе болса, соны жұрттан бұрын көріп, шапшаң жырлап, төгіліп тастайтын болған. Олай болса, бүгінгідей қуанышты заманда осы тамаша дәстүрге лайық дәуір шындығын жырлауда халық ақындары өз бойындағы бар күш-жігерін жұмсап, үлкен санамен, терең сезіммен құлай қызмет ететініне ешбір күмән жоқ.

Осы күнге дейін социализм қоғамын орнатуда халық ақындары өздерінің тиісті үлестерін қосты. Бізге бұрынғы өткен мол мәдениеттің тамаша дәстүрлерін жеткізді. Сол кездегі жүрек ұйытарлық жақсы арман, озық ой-мүдде, сезім — осының бәрін өз бойына асылдай сақтап, қорғаштап алып келді. Совет заманында халық ақындары социалистік қоғамның тез орнауыша, социализмнің өркендеуіне, коммунистік құрылысқа, халықтың коммунистше еңбек етуіне өз өнерлерімен көмектесіп отырғанын біз жақсы білеміз. Қолымызда бар, жиналған фактілер алдымен осыны дәлелдейді.

Біздің колхоз, совхоздарда, өндірістерде, аудан, об-



лыстарда көптеген халық ақындарымыз бар. Жұртшылығымызға белгілі болған ақындарымыздың саны жүз елу болды. Мұнан ақындардың барлығын таныдық, білдік дей алмаймыз, саны да бұдан әлденеше рет көп болуы керек. Сондықтан біз халық таланттарын әлі жете біле алмай жатырмыз деп мойындаймыз. Біз білген ақындардың ішінен көп жазып, көп көрген, творчестволық жағынан ысылған, жұртшылыққа танылған кексе ақындар, таңдаулы ақындар бізде жиырма-отыз шамалы. Осында отырған ақындар көптің ішіндегі ең таңдаулы, жұрт көзіне түскендері. Бұл ақындар әр жерде, әр облыста болғанымен және бәрінің мақсаты да бір болғанымен әр кісінің өзінің әдісі, тәсілі бар, өзінің өнер ерекшелігі бар, тіл байлығы бар, әрқайсысының өзінің бағдары бар. Поэзияда, өлеңде, творчестволық көркем сөз өнерінде өзінше жеке алатын орны бар ақындар.

Қазір халық ақындарының творчестволық күй-жайын аңғару үшін, таяудағы мақсаттарын айту үшін біздің қолымызда бар, осы күнге дейін жиналған, фактілердің өзі де жеткілікті. Бұл айтылғандардың растығына, басқаны қойып, осы отырған ақындардың өзі айғақ бола алады.

Жазба әдебиеттің совет заманында қарыштап, қаулап өскенінен хабардарсыздар. Бұл біздің жалпы халық шаруашылығының, мәдениетіміздің өскендігінің кепілі. Жазба әдебиеттің өсуімен қатар халық ақындарының творчествосы өшпейді, қайта өсіп дамиды. Совет тұсында Жамбыл сияқты ірі поэзия алыбының шығыуы, Нүрпейіс, Нартай, Шашубай сияқты ақындардың шабытты шарықтауы, бұрынғыдан да мазмұнды, мағыналы жырлар туғызуы совет дәуірінде халық творчествосының жазба әдебиетімен қатар, қаулап өсіп келе жатқан өнердің бір тармағы екенін дәлелдейді.

Осы отырған ақындар да, бұл жиналысқа шақырылмаған ақындар да өздерінің творчествосының жазба әдебиетпен жарыса дамып, жетіліп келе жатқандығының куәсі. Өткен замандардағы Европа елінің әдебиет тарихына көз салсақ, онда үстем тап өкілдері жазба әдебиет үлгілерін жасағанда, халық творчествосын мейлінше сінбейтін, мұнда ешбір қадірлі нәрсе жоқ деп түсіндірмек болатын.

Сол замандардың өзінде прогресшіл жазушылар, қоғамның көзі ашық өкілдері әр уақытта халық творчест-

восымен тығыз байланыса отырып, өздерінің шығармаларына нәр алып, образдар тудырып, көркемдік сөз құралдарын пайдаланып отырған. М. Горьсий айтқандай, көркем сөздің асылы фольклорда, өйткені кесек бейнелер, сом тұлғалар, бай характерлер фольклорда жасалған. Сондықтан оның жазба әдебиетіміз фольклорды дамыта отырып, творчестволық пайдалану керек дегенін естен шығармауымыз қажет.

Осы күнгі халық ақындарының шығармаларына көз салсақ, қазіргі халық поэзиясы кері кетіп, өшіп бара жатқан емес, жазба әдебиетпен қатар өркендеп келе жатқан сала екендігін көрсетеді. Халық өз таланттарын, дарынды адамдарын әр түрде, әр салада шығара береді. Қолына қалам алған қазіргі өнершілер өмірмен тығыз байланыса отырып, бұрынғы ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерін дамытатын өкілдер боп табылады.

Н. С. Хрущев жолдас Жазушылар одағының III съезінде сөйлеген сөзінде халықтың қалың ортасынан шыққан адамдарға айрықша көңіл бөлу керек екенін айтты. Көркемөнерпаздар үйірмелеріне қатысу жөнінде айтқанда, бұлар халық өмірімен қоян-қолтық араласқан, барлық қасиетті нәрді бойына сіңірген, халықтың мұң-мүддесін жақсы білетін адамдар, сондықтан олар біздің өміріміздің, өнеріміздің өсуіне үлкен пайда беретінін ескерткен. Заводта еңбек етіп, ерен ерлік көрсетіп жүрген аса бағалы адамдар көркемөнердің асыл материалдарының бірі, қайнар көзі болуы керек деген. Олай болса, ел ақындары жөнінде де осыны айтуға тура келеді. Бұлар халық өмірімен бірге араласып, еңбек етіп жүрген адамдар, алдыңғы қатарда қызмет еткен халықтың не ой, не сезіммен ерлік еңбек ететінін ерекше жақсы түсінетін адамдар. Сондықтан бұл топ кісілер біздің өнеріміздің бұдан былай да өсе түсуіне өздерінің құнды үлесін қосатыны сөзсіз. Ендеше жазба әдебиет бар жерде ауызша әдебиет өше береді-міс деген сыңаржақ пікірді теріс деп білу керек. Жазба әдебиетпен ауыз әдебиеті бір-бірімен қайшы жағдайда емес, қатар, жақын, өзара байланыс жағдайда өсіп отырады. Біздің өздеріміз халық творчествосының қазынасына әрдайым қызыға, үңіле қараймыз. Қазіргі халық ақындарының творчествосына зер салып қарасақ, қолдарына қалам алып жазуды халық ақындары да үйренді.

Сөйтіп ауыз әдебиет пен жазба әдебиет деген ұғымның өзі өзгеріп, бұл екі сала бір-бірімен алшақ қайшылық халде емес, туысқандық, тұтастық жағдайда тізе қоса отырып, бүкіл халқымыздың ырызығына әрқайсысы өзінше үлес қосатын егіз сала.

Ескі заманның өзінде, біздің халқымыздың екі проценті ғана хат танитын кездің өзінде, ақындардың барлығы бірдей сауатсыз болмайтын, олардың ішінде де сауаттылары, хат танитындары кездесетін. Кезі келген жерлерде суырып салып айтысатын болса, кейбір кезде жазба түрінде шығаратын да ақындарымыз болған. Сондықтан ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті бір-бірінің көмегімен қатар өмір сүріп келе жатқан көркем өнердің туыстас салалары.

Әсіресе совет заманында бұл екі сала қатты туысып кетті. Қазіргі уақытта, осында отырған, ақындардың барлығы да хат таниды. Реті келгенде бұлар суырып салып та айтады. Бұл өзі сөз өнерінің дамуындағы табиғи құбылыс болып отыр. Иса ақын ауызша айтқанда, халық ақындарының бұрынғы дәстүрін бойында сақтап, өз жырларында мөлінен жүзеге асырған ақын еді. Еркін де тура тауып айтатын, ойлаған ойынан дәл түсетін ақын болатын. Сонымен қатар ол қолына қалам алса, барлық ой, сезімін қағазға төгетін жалынды жазушы, ақын екенін де жақсы танытқан. Сол Иса салған дәстүр бүгінгі көп ақындарымызда бар. Мәселен, әрі ақын, әрі әнші Кененнің өзі де хат танитын адам. Ол кісі жазып та айтады, кейде ауызша да айтады. Сонымен бірге халық жырларын жатқа айтып, халық арасына таратады. Сондай-ақ Нұрхан Ахметбеков, Омар Шипин сияқты қарт ақындарымыз да екі жақты, қос қырлы қайраткерлер. Осы күнгі егде тартқан ақындардық көпшілігі-ақ сауатты. Олар жазба әдебиеттің үлгілерінен де үйрене отырып, екінші жағынан халық ақындарының ауызша айтатын айтыс дәстүрлерінің байлықтарын жинап, оны өздерінің творчествосына жақсы, орынды пайдаланатын ақындар.

Біздің тұсымыздағы халық ақындарының творчествосын талдап қарайтын болсақ, мұнда жазба әдебиет үлгілері мен ауыз әдебиеті үлгілерінің қатар өмір сүріп, біріне-бірі жақсы әсер етіп жатқанын көреміз. Біздің партия мен үкімет халықпен араласып отырған өнер иелеріне үлкен көңіл қойып, зор сеніммен назар аударады. Олардың бағалы жақтары — халықтық мұң-мүддесін

жақсы біледі. Олар байырғы талант иелері, ұзақ өмірінде үлкен өнер саласына еңбек етіп кете алмағанымен, колхоздар мен совхоздардың өмірін, құрылысшылардың өмірін жақсы біліп, соны жырлауға, еңбек адамдарының бейнесін жасауға, тәуір жырды еңбекші жұртшылыққа таратуға, көркем сөз қазынасын молайтуға олардың сіңіретін еңбегі көп.

Осында отырған ақындар творчестволық беттері, бағыт бағдарлары белгілі адамдар. Мұны олар өз еңбектерімен көрсетіп отыр. Бұл айтқандарымызды дәлелдейтін қыруар фактілерді түгелдей қолға түсіріп алдық деп, әрине, әзір айта алмаймыз. Біздің жуықта отау тігіп бөлінген Әдебиет және өнер институты, қазір осы мақсатты алға қойып, халық ақындарының творчествосын кең зерттеуді зор мақсат етіп отыр. Осы мәжіліс әлгі мақсат тұрғысынан шақырылды.

Халық ақындарының творчествосына көңіл аударарда біз қазіргі күйімен қанағаттанып, соны зерттеп қана қою емес, халық ақындарына көмектесуді де мақсат етеміз. Біздің тарапымыздан халық ақындарына қандай жәрдем, қандай творчестволық көмек керек және халық ақындарының білімін, мәдениетін қалай көтеріп, шеберлігін қалай ұстарта түсеміз, оларды қалай ұлы мақсатқа жұмылдыра түсеміз деген мәселе — бүгінгі күрделі мәселе. Халық ақындары бір ғана жыр жазу, айтысқа түсу түрінде ғана әрекет жасап отырған жоқ.

Халық ақындарының творчествосының толып жатқан қырлары бар. Әдеби тілмен айтқанда, толып жатқан жанрлары бар. Халық поэзиясында қашаннан қалыптасқан жанрларды ақындар біздің заманымызда да өсіріп, еркендетіп келеді. Мысалға лирикалы жырларды алайық, жақсы адамдар жөнінде таза сезімді толғап айтушылық ертеден халық ақындарының жақсы дәстүрі болатын. Сол дәстүр бойынша ауылдағы еңбек ерлерінің жақсы істерін, жарқын бейнелерін өз жырларында оқушы жұртшылыққа тебіреніп жырлап беретін ақындар бар.

Біздің Коммунистік партия жөнінде, ұлы көсем Ленин туралы, қаһарман совет халқы туралы, бейбітшілік туралы, ерлік еңбек туралы. совет ғылымының зор табыстары жөнінде, көкке ұшқан Гагарин, Титов, сықылды батырлар жөнінде халық ақындарымыз үлкен, тәуір-тәуір толғаулар айтуда. Бұдан былай олардың мұнан да терең

толғаулар айтуға мүмкіншіліктері бар. Егер біздің тарапымыздан тиісті көмек болса, ұлы мақсат — коммунизм қоғамына тез жету үшін, коммунистік құрылыста ұлы табысқа жете беру үшін өмірде кездесетін кемшіліктер мен қиындықтарды тауып көрсетіп, сынап, шенеп айтатын әсіресе халық ақындары. Бұл жөнінде ел тұрмысын, ерсіліктерді, кемістіктерді халық ақындарынан жақсы білетін, тез көретін адам жоқ дер едім. Олар бізге оралғы болатын адам санасындағы ескіліктің қалдықтарын жою жөнінде де, жаман қылықтарды ашу жөнінде де өздерінің өткір тілімен сықақ етуге, мысқылдауға өте шебер. Халық ақындары маскүнемдерді, ұры-қарыны, саудагерлерді, жатып ішер арамтамақтарды сынауда, өлтіре соққы беруде, орнынан тұрғысыз етіп әшкерелеуде басты құрал. Өткір тілмен айтылған ақын сөзін халық ықылас қоя тыңдайды. Мінді сынаған мысқыл, сықақ сөздер өтімді келеді. Міне, мұндай құралды біз коммунистік құрылыста кедергі болушыларға қарсы пайдаланбаққа қақымыз жоқ. Бізді кім де кім ескілігімен етегімізден тартатын болса, онымен күресуге біздің ақындар уытты сөзімен көмек көрсете алады деп білеміз.

Ертеден келе жатқан көне жанрымыздың бірі — *дастан*. Бұрын батырлар қандай шабытпен жырланса, қазіргі заманымыздың еңбек ерлерін одан да мазмұнды, одан мағыналы етіп жырлауға мүмкіншілігіміз бар. Біздің қалам қайраткерлерінің алдына осындай міндет қойылып, еңбек ерлері жөнінде жедел түрде жақсы көркем очерктер жазу талап етіліп отыр. Олай болса, халық ақындарының алдына да осындай міндетті қоюға болар еді. Батырларды жырлаған сияқты еңбек ерлерін, Гагаринді, Титовты, ғылымның табыстарын, табысқа жеткізген коммунизм адамдарын мадақтап, колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының, халықтық интеллигенцияның көрнекті өкілдері жөнінде біздің халық ақындарымыз ірі дастандар жазуға мүмкіндігі бар ғой дейміз. Эпикалық түрде жырлайтын ерлік істер, тамаша өмір баяндар, ұлы оқиғалар совет шындығында ұшан-теңіз. Тек халық ақындарын бұл жұмысқа бағыттау жөнінде біздер тарапынан жетек, көмек болған емес. Бұдан былай бұл жұмысты міндетті түрде қолға алып, күнбе-күн басшылық етуіміз керек.

Ертеден өмір сүріп келе жатқан жанр — *айтыс*. Айтыс жанры тек қана ауызша түрде болуы мүмкін дейтін

пікір бар. Бұл меніңше, біржақты пікір. Ескі заманда да ақындардың жазып айтысатыны болатын. Қазіргі заманда айтысатын ақындарымыз өзінің айтысып отырған ақынының жерін, ауданының тұрмысын толық білмей, саяз мәліметпен айтысқа түскеннен гөрі әрбір ауданның экономикасын, жақсы-жаман жақтарын, кейбір жеке адамның басындағы кемшіліктерді толық біліп алып, жазба түрінде де айтыс ұйымдастыруды орынды деп білемін.

Мынадай айтыстың түрлері де бар: кейбір айтыс ақындары жаңа жырлар туғызар едік, бірақ айтысатын адамымыздың жағдайын жете біле бермейміз. Елінің тұрмысын, өмірін, жетістігін, кемшілігін жете білмейміз дегенді айтады. Айтыста белгілі бір мақсат қойылып, саналы түрде өткені жөн. Мұндай ақындардың сөздері ел арасында кемшілікті жөндеуге жақсы әсер етеді. Сондықтан бұл жанрды халық жақсы көреді. Осы тұрғыдан қарап, *мысқыл, сын түріндегі айтыстардың* етек алып өркендеуіне көмектесуіміз керек.

Сәбит Мұқанов жол жүретін болғандықтан бүгінгі жиналыста бола алмайтынын айтып, айтыс жанры жөнінде, ақындар жөнінде өзінің сәлемін жеткізуді менен өтінді. Сәбит сәлемінде айтыс жанрын өрістетуге керек дегенді ескертті.

Тың игеріп жатқан жерлерде, ауылдарда, құрылысшылар арасында айтыс жанрының үлкен әсерлі жанр екендігі аян. Сондықтан айтыстың әзірлігін жүргізіп, айтысатын ақындар асықпай ойланып, толғанып, жеке фактілер мен құбылыстарды жақсы пайдалана отырып айтысқаны мақұл. Бір кемшілікті сынап, ол жөнінде фельетон газет бетіне шыққанда, аудандық партия комитеті немесе бастауыш партия ұйымы бұл кемшілікті талқыға салып, одан қорытындылар шығарып, шаралар қолданып жатады. Сол сияқты айтысты да осы мақсатта пайдаланып, екі жақтың ақынын ойландырып, толғандырып, кемшілікті дұрыс ашып, өткір түйреп көрсететін болса, сол айтыстар арқылы жергілікті жерде тиісті қорытындылар шығарылса, біздің бұл айтысымыз партияның бүгінгі саяси-тәрбие жұмысына үлкен көмегін көрсетіп, жәрдемін тигізген болар еді.

Ақындардың қолындағы құрал өте ұшқыр, өткір және уытты құрал дер едім. Бұл құралын, өзінің сөз өнерін ақындар тиісті жерінде ойдағыдай пайдаланса, осы

арқылы коммунистік құрылыста, коммунистік тәлім-тәрбиеде баға жетпес еңбек сіңіреп еді. Толғау, лирика жырының да, сықақ, мысқыл жанрының да өсуіне бізде қазір мүмкіншілік мол. Сондықтан бұл жанрларды өрістетуіміз керек.

Әрине бұл жанрлардың мазмұны да, мақсаты да жаңаша болмақ. Ертеде, ескі заманда айтыс ақындары руын айтып, байлығын, кедейлігін, жаман адамдарын айтып, шекісумен қанағаттанса, біздің қазіргі халық ақындарымыздың өресі биік, сана-сезімі терең, көзі ашық. Бұлар шағын ру көлемінде ғана мәліметі бар адамдар емес, бүкіл Одақ көлемінде білігі, ұғымы бар, жетістік пен жеңістің қай салада болып жатқанын, табыстың тетігі мен кілтін білетін адамдар. Бұл ақындар бүкіл байтақ отанымыздың табысына куанады, қиыншылығына күйзеледі. Бұлардың түсінігі мол, көз жанары кең, ұғымы терең. Сондықтан бірен-саран жетістік, кемістік жайында ғана емес, біздің ұлы партия туралы, халқымыздың таудай тамаша табыстары туралы терең философиялық толғаулар жырлауына мүмкіндігі бар ақындар. Жыр атаулының өзегі — коммунистік идея, өмірге партиямыздың шыншылдық көзқарасымен қарау, коммунизм орнатып жатқан халыққа көмек етемін деген ықыласпен қарау. Сонда ескі мен жаңаны, жақсы мен жаманды дұрыс ажыратамыз, дұрыс білген нәрсені дұрыс жырлап, жұртшылыққа дұрыс жеткізе аламыз.

Сонымен, бізде, біздің бай халық поэзиямызда, дәстүр де бар, тіл байлығы да бар. Тек осыларға дұрыс мазмұн, бағдар беріп, халық ақындарын осы жақсы мұраны пайдалануға жұмылдыра отырып, поэзия үлгілерін дамыта түссе деген тілек білдіреп едік. Сонда ақындардың, халқымызға үгітші-насихатшы ретінде қызмет ететін үлкен белсенділік, тәрбиешілік ролі арта түсер еді.

Біздің халық ақындарымыздың айтатын сөздерінің мазмұны, тақырыбы жаңа. Оның түрі, кейбір дәстүрі байырғы, бұрынғыдай болғанымен, бағдары басқа. Жаңа заман тақырыбына жоғары идеялы, мазмұнды, жалынды жыр жасау — ардақты іс. Бұл іс партияға көмек ету, коммунистік қоғам құрылысына қолғабыс тигізу болып табылады.

Халық ақындарын аз ғана және шағын ғана тақырыптың маңында тәрбиелеу жеткіліксіз. Оларды мол,

кең тақырыптың төңірегінде тәрбиелейтін болуымыз керек. Халық ақындары елімізде болып жатқан істің барлығымен де хабардар болуы керек. Олар советтік шыпдықты жақсы білгенде ғана жақсы жырлай алады. Халық ақындарына қалай болса солай жырлай бер демей, олардың да білімін толықтырып отыруды қарастыру біздің бірден-бір міндетіміз боп табылады. Міне, сонда ғана жазба әдебиеті мен ауызша әдебиеттің арасы жақындай түседі, ауыз әдебиетінің дәрежесі көтеріле түседі.

Халық ақындары дегеніміз қараңғылық, надандық деген сөз емес. Олай болса халық ақындарының алдына үлкен талап-тілек қойылуы орыпды. Біздің өміріміздің өсуімен қатар өсіп, толысқан саналы топтың санында қызмет ететін, заманымызбен адымдас жүретін халық ақындары ғана біздің тұрмысымыздың шындығын жырлай алады дейміз.

Енді бірер сөз сапа жөнінде. Біздің жазба ақындарының арасында мынадай бір теріс ұғым бар: халық ақындары не де болса ұйқастырып айтса, не де болса тез айтса, сөйтіп, осы екі қасиетімен тыңдаушыларын танқалдырса жеткілікті деп біледі. Табанда өленді ұйқастырып айта қою ақынның өнерлілігін, таланттылығын көрсететіні рас. Бірақ бұл бізге жеткіліксіз. Өлең шығару көп адамның қолынан келеді, ал жақсы, сапалы өлең шығару аз-ақ адамның қолынан келеді. Ал олай болса, халық ақындарымыз сапалы өлең шығаруға тырысса, поэзияға табыс, үлес деп тек соны есептеу жөн. Абай өлең жөнінде былай дейді:

Өлең — сөздік патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Бұл да сол сапа жөнінде айтылған баға. Ал өленді ұйқастыру екінің бірінің қолынан келеді. Қиыннан қиыстырып жасаған жақсы өлең ұйқастан басқа да көп шартқа байланысты. Талант керек, терең ой керек, өткір, от шашқан сезім керек, көп іздену, үйрену, еңбектену керек. Сырты күміс, іші алтын болу өлең сөзге қойылатын зор талап. Өлеңге сын осы тұрғыдан болуы қажет. Біз қалам алған жазушыларға ана кемшілігің бар, мына кемшілігің бар деп айтып, көзіне көрсетіп жатамыз. Ал халық ақындарына мұндай сын айтылып көрген емес. Сондықтан халық ақындары өзіне-өзі сын көзімен қарап,



әз шығармасының сапасын көтере түскені дұрыс болар еді дер едік. Өлең сөзде мазмұны бай болса, әрбір сөз белгілі мағына білдіреді, ой-пікірді білдіреді. Егер сөз ақынның шын сезімін білдірсе, ол оқушы мен тыңдаушысының да жүрегін тебірентеді. Олай болса, жұртшылықты толғанту, тебіренту үшін ең алдымен ақын өзі тебіренуі керек. Осы жағы кейбір айтыстарда, жырларда бола бермейді. Жалпылама айту, тізім түрінде яки бірдеңенің атын айтып ұйқастыру түрінде өлең шығарудың маңызы аз, бағасы кем.

Ең алдымен тақырып дәл, нақты болуы керек. Мысалы, Гагаринді не үшін құрметтейміз, оны қандай халық туғызған, оның ерлігі неге байланысты, Гагариннің қандай қасиеттерін айрықша бағалаймыз? Міне осылардың барлығы ақын өлеңінде нақты айтылып жырланса ғана өлең мағыналы, мазмұнды болмақ. Кеше партия Программасының жобасы жарияланып, бүкіл халық болып, жазушылар болып қуана мақұлдап отырғанда, біздің ақындарымыз, мына сіздер, бұл Программаның ұлы документ екенін ақындық шабытпен жырлап берсеңіздер қара сөзден гөрі, әрине, өтімді де әсерлі болар еді. Ақын өз тілімен, өз сөзімен осы сияқты ұлы оқиға жөнінде жұртшылықты тебіренте алатын болса, онда мақсаттың орындалғаны. Жай сөзбен де ұлы Программа туралы совет адамдары өздерінің жақсы сезімдерін білдіріп жатыр. Ал ақындарға қойылатын талап — осы ұлы оқиғаны тың ой, соны сезіммен, ешкім айта білмеген жалынды сезіммен жеткізуі керек. Осы жөнінде біздің жаңа, нәзік сезімімізді оятатын ұйтқы бола білу керек. Міне, халық ақынына қойылатын талап осы болады. Қара өлең түрінде тек ұйқастыру халықты қанағаттандырмайды. Біздің халық бұдан елу жыл бұрынғы халық емес, халқымыздың сана-сезімі өскен, коммунизм орнатып жатқан халық, не үшін күресіп жатқанын анық білетін, көзі ашық халық. Ендеше өленде ой мен сезімді асыл сөзбен өріп айтпаса, ондай өлең халыққа әсер ете алмайды, әсер етпегеннен кейін ол шығармаң құнсыз боп шығады. Сондықтан өлең жырларын, айтыс жырларын, лирикалық жырларды үлкен өнермен айтса, аз көлемде көп мағына берсе, тартымды, мағыналы сөздер иін тіресіп арасында бос сөзге жол берілмесе, сонда ғана ақындық шығармаң құнды болмақ. Кейбір жасық өлең жа-

затын ақындар осы жағын ескерсе деген сөзді тілек ретінде айтып тұрмын.

Абайдың «Самородный сары алтын» деп бағалағанындай, өлеңнің осы «Самородный сары алтындай» сөздермен жазылуына талап қойылады. Сонда ғана халық ақындары жазба ақындарымен жарысқа түсе алады. Бұл жағынан жазба ақындары көп өсіп кеткен. Жазба ақындарының ішінде үлкен талантты жастар бар. Олай болса, ондай ақындармен жарысу үшін жоғарыда айтылғандай өлеңдер туғызу керек.

Жазба ақындарының ішінде де мынадай пікір айтамындары бар: халық ақындары да жазатын болып кеткен жоқ па. Олар да біздей жазып өлең шығарсын, бізге қойылғандай талап оларға да қойылсын дегенді айтады. Бұл халық ақындарына қатал да қиын шарт көрінгенмен, қазіргі үлкен талаптың заманына үздік өлең үлгілерін жазуға ұмтылу деген сөз, дұрыс сөз. Сіздер де соны ескеріп, жазушы ақындардың өзімен білек сыбанып жарысқа түсіп, ақындық сөздің сапасын арттыра беру жайын мықтап ойласады ғой деп сенемін.





*Кенен ӘЗІРБАЕВ*

**ЕЛ БАСТАҒАН КЕМЕҢГЕР**


Никитажан, құлақ сал,  
Сенің орның бір төбе.  
Қуанышын Кенен шал,  
Өз алдында іркерме!

Шәкіртісің Лениннің,  
Шар тарапты болжаған.  
Бар өмірін елінің,  
Бақытына арнаған.

Батырысың халқымның,  
Күрестерде жүлде алған.  
Мақсатысың ақынның,  
Қиялында жыр болған.

Қуаныспай қалама,  
Саған қалам, ауылым.  
Көз жіберсек соларға:  
Бәрі өзіңнің бауырың.

Қуанышы еліннің,  
Күнде өзіңе дем берер.  
Тойды баста, кел, інім,  
Ел бастаған кемеңгер.



Мәслихат басталар алдында.

**КОММУНИЗМ ШЫҢЫНА**

Орындалды Маркстің  
Әуелгі мақсат, талабы.  
Ғылым-өнер анасы,  
Маркс пенен Лениннің  
Томына жазған сабағы.  
Барлық ғылым, бар -өнер  
Ленин менен Маркстің —  
Сабағынан тарады.  
Айдың тұрған мекені—  
Аспанның анау қабағы.  
Біздің совет ғылымы  
Адамсыз айға барады.  
Аспан-жердің арасын  
Ракета аралап  
Айды, Күнді шолады.  
Картасы мен советтің,  
Қызыл туын Отанның  
Ай төсіне қадады.  
Алысқа ұшып, бірінші  
Ай қасына барған кім?  
Сағат жарым — заматта,  
Аспан-жердік арасын,  
Жұлдыздайын шолған кім?  
Айдың сыртын айналып,  
Суретке оны салған кім?  
Жеті айналып жер шарын,  
Қайтып келіп қонған кім?  
Бірінші ұшқан аспанға  
Біздің совет адамы.  
Бірінші өнер жасаған  
Біздің совет маманы.  
Сілкіндірді жер шарын,  
Гагариннің хабары.  
Осындай білім білгізген,  
Ауасыз көкте жүргізген,  
Жансыз сұңқар мінгізген,  
Қоммунистік партия  
Басшылық еткен заманы.

Аспаныңды аралап,  
Халқым келді күшіне.  
Көк кемесі жасалды  
Құйрықты жұлдыз ішінде.  
Соны қолдан ұшырған  
Жұмысшылар, ғалымдар  
Біздің елдің ішінде.  
Сұмырай жау соқтығып,  
Қатер туса дүниеде,  
Бейбітшілік ісіне,  
Ракета жасалды,  
Жай оғындай жарқылдап,  
Жау үстінен түсуге.

Мұның өзі дәулетім  
Алға қарай артқан іс.  
Коммунизм шыңына,  
Халқым батыл тартқан іс.  
Ғылым менен өнердің  
Тасуынан тапқан іс.  
Адам ұшып аспанға  
Айға тұңғыш аттаныс,  
Ойландрашы халайық,  
Қандай абырой, мақтаныш!  
Гагариннің қалыспай,  
Титовтан да алыстай,  
Ұрпақтарым қаптай үш!

Космосқа адам ұшырған  
Кім естіген ғасырды?  
Тана тағып айыңа,  
Кім өнерін асырды?  
Көктей өткен көгінді  
Космонавт — қос ұлды,  
Кім ұшырды, кім туды,  
Кімге әлем бас иіді?...  
— Уа, ұлы Отаным,  
Достың көңілі тасыды,  
Жаудың көңілі басылды.  
Коммунистік партия,  
Арта берсін абыройың,  
Алдыңа идім басымды.

АНА ҚУАНЫШЫ

Өнерің құтты болсын, қыз бен ұлым,  
Көзіме жанар құйған жарқын жүзің.  
Сан жерден сыралаған сандақтарым,  
Шашайын шашу қылып сөз жұлдызын.  
Анаңмын ақ сүт беріп аялаған,  
Бала үшін ана жанын аямаған.  
Өмірге сәуле шашқан Компартия,  
Жан біткен жарығында саялаған.  
Нәр алған күн көзінен кәрі көмей,  
Қоя ма ұлы дүбір жан тербемей.  
Ел сеніп, екшеп алған ұл мен қызым,  
Арнаған ақтарылсын жырым өрлей.  
Қуатым, қуанышым көздің нұры,  
Құйылсын көкейіңе ана жыры.  
Оралсын сауыт болып жүрегіңе,  
Белгілі жиырма жылдың алтын сыры.  
Ақталсын ел сенімі, ел тірегі,  
Ер болсаң ерден туған ел тілегі.  
Даңқын еліміздің көкке көтер,  
Ұл, қызым сенен соны ел тіледі.  
Ақ шашым күміс жапқан күн сүйеді,  
Ағындап ағытылды тіл тиегі.  
Нұрынан партияның сәуле түсіп,  
Бұлақтай көкірегім күнде иеді.  
Арнайды ардагерге ана даусын,  
Қалың ел сүйенетін асқар таусың.  
Алдыңда көш бастаған партия тұр,  
Өзіде, еліңе де бақыт жаусын.  
Шыдамай қуанышқа өлеңдетем,  
Өлгенше қызығыңды жырлап өтем.  
Ұрпағы партияның ұл мен қызым,  
Аянбай алдарыңда қызмет етем.  
Шыдай ма бала десе ана жүрек,  
Тоя ма балаға ана бақыт тілеп.  
Ақтар деп ел сенімін анаң сенет,  
Ұшырған қырандарым қолдан түлеп.  
Күн берген, өмір берген Ленин көсем,  
Өмірім сөзге сыят қалай десем.  
Дайындап жырдан шашу жеті жылға,  
Асығып күтіп жүрген ақын шешен.

*Майасар ЖАПАҚОВ*

**КӨМІРЛІ ҚАРАҒАНДЫМ —ҮШТІҢ БІРІ**

*(Сайран әнімен айтылады)*

Отаным алабыңа шықсам қарап,  
Ерліктің еңбегі артқан минут санап.  
Кен қалқып Кузбасс, Донбасс,  
Қарағанды,  
Жарысқа шақырады кел, мұңдалап.

Магнитке болат балқып алқа таққан,  
Жұлдыздай электрім жымың қаққан.  
Жезқазған, Ақшатау мен Успен кенім  
Сары алтын сай-саламнан сел боп аққан

Балхаштан мыс Еділі тынбай аққан,  
Мәңгілік өшпес өмір шамын жаққан.  
Дабылы әлемге аян, Қарағанды  
Қара алтын бейне теңіз толқын атқан.

Көмірлі Қарағандым күштің бірі,  
Отанда отын қоры — үштің бірі.  
Отынсыз өмір де жоқ, өнім де жоқ,  
Әр үйге жылу берген қыстың күні.

Халалуләйлім,  
Әләлуләйлім,  
Сайрандаймын, уәй, уәй!

*Құмар ЖҮСІПОВ*

**ЖАҢА ӨМІР**

Тарихта болған емес мұндай ғажап,  
Ракета жерден ұшқан айды орап.  
Қақ жарып көк мұхиттың өр кеудесін,  
Бара алдық құпиясын әбден болжап.  
Қайнары ұлы арнаның көкке тасып,  
Ғылыммен Космостың жолын ашып,  
Көрсеттік бүкіл дүние — адамзатқа, —





Халық акындары Мабасар Жапақов, Үмбетәлі Кәрібаев, Бекболат Меркемелдегов.

Суретке айдың арғы бетін басып,  
АҚШ-тан Отанымның беделі артып,  
Атомдық мұз жарғышы суда қалқып,  
Бөленіп зор табысқа қала-дала,  
Қуаты халқымыздың өсті шалқып.  
Ойға алсам жаңа өмірді кетем балқып,  
Қиялым аспандағы бұлтты қарпып.  
Ғылымның екпініне қарап тұрсақ —  
Алғандай Юпитерді бері тартып.  
Күш берді жаңа өмір мен жаңа заман,—  
Табысқа бастап бізді алып қыран —  
Коммунист партиясы дем берген соң,  
Шыңына коммунизм бастық қадам.

*Аманжол ӘЛЖАНОВ*

#### **ТЫҢ ӨЛКЕГЕ ТУ ТІКТІК**

Тың өлкеге ту көтерген халқымыз,  
Жігерленіп күшті қосып жалпымыз.  
Тың игеріп, мол өнімді біз алсақ,  
Сонда шығар шың басына даңқымыз.  
Өнімдердің неше түрін берейік,  
Техниканың нөсер күшін төгейік.  
Баға жетпес тегін жатқан байлықты,  
Жеріміздің асты-үстінен терейік.  
Асыл кенін Тың өлкенің анықта,  
Келешекте ырыс болсын халыққа.  
Агроном да, инженерлер, мамандар  
Елің көрсін шығар соны жарыққа.  
Сонда халқым байлық кернеп толымдайт,  
Хауіп қылып еш нәрседен қорынбайт.  
Тракторист, шофер менен малшылар,  
Нормаларын артығымен орындайт.  
Алғыр іспен қос тізенді кәрі-жас,  
Қайратпенен қарқын көрсет қажымас.  
Аспанға өрлет Тың өлкемнің тұрғысын,  
Сонда бізге дұшпан жуық дарымас.  
Бұл көктемді қарсы алушы апрель,  
Сағынып тұр құшақ жайып бүкіл ел.  
Топқа түскен балуандарша сыбанып,  
Бірін-бірі шақырғандай келші-кел,

Өлке бізге келгей емес алыстан,  
Өз еліміз, өз жеріміз танысқан.  
Бетін ашып тұнық жатқан қазынаның,  
Озбақшымыз талай-талай жарыстан.  
Егінші мен малшылардың еңбегі,  
Қатар түсіп бәсекемен шабысқан.  
«Еңбек ерден, өнім жерден» демеп пе еді,  
Ұлы көсем Ленин сынды данышпан.  
Бақытты елім, көрсет биыл күшінді,  
Нұрға бөлеп ішің менен тысыңды.  
Алтын кітап алдымыздан шықпақшы,  
Түсір соған еңбек етіп ісінді.  
Тың өлкеміз жеңілдетпек ауырды  
Орнатпақшы игілікті дәуірді.  
Бұрқылдатып техниканың күшімен,  
Құлпырта бер қаламыз бен ауылды.  
Бақытты елден ақын сұрар қалауын,  
Атап айтып әрбір түрлі тарауын.  
Қалау алып Тың өлкемнің алдынан  
Көтермекпіз жеңіс қызыл жалауын.

*Нұрлыбек БАЙМҰРАТОВ*

### **ЛЕНИН НҰРЫ**

Аспанда айды алқалап күнді күшып,  
Қызыл тіл қақшы қанат, қияға ұшып.  
Жайық, Сыр, Еділ, Ертіс, Оралды өрлеп  
Алатау, Қаратауға бар жылысып.  
Шешілер сөз түйіні кейінірек  
Әлеумет, терең тыңда, ойға түсіп.

Жем, Сағыз, Бақанас пен Есіл, Нұра,  
Ойда орман, қырда тоғай өскен бұла.  
Орғытып Оқжетпестің басына шық,  
Бөленіп қуанышпен қалсын бұ да.

Қарт Алтай сенде жаста өспеп пе едім,  
Қия тас табанымды кеспеп пе едің.  
Қайда барсам көргенім қиянат боп,  
Қаңбақтай жел айдаған көшпеп пе едім.

Арқадан бармап па едім Алатауға,  
Мен одан сұрамап па ем жанға сауға.  
Жер жетпей алақандай алабыңнан,  
Ақырда түспеп пе едім құрған ауға.

Қаратау басың қырау жолың тармақ,  
Қан төгіскен, жауласқан қазақ, қалмақ.  
«Ақтабан-шұбырынды» атыс-шабыс,  
Шайқалған шаруа күйреп, қирап  
шаңырақ.

Ұйысып Оралдан да ел ығысқан,  
Жау қамап, жан таласып іштен-тыстан.  
Қапыда қанды-қасап қолға түскен  
Исатай, Махамбеттей екі арыстан.

Зілзала жердік жүзін басқан тұман,  
Қиналған қырда құмай, тауда құлан.  
Ер құнын, ел қайғысын көріп сонда  
Сілкінді тау бүркіті сайып қыран.

Қелте айтсам біз сол елміз — Қазақстан,  
Сынадай қос құрсауда сығылысқан.  
Лениндік партияның әділ жолы,  
Құтқарды шерлі-шекпен қанды уыстан.

Қаһарман әділ нұрдан қайрат туды,  
Ол қайрат ел қайғысын айдап қуды.  
Кезге нұр, бойға жігер, ойға сана,  
Қолға — алмас, белге — семсер  
байлаттырды.

Булыққан бұлбұл тілдің үні шықты  
Халықтың аңсап күткен күні шықты.  
Көкте құс, суда балық, жерде қазына  
Иіліп Нұр алдына тізе бүкті.

Әлемде аты әйгілі осы Нұрдың,  
Атасы өнер-білім, өлең-жырдың  
Ол Лениннің мызғымас партиясы —  
Көсемі адамзаттың, СССР-дың.



Кешениң келіеті әділіне Белгібай Бектұрғанов сырнайға қосып жауап беріп отыр.

## **ОҢТҮСПКІҢ ТАБЫСЫ**

Оңтүстік көлемі үлкен өңірдегі,  
Облыс табысы мол көңілдегі.  
Отырған жері Киров мақта аралдын,  
Мырзаның сары дала еді шөліндегі.  
Құс ұшып ат тұяғы тиген емес,  
Жер еді қаусап жатқан өмірдегі.  
Жалғыз-ақ түйе қарын өсуші еді,  
Жоқ еді бұтаның да шөгірдегі.  
Сарғайып сағымданып жатушы еді,  
Жортпаған түлкі, қарсақ, бөрілері.  
Ізденіп инженерлер тоған қазып,  
Оңтүстік еңбекші елі ерінбеді.  
Ақтарды Сырдың суын шөл далаға,  
Өсіріп ақ алтынын өнім берді.  
Ерінбей еңбек ету арқасында,  
Мақтаның игілігін елім көрді.  
Жиырма бес, отыз мың сом еңбек алып,  
Шат болды колхозшының көңілдері.  
Ат кірсе мақтасына көрінбейді,  
Бәрі солай жоңышқа, егіндері.  
Алмасы шәй кесенің көлеміндей,  
Көздің жауын алады жүзімдері.  
Әрбір қауын, қарбыз құнан қойдай,  
Жайылған Қазықұрттың дөңіндегі.  
Біреуін асқабақтың көтере алмас,  
Түйенің омыртқасы беліндегі.  
Жайнатқан өз күшімен шөл даланы,  
Орасан үлкен табыс елімдегі.

*Таубай ҚИРАБАЕВ*

## **ҚОРҒАНЫМ КОМПАРТИЯ**

Қорғаным Компартия халқын сүйген,  
Азат қып қараңғылық қайғы күйден.  
Білімнің неше түрлі ашып жолын,  
Тапты ойлап ғылымпаздар өнер — мимен.  
Әйелге берді теңдік правоны,

Күндікпен өмірі өткен шықпай үйден.  
Жұмыскер жалшыларды жетілдірді.  
Басына бай болыстан таяқ тиген,  
Дәуірдің социалдық саясында,  
Өркендеп өмір өсіп, жібек киген.

Өсірді шаруаның бәрін бірдей,  
Жаңа өмір жапырақтанып жайнап гүлдей.  
Бейбітшіл, берекелі өскен халық,  
Шыңына коммунизм құлаш сермей.  
Нұсқауын партияның орындамақ,  
Зор міндет алда тұрған асқар белдей.  
Өтсе өмір амалым жоқ, армандамын,  
Алдағы жиырма жылдың жүзін көрмей.

*Бекболат МЕРКЕМЕЛИДЕНОВ*

### **АҚЫНДАР ЖИЫЛЫҒЫНА**

Сәлем бердім халықтың көнелері,  
Асыл сөз, шебер тілді өнегелі.  
Құттықтаймын, бірінші мәслихатты,  
Өлең-жыр әр уақытта өнер еді.  
Мың алғыс, миллион алғыс партияға,  
Шақырды қартайсақ та демежелі.  
Бұрынғы бай-патшаның заманында  
Тым болмаса, па, шіркін, демес еді.  
Алпыс, жетпіс, сексенді біз жасадық  
Жауыздар бізді қашан елеп еді.  
Мақтамай әділ сынды айта қалсақ  
Айып сап нелер сөзбен шенеп еді.  
Кешегі өткен дәуір уақытында  
Шаттықтың орнындағы кебеп еді.  
Аузы қисық болса да байлар сөйлеп,  
Қатарға бізді қашан теңеп еді.  
Нар түйе бақырмайт деп тыйым салды,  
Бірақ та сөз атасы өлең еді.  
Жатқанмен алтын жерде кір болмайды,  
Гүлденіп өлең міне көлендеді.  
Құрметтеп ұлы астана шақырғанда,  
Бекболат жетті көкке төбем деді.

Сондықтан гүл шашайық өлең, жырдан,  
Біріміз ұрандайық дария Сырдан.  
Төрт бұрышын Қазақстан түрлендіріп,  
Мен де үлес қосайын алтын тыңнан.  
Алатаудан асырып ұн шырқасақ,  
Тындасын сүйікті елім ой мен қырдан.  
Байтаққа, ұлы өлкеме мал толғанда  
Тасыпсын алтын дәнге құтты қырман.  
Ұл-қыздарым еңбекке беріліңдер,  
Сендерге қолдан таққан гәуһәр сырғам.  
Еңбекке түсінбесең ұрпақтарым,  
Жаралған еңбек әуел ұлы нұрдан.  
Және бар ұлы қазына ғылым-білім,  
Ай астын, Күннің көзін жарық қылған.  
Советтік ғылым, еңбек күшіменен,  
Көре алмаған дұшпанды ғарып қылған.  
Космонавт Гагаринді көрмейсіз бе?  
Мақтанға ұлы елімді қарық қылған.  
Бұған қалай қуанбас Совет елі  
Дүниеде бірінші боп барып тұрған.  
Бір білек, бір жүрекпен ұл-қыздарым,  
Еңбегін съезге арнап сарып қылған.  
Алға бассын, осындай әрбір ұя,  
Жерге кірсін дұшпандар, сұм-сұрқия.  
Ленин жолын бұлжытпай орындайтын,  
Мәңгі жаса, қолбасшы Компартия!

*Артық ЖЕКСЕНБАЕВ*

## ҚАЗАҚСТАН

Ақынның айтса көп қой өлеңдері,  
Компартия ел бастап кемеңгері.  
Өндіріс, мұнай, завод, шахтасы бар,  
Байлықтың Қазақстан деген жері.  
Алатау қойны толған алтын қазына,  
Ақтарып алып жатыр шеберлері.  
Бес түлік малды бағып ой мен қырға,  
Өсіріп жатыр жылда көп ерлері.  
Өсімдік неше түрлі егілетін,  
Жетерлік қыры менен өзендері.  
Игеріп жиырма миллион жаңа жерді,



Молайды ел мен жердің көлемдері.  
Еңбектен он жүздеген герой шығып,  
Өркендеп өсіп жатыр өрендері.  
Бауыржан, Мұсабек пен Мәліктердей  
Атақты толып жатыр көп ерлері.  
Партия басшылығы арқасында,  
Гүлденіп Қазақстан көгергені.  
Күн сайын агротехника күшеюде  
Халқымның арта түсті өнерлері.  
Көпшілік көп жалықпас құлақ салар  
Келемін Жетісуға төмендегі.  
Мақтауға Талдықорған сыйып отыр,  
Халқым таңдап асылды киіп отыр.  
Орнатып екі жерден сахар завод,  
Қанттарын ақша қылып үйіп отыр.  
Елімнің еңбегіне риза боп,  
Жетісу жеті емшегін иіп отыр.  
Арттырып малдың сан мен сапа жағын,  
Жоспардан артық жүн, сүт құйып отыр.  
Кешегі қотыр қала Талдықорған,  
Төбесі бүгін көкке тиіп отыр.  
Қазақстандық миллиардқа үлес қосып,  
Талайдан мәртабасы биік отыр.  
Партияның жиырмасыншы съезінің  
Қаулысына бар халқым ұйып отыр.  
Ел көшіп мәдениетке жыл-жыл сайын,  
Компартияны ел, жұртым сүйіп отыр.

*Тәңірберген ӘМІРЕНОВ*

### **БАҚЫП**

Жаз болса қырды жайлап, тауды қыстап,  
Аяққа шәркей байлап, таяқ ұстап.  
Мал жайып, қаңғып өткен қазақ едім,  
Өр сайға көшіп-қонып, салмай қыстақ.

Кигіз үй шаңырағы ыс жалаған,  
Баспана болатұғын қыста маған.  
От көсеп, қолымменен шеңгел шауып,  
Көң бар ма мен уыстап ұстамаған?

Енді мен еркін елмін, мақтанамын,  
Достармен қатар алға, аттанамын!  
Енемін, еркін ашып шахта қойнын,  
Аңыратып поезды алға, ап барамын.

Сары жонға су бұрамын, нуды ақтарам,  
Домнаның болаты да қымбат маған.  
Өлкемнің өндірісті мұржасындай,  
Түтіні заводтардың будақтаған.

Халқымның бақыт тиді дестесіне,  
Енді жыр екпіндетіп еспесін бе?  
Байлығым — ұлан-байтақ жерім менің,  
Сыймайды Меңделеев кестесіне.

Халқымды Отан өзің мәпеледің,  
Партия қандай қамқор, әкем едің!  
Сен маған көрік бердің, ерік бердің,  
Мен саған алғыс жырын әкелемін!

Қазақтың, гүлге оранған дүз баласын,  
Дұспандар көре алмаса, тұз жаласын.  
Партия парасатпен баулып отыр,  
Қырандай қырда туған өз баласын.

Ежелден ел баласы — батыр адам,  
Ер жүрек, ізгі ниет батыл адам.  
Серпінді семсерінен сарбазымның,  
Жау қорқып жапырақтай қалтыраған.

Ежелден ел баласы — ақын адам,  
Ерлікті жырлауға өтпес ақыл одан.  
Жырласам бейбітшілік батырларын,  
Күш берер құдіретті халқым маған.

Өмірде өрен күші сарқылмаған,  
Нәр алып партиядан қарқындаған.  
Жол тартқан коммунизм асқарына,  
Паш еткен батырлықтың даңқын ғалам!

**ТОЛҒАУ**

Сыналдың кеше күндіз әнге тастап,  
Тотыдай тұғырдағы бойды баптап,  
Бір күннен бір күніміз тәтті болсын,  
Толғайық, ой-жүректі қайра бастап.

Кейбіреу тақыр таулы жерін айтты,  
Кәнекей, кім сипаттап ерін айтты,  
Сауыншы, қойшы, малшы аты аталмай,  
Табыс жоқ, құр мадақтап елін айтты.

Мен кірдім бірінші айтыс айғай дуға,  
Құр келіп мәз боп кетпен шыққан буға,  
Тың өлкем, даңқы артқан Көкшетауым,  
Тоқтаймын табысы мол «Қызылтуға».

Көкшетау кең дәулетке қорда болған,  
Атағы жазса сыймас том да болған.  
Сері, сал, жазушылар, балуан мықты,  
Білімнің аймағына орда болған,

Сөздері шешендерімнің шекер балдай,  
Жазылған асыл сөзі алтын таңдай,  
Шалқисың кәне қайсың менен артық,  
Тауып бер, шешенінді Біржан салдай.

Қозғаушы ед Біржан салым өлең кенін,  
Сыйлаған Біржан сал деп барлық елің,  
Шоқаным сөз атасы, Балуан Шолақ  
Сайрандап, өтті-ау неше Ақан серім.

Көк шоқы сипаттайын жерлерімді,  
Шығатын алтын, күміс кендерімді.  
Иванов, Қажым сынды Багиндерді,  
Көркейтіп айта кетем ерлерімді

Көкшеде қалың дәулет қызық тойлар,  
Сексен көл жұпар аңқып бұлақ қайнар.  
Емденген бар халқыма шипа беріп,  
Теңі жоқ Бурабайым гүл-гүл жайнар.

Көкшеге егескенмен — ел жетпейді,  
Көліме жүз таластыр көл жетпейді.  
Төселген көк кілемдей көк майса шөп,  
Даңқы мол Бурабайға жер жетпейді.

Өлеңге кеше түстім бойды күтпей,  
Қорықпан енді өлеңнен бүгін титтей.  
Қызылту Ташкент десем жаңылмаспын,  
Рузаев бір ауданым Гурьевтей.

Ел үшін жан қиятын төсімде жыр,  
Дәулетімді айта алмасам бітпейді шыр.  
Сұрасын кім нанбаса Москвадан,  
Есімі екі ауданның эфирде жүр.

Үндемей мен қаламын енді неғып,  
Көкшеден жатқан болса дәулет ағып.  
Көкшетау көп жаса, деп бес жыл бұрын,  
Брежнев келіп кеткен орден тағып.

Дәулетпен көтерілер ел еңсесі,  
Ерлерім ұлы Отанның бәрі еркесі,  
Астық беріп, жігерлі еңбекпенен  
Жолығар астанада Тың өлкесі.

Бергені ұлы Отанның жеміс, білім,  
Табыстың сыпаттадым әрбір түрін.  
Жауға атқан оқ тәрізді көкті шарлап,  
Ғылымның кілтін ашқан Гагаринім.

Үлгі алсам бас қосысқан ұлы тойдан,  
Ақын боп Тың өлкеде қанат жайған.  
Ел үшін салып күшті айттым толғау,  
Тарту ғып астанаға Жұматайдан.

Елімнің көп жастары өнер қуды,  
Ел үшін білім теріп белді буды.  
Қадірлі халқымызға мына отырған,  
Жазушы Ғабит, Сәбит бізде туды.





## ЕКІНШІ КҮН

*Қазақ ССР Ғылым академиясының  
мүше-корреспонденті Е. БІСМАЙЫЛОВТЫҢ сөзі*

Жолдастар, кешеден бері қазіргі халық поэзиясы туралы сіздермен бірталай әңгімелесіп жатырмыз. Қазіргі коммунизм дәуірінде халық ақындарының бұрын-соңды айтқан сөздерінің қайсысы пайдалы, қайсысы пайдасыз деген мәселе газет бетінде де көтеріліп жүр. Біз халық әдебиетінің нұсқаларын зерттегенде, жинағанда ертеде айтылған сөздердің бәрін ала бермейміз. «Жылтырағанның бәрі алтын емес» дегендей, олардың ішінде біздің жаңа мәдениетімізге, жаңа салт-санамызға пайдалыларын, ақын-жыршылар таратып айтқан мол дүниенің нағыз асылын іріктей аламыз. Даналық та, тапқырлық та, өнегелі шешендік те халық жырларынан табылады. Халық достығын, ізгі адамгершілікті, ерлікті, отаншылықты — ардақтайтын көркем сөздер бүгінгі жас қауымды қызықтырмай қоймайды. Мысалы, бұрынғы «Қыз Жібек», «Қобыланды», «Қозы Көрпеш», «Ер Сайын» жырлары қазақ әдебиетінің ең асыл қоры, бұлар біздің жаңа мәдениетімізге керекті еңбектер. Мұндай мұраларды әрқашан қастерлейміз, зерттеп, басып шығарып халықтың өзіне қайта ұсынамыз.

Сонымен бірге халық ақындарының өздері тыңнан шығарып таратқандары да, бір-бірімен айтыс түрінде жырлаған дүниелері де, сондай-ақ ақын емес, бірақ бүкіл көпшілік қауымында ауызекі айтып жүретін ертегілер, мақал-мәтелдер, тақпақ, күлдіргі сөздер барлығы да социалистік мәдениетіміздің игілігінен іріктеп алынып отыратын халық мұрасынан саналады.

Міне, осы тұрғыдан қарағанда бүгін біз ел аузында

бұрыннан сақталып келе жатқан әдеби нұсқалары қалай жиналып және жиналған нұсқалар қалай іске асырылып отыр деген тақырып төңірегінде кеңеспекбіз.

Біз барлығыңызды да халық ақыны, халық жыршылары дейміз, алайда халық ақындарының ішінде өзара жіктері де бар сияқты. Бір ақын бар, ақпа-төкпе, қандай тақырыпқа болсын қолма-қол суырып салып айтады. Ондай ақындарды *суырып салма шешен, тапқыр жүйріктер* дейміз. Мысалы, Жамбыл, Нұрпейіс, Нұрлыбек, Иса сияқтылар. Енді бір қатар ақындар өз жанынан не жазып, не суырып салып шығарып кетпейді, бұрынғы жырларды жадында сақтап айтып береді. Бұларды *жыршы-жыраулар* дейміз. Мысалы, атақты мұрын жырау өзі ақын емес, бірақ бұрыннан жаттағандарын жазулы хаттай толық, шебер жырлай біледі. Ол Гурьевтің Маңғыстау түбегінен келіп, Алматыда бір ай жатқанда біз одан Қырымның «Қырық батырын» жазып алдық. Байтабынов Айса, Шапай, Рахмет сияқты жыршы-жыраулардан да халық әдебиетінің үлгілерін жазып алдық. Ал Нұрпейіс, Жамбыл, Нартай, Төлеу, Қазанғап, қазіргі Омар, Иманжан сияқты ақындар да өз шығармаларымен қатар, бізге бұрынғы жырларды да жадында сақтап жеткізді. Мәселен, «Қарасай-Қазы», «Төрехан», «Нарғыз» атты күрделі дастандарды айтумен бірге, Нұрпейіс Отан соғысының ерлері: Төлеген Тоқтаров, комиссар Пожарский, генерал Панфилов сияқты даңқты ерлерді дастан етіп жырлады. Бұлар суырып салма, шешендік өнер мен жаттап айтқыш жыршылық өнерге бірдей майталман бір алуан ақындар.

Өлеңшілердің үшінші тобы, басқалардың шығарғанын жаттап алып, әсіресе ауылдық жерлерде осы жаттағандарын әнмен ойын-сауық думанның ортасында жүріп жырлайтындар. Ендігі бір топ — әрі ақын, әрі әнші, әрі өлеңшілер. Бұларды *халық ардагері, халық өнерпаздары десек* те болады. Міне, осындай ақын-жыршы, өнерпаздардың барлығы да бүгінгі біздің жаңа мәдениетімізге, жаңа өнерімізге, социалистік мәдениеттің барлық саласына да өз орнымен, өз жолымен пайдасын тигізгені мәлім. Бүгін біздің арамызда болмағанмен Нартай, Иса сияқты жүйрік ақындардың айтқыштық, әншілік еңбектері, ақындық өнер дәстүрі ұмытылған жоқ.

Сұрапыл соғыс кезінде майдандағы және тылдағы ерлікті, советтік патриотизмді бұлар бұрынғы батырлар

жырының тамаша үлгілерінің біріндей етіп айтып берді. Ғылым академиясы мен Жазушылар одағы әр уақытта осылардың шығармаларын, білген-тергендерін жинап, қағазға түсіріп ала берді. Бірақ соның бәрі бірдей басыла бермейді. Оның ішіндегі керектісі ғана баспаға беріледі. Бізбен хат арқылы байланысып, бұрынғы әдебиет үлгілерін жинап беріп отырған жүзге тарта ақын-жыршы, өлеңші-әншілер, ұқыпты тілшілер бар. Бұл тілшілер (корреспондент ақындар) барлығы да ғылым орындарының жәрдемшісі, екінші жағынан халықты еңбек сүйгіштікке, ізгі адамгершілік қасиетте тәрбиелеу ісімізге де қолғанат.

Осы ақын-жыршыларды қандай жақтан ғылымға жәрдемші деп қараймыз?

Халық ақын-жыршыларымыздың, әнші-өлеңшілеріміздің бізге келтірген пайдасы — қолымызда жоқ, жиналмай жатқан, тек совет дәуірінде ғана қағазға түсіріліп, зерттеле бастаған керекті әдеби нұсқаларды соңғы отыз жыл ішінде жинап беріп келеді. Жамбылдан бастап, осы отырған ақын-жыршылардың әдеби нұсқаларды бізге — Ғылым академиясына жинап бермегені жоқ. Барлығынан да том-том қолжазбалар алдық. Шамамен айтқанда, осы уақытқа дейін жиналған қолжазбаның мөлшері 15 мың баспа табақ деп шамалаймыз. Осыдан 8 жыл бұрын есептегенімізде 10 мың баспа табақ делінген еді. Одан бергі арада 4—5 мың баспа табақтай мұра тағы жиналды.

Сол сияқты XVIII—XIX ғасыр, XX ғасыр әдебиеті мен совет әдебиетінің тарихын зерттеп, оны жазуда сол заманда болған ақындардың өмірбаяны, қай кезде туып өскені, олардың өмірі мен творчествосына байланысты деректер бізде өте аз еді. Бұл деректерді де сіздердің көмектеріңізбен жинап, жүйеге келтіріп, зерттеуге мүмкіндік алдық.

Бұрын және қазірде де талай фольклористер ақындық өнердің ертедегі дәстүрін, творчестволық процестерін алыстағы аралдардан, Қиыр Сибирьден іздеумен болса, ал біздер сол ғалымдар іздестірген тамаша ақындардың — гомерлердің ортасында отырмыз. Өйткені, мынау отырған Гурьевтен келген Құмар Сыпыра жыраудан бастап Қашаған, Мұратқа дейін көп ақынның не айтқанын, қай кезде, қашан өмір сүргенін, біздің талай жылдар іздейтін тағы сондай аса құнды, қызықты нәрселерімізді

кеше 10 минут ішінде айтып берді. Ал біз оны содан әрі қарай зерттей береміз. Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының коллективі жазған «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томы ауыз әдебиетіне арналып, 1960 жылы шығарылды. Бұл екі кітап. Мұның екіншісі совет дәуіріндегі «Халық поэзиясының тарихына» арналған. Біз қазір соны жазу үстіндеміз. Кітапты жазу үшін бізге не керек? Революциядан бергі жерде қандай ақын қашан өмір сүрді, халық поэзиясы қалай дамыды, оның ортасынан шыққан ақын-жыршылар революциялық дәуірдің шындығын қалай, қаншалық идеялық, көркемдік дәрежеде, қандайлық үлгі жанрда бейнеледі? Ақындардың бәрі бірдей майталман емес. Осы кездегі яғни совет дәуіріндегі ақын-жыршылардың творчестволық өмірі қалай өтті? Бізге осылардың барлығы керек. Тіпті осында отырған ақындар мен қайтыс боп кеткен ақындардың өмірі жөніндегі деректерді де толық жинап алдық деп айта алмаймыз. Сондықтан сіздердің жәрдемдеріңіз арқылы жазылып жатқан кітапты жарыққа шығарғанша толықтыра беруіміз керек.

Әдебиетіміздің бұрын-соңды нұсқаларын жинағанда қандай нәрселер жинау керек? Бұл жайларды сіздерге хат арқылы да, кездесіп әңгімелескенде де талай рет ескерткенбіз. Бірақ сол жинайтын материалдарымыздың ішінде батырлар жырлары, ғашықтық жырлары, ертегілер, мақал-мәтелдер, күлдіргі сөздер, күлдіргі өлеңдер, бүгінгі өміріміздегі еңбек ерлерінің суреттеулері сияқты көркемдік, мазмұн жағынан құнды деген нәрселер болсын. Бұрынғы жиналғандардың барлығын түгел жарыққа шығарып үлгергеніміз жоқ, алдағы уақытта бірте-бірте шығара бермекпіз. Мысалы, батырлар жырларының бірнеше томдары, мақал-мәтелдер, айтыстар жинағы шықты.

Ауыз әдебиеті үлгілері екі салаға бөлініп шығып келеді. Біреуі бұрынғы ескіден жатталып келген нұсқалар, екіншісі осы күнгі социалистік өмірді суреттеп жазған өздеріңіздің шығармаңыз, халық ақындарының шығармалары. Осылар қаншалықты басылып жүр, басылса қаншалықты мән беріліп жүр деген талап-тілекті де естиміз. Жеке талантты ақындардың бірқатарының шығармалары басылып келеді. Бірталайы газет, журнал бетінде басылды. Жамбылдан бастап Нұрпейіс, Иса, Нұрлыбек, Кенен, Нартай, Саяділ, Омар сияқты ақындардың



еңбектері әлденеше рет жинақ болып шықты. Совет дәуірінің шындығын бейнелеген ақындардың шығармаларынан елуге тарта кітап шықты. Әрине бұл аз. Біздің заманымызда шығарма берген ақындардың саны жүзге жетеді. Олай болса, шығаруға тиісті кітаптарымыз көп. Баспада екі том халық ақындарының жинақтары жатыр. Жеке жинағы шығуға тиісті бірқатар ақындарымыз тағы бар. Осы күнге дейін бір де бір жинағы шықпаған ақындарымыз да мол. Мысалы, Сапарғали Әлімбетов, Сәт Есенбаев, тоқсан жастағы Сәттіғұл және Болман ақындар. Талай айтыста жүлде алған, жазып қалдырған көп дүниесі Академияда сақтаулы Қазанқап, Семейлік Тәңірберген, Қалихан, Гурьевтің Ғұмар, Сұраубай, Жамбылдық Белгібай, Есдәулет, Алматылық Әбдіғали, Темірғали, Қарағандылық Ғабдіман тағы басқаларының өлең дастандарын жеке жинақ етіп шығару Ғылым академиясы мен Жазушылар одағының үлкен борышты міндеті.

Біз әдебиет тарихының деректерін әлі толық қолымызға түсіре алмағанымызды жоғарыда айттық. Қазақ әдебиетінің көп томдық тарихын жасап жатырмыз. Соған керекті көп деректерді сіздерден алып жүрміз, тағы да аламыз. Кейбір жағдайда бұдан 60—70 жыл бұрын өмір сүрген ақындардың өмірі жайлы деректеріміз жоқ. Ол деректі сіздер берулеріңіз керек. Бұл деректер әдебиет тарихын зерттеу үшін керек нәрсе.

Фольклор жеке ақындардың ғана шығармасы емес, сонымен бірге авторсыз шығармалар да мол ғой. Қазақтың әдебиет қорына авторсыз кіріп кеткен ортақ нұсқалардан мақал-мәтел, әзіл-қалжың сөздер, еңбек адамының тіршілігіне байланысты ел аузында жүрген үлгілі сөздер бар. Осылардың көпшілігін жеке адам шығармаған соң, айтылған күйінде қалып қояды. Мұндай нәрселер де біз үшін құнды. Жаңа өмірдің салт-сана тәжірибесінен туған тапқыр сөздер, күлкілі әңгімелер, жалқауды, теріс мінезділерді сынайтын сықақ өлеңдер көп. Сықақ өлең, әзіл сөздердің көпшілігі халық арасына авторсыз таралады. Өйткені біреулердің мінін, кемшілігін өз атынан тура айту оңай емес. Кейбір жағдайда ақындар біреуді сынаған өлең-тақпағын атсыз шығарып жібереді де, ол халықтың ортақ мүлкі болып қалып отырады. Міне, осыларды да бізге жинап беруге сіздер көмектесулеріңіз керек.

Бізде халық ақындары мен әдебиетшілердің байланысы күшті. Осы күнге дейін тығыз байланыста болып келдік, бұдан былай да байланысымызды үзбеуіміз керек. Біз сіздерді халық ішіндегі баға жетпес тілшіміз деп санаймыз. Сіздерді асыл сөзді бізге жеткізетін, керекті нұсқаларды жинап отыратын біздің қызметкеріміз деп санаймыз. Біздің Кененнен, Қалқадан, Нұрлыбектен, Әрхамнан алмаған нәрселеріміз жоқ. Абайдың ата-тегі, ақындық айналасы туралы аса қызықты, құнды естелік әңгімелерді Әрхам Ысқақов (Абайдың ұрпағы) өзі бір кітап етіп жазды. Әрхамның Абайдан басқа да білетіні көп, беретіні мол. Сондықтан бұл сияқты тілшілеріміздің қатары азаймай, қайта көбеюі керек. Оның үстіне жастардың ішінен де халық әдебиетінің өнеріне төселген жас жүйріктеріміз — Қалихан, Жұматайлар отыр. Бұлар халық әдебиетінің нұсқасын дамытатын жас қарлығаш, жас қауым болып саналады.

Қалихан жазып та шығаратын, қолма-қол суырып салып та (импровизациямен) айтатын жалынды жас талант. Қалиханның ақындық өнер үлгісі Исаны еске түсіреді. Мұның өзі ауыз әдебиет дәстүрі мен жазба әдебиет дәстүрінің бір-біріне қайшылығы жоқ, қайта өзара ықпал жасап, бірлескен жарастық тауып дамыған. Бұл тек социалистік мәдениеттің тәжірибесінде болатын творчестволық процесс.

Біз халық ақындарын, олардың шығармаларын Совет әдебиетінің даму процесінен бөліп қарамаймыз. Ақындардың көбі бір жағынан біздің ғылыми тілшіміз болса, екінші жағынан Жазушылар одағы мүшесі. Халық ақындарының өлеңдер жинағы жазушы ақындардың қарауымен, ақыл-сынынан өтіп басылады. Демек халық ақындары мен жазушылардың байланысын күшейту басты міндет. Алайда жазба ақындар соңғы мезгілде халық ақындарына онша көңіл бөлмей келді. Енді ақын-жыршылармен байланыс Академия тарапынан қандайлық тығыз күйде жүріп жатса, Жазушылар одағымен де сол байланысты өрістету қажет.





*Үмбетәлі КӘРІБАЕВ*

**НҮР ТІЛЕК**

Сөйле, бұлбұл қызыл тіл,  
Таңдайымда тынасың.  
Сәлемет тәнің сау болса,  
Сән-салтанат құрасың,  
Халкым сүйіп, қаласа,  
Сөйлемей неге тұрасың.  
Советтік Ұлы Отаннан  
Үшты көкке лашын.  
Лашын емес, ол жұлдыз,  
Айтсам сөздің расын.  
Қарсы алды әлем аспаны,  
Кеңінен жайып құлашын.  
Алдағыға жол салып,  
Қалдырмақ артқа мұрасын.  
Адамзаттың сұңқары,  
Бұдан да биік шығасын.  
Гагариннің жолдасы,  
Жасы тұстас құрдасы,  
Титов деген ұланым —  
Ақ сұңқардай денесі,  
Алатаудай тұлғасы.  
Әлемді кезді айналып;  
Жұлдыздарға жіберген  
Жеңімпаз елі сайланып,  
Ғажабына ғылымның  
Совет халқы — бай халық,  
Салыстыра келгенде,  
Тең келер бізбен қай халық?  
Ай тұсынан айқай сап,



Маслихатка келген акындар дастархан басында. Солдан оңга карай: Кумар Жүсіпов, Артык Жексенбаев, Есдәулет Кандыков, Үмбетали Карыбаев, Казак Жапарбаев, Май-асар Жапаков, Кенен Әзірбаев.

Күн тұсынан күркіреп,  
Сен самғасаң жұлдыздар  
Жол береді дүркіреп,  
Елімнің даңқын жайған сен,  
Бәрімізде бір тілек,  
Сенен де биік ұшатын,  
Елімде бар мың түлек,  
Сондықтан жырлар қарт ақын,  
Бәріңе бейбіт нұр тілеп.

*Болман ҚОЖАБАЕВ*

### БОЛАТ ҚҰС

Зор қуаныш кернеген,  
Көрсін анық көрмеген.  
Болат құсы өмірдің  
Көкке қарай өрлеген.  
Самға-самға болатым,  
Сынбайтұғын қанатым.  
Келешектің шырағы,  
Жарық сәуле жанатын.  
Шыр айналып аспанды,  
Халықтың мейірі қанатын.  
Жұлдыздар да жымыңдап,  
Ай қуанды, шырағым.  
Кетілмейтін тұлпардай,  
Шапқан сайын тұяғың.  
Герман ұлым аспандап,  
Желмен ойнап желігіп,  
Жиырма бес сағат ұшқанда,  
Айды сүйіп құшқанда,  
Бейбіт елдің бейнесі  
Сен жүргенде аспанда,  
Қозғалмады жүрегің.  
Соны мен де тіледім,  
Алматыдай қаламда,  
Сауық етіп жүр едім.  
Бес тонна Восток еркімен,  
Дүниенің барып шетінен.  
Тамақ ішіп, дем алып,  
Батыр буын бекіген.

Аспан, Жерді аралап,  
Аман есен түскенде,  
Ойлап едім нетер деп,  
Жүрегім жарылып кетер деп.  
Әбүйір, бағы халқымның,  
Әлемге айғақ даңқыңның.  
Туған ұлын Титовтай,  
Жырлаған сөзі қуанып,  
Болман сынды қартыңның.  
Ғалымнан алған білімнің,  
Тамсынбалы тілімнің,  
Нұр сәулесі секілді.  
Шарықтағы күнімнің,  
Герман жаным, құлыным,  
Партияның ұлысың,  
Өмірімнің түрісің,  
Халықтан шыққан шырағым,  
Жаста болса, бірімсің.  
Қуанып елің хабарға,  
Орыс-қазақ баласы,  
Лениннің айтқан жолы еді,  
Адамзаттың данасы.  
Халыққа түстің табысып,

Аспанда желмен жарысып,  
Ай мен жұлдыз аясын,  
Жарқ-жұрқ етіп шағысып.  
Бұдан да әрі тағы ұшсын,  
Күнге барып нұр құшып.  
Көрдің бе бұрын болғанын,  
Жаңалықтың жанғанын.  
Ел қуанды еңбекшіл,  
Кемемен мұзды жарғанын.  
Қуатымен атомның,  
Алабын теңіз алғанын.  
Бейбіт елдің шаттығы,  
Жүрегімді кернеді.  
Осы емес пе халыққа,  
Өнердің тауып бергені.  
Мәңгілікке жасасын,  
Партия, халық еңбегі!

**АКАДЕМИЯНЫҢ АҚ ОРДАСЫНДА**

Өлкеміз осы көпке есік аштың,  
Жыл сайын өнер қаулап алға бастың.  
Кезекпен атымды атап шақырған соң,  
Мен-дағы қатарыммен қадам бастым.  
Құрметтеп осы отырған қалың топты  
Бас иіп, сәлем беріп амандастым.

Алматы елім сүйген үлкен үйім,  
Тарихи есте болар мұндай жиын.  
Ордамыз Академия әкеміздей,  
Көрсетті тәрбиелеп, құрмет сыйын.

Ақ жолға, әділетке көшкен елміз,  
Лениннің жобасына түскен елміз.  
Партия басшылығы арқасында,  
Тамаша жер жүзінде өскен елміз.

Партия үлгілі ісін үнем жаймақ,  
Дүние біліп отыр, әлем аймақ,  
Шеңберін жер шарының тез айналып,  
Ерлігі Гагариннің болған айғақ.

Тағы да ұранымыз бейбітшілік,  
Хрущев іске асырды шын теңшілік.  
Маңызын жер жүзінің халқы қолдап,  
Көбейді қатарымыз мол кеңшілік

Аударды жер жүзінің назар есін,  
Көреміз тірі болсақ әлі-ақ дерсін.  
Хабарын жаңа Уставтың ел естіді  
Қуантып, көрсетіп тұр нұр сәулесін.

Ақындар, еліміздің жарқынымыз,  
Отандық өнерінің тамшысымыз.  
Ауылға жаңалықты тез жайатын  
Үгітші халқымыздың жаршысымыз.

Жетілген елім жаңа бұл заманда,  
Отырмыз Алатаудың гүл бағында.



Проф. Е. Ысмайылов ақылдармен әңгімелесіп отыр. Солдан оңға қарай: Иса Биназаров, Болман Қожабаев, Кенес Әзірбаев, Есмағамбет Ысмайылов, Майасар Жапақов.



Екпіндеп елдік іске кіріселік,  
Парт съезд жиырма екі қарсаңында.

Отандық алыптарға көз салайық,  
Толымды, тәтті балдай сөз табалық.  
Болашақ ақындардың слетіне,  
Көрнекті табыстармен біз барайық.  
Көп сөзді жолдастарым айтып өтті,  
Осымен қайталамай қысқарталық.

*Есдәулет КӘНДЕКОВ*

### **ЕЛ ТІЛЕГІ-БЕЙБІТШІЛІК**

Бірліктің берік туын алдық қолға,  
Партия коммунистік жұртқа тұлға.  
Еңбекке шыныққан ел совет халқы,  
Көштік біз коммунизм тура жолға.  
Болған соң бейбітшілік ел өседі,  
Күн санап ұл мен қызым тел өседі.  
Ал десе, Алатауды қопарамыз,  
Қандай жау берік топпен егеседі.  
Бейбіт жайлау өрісте мал өседі,  
Заманаға сүйеніп ер өседі.  
Қонамыз коммунизм жайлауына,  
Елімнің игілікті келешегі.  
Біз берік топ, қоршаған тудың түбін,  
Жайқалтып маужыратқан бақша гүлін.  
Жер жүзілік жұмысшы шаруалар,  
Дабыл ұрып шақырып шығарды үнін.  
Үндеуге үн қосады барлық халық,  
Коммунизм кеп отыр таңы атып,  
Бейбіт өмір жасайды совет елі,  
Өмірлік өшпейтұғын болып жарық.  
Аспанда көк аршын жүр шыр айналып,  
Гагарин шолып келді бір айналып.  
Сарынын Гагариннің естіген соң,  
Фашистер қорқып отыр көңілі қалып.  
Ешкім біздей болған жоқ бұрын ұшып,  
Соқтықпақ ойында бар жыны қысып,

Капиталист масқара болмады ма,  
Аттандырған ұрысы қолға түсіп.  
Еш бір жау біздің шекке келе алмайды,  
Өсектеп сыртымыздан жамандайды.  
Ит қарғысы бөріге жетпейд деген,  
Біз құсап бейбіт өмір сүре алмайды.  
Еркімен ен байлықта жатқан елміз,  
Тамаша қызық дәуір татқан елміз.  
Алтын, күміс, мыс, шойын бәрі бізде,  
Қазынаны жерден тауып ашқан елміз.  
Брыс қашса қоймайтын туысты елміз,  
Жер мен көкті менгерген мініскерміз.  
Ешкімге жамандықты ойламайтын,  
Ниеті сүттей аппақ сүйікті елміз.  
Партия коммунистік біздің ұран,  
Бүтін дүние жүзіне болмақ құрал.  
Коммунистік кең сарай орнатылды,  
Программа жиырма жыл бұдан былай.  
Мұрамыз мұрадымыз коммунизм,  
Өмірлік өшпес жарық келді бүгін.  
Социализмді орнаттық бұдан бұрын,  
Тоқтамай басып өттік талай шыңын.  
Елімнің қасиеті — бірлігінде,  
Ақтаймыз партияның берген тұзын.

*Қалихан АЛТЫНБАЕВ*

### **КӨКТЕ АДАМ**

Бармын деп хабар берді көктегі адам,  
Партия құттықтады Москвадан.  
Жұмыр жерді жеті рет домалатып,  
Қорабль кете барды одан да арман.

Космосты тегенедей ерлеулеген,  
Үн шығад патриоттық өр кеудеден.  
Аңсаған бағызы бір замандағы —  
Кілем осы, астынан жел кеулеген.

Анық дидар көрініп сонау көктен,  
Аппарат минут сайын сырын шерткен,  
Бар болса ай астында періштелер  
Ал жарыс, жерден ұшқан кереметпен.

Тұңғыш ұшқан «космонавт» Тайыр ақын  
Қиялын күн астынан қайыратын,  
Күшті болса көкте кім демеп пе еді,  
Қазірде қайталауға дайын ақын.

Талмас қанат, тоқтаусыз ұшары да,  
Елдің қолы жетпесті құшады да.  
Ғайса емес, көкте жүрген майор Титов,  
Қайтты есен туған жердің құшағына.

*Көшен ЕЛЕУОВ*

#### **ЖАН СУСЫНЫН ЖОСАЛЫДАН ТАБАСЫҢ**

Ұйығы жердің Жосалы,  
Өркеш-өркеш жоталы.  
Онда долы толқынды,  
Өзен бар жыныс, қопалы.  
Сүйгендей сағым шағылы,  
Ойнайды оршып балығы.  
Домалатып көбікті,  
Тулайды асау ағыны.  
Жағасын соның жайлаған,  
Сиыр мен қойы шайлаған.  
Малшылар сонда атақты,  
Мыңғыртып мыңды айдаған.  
Егіні қандай шалқыған,  
Бетінде кеме қалқыған,  
Теңіздей шалқар көл-көсір,  
Қырманда тау-тау алтын дән.  
Жосалы деген дара шың,  
Күзеткен жазық даласын,  
Көтерілген тыңынан,  
Жан сусынын табасың.  
Шалқыған кең аймағы,  
Түйедей болған тайлағы,  
Кеудесінде көлکیدі,

Байлық — құттың қаймағы,  
Бір ауданға тетелі.  
Дәулеті мол жетеді.  
Буденныйдың колхозы,  
Жайлау еткен мекені.  
Еселеген шабытты,  
Сүйсіндірген халықты.  
Еңбектері сан алуан,  
Аты әйгілі даңқты.  
Жастары бар нұр жанған,  
Қамқорлықпен шыңдалған,  
Қоңылтақ сөз бен қаңғалақ,  
Қашатұғын сырдаңнан.  
Бір мінез, бір қалыпта,  
Аты әйгілі халыққа,  
Жосалы да осы айтқан,  
Ырымбай мен Садық та.  
Былтырғыдан үй жаңа,  
Үйде ойнаған күй жаңа!  
Тамаша зейнет жасаған,  
Жаңашыл, алғыр ми жаңа.

*Рахметолла ТОҚТАРБАЕВ*

#### АЛТАЙ АЛҚАБЫНДА

Алдымен ақындарым, сәлем саған!  
Берейін біраз шырқап келсе шамам.  
Бүгінгі осы айтыста берілді сөз,  
Мақтаныш, үлкен сенім, абырой маған.  
Қалса да жас егделеп, көңілім шат,  
Тыңда жұртым, сөзімді саңқылдаған.  
Жеңістерге жетуге жігер берген,  
Көсеміміз партия, алтын заман.  
Данышпан партияның бастауымен,  
Шыңына коммунизм бастық қадам.  
Ұшырдық бірнеше рет жер серігін  
Сүйсінді бүкіл әлем, таңқалды оған.  
Жеңімпаз, мақтанышым ұлы Отанның  
Вымпелі Ай бетінде жарқыраған.  
Айтысу ақын үшін үлкен дастан,  
Айтайық, табыстарды қалдырмастан.



Айтысты тыңдауға жиналган жұрт.

Ақындар, шын жүйрікше шайқасайық,  
Ашайық кемшілікті орын басқан.  
Шығыста шекарада біздің аудан,  
Құралған жер байлығы орман, таудан.  
Сауырдың шыңы биік бұлтқа айқасқан,  
Нөсерлеп жаз айында жаңбыр жауған.  
Басынан мұзды таудың мұнар кетпес,  
Алқабы қалың тоғай саусақ өтпес.  
Сауырдың жайлауында бір күн болсаң,  
Жыл бойы көкірегіңнен құмар кетпес.  
Шыңының алуан түрлі кезеңі бар,  
Шүйгін шөп, тұнық сулы өзегі бар.  
Қақ жарып Сауыр тауын сарқыраған,  
Кендірлік деп атайтын өзені бар.  
Жағасы сол өзеннің терек пен тал,  
Жайқалған бітік егін, мыңғырған мал.  
Қарт таудың жырлағаным бір саласы,  
Саңлақтар, жалған бар ма, құлағың сал!  
Қарағай, тал, терегі, мойылы да,  
Кілемдей түрлі шөптің оюы да.  
Отанға талай қазына беретұғын,  
Кендірліктің байлық бар қойынында.  
Сауырдың тетелесі батыр Сайқан,  
Көлбеген екі жағы бірдей қайқан.  
Жаз жайлау, қыс қыстауға мол жетем

деп,  
Көлденең қойнын ашып жатыр Сайқан.  
Сауырдың шыңы биік бұлдыр қаққан,  
Әр сайында бір бұлақ сылдыр аққан.  
Жағалай бұлағына шыққан жеміс,  
Миуадан бұтағына моншақ таққан.  
Бүлдірген, қарақат пен таң қурайы,  
Бақшадай қолдан еккен жазда саты.  
Долана, шие, шөнгіш, қызғалдақтың,  
Аңқыған араласа жұпар майы.  
Сайқанның сай-саласы малға толы,  
Игерген бар байлығын адам қолы.  
Қарағайын Сайқанның құрылыс үшін,  
Ауданның алды емес пе талай жолы.  
Тауда бар бұғы, марал, арқар, құлжа,  
Аю, қабан, түлкі көп тағы мұнда.  
Елік, құлан, кекілік, шыл, күр ойнаған,  
Жаралған жер байлығым сонша мырза.

Әлі көп байлығым бар айтылмаған,  
Ертістің ақ балығы жарқылдаған.  
Аққу, қаз, тырна, үйрек, көккұтаны,  
Мекендеп өзен бойын қаңқылдаған.  
Көпке аян, кәрі тауым — Маңырақ тұр,  
Малға құт, ел ырысы Маңырақ бұл.  
Аудан тұрғай облыс мақтанышы,  
Ақ қойы Маңырақтың маңырап тұр.  
Үдеге үлкен өзен Сауырдағы,  
Болашақ ГЭС-тің орны жанымдағы.  
Бөктерінде тәжірибе бақшасы бар,  
Мектебі Мичуриннің аулымдағы.  
Елімнің Шығысында жатыр Зайсан,  
Еңбекпен алда болған батыр Зайсан.  
Отыз екі ән алған Затаевич,  
«Мың әнге» үлес қосқан ақын Зайсан.  
Атақты жібек жүнді қойлы Зайсан,  
Дәулетің атыңа сай сәнді Зайсан.  
Бүгінде ұлы еңбек қайнай түсті,  
Ырысты, тамаша өлке болдың Зайсан.  
Зайсанда міне осындай жердің сәні,  
Өсуде колхоз, совхоз қалың малы.  
Сайқанның бөктерінен көрінеді,  
Күлімдеп сұлу село Қараталы.  
Даласы Қараталдың дәулетке бай,  
Жайқалған ойында шөп, қырда бидай.  
Селосы Қараталдың толған жеміс,  
Болашағы болмақшы Алматыдай.  
Айтамын жемісі мол істің жайын,  
Жырлауға табыстарды аянбайын.  
Келер деп бізге қашан кезек жетіп,  
Ақындар айтысуға отыр дайын.  
Өнермен өрге жүзген жүйріктер көп,  
Мен неге бұл шабыстан құр қалайын.  
Алтайдың топтан озған бұлбұлымын,  
Қырандай түлеп ұшқан қомданайын.  
Өзара өнермен күш сынасайық,  
Ал, кәне, ағызыңдар тілдің майын.



## ҮШІНШІ КҮН

*Филология ғылымының кандидаты  
Ә. ТӘЖІБАЕВТЫҢ сөзі*

Ақын ағалар, сіздер де ақын, біздер де ақын. Сіздер мен біздің айырмашылығымыз — біздер жазып шығарамыз да, сіздер суырып салып айтасыздар. Біздер Абай бастаған жазба поэзияның ақындарынан үйреніп өсіп келеміз. Ал Абайға дейінгі ақындар, негізінде, халық поэзиясынан үйренгендер. Өскелең халық поэзиясынан нәр алмайтын, үйренбейтін адам жоқ. Сіздер халық поэзиясының өкілісіздер. Сондықтан сіздер бізге тірі ұстазсыздар. Бәрімізге заң етіп Абай:

Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы, —

деген еді. Халықтың мол әдеби қазынасын үйреніп, жаттаудың үлгісі қазақ ақындарының ең шебері Абайдан басталады. Сол себепті біз осы күні де халық поэзиясының мол қазынасынан үйренуді өзімізге міндет көреміз. «Қара жерге қар жауар... қарды көр де етім көр, қар үстіне қан тамар, қанды көр де бетім көр» деген халықтың эпосындағы сөзін біз әлі күнге дейін ұмытқан жоқпыз, сол сияқты «Қыз Жібекті» жаттап алып қалай айтушы едік?

Қара жорға мінгені,  
Қара торқа кигені,  
Екі көзі сүрмелі.  
Бұл сияқты перизат  
Қыз іздеген Төлеген  
Жоқ еді, сірә, көргені.  
... Ақ маңдайы жарқылдап,  
Танадай көзі жалтылдап



Алтынды кебіс сыртылдап,  
Жүйрік аттай ойқтастап,  
Құнан қойдай бой тастап  
Қалмайын деп ұялып...

деген сөздері жазып айтатын ақындарға да, ауызша айтатын ақындарға да үлгі, өнеге.

«Қобыланды батыр» жырындағы ана топтың шаңын, мына топқа қосып бара жатқан қас жүйрікті суреттеген жерлер сіздер мен біздердің ешбір уақытта ұмытпайтын, үнемі нәр алып отыратын сөздеріміз. Сөйтіп үлкен төгіп айтатын, суреттеп айтатын сөздердің үстіне сықақтау, мысқылдау сияқты халық поэзиясын да біз қатты қадірлейміз. Осындай сөздердің неше түрлі үлгілері бар емес пе еді? Осы тұрғыдан қырғыздың өнегелерін де біз үйреніп келеміз. Батырды, ашулы, айбарлы кісіні суреттегенде олар қалай деуші еді? Мен «Манастың»—«Көкетайдың асы» деген бөлімін қазақшаға аударып шықтым. Сонда Манасты былай суреттейді: «Манас қылышын қынаптан шығармайды екен, ал шығарса сілтемей қайтып салмайды екен. Бір жолы Манас ашуланып қылышын қынабынан суырып алғанда, алдына үлкен пілді көлденең тарта беріпті. Манас қылышын бір сілтеп қалғанда пілді екі бөліп кетіпті. Содан кейін ғана ол қылышын қынабына салыпты» — дейді. Бізге осындай суреттеу үлгі-өнеге болатын нәрсе деп білемін.

Халқымыздың өткір әзіл қалжыңдары аз ба еді? «Тарысын қыстай ақтаған, қатынын қыздай мақтаған» деген сықақ айтады бізге қырғыз достар.

Ілияс Жансүгіровтің атақты «Дала» толғауында ауыз әдебиеті мен батырлар дастанындағы тіл шеберлігін, оны құрастыру үлгілерін тамаша пайдаланған:

Жүрегім, жырым сенікі  
Кеңесті далам, кең далам.  
Тудым өстім, есейдім,  
Кең далам анам, мен балаң, —

деген өлеңде нағыз халық ақындарының үлгісінде, шыннайы халық тілінде жазылған нәрселер емес пе. Риддерді жазғанда Ілияс «Алтын қазан» деп, біздерше емес, сіздерше жазған ғой.

Халықтың тіл байлығын пайдалану жолдарын озат ақындар осылай үйрететін. Сәбиттің «Сырласу» деген өлеңі де халық тілінде жазылған. Осы мысалдардың

барлығы да үздік ақындарымыздың халық поэзиясымен тығыз байланысты болғандығын көрсетеді. Халық ақындарының алыптары Махамбет, Жамбыл, Нұрпейіс сіздер мен біздердің ұстаздарымыз болатын. Күні бүгінге дейін, біз солардан үйреніп келеміз. Солардан үйренген Қасым марқұм «Абдолла» деген поэмасындағы отқа жанып тұрған батыр жауынгерді:

Күллі әлемнің ашу-кегі,  
Орна, менің кеудеме кеп.  
Жау жолына атам сені,  
Бомба бол да жарыл, жүрек! —

деп келеді.

Өліп бара жатқан ерді халық поэзиясының үлгісінде керемет етіп көрсетіп, «Жүрегімді лақтырып, бомбы етемін» деп аяқтайды. Қасым ел үшін жаным пида деп жауға аттанып бара жатқанда, «жолбарыстың жүрегін бер, арыстанның күшін бер», — деп тілейді. Бұл халық поэзиясының үлгісі. Демек біз халық поэзиясынан үйренуді тоқтатқанымыз жоқ, бұдан былай да үйрене бермекпіз. Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Сәбит ағаларымыз да халық поэзиясынан үйренуді тоқтатпаған. Біз сіздерден үйренсек, сіздер бізден де үйреніңіздер, сіздер де жазба поэзиядан үйренуді тоқтатпауларыңыз керек.

Ақын Иса қандай еді? Сөйте тұра Иса өз замандастары Сәкеннің, Бейімбеттің, Ілиястың, Сәбиттің өлендерін жатқа айта білетін. Нартай марқұм өз өлендерімен бірге, бүгінгі жазатын ақындардың өлең кітаптарын оқытып, тыңдап отыратын. Жазушы ақындардан бір жақсы мысал келтіре кетейін. Сәбит бүгінгі елдің адамдарын — Кенбай образы арқылы қатардағы колхозшыны қалай суреттейді?

Шалымның аты Кенбай, сөз ұясы  
Басы бір жалғанның кең дүниесі, —

десе, комбайынды:

Бір тісі қанша қырыкса майырылмай,  
Еір сабақтың басынан айырылмай,  
Комбайн жұтты егін сабақтарын,  
Теңіздің балық жұтқан жайынындай,  
Саулады бір өнештен қызыл бидай,  
Домнаның жалын атқан теміріндей.

Немесе:

Бидайдан тазаланыш ұтқан қауыз  
Ұйтқысы желге қыстың боранындай, —

дейді.

Мұндай қызықты теңеулерді халық ақындары да қолданып, өлеңдерін осындай көрікті етулері керек. Дұрыстап ойланып, терең жырлауға тырысса, олардың да қолдарынан келеді.

Тағы бір менің айтайын дегенім, айтыста болсын, басқа өлеңдерде болсын біздің ақындарда бір беткейлік бар. Әйтеуір мақтау керек деп, жүз қойдан жүз елу қозы алғанды айта береміз, о да керек, бірақ осы халық ақындары жас болмап па? Сұлуға ғашық болып «аһ» ұрмап па? Сондай кезде сүйгеніне сүйікті өлеңін арнамап па? Соларыңыз қайда?

Халық ақыны күйінбеп пе? Жан сүйерінен, ұлынан, қызынан, ең қымбат досынан айрылмап па? Солар туралы жыламай ма? Жылап отырып жырламай ма? Қайда соларыңыз?

Ей Зәуреш, сені іздеп елдең келдім,  
Баяғы туып-өскен жерден келдім,  
Сен неге мен келгенде тебіренбейсің,  
Құшақтап, бір иіскейін деген едім.

Міне, өлең осы емес пе! Қенен ақынның «Базарым-ай — Назарым-ай» деп жылай, жырлай отырып айтқандарын ұмытпайтынымыз да осы себептен.

Халық ақыны сұмдарды, сұмдықтарды көргенде күйінбеп пе, ызаланбап па? Сонда ішке сыймаған сол ызаларын отты, улы сөздерге айналдырып, жаңағы сұмдар мен ұмдықтарды сөкпеді ме екен? Жерден алып көкке, көктен алып жерге соқпады ма екен? Соларыңыз, соларымыз қайда?? Осы жағы сіздерде де, біздерде де кем. Бұл жағынан ең алдымен Абайдан үйренуіміз керек.

Абай қандай еді:

Мал жияды мақтанып білдірмекке,  
Көзге шұқып малменен күйдірмекке.  
Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлар,  
Сорпа, сумен, сүйекпен сүйдірмекке.

Осы төрт жол өлеңде төрт кітапқа үлгі болғандай күш жатқан жоқ па? Ақын ел жек көргенді жек көреді. Ендеше жаманшылықты сынағанда сол ел ырза болғандай сынау керек.

Ақынның бір мақтан болатын қасиеті, мінезділігі — әділдігі мен ащылығы ғой. Сүйінбай жасқанбай іркілмей тұрып:

Ассалаумағалейкум, Тезек төре  
Елден жылқы қоймаған кезеп төре,  
Телі менен тентекті тыяд десе,  
Өзің ұрлық қыласың әттегене! —

деген хан Тезекке. Өткен ақындардың мұндай ерліктерін қадірлемеске болмайды.

Осы кездің де іскерлігі жоқ, өз абыройымен, қарын тоқтығын ғана ойлайтындары жоқ емес. Қөз бояушылар, жалған сөйлеушілер, халқымызды, өкіметімізді алдаушылар бізде жоқ па? Солардың сырын бізден де, халық ақындары сіздер жақсы білесіздер. Арақ құмар, пәле құмар, адамды арамдаушылар, өтірікші, өсекшілер бізде әлі баршылық. Олардан тартқан азап, зияндарымызды да аз деуге болмайды. Соларды әшкерелейтін, масқаралайтын жыр керек, ағалар.

Партиямыз ұлы құрылыстардағы еңбек ерлерін айқын көрсетуді, оларды жеткізе мадақтап ұлы жырымызға айналдыруды, сол жақсылардың үлгілерімен жастарды тәрбиелеуді бізге тапсырып отыр. Бұл міндетті орындау сіздердің де, біздің де қолымыздан келмей жатыр. Сіздер көп білесіздер, оларыңыз артықшылық. Біз аз да, үстірт білеміз, сіздерше білмейміз, бұл біздің мініміз. Сүйте тұра, сіздерге ақылшы болғанымызға кешіріңіздер!

Жүз қойдан жүз елу қозы алғанды айту дұрыс. Сіздер өлеңдеріңізде осындай қойшылардың аттарын атап, малдың санын айтасыздар да, ал сол адамдарды заманның озық, үздік адамдарындай көрсете алмай келесіздер. Біз де сондаймыз. Коммунист геройларды мақтамақ болсақ «коммунист еді» дейміз. Ал оның қандай қасиеттері, тамаша әрекеттері бар еді, несімен өзгеше, ерекше еді? деген сұрақтарға жалын атқан жыр арқылы жауап бермейміз.

Жаңа ерлерді—бүгінгі еңбек адамдарын Қобыландыға, Қамбарға айналдырып жырлау болмас. Бірақ олардан да ірі көрсетуге әбден сыяды. Тағы айтамын, сіздер оларды жақсы білесіздер. Еңбек ерінің бойындағы бай қасиеттерді: қайырымдылығы, опалылығы, әділдігі, адамға достығы, жақсылық сүйгіштігі, отаншылдығы мен арлылығы, өлімнен ұятты ауыр көргіштігі, сөзге тоқтағыш-

тығы, батылдығы мен батырлығы, тапқырлығы мен қайсарлығы, тағы сондай ірі мінездерін сіздер жақсы білесіздер. Ендеше соларды көтере дәріптей, ірілендіре сенімді түрде көрікті жырлау үлгілерін де сіздер көрсетіңіздер, ағалар.

Айтыстың да міндеті осы жоғарыдағы айтылған міндеттерден туады деп есептеймін. Меніңше, айтыстың үш саласы бар: бірінші, — *қара айтыс*, *қайым айтыс*, екінші, — *үлкен дастандық-эпикалық айтыс* (соңғысы әлеуметтік мәні, қоғамдық КҮШІ бар айтыс), үшінші. — *ақындық жарыстыратын, әркім өнерін, дарынын танытатын айтыс*.

*Қайым айтыс* дегеніміз жастардың ойын-жиында айтатын, немесе қыз бен жігіттің айтысы. Бұлардың ішінде бос сөздері көп болса да, кісінің ойына, көңіліне ұялай кететін өлең шумақтары болады. Бұл жас талапкерлерді ойдан өлең шығарып айтуға үлкен ақындарды айтысуға даярлайтын алғашқы мектеп. Сондықтан ақындықты, айтыс адамдарын өсіретін бұл мектепті ел арасында, колхоз-совхоздарда қолдап отыру керек.

Жамбыл, Нартай, Шашубай сияқты ірі дастандық ақындар осы қайым айтыстан тәрбиеленіп өскен. Дастандық айтыстар ішінде неше түрлі бояулы нәзік сезімдерді білдіретін сөздер мен жолдар көп ұшырасады. Мысалы, Сүйімбай мен Жамбыл айтыстарының үстінде үлкен-үлкен дастандар жасалған. «Сұраншы батыр» поэмасы осы екі кісінің айтысынан туған. Тарихтан біз Сұраншының орыс әскеріне қызмет еткенін білеміз. Ал оны Жамбыл батыр деп жырлап, ұзақ дастанға айналдырған. Осындай үлгіні біз қостауымыз керек, дамыта беруіміз керек. Бұл дастандық-эпикалық айтыс ақындық өнердің өресін, ақынның дарыны мен қабілетін көрсететін ең күрделі айтыс.

Үшінші, *жүйріктік, тапқырлық айтыс*. Бұл ақындық шеберлік арқылы әр адамның портретін, суретін салуға тапқырлықпен, ұшқырлықпен біреуді мақтауға, немесе туқыртып мінеуге де үйрететін мектеп. Ақын бір кісінің мінез-құлқын, кемшілігін шебер айтса, ол бізге үлкен үлгі. Бұрынғы ақындарда біреуі «мен қасқырмын, сен қозысын, жеп қоямын» десе, екіншісі «сен қасқыр болсаң мен қақпанмын, мен жолбарыспын, шайнап тастаймын» дегенге «мен сұр мергеннің оғымын, өкпеңе қадаламын» дейтін. Біреуі «мен жанып тұрған отпын, сені

өртеймін» десе, екіншісі «мен нөсермін, жаңбыр боп жауып, өшіремін» деп бірін-бірі тілмен жеңуге тырысатын. Сөзбе-сөз, ауызба-ауыз айтысып отырғанда өлеңнің қысқалығы, ұшқырлығы, қысқа өлеңге терең ой, жарқын теңеу-суреткер болуы — ақындыққа өлшеу, таразы болатын шарттар саналатын.


Мұндай айтыстардан өтіп машықтанғандар, үлкен тәжірибе алғаннан кейін ұзақ-сүрендерте түсуге, ақыл, нақылы мол дастандық айтыстарға да жарайтын. Сүйтіп айтыстың барлық түрі жиналғанда үлкен ақындық мектебі — әдебиетіміздің аса қымбат саласы өркендеді. Бұл мектептен жалғыз ақындар ғана емес, сөз өнерінің көрнекті шеберлері шешендер де шыққан, Айтыстағы тапқырлық үлгілер бүгінгі біздің драма жазатын жазушыларға да көмекші. Егер біздің пьесаларымыздағы диалогтарымызды — ұшқырлық пен өткірлік, ақындық пен тапқырлық жағынан жақсы айтыстар дәрежесіне жеткізе алсақ, біз драматургиямызға ұлттық нәр берген, ұлттық дәстүр жасаған да болар едік.

Қысқарта айтқанда—айтыстың барлық жақсы үлгілерін өшірмей, әлсіретпей ілгері бастыру, бүгінгі күннің қажетін өтеуге жарату да сіздердің міндеттеріңіз, ағалар.

Ақындарымыз бар, олардың үрдістері де жоғалған жоқ. Біз тілімізді, поэзиямызды сүйеміз десек, халық ақындарын сыйламауымыз мүмкін емес. Домбыра, қобыз классикалық музыканың бәсекелес-бақасы емес, қорек берер, нәрлендірер қайнары, қазынасы.

Қоры көп музыканың болашағы да бай. Осы пікірді әдебиет туралы да айтамыз. Домбыралы ақын да жазатын ақынның алтын қоры, бітпес қазынасы. Біз фольклордың ескі мұрасы емес, бүгінгі бізбен қатар жасап жатқан қайнарына да сүйенеміз. Домбыралы ақын халық пен жазба әдебиет бойын бірдей аралайтын қан тамыры сияқты. Біз олар арқылы поэзияның тілін ғана емес, поэзиялық болмыстарды да сюжетке, суретке айналған күйінде қабылдаймыз, сондықтан халық ақындарына болыса білу — өсе білудің де жолы деп түсінуіміз керек.





Кенен Әзірбаев пен Халима Өтегалиева айттыс кезінде. Екінші қатарда отырғандар сол-  
дан оңға қарай: Мұқаш Бәлімбаев, Қали Байжанов, Көкент Елеуов, Әрхам Ысқақов,  
Қаныбек Раисов, Нурлыбек Баймұратов т. б.



## КЕНЕН МЕН ХАЛИМАНЫҢ ӨЛЕҢМЕН ҚАҒЫСУЫ

### *Кенен (Жамбыл облысынан):*

Ақ серке ай мүйізді қой бастаған,  
Анық батыр жорықта жол бастаған.  
Атамыз қазақ халқы өлмес-өшпес,  
Торқалы міне осындай той бастаған.

Батырымыз Компартия жол бастаған,  
Бұлжытпай нұсқауларын ел қостаған  
Ақ отау Отан тіккен орда мынау,  
Отанның ақынымын ойқастаған.

Айталық партияға сансыз алғыс,  
Кедейді ең алдымен алға ұстаған.  
Халима, әріптесім бері отыршы,  
Шал едім келінге көп жанбастаған.

Келінжан, шайқасуға бар ма шамаң,  
Көпшілік сөз бастауды берді маған.  
Әуелі есендесу елдің салты,  
Халима, бала-шағаң бар ма аман?

Атынды жүруші едім сырттан біліп,  
Естуші ем өнерінді оқып-біліп.  
Шал екен деп Халимаш, күдер үзбе,  
Көп ішінде бетімнен қойшы сүйіп.



Сырымды мына жұртым білген қайдан.  
Адамның дос болмағы осындайдан.  
Тоғыз келін, қырық балдыз қоршап отыр,  
Халқымнан айналайын қолын жайған.

Мен өзім кешке дейін жалықпаймын,  
Айтыс десе ақ сұңқардай шарықтаймын,  
Латипа, Мөртай және Бәтимамен,  
Айтысып талай елді анықтадым.  
Халима, атыңды естіп құмар едім,  
Кәрі деп енді мені налытпағын.

Ат арғымақ болама,  
Алыс ұзап шаппаса?  
Батыр ұран болама,  
Бастап шеру тартпаса.  
Ақын ақын болама,  
Халық ішінде осындай  
Төгіп өлең айтпаса.  
Мерген мерген болама,  
Жауды көздеп атпаса.  
Шопан жақсы болама,  
Өсіріп қойды бақпаса.  
Көп ұзартпай сөзімді  
Сізге кезек берейін,  
Қызығыңды көрейін.  
Айып етпе, ел-жұртым  
Бұдан артық не дейін.  
Әйел құмар Қенен ем,  
Бетіңнен келін өбейін.  
Қазақстан шатты күн,  
Айтысып жатқан сәтті күн.  
Өрендерім ұрпағым,  
Ойнап-күлер тәтті күн.  
Осыменен тоқтайын,  
Қызып кетер аптығым.  
Ал, келінжан Халима,  
Сен де айтып бір көрші,  
Өнердің ашып қапшығын.

*Халима (Алматы облысынан):*

Шіркін-ай, ауыр екен өлім деген,  
Бұл ажал еш пендеге көрінбеген.  
Кешегі асқар таудай Мұхтар қайда,  
Адам жоқ естігенде егілмеген.

Бұл фәни дүниеден мен де кетем,  
Өлгенше көргенімді жырлап өтем.  
Балауса жас өмірім өтті-кетті,  
Кенеке, сол күнімді арман етем!

Көпшілік қаумалап тұр іштен, сырттан,  
Бағалап сынай білер сөзді ұққан.  
Қызымын Исатай мен Махамбеттің  
Ерлікпен, ақындықпен аты шыққан.

Кенеке, сәлем бердім өлеңменен,  
Құрбымсыз заманың бір дегенменен.  
Бас қосқан ақын-әнші осындайда,  
Қағыспай қалуымыз бола ма жөн.

Сен бе едің Қордайдағы ақын Кенен,  
Құлағым «Кенен» десе елендеген.  
Түсімде үш ұйқтасам бар ма менің,  
Кенеке, қатарыңа келем деген.

Сен бе едің, ақын Кенен Қордайдағы,  
Шалдардың жуан мойын, сер бойдағы.  
Кешегі теңдіксіз күн еске түссе,  
Қайнайды зығырданым қай-қайдағы.

Кәнеки, енді жүрші маңайымнан,  
Қарт қыздың шошынарсың ырғайынан.  
Жүйрікпін жетпісіңе желіп жеткен  
Терінді шұбыртайын самайыңнан.

Қолымда праволы документім,  
Жазылды қамшы тиген жаралы етім.  
Келгенде кемпір жасқа кайрат беріп,  
Көтерді қолтығымнан үкіметім.

Келсең — кел, Кенен құрбы, қолынды бер,  
Қарт қыздың көрсетейін кереметін...

Әуеде бір жұлдыз бар, жұптамадым,  
Кененжан, уәденді мықтамадың.  
Аузыңнан «жаным» деген бір сөз естіп  
Төңбекшіп өткен түні ұйықтамадым.

Әуеде бір жұлдыз бар ай көзіндей,  
Шоқ шашпау, алтын айдар мен де өзіндей.  
Кенен сал, аяғыңды ширақтау бас,  
Сүйретпей байдың жалқау кербезіндей.

Жарасқан құндыз бөркің басың қандай,  
Күмістей жылтылдаған шашың қандай.  
Біздермен дағдыр қосып дәмдес болсаң,  
Кененім, болар көңілің тасығандай.

Ішінен осынша жұрт мені қалап,  
Отырмын мен де сізді ерге балап.  
Әркімнің өз қатары өзіне алтын,  
Мен үшін жас жігітсің жаңа талап.

*Кенен:*  
Өлеңің Халимажан, қандай тәтті,  
Қартайған жүрегімнің шамын жақты.  
«Төңбекшіп» төсек жайын айта кеттің,  
Болсын сол уәдеміз енді нақты.

Сөз табылса айтайын,  
Қуатыңды байқайын.  
Жұмыртқа бол Халимажан,  
Бауырыма салып шайқайын.

КЕНЕН МЕН ХАЛИМАНЫҢ ӨЛЕҢМЕН КАҒЫСУЫ

КЕНЕН—I

Шапшақ. Ойнақы Быстр. Меридо.

0 ————— су! Ай сер-ке ай Мұзла-ді қай

бастаған А-ның ба-тыр жа-рық та жал бастаған

4рет

А-тамыз қа-зақ қай-қы өл-мес өш-пес. Ай а-тау 0.  
 Тар-қа-лы мейне 0-сын-дай той бастаған.  
 Батыр-дым-ақ қам-тар-ты, я жал бастаған  
 бұлжыт-пай нұс-қау-ла-рын ел қос-таған

...тан-тн, кең ар-да мы-нау 0-тан, мы а-қы, ным-дай қас-таған

Ай та-лық пар-ты, я-ға сан-сыз ал-ған Жал-ма, Ә-  
 Ке-дей-ді ең ая-дымен ай-ға ұс-таған Шә-де-ім ке-

...рп, те-сім бер-ді) а-тыр, шә- Ке-лін жан-шай, қа-су-ға бар-  
 лік, ге көп жан, бас-та-ған.

...ма ша-маң көп-ші-лік сөз бас-тауды бер-ді ма-ған Ә-уе-лі

е-сен-де-сі өл-дін сан-та Хали-ма ба-ла ша-ғаң бар-ма а-ман?

А-там-да Жү-рү-бі-ге-дім Сырт-ан-ды, ліп шә-е-кеп деп  
 Ес-тү-ші-е-мә не-р-ін-ді а-қыл бі-ліп

Хали-ма-шай, ай кү-дер-үз, бе-кеп-ті-ң-де бес-тік-нен қай-ман кү-лі-ң

Ау! Сын-рым-дан мына жур-тым бил-ген қай-дан  
 Я. дам-ның дасба-ма-ғы о-сын-дай-дан То-ғы ке-лін  
 Қырдык ба-рды Қаршап а-тыр қат-қым-нан ай-на-лай-ын на-лын жай-ған,  
 Мен а-зім кеш-ке дей-ін на-лық-пай-мын Ай-тыс-десең аң-гүм-қар-дай  
 ша-рақ-тай-ман Ла-ти-па Мер-тай ма-не ба-ти-ма-мен  
 Ай-ты-сып та-лай ел-гі а-ның-та-дам  
 Ха-ли-ма а-тыңды ес-тіп қона-р а-зім на-рі деп ең-гі ме-мі, ай,  
 на-лып-па-ғын Ау! Аң-ар-ғы-мақ ба-па-ма  
 Юрет  
 А-тыс-у-зат шап-па-са? Қат-у-зат-пай-се-зім-гі,  
 Юрет  
 Сіз-ге ке-зек ба-рей-ін Ай-ып ет-пе ел-жур-тым,  
 қаз-ғы-ғым-ды ке-рей-ін  
 Дед-гі, дей-гі, дей-гі-лау, дей-гі, дей-гі, дей-гі-лау, Ай, ке-лін-ман,  
 Ха-ли-ма, сен-ге ай-тып бр-кәріш-і е-нер-дің, ау, а-шап-қат-шы-ғын, ау.


## ХАЛИМА

*Асыңда, қыла не тарайсы. Задуманно*



## КЕНЕН—II

*Қақпиді, бір қалыппен. С теплотой, на размеренно*



## БОЛМАН МЕН ЖЕЛЕУДІҢ АЙТЫСЫ

*Болман (Қарағанды облысынан):*

Уа, мереке болды қызық, жұртты жиып,  
Айтуға аузым толып, жатыр сыйып.  
Бақ қонған, қыдыр орнап астанамда,  
Бәріңе сәлем берем, басымды иіп.

Өйткені, менің жырым елдің жыры,  
Ел үшін еңбек еткен ердің жыры.  
Қара алтын сары алтынмен көмкерілген,  
Көк майса, көделі өскен жердің жыры.

Ақыны оңтүстіктің келгеннен соң,  
Қозғалсын жүрегімнен ойдың сыры.  
Мінекей, естен қалмас өмірімде,  
Мәңгілік партияның төккен нұры.

Қозғайын әңгімені жүрегімнен,  
Өзімнің міндетті ісім тілегіммен.  
Ал енді, Желеу ақын кезек бердім,  
Өзіңнің шын сөйлеші, жүрегіңнен.

Сөз келді бас-басыңа табылатын,  
Даусыңды жұртың отыр сағынатын.  
Бұрынғы көзің көрген кәрі тарлан,  
Жері жоқ табан тайып жығылатын.

*Желеу (Оңтүстік Қазақстан өлкесінен):*

Әу, ассалаумағалайкүм, ақын Болман!  
Ақынсың шын шежіре қойның толған.  
Мысалы өміріне таусылмайтын,  
Халқым бар биік өсіп, берік қорған.

Ақындар құтты болсын, бас қосқаның,  
Үлгілі қарт, білімді жас достарым!  
А, Белеке сөзді біраз қозғайықшы,  
Өлеңнің кеңнен жәйіп дастарқанын.

Екеуіміз келген жоқ ек айтысқалы,  
Мінекей, сөзіңе сөз қайтысқаны.  
Мерт болсақ екеуіміздің біреуіміз,  
Адамның жамандамайд қай дұшпаны!

Сондықтан алды-артыңды сөйле байқап,  
Кетпесін табысыңды кесір шайқап.  
Халқым ең Қарағанды берекелі,  
Әлі де кемшілікте жүрсің малтып.

Ақсақал, түсіндің бе, мен не дедім,  
Кездесіп бұдан бұрын көрмеп едім.  
Сөйлейік тәртіппенен көп алдында,  
Жұмысын істемейік сенбегеннің.

Деменіз Желеу сөзді тамамдады,  
Бұл сөзден осынша жұрт хабарланды.  
Жасыңның үлкеніне бас иемін,  
Ақсақал, енді міндет саған қалды.

*Болман:*

Шырағым жолға түскен жорғадайсың,  
Шекердей көктен тамған сорғалайсың.  
Соныңды айтат деген кісідей-ақ,  
Ағалап мұнша неге қорғалайсың.

Айтайын жерім менен елдің жайын,  
Көп созып сөз аяғын не қылайын.  
Ұлытау, Қарқаралы қатар жатқан,  
Ағызған төрт түліктен малдың майын.

Болғанда малым сондай, кенім қандай,  
Дүние сәулеленіп нұр жанғандай  
Кетеді, о, шіркін-ай денем қызып,  
Толғанып домбыраны қолға алғанда-ай.

Өндірісін Қарағанды айтып өтсем,  
Болады қорқып жүрек қозғалғандай.  
Сен-дағы кезегінде айтарсың сөз,  
Мәнісі табысыңыз болса сондай.

Ер мінез ер көңілі түзеле ме,  
Осындай атағы асып, бақыт қонбай!  
Шырағым, жасың кіші баласың ғой,  
Кетпеңіз жығылдым деп осы жолда-ай.

Қарағанды Қазақстан босағасы,  
Олардың бірдей өскен мал мен басы.



Бұл күнде жұрттың бәрі жырлап отыр,  
Солардың қанша қазына, ықыласы.

Жезқазған ар жағында жедел жатқан,  
Ағады алтын болып таудық тасы.  
Сөзінді өлшеп сөйле, қарақтарым,  
Олардың болмас тіпті қатарласы.

*Желеу:*

Әу, Болеке, мен сөйлейін берсең кезек,  
Сөйлеме, жоқты-барды тілді безеп!  
Барды бар, жоқты жоқ деп, шын сөйлейік,  
Орынсыз келіспейді сабын езбек.

Халыққа отыр сөзің жария боп,  
Бұрыннан келе атыр ең дария боп.  
«Жарымым» деп ініңді кемітесің,  
Мен сізді сыйлап едім «қария» деп.

Көрейін ерегессең ерегісіп,  
Көрген жоқ ем бұрын да ісім түсіп.  
Нәрінен қарт кісінің түңілсеңіз,  
Көрейін келсеңіз кел арқаң қышып.

Өтеді сөз сүйектен, таяқ еттен,  
Ұрынат аруаққа елді сөккен.  
Әйтеуір сыпайгершілік жасап тұрмын,  
Бұрынғы ағамыз деп нардай шөккен.

Інісі еркелейді ағасына,  
Жақсының жаман жетпейт бағасына.  
Өзіңді үлкен, басқаны кіші біліп,  
Біреудің қап жүрмеңіз табасына.

Болеке, мына сөзге біраз тоқта,  
Біреу үшін күймейді біреу отқа.  
Әлгінде сіз айттыңыз, бір кемшілік,  
Ол жағдай бізде бар да, сізде жоқ па?

Отырмыз кемшілікті сынағалы,  
Өлеңнің таяғына шыдағалы.  
Егерде жаламенен ерегіссең,  
Беремін шындық сөзбен сыбағанды.



Желеу Жакыпов пен Болман Кожабастым айтысып отырған кезі.

Болеке, қариясыз көпті көрген,  
Табамыз таппасақ та, жоқты жерден.  
Абайлап алды-артыңды байқап сөйле,  
Кемі жоқ деген сөз бар ердің ерден.

Балалар сөз тындасын есіктегі,  
Жұмыстың жарамайды кешіккені.  
Үгіттеп сізді енді не қылайын,  
Білмейтін бала емессің бесіктегі.

*Болман:*

Кетеді сөйлегенде қызып арқам,  
Ерлерім жаңалықтан өскен дарқан.  
Өзіңнің ерте шапқан ардагерің,  
Сөзіме құлақ салып тыңда, қалқам!

Көрдің бе Қаракұм мен Қоңырқұмды,  
Талайға осы күннен берген сынды.  
Өреді өлкесінде үш жүз мың қой,  
Айтсам мен жан шыдамас Қарағанды.

Сен-дағы жоғарылап көтеріле бер,  
Осындай еткен ісің, талабыңды.  
Қоңырқұм, Қаракұммен қатар жатқан,  
Құзында қыран шалқып қанат қаққан.

Сендерге табысымды көрсетпекке,  
Мінекей, бетім осы-ау келе жатқан.  
Балхашпен қатар жатқан Теміртауым,  
Жан сүйер Қазақстан, біздің қауым.

Осындай дәлдеп айтшы табысыңды,  
Термейік қазақшылық құрғақ дауын.  
Көрсеңіз таң қаларсың болатымды,  
Ұшан-құйрық қонатын қанатымды.

Мінекей, қарсы келме бұл ағаңа,  
Шығарған сол кендерім ұлы атымды.  
Ал қалқам, сендер жассың бердім кезек.  
Сөйлеп көр, көп ішінде тілді безеп.  
Шыныңды айт, былтырғы өткен, биылғымен,  
Мінекей, болсаң жасым адал жүрек.

*Желеу:*

Оңтүстік облысы үлкен орда,  
Байлығы таусылмайтын ескі қорда.  
Байқайсың, есітесіз көрмесең де,  
Табыстың барлық түрі жатыр сонда.

Елім бар күміс қазан, алтын қасық,  
Алтынды күнде ұстаймын жалтылдатып.  
Бере алмай алтын түгіл көмірінді,  
Сіз отырсыз планды кейін тартып.

Ақсақал, алды-артынды сөйле байқап,  
Далаға жаққан оттан кетпе шалқып.  
Мен сізді «қария» деп сыйлап тұрмын,  
Қетер ем басқа болсаң бір-ақ шарпып.

Елімнің қасиетті кісілері,  
Бастырып абыроймен істі ілгері.  
Отанның бар керегін беріп тұрмын,  
Табысы кем демейді ешкім мені.

Құлақпен естігенді көзің көрер,  
Табыс үшін жұмсалды барлық өнер.  
Әрі-бері ортамызда поезд жүріп,  
Кеп жатыр неше түрлі машиналар.

Орнатып бұл табысты Ленин берген,  
Бұрыннан ел емес пе ек кешеулеген.  
Жағынан мәдениет бос қалмаңыз,  
Болеке, ойың болса өсем деген.

Елімде шалқып өскен мал менен бас,  
Құлпырып, бәйшешектей үлгілі жас.  
Шыққанда бір-екі леп парад түзеп,  
Әскери тәртібіне боласың мас.

Айтайын айыбыңды енді тыңда,  
Өтірігі жоқ, Болеке, тұрсаң шынға.  
Тауығыңның планын толтыра алмай,  
Үйден жинап сен жүрсің осы жылда.

Алды бес жүз, аяғы жүз елуден,  
Жеткен колхоз көрінет қойы мыңға.  
Кебенек кеп ешкісін қырып жатыр.  
Ауданның «Қызыл туы» қалып шуға.

Айтайын Нұра ауданның масқарасын,  
Келіспейт көрген істі ашпаған соң.  
Тұрғанда ойсыраған олқылықтан,  
Неменеңе жетісіп мастанасың.

Алашадан кигізіп қамыс күрке,  
Малшыңның көріп келдім бас панасын  
Береке малдарыңа қайдан кіред,  
Тоқтың қоздап, шыбышың қашпағасын

Шет аудан, бір колхозың «Ұзынарық»  
Жылап тұр күш-көлігің көрмей жарық  
Активтер оларыңды жіберме деп,  
Өгізің көтеремнен болды кәріп.  
Ақсақал, бұл жерге кеп айқайлама,  
Болмай ма, өзің үшін бетке салық.

*Болман:*

Әй, Желеу, жас бала едің білед деген,  
Ер күшін еңбекпенен білектеген.  
Айтқаны бұрынғының осы емес пе,  
«Жығылған сүрінгенге күлет» деген.

Айтайын жұмысыңды сынап тағы,  
Ақын да сөз аяғын ұзатпады.  
Он жеті мың бас қойың былтыр өліп,  
Сенделіп адамдарың бұлғақтады.

Тағы да айтып өтем мақта жағын,  
Мақтамен сен де шырақ не ақтағаның.  
Былтыр да борасыңды толтыра алмай,  
Осы ма маған әкеп сақтағаның.

Паш етем байлығымды алдарыңа,  
Үлкен-кіші қыздар мен шалдарыңа.

Өтірік айтпа шырақ, жас басыңнан,  
Топалаң келгені жоқ малдарыма.

Мінекей, осы отырған білер халық,  
Кім кемін, кім артығын бәрін анық.  
Шіркін-ай сөз кезегі кейін қалды,  
Толғанып домбыраны қолыма алып.

Созақтың былтырғы қыс жұтағанын,  
Отырсыз өзіңіз-ақ мойныға алып.  
Бұл күнде үш жүз мыңға қойым жетті,  
Қойым бар мыңғырған егіз тауып.

Мен Болман Жезқазған мен Қарағанды,  
Жұрт жинап отыратын құрметпенен.  
Сөйлесем таусылмайтын көмірімді,  
Көмірім өркендеткен өмірімді.

Қарағым жаста болсаң қатар болдың,  
Сөзіңмен қалдырма өзің көңіліңді.  
Мен әлі айтқаным жоқ оннан бірін,  
Шалқыған, қайнап аққан теңізімді,

Ал енді кезек бердім өз басыңа,  
Аңдып айт, байқап сөйле жолдасыңа.  
Жаңағы айтқан сөзің бәрі өтірік,  
Ақыры келіп қалар өз басыңа.

*Желеу:*

Халқымсың өсіп-өнген Қарағанды,  
Қандырдың табысыңмен бар адамды.  
Азырақ сол жеріңе өкпелеймін,  
Жаратпай отырсыздар жарағанды.

Айтайын Оңтүстіктің алыптарын,  
Өздерін алыптықпен танытқанын.

Қамырдай қара тасты күшпен илеп,  
Береке еңбегіне дарытқанын.

Елімнің қасиетті кісілері,  
Бастырды абыроймен істі ілгері.  
Осындай бар табысты шындық айтсам,  
Бұл жерде кінәламас ешкім мені.

Айтайын Нартаевтың жеке басын,  
Жеті айда орындады жыл нормасын.  
Мұндай алып сіздерде табыла ма,  
Елімнің күшпен ашқан қазынасын.

Онан соң Бидайбаев забойшігім,  
Босатып күшпен тартып таудың жігін.  
Бес айда жылдық ісін орындады,  
Баянды етуменен істің түбін.

Қолында машинасы дүрілдеген,  
Жас жігіт жарқын жүзді күлімдеген.  
Отанның туылған ер тілегіне,  
Еш қандай кемшілікке сүрінбеген.

Отанның туғызып біз тілегіне,  
Күші бар арыстандай білегінде.  
Шешесі жерік болып туған екен,  
Басында жолбарыстың жүрегіне.

Өзі де жолбарыстай туған нағыз,  
Әр топта жырға қосып айтар аңыз.  
Туады алып анадан, ат биеден,  
Дегендей ел аузында боп жүр аңыз.

Осындай ерлерім бар елге ырыс,  
Жау мойнын қырқатын өткір қылыш.  
Екпінді ерің болса, сіз де атағын,  
Еңбегін батырлардың айтпақ дұрыс.

Жұмыстың басқарамыз ауыр жағын,  
Көздейсіз жеңіл ұшып тәуір жағып.

Бар болса, батырынды тағы айтып бер,  
Осында, Алматыда Бауыржаным.

*Болман:*

Шопан ер, естіп пе едің Мұқан ерді,  
Неше рет осы топқа талай келді.  
Омырауда қос ордені жарқылдаған,  
Шіркін-ай, жақындатқан алыс жерді.

Жүз қойдан он мың қойды өзі өсіріп,  
Осындай бір тамаша өнім берді.  
Осындай жақын қылған алысыңды,  
Жіберме бұл жарыста намысыңды.  
Өсиет-үлгі берген талай жанға,  
Мен-дағы айтып өтем Қанышымды.

Ертеден естіп пе едің Ықыласты,  
Олардың жұрағаты өрге басты.  
Өсірген партиядан айналайын,  
Қойғанын жарыстырып кәрі-жасты.

Отырмыз қызықпенен нұрға батып,  
Әр сөзге сөйлемейік басты шатып.  
Шырағым, байлығыңды салыстырма,  
Бір қорған мысымменен алам сатып.

Сенің де кем демеймін табысыңды,  
Сыртыңнан естіп жүрмін дабысыңды.  
Өзің де таппадым деп айта алмассың,  
Мінекей, көмір менен сол мысымды.

Кетесің кейде өзінді өзің мақтап,  
Қалдырма бар сөзінді ішке сақтап.  
Онымен өзің мақтап шыға алмайсың,  
Шаршы топ көп ішінде кетсем ақтап.



БОЛМАН МЕН ЖЕЛЕУДІҢ АЙТЫСЫ


БОЛМАН

*Желдірте Сқароғабарқой*

Үа! Ме\_ре\_ке ба\_ды кы\_зық мурт,  
 \_ты жи\_ып, ай\_ту\_ға ауы\_лым та\_лып жа\_тыр си\_ып  
 бақ қон\_ған қы\_дыр ар\_нап ас\_та\_нам\_да ба\_рі\_не са\_лем  
 ба\_рем ба\_сым - ба\_йы\_п Чыт\_ке\_не ме\_нің жы\_рым  
 ел\_дің жо\_ры ел\_үш\_ін ен\_бек ет\_кен ер\_дің жо\_ры қар\_а ал\_тын  
 сар\_бал\_тын мен\_көм ке\_ре\_тен көк ма\_й\_са кө\_дел\_і өс\_кен  
 жер\_дің жы\_ры а\_қы\_ны ан\_тұс\_тік\_тің  
 көл\_ген\_нен соң қаз\_ғал\_сын жу\_ре\_гім\_нен  
 ай\_дың сы\_рай *Брет* ми\_не\_кей өс\_тен қал\_мас  
 Ө\_мі\_рім\_де ма\_ң\_гі\_лік пар\_ти\_я\_ның  
 төк\_кен ну\_ры *I* *II* аяқтасуға *II* аяқтасуға  
 жы\_ға\_ла\_төп, а\_

## ЖЕЛЕУ

*Созыңқы, баяу. Тягуче, лениво*



ду! Я - ләй - күи, ас - са - лау - ма



а - қын бап - ман а - қын - сың шымше - жи - ре кой - ның тап - ган



мы - са - лы ө - ми - рі - не тау - сұл май - тын хал - қым бар би - ім өсі - іп бар - жұр - ган



А - қын - дар құт - ты бол - сын бас қос - қа - ның ұл - гі - лі Қарт бі - лім - ді



мас дос - тар - ым А, бе - ле - ке сөз - ді бі - раз қаз - ғай - ық - шы



ө - лең - нің көң - нен жай - ып дос - тар - қа - нын



*Зрёт*

е - кеуіміз кел - ген жоқ өк ай - тыс қа - лы мі - не - лей сө - зі - не сөз қай - тыс қа - ны



*Зрёт*

Хал - қым өк қа - ра - ғанды бе - ре - ке - лі Ә - лі - ге көм - ші - лік те жү - сөң мап - тып.

## ҚАЛИХАН МЕН ӘБІҚЕҢНІҢ АЙТЫСЫ

*Қалихан (Семей облысынан):*

«Өлең сөздің патшасы» — деген Абай,  
Қиыннан қиыстырып айтқан талай.  
Абайдың бас шәкірті — дана Мұхтар,  
Арысы әр қазақтың қарқарадай.

Сұлу сөздің сұңқары ұшқан түлеп,  
Тоқтатпай елін сүйген үлкен жүрек.  
Төгілді естігенде көзден жаңбыр,  
Қеуденде найзағайдай бұлт күркіреп.

Салт емес бірақ бізде әуел бастан,  
Отыру жақ таянып, бекер жүдеп.  
Мұқаңның аруағы үшін мына айтыста  
Шабытым өршеленсін, па шіркін,  
дауылша үдеп.

Ежелден ел серкесі Семей еді,  
Өнерге Семей қашан кедей еді?  
Дауысымен Европаны таң қалдыра,  
Ән төккен Әміренің көмейі еді.

Ат беріп, акын деген өзіме де,  
Жіберді осы топқа арнап халық,  
Болғанда сөз ақ шортан, мен балықшы,  
Ал кеттім, Ертіс бойлай қармақ салып.

Әбікен, аманбысың, замандасым,  
Ерекше ұнап кетті маған басың.  
Тұлпар болсаң шығарсың суырылып,  
Мәстек болсаң белгілі шаба алмассың.

Мынадай салтанатты, бас қосқанда,  
Неғылып акын қиял шабандасын.  
Татырлық бір адамға азаматсың,  
Қызықпай қыздар қалай жамандасын.

Кешегі үш орденді акын Жамбыл,  
Секілді шелектеген төкпе жаңбыр.  
Жәкеңнің жүріп өткен ізін бастың,  
Боларсың өзің-дағы үлкен даңғыл.

Сүбелі өлең керек мына топқа,  
Не керек көке жасық болса шандыр.  
Кетіп ең кеше біраз іліп-қағып,  
Ал енді құмарыңды бүгін қандыр!

Жер өтпес жер жәннәті Жетісудан,  
Ілияс, ақын Сара, Ғали туған.  
Алдында ұстазың бар Үмбетәлі,  
Жасынан өлең дарып, өнер қуған.

Ардағы Алатаудың ақын Кенен,  
Айтысып, «ақ ешкімен» күңіренген.  
Құлағың ептеп қана шалған шығар,  
Деді ғой кеше бізді құнан, дөнен.

Сен кімсің, құнанбысың, дөненбісің,  
Үйірден ерте жеріп шығармысың?  
Соқтырсам Сарыарқаның егіз желін,  
Көбендей күйі кеткен ығармысың?

Тағы да бір ұстазың — ақын Қалқа,  
Жетісу даңқын білген Сыр мен Арқа  
Сабалап сөз ұйқасын сапырғанда,  
Тындайтын тына қалып, ел құмарта.

Тырнағы мұқалды деп естуші едік,  
Тынымсыз домбырасын тарта-тарта,  
Қарқыны ақсақалдың әлі күшті,  
Сен сөйле, иегінді соған арта.

Өзенің Лепсі, Ақсу, Іле, Сарқан,  
Ені бар кей жерінің ұзын арқан.  
Өзенің жеті түгіл, жетпіс болсын,  
Өңешіне сыйғызар Ертіс дарқан.

Семейден шыққан емес қораш ақын,  
Бәрі де ортан қолдай тамаша ақын.  
Біз емес баяғының сасық кеуде,  
Рушыл төбелеспен тарасатын.

Кесте біздей сыпайы өткір келсе,  
Әзілің атаңмен де жарасатын.  
Ортамда ет комбинат алыбым бар,  
Атағы шекарадан әрі асатын.

Білектей шұжығынан татқан кісі,  
Жөні жоқ, қисын тауып таласатын.  
Өмірге жаңа жоба жасап берген,  
Ал жырла, партияның саясатын.

*Әбікен (Алматы облысынан):*

Уай, угай, у, га, га-ай,  
Аяңдап сегіз перне түстім жолға,  
Барлығымыз бас қостық астанада.  
Абайдың аруағы енді қолда,  
Айтысқан меніменен жөнін тауып,  
Әбікен бір кеткен соң түспес қолға.  
Домбыра алдым қолыма,  
Ақынның түсіп жолына.  
Сілтеп біраз көрейін,  
Оңы менен солына.  
Айтыспай қалай кетеміз,  
Үмбетәлі, Қалқаның  
Ілескен соң соңына.  
Жаңбырдай құйып төгейін  
Сөз асылын терейін,  
Айналсын алтын қорына.  
Риза боп халайық,  
Аз айтсақ та барына.  
Мына отырған Семейім,  
Семейге сәлем берейін,  
Бұл Абайдың ұрпағы,  
Соңынан мұның ерейін.  
Әкең<sup>1</sup> бастап келіпті,  
Ту астанаға еніпті.  
Келгеннен соң ақындар,  
Сөйлеуіне беріпті,  
Қыздарды қосып Қалихан,  
Қалайша бұл желікті.  
Жамандамас қыздар деп  
Әбікен соған сеніпті.  
Жетісудың ақынын,  
Атын түгел атадың,  
Сенде де ақын аз емес,  
Әлемге жеткен атағың.  
Сапакеңнің<sup>2</sup> жиені

<sup>1</sup> Әкең деп — Әкірәм Ысқақовты айтады.

<sup>2</sup> Халық ақыны Сапарғали Әлімбетов.

Сен емес пе ең қатарым,  
Шәкір<sup>3</sup> атты ағаң бар,  
Біледі түгел Отаным.  
Айтысуға келіпсің,  
Сәтті болсын сапарың,  
Қаратал, Көксу, Ілені  
Халқым түгел біледі.  
Жетісудың бас қосқан,  
Болады Балхаш жүрегі.  
Балхаш көлім Ертіспен  
Қатар өмір сүреді.  
Ұйымдасқан бірлестік —  
Еліміздің тілегі.  
Астананың төрінде,  
Бақытты туған елімде,  
Жүйріктер кеп жарысты,  
Домбыраны қағысты,  
Екі жақтан екеуі,  
Жібермеуге намысты,  
Қалихан құрбым, айта бер,  
Еліңдегі табысты.

*Қалихан:*

Қозы өскен, Баян өскен Аякөзде,  
Оқып па ен, хикаясын бала кезде?  
Бұл күнде сәнді шаһар қанат жайды,  
Қазақ жоқ баяғыдай дала кезбе.

Мақтамай тұра алмаймын «Қарақолды  
Бір өзінен төрт адам герой болды.  
Жүзінен жүз алпыстан қозы өсіріп,  
Ерлікке бірінші боп салды жолды.

Батырдан құр емеспіз, таза-тақыр,  
«Абайдың» бір өзінен он төрт батыр.  
Тымақ киіп алмасаң мұнан былай,  
Батырлық тақияна тар кеп жатыр.

Естідім Жаркентінде бар деп мешіт,  
Арабша жазу жазған қақпалы есік.  
Шұжық жеп бұл дүниеде біз жүрейік,  
Жұмаққа сендер-ақ бар түгел көшіп.

<sup>3</sup>Халық ақыны — Шәкір Әбенев.



Атысып отырған Әбікей Сарыбаев пен Қалихан Алтыбаев.

Бір тұтам біздік совхоз «Шалабайды»  
Бәрінді мал жағынан ағалайды.  
Өсірген ақ бас сиыр асыл тұқым,  
Мән беріп бүкіл Одақ бағалайды.

Астаудай әукесі бар бұқасының,  
Салмағы бір тоннаны жағалайды.  
Сәйгел қуып сыпсыйған сиырларың,  
Біздік жақ мал деп оны санамайды.

Қайма алтын қақырығы Шар ауданым,  
Қадаған шахтасына жалауларын.  
Озады өндірістен баса-көктеп,  
Жинасақ Алматының бар ауданын.

Жерінен алтын түгіл жез шықпайды,  
Алтынсыз адымы аршын сөз шықпайды.  
Тауыңды бес жыл қарап, он жыл тінтсен,  
Қайнаған бақыршықтай көз шықпайды.

Бөке, Даубай, Еспе мен Суықбұлақ.  
Бар шығар естігенід ұзынқұлақ.  
Ыстығың көтерілсе қолтыққа қыс,  
Шығады біздің жерден мөлдір сынап.

Дән қоймасы Көкпекті, Ұржар, Жарма,  
Астығын күнде тасып жүр отарба.  
Гагарин аспанға ұшқан бұл заманда,  
Салынған Қоғалыңда тас жол бар ма?

Сарқанттын кеңшілігін айтам таңдап,  
Ағайынды Журишкин екі сақлақ.  
Жұрт жұмылып жатқанда жазғы еңбекке,  
Оларық жүреді екен балық аулап.

Айтайын Алакөлді тура нұсқап,  
Ондағы жағдайың да қиын-қыспақ.  
Алажаздай бір рет суармапты  
Жүрмеңдер жүгеріден жүген ұстап.

Қапалдың ауданынан таптым шындық,  
Шөбің бар жиырма продент, бұл не  
сұмдық!

Сендерге мал азығын дайындауға,  
Керек пе тағы да бір жеті жылдық?



«Коммунизм» совхозында шошқа малын,  
Жек көріп жүргендерің маған мәлім.  
Жүз грамның артынан асханада,  
Көрер ем закускаға татпағаның.

*Әбікен:*

Заулайын мен ылдидан салып өрге,  
Қалихан кезек бастап шықтың белге.  
Естірттің ауылыңның мамандарын,  
Бар екен он төрт батыр сіздің елде.

Он төртке үш он төртті мен қосайын,  
Көріп қайт өз көзіңнен бірге жүр де.  
Елім бар еңбек сүйгіш, қажымайтын,  
Еңбектен озып алған талай жүлде.

Сен айттың мақтан етіп кендеріңді,  
Жететін жерің бар ма Текеліге.  
Байлығын Текелінің бір көрсетсем,  
Адасып жете алмассың мекеніңе.

Айтасың мешіт бар деп жалған сөзді  
Қай жерде мешітімді көзің көрді?  
Әлде сен молда болып тұрып па едің,  
Жауап бер, айтатұғын кезің келді.  
Иман боп сол мешітте елді жинап,  
Қалихан, алып па едің боз інгенді?

Музейді түсінбестен мешіт дейсің,  
Бұл жөнде, Қалиханым, таяқ жейсің.  
Үзіліп менің мойным қалар болса,  
Сен де сондай боларсың кешікпейсің.

Басшы барса сендерге,  
Тиянақтап тұрмайды.  
Ойында қазір бар шығар,  
Білемісің мұндайды.  
Сендерге ұқсап Алматым,  
Басшыларын қумайды.  
Семейге бар деп жұмсасаң,  
Бармаймыз деп шетінен,  
Жүректері зулайды.  
Айтып айтпай не керек,  
Бұларыңыз болмайды.

Ағыттым, ал, Қалихан, тілді безеп,  
Тіредім аттың басын саған тежеп.  
Тынықтың бір сағаттай демінді алып,  
Сөзінді бастай бергін, бердім кезек.

*Қалихан:*

Қайткенмен мешіттерің бетке шіркеу,  
Жарамас домбырасын көкке сілтеу,  
«Сасқан үйрек артымен сүнгиді» деп,  
Етіпсің музей деген сөзді бүркеу.

Бұрынғы фамилияң Талдықорған,  
Ұмыт боп осы күнде қалды қорған.  
Қайталап ерге шыққан жас әйелдің,  
Құйеуіне жазылу салты болған.

Сондай-ақ Алматы боп жазылыпсың,  
Қонысың құтты болсын, ірге қонған.  
Собығын жүгерінің шикі сатып,  
Ел екен Сарыөзегің әккі болған.

Күніне үш-төрт мезгіл поезды аңдып,  
Кей бірі қалта сауып, тиын сорған.  
Кәрі тұрсын, саудагер қыздарыңның  
Шіріген жұмыртқаға қойны толған.

Іле халқы сатса егер шикі шабақ,  
Талғарыңның тағы жоқ қымызы оңған.  
Іріткі ме, шалап па біле алмадық,  
Ақша санап берсек те мына қолдан.

Обылыс өз алдына шалқыған ел,  
Шаңқан боз, сегіз қанат Семей ордам.  
Семеймен терезең тең болу үшін,  
Облыс бол, өз алдыңа келсе қолдан.  
Әйтпесе малтаңды езбей сөзді доғар,  
Мен қонақ шаршап келдім алыс жолдан.

Деген бар көп сөз күміс, аз сөз алтын,  
Әр жүйрік жүгіретін байқап шарқын.  
«Тоқсан ойдың түйіні тобықтай сөз»,  
Қазақтың ұстанайық осы салтын.

Исадай шалқар емес, шағын едім,  
Демеймін қара Ертістей ағын едім.

Жүрекке Программа шабыт берді,  
Сыйынып домбырамды қағып едім.  
Әбеке осыменен қош болып тұр,  
Араздасып айрылар не ғып едім?

Ғапу ет, ақсақалдар, артық айтсам,  
Өзі тиісті аузымды бағып едім.  
Болашақ бас қосатын күндер туса,  
Күшімді көрерсіңдер тағы менің.

*Әбікен:*

Уай-угай-ай, угай-гай-ай, ай;  
Желпініп желіп отыр бала ақын,  
Сөзімді қабыл алсын барша халқым,  
Семейдің бар жағдайын түгел айтып,  
Көрсетті білгенінше шама-шарқын.

Көрсеттің қырын қарап ызғарынды,  
Келгеннен байқағанмын ызбарынды  
Семейден талай келіп Сарыөзекке,  
Ұрлаған сатып едің былғарынды.

Кеттің ғой саудагер деп мені шарпып,  
Сөйлесем сөз қала ма түптен тартып.  
Өзінің саудагерін өзі көріп,  
Отыр ғой пайдақор деп, маған артып.

Саудагер анық Семей сен емес пе?  
Жерім жоқ, сауда қылған сенен артып.  
Ойыңда жүргеніңді айтып бердің,  
Келгенде астанаға қолма-қолтық.

Әрине, облысым Талдықорған,  
Өзі мығым, шаруаға жайлы болған.  
"Қосылсын екі облыс бір жерге" — деп,  
Орталық Комитеттен қаулы болған.

Қайтпаған жас баласың талабыңнан,  
Кенен айтқан емес пе ең бала құнан.  
Қосылдың Алматыға деуің қате,  
Сен де соның тарайсың тарабынан.

Әлде өзің елеуреп қалғанбысың,  
Алматының ішіп ап шарабынан.

Ақын деген, әрине, ел еркесі,  
Ақын ақын болмайды елеуресе.  
Бес обылыс қосылып осы күнде,  
Қарашы, болып отыр Тың өлкесі.

Мен де жақсы көремін ұғынуды,  
Көрсеткін тату-тәтті қылығынды.  
Суатта су болмаса, Қалиханым,  
Айтпаспын саған қаз деп құдығымды.  
Көп сөзден аз сөз дәмді дегенің рас,  
Ағытып алып жүрме тығыныңды.

Айтпадың ауданыңның табыстарын,  
Ат салып жеті жылға жарысқанын.  
Айтпасаң, өз жерімді мен айтайын,  
Жақсы ғой «Күреңбелмен» танысқаның.

Батырдың жиырма сегіз бәрі бізде,  
Еңбектің жайнап тұрған сәні бізде.  
Соғыста «Гвардия» атақ алған  
Батырлар — өзек біздің әнімізге.

Көшенің Шоқан жатыр жағасында,  
Матайдың асқар биік сағасында.  
Орыстан білім алып, үлгі пішкен,  
Қазақтың теңдік іздеп баласына.

Шоқанның орнаттық біз ескерткішін,  
Жоғары бағалаймыз ердің ісін.  
Айтпадың «құтты болсын» ескерткішке,  
Өзіңе ұнап тұр ма, осы ісің?!


Житняк — Еңбек Ері бізден шықты,  
Қайратты, жылы жүрек болды мықты.  
Табысы колхозымның он бір миллион,  
Еңбекпен сүйсіндірді барлық жұртты.

Тамаша таусылмайтын Қөксу кенім,  
Шалқыған Балхашымдай бар ма көлің.  
Кәнеки, жақсы жаймен қоштасалық,  
Құрбыға ренжімей қолың бергін.

# ҚАЛИХАН МЕН ӘБКЕНІҢ АЙПЫСЫ

## ҚАЛИХАН

*Сабырмен Выдержанно*



## ӘБІКЕН

*Жайлап, нәшіне келтіре. Спокойно, с достоинством*



## ТАУБАЙ МЕН АМАНЖОЛДЫҢ АЙТЫСЫ

*Таубай (Қызылорда облысынан):*

Аманжол Тың өлкенің ардагері,  
Қызыл тіл, қиялдың да бар көмегі.  
Кеңесті келістіріп сөз бастайық,  
Көп болды сау жүрмісің, көрмегелі.  
Партия ақындарға қанат беріп,  
Қалыспай жігіттерден самға, деді.  
Жасыңнан қалыспайды қажырлы қарт,  
Таңданба, теліді деп шалға мені.  
Шабыстан қартайса да қалмай жүрген,  
Бұл ағаң бір облыс тарланы еді.  
Ағаға талантты іні құт болады,  
Жақсыға жаман іні жұт болады.  
Сөзге бай көрінесің тілге шешен,  
Айтсаң Аманжолжан құп болады.  
Інімнің отаудағы тік тұратын,  
Айта отыр, барың болса ұқтыратын,  
Тілінді жарқыным тек тарта сөйле,  
Мен емес жасық шалың ықтыратын.

*Аманжол (Тың өлкесі):*

Сермеймін құлашымды қанат қағып,  
Көпшіліктің алдында шабыттанып.  
Кезекті Тәукең аға бергеннен соң,  
Көрнекті жыр төгейін құмарланып.  
Сыртыңнан айтысынды талай көріп,  
Ынталанып оқушы ем айызым қанып.  
Бәйгеден талай келген тарлан едің,  
Адалдықпен жүретін еңбек жанып.  
Әзілім ауырлау боп кетіп қойса,  
Жүрмесіз ондай іске бос шамданып.  
Көп алдында көсіліп айтысуға,  
Келдім жаңа ойланып, аз қамданып.  
Ерінбей байлығымды айтып берсем,  
Тамсанып тыңдамақшы жұрт танданып.  
Жасы кіші ініммен тірестім деп,  
Үлкендікті білдірме құр арланып.  
Ен жатқан еркін байлық арқасында  
Келмей ме өз-өзінен сөз жалғанып.  
Толғау сөз болып жатыр айта берсе,

Мұндайға бөгелмейтін кұр алданып.  
Сондықтан ең алдымен Өлкемді айтам,  
Сарыарқада даңқты еркемді айтам.  
Көп түлік малдарымды семіртемін,  
Мың жусан бетегелі өртеңді айтам.  
Қопарып терең жыртқан тыңымды айтам,  
Алтын кен таусылмайтын қырымды  
айтам.

Жаңа бет, жаңа тілек Тың өлкенің  
Даңқына ерекше арнап жырымды айтам.  
Биылғы бітік шыққан егінді айтам,  
Бірінші шам шырақтай ерімді айтам.  
Екінші астана боп атақ алған,  
Қарқынмен қанат жазған елімді айтам.  
Мыңғырып малға толған даламды айтам,  
Жайнатып жаңа салған қаламды айтам.  
Барлығын техниканың күшіменен,  
Меңгеріп еркін жеткен шамамды айтам.  
Асыра аяқтатқан планды айтам,  
Өсірген өлкемізде қыранды айтам.  
Халқымыз әлді-ауқатты халге жетіп —  
Делінген партиялық ұранды айтам-уай!  
Еңбектен қалыспаған қартымды айтам,  
Бөгетсіз жүріп жатқан қарқынды айтам.  
Сәулетті, салтанатты, сәнді тұрмыс,  
Орнаған байлық кернеп халқымды айтам.  
Көре алмайтын күншілге қарғыс айтам,  
Таң қалтқан жердің жүзін табысты айтам.  
Жеңіс пен табысымның жетекшісі  
Ардақты партияға алғыс айтам.

*Таубай:*

Аманжол, жауабыңды есіттірдің,  
Ерте айттың демейді ағаң, кешіктірдің.  
Үлкен деп әлпештеген сөздеріңе,  
Жасарып, қайратыма кіріп тұрмын.  
Кежірлік, кейінірек жасайма деп,  
Хауіп қып кей жеріңнен шошып тұрмын.  
Екеудің жарысқанда бірі келер,  
Тарланның тартып белін қосып тұрмын.  
Әуелі өзім айтып білдірейін,  
Деп тұрсақ Сыр бойынан сыр білейін.  
Табысқа таңғажайып жете қарап,



Кеуліңді қош қылайын, күлдірейін.  
Сұрасаң облысым Қызылорда,  
Сан түрін шаруасының қойған жолға.  
Еңбекке елім тегіс ұйымдасып,  
Ұстады жеңіс туын берік қолда.  
Аңқылдап алға қарай осы күнде,  
Қаркын бар өмірінде, өсуінде,  
Тамаша таудай үлес қосып жатыр,  
Съездің жеті жылдық шешіміне.  
Еңбекте озған талай ерлерім бар,  
Ержеткен партияның бесігінде.

*Аманжол:*

Уа, Тауеке, ақын сөздің кені емес пе,  
Өлең деген жүректің емі емес пе?  
Қияға қанат қағып ұшатұғын,  
Белгілі Аманжолың мен емес пе?  
Күріштен Қызылордаң бұлақ болса,  
Тың өлкем бір мұхитпен тең емес пе?  
Секілді бұйра толқын піскен бидай,  
Елімнің сарқылмайтын кені емес пе?  
Платинаң бұзылса жазатайым,  
Сіздерде ұлтандай жер кем емес пе?  
Жүгерім жайқалып тұр Тың өлкемде  
Малымның таңдамалы жемі емес пе?  
Тың өлке — елім атақ алған жоқ па,  
Екінші астана боп қалған жоқ па?  
Бұрынғы құлазыған құба жонға,  
Егін мен зәулім үйлер салған жоқ па?  
Хрущев өзі барып көрген жоқ па,  
Келешектің сарайы кемімейтін,  
Жеріме жетік баға берген жоқ па?  
Тың жатқан қазынамды ашқан жоқ па.  
Кедейлік маңдайымнан қашқан жоқ па?  
Одақтың алды болып өткен жылы,  
Атағын қызыл дәнмен шашқан жоқ па?  
Талай ер мал өсіріп баққан жоқ па,  
Ерінбей еңбегімен жаққан жоқ па?  
Шам-шырағым Самаев Алпысбайға,  
Үкімет алтын орден таққан жоқ па?  
Облыс қарауында он бес аудан,  
Ереймен жайлау алған биік таудан.  
Күйқалы жері соны, шөбі шүйгін,

Боз жусан, кер бетеге бітік каудан.  
Сондықтан бізге жұт жоқ, Таукең аға,  
Жетеме ойлаңызшы, бұған баға.  
Келіңіз, көрем десең Тың өлкемді,  
Қонақты қарсы аламыз құшақ жая.

*Таубай:*

Байлығы Қызылорда мал мен егіс,  
Еңбек қып жейді халқым содан жеміс.  
Ақындық көз жеткенмен сөз жетпейді,  
Шалқыған шаруамды айтсам тегіс.  
Ортадан Сырдария ағып жатқан,  
Халқымыз арық қазып жолын тапқан.  
Көк шалғын екі жағы майса құрақ,  
Сонікі орған егін, шөбім шапқан.  
Қаратау, Сарысуды жазда жайлап,  
Азбайды қыста малым сырда баққан.  
Ар жақта қой қыстайтын Қызылқұм бар,  
Қорам мол хауіпті емес боран соққан.  
Осындай жер байлығым арқасында,  
Қойларым жылына екі егіз тапқан.  
Егеді жүз мың гектар елім күріш,  
Дәрілеп тұқымдарын күтіп дұрыс.  
Алтындай ақ күріштің арқасында,  
Халқыма жылдан-жылға қосылды ырыс.  
Атанған еңбек ері ерлерім көп,  
Ерінбей еңбек етіп істеп жұмыс.  
Ұстазы Еңбек ері күрішімнің  
Жақаев Ыбырайым қолы құрыш.  
Сол қартты қайда десең «Қызыл туда»,  
Көз тартып көк күріші тұрған суда.  
Ыбекем «Қызыл тудың» қызырындай  
Гектардан жүз центнер берген жылда.  
Қайтпайды қатты еңбектен қолын сілкіп,  
Жеңімен маңдайының терін сүртіп.  
Санасаң жүзден артық болар соя,  
Бір дәннен өнген күріш болар бір түп.  
Тамыры тал шыбықтай кеткен терең,  
Бір талы үзілмейді тартсаң жұлқып.  
Әлемге аты еңбекпен мәлім болды,  
Естіген бір кәруге болады ынтық.  
Аты асыл, ақ күріштің өнегелі,  
Қызығын жиып-терген көреді елі.



Аманжол Әлжановтың Таубай Қирабаевпен айтысып отырған кезі.

Үлгі алып ұстаз тұтып Ыбекенді,  
Ерлікке талай шәкірт ере келді.  
Ыбекем ел дәулеті үйді дәнді,  
Еліме еңбегіме үлгі салды.  
«Бейнет түбі рахат» деген осы,  
Мемлекеттік Лауреат боп сыйлық алды.  
Мінезі Ыбекеннің тал жібектей,  
Сөйлейді күле қарап жан жүректей.  
Күріштің жәйін біреу сұрай қалса,  
Үйретіп жібермейді мәлім етпей.  
Айналды қарт жүрген жер рахатқа,  
Өшпейтін қалдырды атақ жұрағатқа.  
Қазақстан Жоғары Советіне,  
Сайланды үш мәртебе депутатқа...  
Кейбір жас жігітпін деп жылмандайды,  
Ақынсып той-думаннан құр қалмайды.  
Шалсынып шалып жығып кетейін деп,  
Аяғын сырттан алып бұлғандайды.  
«Піскенше бура басы, жас ботаның  
Басынан, — деген сөз бар, — дым

қалмайды.»

Аманжол көп айтасың, байлығыңды,  
Жатыр деп Таубай біліп қай мінімді.  
Жарқыным, жала жауып көп тиіспе,  
Сыйласып жақсы көрсең жәй жүруді.

*Аманжол:*

Ой, шіркін, кеудеге кеп қамалады,  
Әр түрлі сөз жүрекке жамалады.  
Елімнің өткен күнгі өмірлері,  
Көз алдыма тізіліп саналады.  
Қазір бізде ойлашы, арман бар ма,  
Қанағыш қаскүнемнен қалған бар ма?  
Не тапсаң соның бәрі өзіңдікі,  
Қолыңнан бүгін тартып алған бар ма.  
Алғашқы жарық көрген кезімізден  
Игілікті таза жол салған бар ма.  
Бейбітшілік жолымен біз келеміз,  
Уа, Тауке, осынымда жалған бар ма?  
Әрі ақын, әрі қоғам қайраткері,  
Ардагер Сәкен ақын туған жері.  
Артына өлмес тура сөз қалдырған,  
Баяндап пе қылайын, біледі елі,

Қажымұқан, Балуан Шолақ сонда туған,  
Палуандық, батырлықтың жолын куған.  
Алысып алыбымен талай елдің,  
Белдескен белі сынып, бетін жұмған.  
Уа, Тауке, таласарлық күшің қандай,  
Тиісіп, өзің келіп, қышынғандай.  
Қөлемің Қорғалжыннан аса алмайды,  
Толғаншы, өзің қандай, түсің қандай!  
Алтынды Бестөбедей кендерім бар,  
Белгілі Жүкеновтай ерлерім бар.  
Отырған қазық қағып қарауылдап,  
Қөмбелі көмір, темір дәндерім бар.  
Іс болса міне осындай мақтанайық,  
Саудагер, жалқаулардан сақтанайық.  
Көз көрмей кемшілікті сырттан пішіп,  
Бірімізді-біріміз даттамайық.  
Партия жол көрсетіп — «алға!» — деді  
Ал, Тауке, қалыспайық, аттанайық!

-----

ТАУБАЙ МЕН АМАНЖОЛДЫҢ АЙТЫСЫ

ТАУБАЙ

*Жәйлата. Не быстро*



А - ман қол, төңгелкелің ар - да - ге - рі, қы - зыл - тұл



Қи - ял - даң да бар қа - ме - гі. Ке - нес - ті кейіс - ті - ріп




сөз бас тайық, көп бол - ды сау жүр - мі - сің көр - ме - ге - лі.



Пар - ти - я а - қын - дарға қа - нат беріп қа - лос - пан жігіттерден



сам - га да - ді. та - сым - нон қа - лыс - пайды қа - мыр - лы қарттаңдан -



ба та - лігілдеп шал - га ме - ні ша - быстан қар - тайса да




Қал - май жүр - ген бұл а - ған бір а - ымыс - сан тар - лан е - ді.

АМАНЖОЛ

*Асықпай, баяу. Спокойно, медленно*



Әй, \_\_\_\_\_, Әй, сер - меі - мін



Қу - ла - шымды қа - нат қа - ғып көп - ші - лік пен сә - ған - ға



ша - ыт - та - мып. Ке - сек - ті Та - у - кең а - қа



бар - ген мен сөң көр - нек - ті мыр - та - ғей - ін қу - мар - ла - нып



## КАЛҚА МЕН ЕСДӘУЛЕТТІҢ АЙТЫСЫ

*Қалқа (Алматы облысынан):*

Уау, уа, ақиқат асыл сөзі кемел шынға  
Отырған осы халық бәрі сынға.  
Ой, сөйлейін, қал келгенше қабырғалап  
Ел жүрсін көз жіберіп, таза тыңда.  
Уай, Лениндей, данышпан ақылы дария  
Алыпсың өмірде бұрын болмаған,  
Жырлайық Ленин — алыпты,  
Жасаған жаңа тарихты.  
Білімін жұрттың көтеріп  
Қоғамды, елді дамытты.  
Көзім көрген ел-жұртым,  
Айтайын енді анықты,  
Ленин менен Калинин  
Декретке қол қойып,  
Түсірді бізге жарықты.  
Жиырманшы жылында,  
Қазақты дербес ел етіп,  
Дүниеге танытты.  
Атамыз қазақ атанбай  
Атында қырғыз қалыпты.  
Халық деп қазақ атағын,  
Лениннен сонда алыпты.  
Уай, біздің қазақ баласы,  
Қалған екен алыста.  
Қырық жылдың ішінде,  
Қол жетті мұндай табысқа.  
Қатарлас туыс халықпен  
Түстік бәйге жарысқа.  
Атанды Қазақстан алтын өлке,  
Бақыттың базарындай артық өлке.  
Жерінде мың бір түрлі жеміс бітіп,  
Иісі қалампырдай аңқыды өлке.  
Кешегі құс қонбаған шөлдеріңнің,  
Айдын көл ортасынан шалқыды өлке.  
Торқалы қырық жылдық тойың болып,  
Жайылды жер шарына даңқың өлке.  
Басынан атам қазақ шаруа атанып,  
Мал баққан, егін еккен салтың өлке.  
Қырық жылдық тойынды,  
Өзі Қомпартия белгілеп өткізді.



Бақытқа қазақ халқының  
Қолын кәзір жеткізді,  
Қазақстан ел болды,  
Берекелі көрікті.  
Алматыға алыстан  
Ақын достар келіпті.  
Астанаға шақырып,  
Ғалымдар көңіл бөліпті.  
Есдәулет батыр айтайын,  
Шаяннан ащы тіліңіз.  
Мойның жуан антұрған,  
Күрессен жығар түріңіз.  
Осы отырған халайық,  
Өнерін жұрттың сынайық.  
Кел Есдәулет, сөйлейік,  
Халыққа сөзді ұнайтын.  
Елдің салты ежелден,  
Амандық жағын сұрайық.

*Есдәулет (Жамбыл облысынан):*

Әй, ай жарық болды, Қалқа, бұлт  
шыққандай,  
Боп тұрмыз жас баладан тіл шыққандай.  
Кешегі өгіп кеткен сұм заманда  
Болмап па ек қасіретке тұншыққандай.  
Бақытқа ұлы Ленин жол бастады,  
Боп отыр шөл даладан су шыққандай.  
Үш жүздің баласымен басым қосып,  
Көңілім болып отыр тыншыққандай.  
Бір жаста бала күліп талпынады.  
Бес жаста торғай қуып алқынады.  
Он жаста ерте оянып, оқу оқып,  
Он бесте өнер іздеп шарқ ұрады.  
Келгенде жиырмаға жігіт жасы,  
Байлық, бақыт береке басына орнап,  
Бекінеді отау үй боп босағасы,  
Жиырма бес мүшесінде кірер күші,  
Ой толып, ақыл тоқтап болар кісі,  
Орнығып отыз бесте ақыл, қайрат,  
Жігіттің әр нәрсеге түсер ісі.  
Қырықта қырға шығып қырындаған,  
Жұмыс жоқ ер жігітке қиындаған.  
Сол жасқа келді міне Қазақстан,

Топ үні басылған жоқ дуылдаған.  
Партия бастап отыр халықты алға,  
Шаттықпен шаруашылық шарықтауда.  
Қалқа ақын колхозынды көре алмадым,  
Жетістік, кемістігін анықтауға.  
Арман ғып ақын Қалқа танысуды,  
Айт, дедің амандық пен табысынды.  
Сұрасаң Жамбыл менің облысым,  
Қалайша естімедің дабысымды.  
Жамбылдың қоңыр тауды көлбеп жатқан,  
Өзен, көл сай саласы сел боп аққан.  
Ақтылы қой, ақ бас сиыр айналасы.  
Ежелден момын елміз шаруа баққан,  
Жайылған тау төсіне қойым семіз,  
Туады семіздіктен үнемі егіз.  
Жаз жайлап Аңырақай, Сарыарқа,  
Құлжа мен Хан тауын да күзетеміз.  
Қыстауым Қызылқұм мен Түлкіліде,  
Қыста мал қисаймайды бір түрі де.  
Боз жусан, қызыл изең, жасыл еркек,  
Шығады бие тойып бір түбіне.  
Есе бермес Есдәулет,  
Домбыраны бұраса.  
Елдің жайы осылай  
Тағыда айтам сұраса.  
Елінді Қалқа таныстыр,  
Жатармыз кейін сұраса.

*Қалқа:*

Ей, Есдәулет, осы арада халық отыр,  
Құлағын сізбен бізге салып отыр.  
Шырағым, бұлақ пенен малынды айттың,  
Айтылмай бір әңгіме қалып отыр.  
Қалқа ақын қандай сөзді сұрайды деп,  
Осы топ құлағын сап бағып отыр.  
Жамбылдың жаңбыры мен желі қандай,  
Талас, Шу өзенімнің селі қандай.  
Болып түр біздің жақта құрғақшылық,  
Айдаған арпа, бидай егін қандай.  
Мал түгіл адамның да даруанасы,  
Жерінің биыл шыққан шөбі қандай.  
Төтелеп, төпей бермей турасын айт,  
Дәл биыл төрт түліктің жәйі қандай?



Айтсып отырганлар Қалка Жапсарбаев пен Есдәулет Көндөков.

*Есдәулет:*

Әй, көңіліме айтатұғын бір сөз кйлді,  
Кейіннен салыстырам артық-кемді.  
Келеді енді қызып бұл Есдәулет,  
Халайық, сыр шертейін тыңда, енді.  
Ақыным жақсы болды табысқаның,  
Халықтың баяндайық табыстарын.  
Қалқа ақын қандырамын құмарыңды,  
Асығып жарғанатша жабыспағын.  
Түсемін түлкі болсаң қыран болып  
Егер сен қасқыр болсаң, арыстанмын,  
Сен маған неше түрлі бердің сұрау,  
Жөн болар домбыраны енді бұрау.  
Көпшілік үлкен-кіші қарап отыр,  
Байқаймын көңілдері бізді сынау.  
Ауаның білесін ғой құбылысын,  
Байқадым ақын Қалқа, сөзге ұрысың.  
Астықтың жайын менен сұрай берме,  
Өзіңнің қандай күйде құрылысың?  
Орынсыз әзіліңе шыдамаймын,  
Сұрайсың жүн, жұмыртқаң толды ма деп,  
Жұмыртқа Алматыдан сұрамаймын.  
Орденді ерлерім көп Сарысуда,  
Қалайсың, Қалқа барып танысуға?  
Үш рет Ленин орден сыйлық алған,  
Ер бар ма Ормановпен жарысуға.  
Сайланды екі рет депутат боп,  
Ерлігі елге үлгі боп ауысуда.  
Және бар Көктеректе Жәнібегім,  
Ерлерім еңбегімен табысуда.  
Ей, Қалқа, тоқталарсың болса санаң,  
Есдәулет тірі, есе бермес саған.  
Сарысу, Талас малды екі ауданда,  
Орден мен медалі жоқ сирек шабан.  
Ал ақын кезек бердім табысыңды айт,  
Қарт тарлан қалма аянып, болса шамаң.

*Қалқа:*

Ой, бұл айтыс былтыр емее, биыл болды,  
Қалқаға қартайғанда қиын болды.  
Шыдамай шымшығанға Есдәулетім,  
Көп сөзің кекейіме түйін болды.

Бар қанша әркім болар гауһар тастай,  
Әр кім жақсы болмады батыр жастай.  
Ананың екі емшегін емгеннен соң,  
Дүниеде пәнде қалмас қателеспей.  
Бір емес ақын, әнші серіменен,  
Сөйлессең көңіл ашылар теңіңменен.  
Сан жүйрік, сап тұлпармен танысқанбыз,  
Жарысқан жүйрігің жоқ тегі менен.  
Есеке, мына сөзге шыдамадың,  
Қалқаның халін сұрап сынамадың.  
Сұрадым Жамбыл жайын мен екі рет  
Қалайша Алматыны сұрамадың.

*Есдәулет:*

Шабады қару алып батыр жауға,  
Жүйріктен әркім сұрар ақыл сауға.  
Сен сұрадың, мен толық жауап бердім  
Ойладым шықпайын деп қарсы дауға.  
Не пайда сөзің жұртқа ұнамаса,  
Несі ақын сөзді тура құрамаса,  
Айтшы енді, өз жайыңды ақын Қалқа,  
Мен сұраймын сен екінші сұрамасаң.  
Талаймен мен де өзіндей жарысқанмын,  
Әлқадыр өз шамамша алысқанмын.  
Халайық қартайғанда топқа салды,  
Ал, ақын, барың болса қарыштағын.

*Қалқа:*

Домбыраны сөйлеткен,  
Он саусақтың саласы.  
Ақындарды сайратқан,  
Алматының қаласы.  
Мынау сұңқар мен торғай,  
Абайлап жұрт қарашы.  
Бұлбұл деген торғай бар  
Сұңқардан кем бе бағасы.  
Байқай сөйле Есдәулет,  
Тілеп алған аурудың  
Табылмай жүрер дауасы.

*Есдәулет:*

Мен әлі кемігем жоқ, үдемесем,  
Тиістің өзің неге тілемесең?  
Кер кетіп кемпірікнен қашарма едің.  
Бойыңнан қуат кетіп сен жүрмесең.  
Мені әлі тәуір көрер келіндерім,  
Шақырса келін шайға ерінбедім.  
Келін түгіл кемпірлік жылуың жоқ,  
Шынын айт, күйің қалай сенің бүгін?

*Қалқа:*

Уау, бұл айтыс атамыздан қалған мирас,  
Сөйлесе тіл ауыздан шығар құлаш.  
Есеке-ау, әлі сенен шабыттымын,  
Бұл өсек болғанымен түбі рас.  
Бозбала едім бір күнде,  
Түнемейтін күнде үйге.  
Қаратал, Көксу жерінің  
Қариясы болдым бұл күнде.  
Қазынасы болдым елімнің,  
Атасы болдым келіннің,  
Есдәулет, сенен сақтасын,  
Баса алмай жүрген желігін.  
Немере сүйдім жібідім,  
Құдайға шүкір, ерінім.  
Кемпірімнен жалықтым,  
Келіндерден ұялдым,  
Кер кеткем жоқ, шегіндім.  
Көрінген соң немере,  
Кемпір деген немене,  
Баламды сүйіп бөліндім.  
Ей, Кенен менен Есдәулет,  
Келіндерді ептейсің,  
Жал, жамбасқа жетпейсің,  
Әр қыраға ат байлап,  
Тапсаң да жөнді өтпейсің.  
Азғырма мені Есдәулет,  
Өз жөніңмен кеткейсің.  
Естерің болса екеуің,  
Өздеріңді сөккейсің.

*Есдәулет:*

Ежелден ақын Қалқа, сырың мәлім,  
Мінінді мойындадың, бұрылмадың.  
Күлдірген қылығынды айтып тұрмын,  
Желіктен мен де қашан тыйылғанмын.  
Дүние келеріңде сынаптайсың,  
Он жаста жарға ойнаған лақтайсың.  
Он бесте бала болып бәрің тегіс,  
Кезінде тал шыбықтай былғақтайсың.  
Жеткен соң жиырмаға жігіт болып,  
Көргенде құрдасыңды қылжақтайсың.  
Отыз бесте тоқтайтын, ақыл тауып,  
Көктемде көз аршылған бұлақтайсың.  
Қырықта қылшылдаған қылыштайсың,  
Елуде ерлер мінер құр аттайсың.  
Алпыста ақыл ауып, қайрат кетіп,  
Әйтеуір ат жейтұғын құрақтайсың.  
Жетпісте немеренді сылтау қылып,  
Қалқаша кемпіріңнен жырақтайсың.  
Өмірі адамзаттың міне осындай,  
Сөзімді қалай жұртым ұнатпайсың.

*Қалқа:*

Бақ конбай адамға адам бағынбайды,  
Қызыл тіл сөйлегенде ағындайды.  
Осында Үмбетәлі, Кенен отыр,  
Айт десең, тау суындай дарындайды.  
Азырақ әзіл айтып, көңіл аштық,  
Шалдарға мұндай күн көп табылмайды.  
Айна алып өзіңе бір қарап көрші,  
Есеке, сонда көңілің қабынбайды.  
Халайық, рахмет ықыласыңа,  
Ақындар осыменен дамылдайды.

-----

КАЛҚА МЕН ЕСДӘУЛЕТТІҢ АЙТЫСЫ

КАЛҚА

*Шалшақ. Быстро*

Уа \_\_\_\_\_ ау, уа, а ки қата - сыйса - зі ке -  
 мел шын га а тырған а - сы ха - лық бәрі) сын га  
 ай, сой лей ін қал кел - ген - ше қа - ыр - га лай ел  
 жұр сін көз жи - бе ріп та за тың - да. Уай, Ле - нін - дей,  
 да нышпан а - қы лы да рия а - лысың в. мір де бұ рын бол ма ган  
 ар - нат (ғы) біз ге та рих ты жұр лай ық Ле - нін а - лып ты  
 жа са - ган жа - на та рих ты би - лі мин жұрт тың кө - тө ріп  
 қа - ғам ды, ел - ді да - мыт ты кө зім көр - ген ал жұр - тоым  
 ай тай ын ен - ді а - нық тың еді, Уай, Ле - нін ме - нен Ка - ли - мин  
 дек рет ке қал қай - ыт ту сыр) біз ге жа рақ ты жи - ыр ман шы мы лын да






ка зәңгірбәс өл өтпә дуниәгә таптытты. Ча,



а. та. мыз қа. зақ а. та. н. бай а. тын. да қыр. ғыз қа. лыт. ты



қа. лық деп қа. зақ а. та. ғын Ле. нин. нен сан. да а. лыт. ты Ча,




өл. ғиң қа. зақ ба. ла. сы қал. ған ө. кен а. лыс. та



Қы. рық жыл. ған і. шін. де қал. жет. ти мұн. дай та. бас. қа



Қа. тар. лас ту. ыс қа. лық пен түс. тик бәй. ге жа. рыс. қа



өй і. ғі. ғі. ғі, ғай. ғай, ғай. ғай, ғай

## ЕСДӘУЛЕТ

Телки С.Валленгом

Эй \_\_\_\_\_ Эй, қал-қа жо-рық бал.

дың күн шыққандай бап тұрмыс жас ба-ла-дан тил шыққан-дай.

Ке-ше-гі е-тил кеткен сүз жо-ма-на(р) ба бал-ман, (әйе)л қас(і)

рет-ке туншыққан-дай У-лы Ле-нин ба-қыт-қа

мил бас-та-ды бап а-тыр шөп да-ла-дан су шыққандай

қи жүз-дің ба-ла-ғы мен ба-сым жа-сып қан(і) тім ба-лып

а-тыр тыншық қан-дыр(ай) Қыр-шақ ат се-кп ден-ген

қа-зақ е-дің а-тыр жа-ңыр қа-зақ е-дің \_\_\_\_\_

\* Есдәулет екінші шумақтан бастап текет сөзін еркін есіле орындайды — со второго куплета Есдаулет исполнял текет свободной речитацией.

АРТЫҚ ПЕН КҰМАРДЫҢ АЙТЫСЫ

*Құмар (Гурьев облысынан):*

Сөйле десе жақсылар,  
Қаумадан неге қашайын.  
Тілдің майын тамызып,  
Таңдайыңа қатайын.  
Жел түбінен ерісіп,  
Дариядай тасайын.  
Ойпаң жерді дөң етіп,  
Биік жерді жөн етіп,  
Топырағын шашайын.  
Көрінгенге шаң болып,  
Белестен-белес асайын.  
Қызғылықты мынау жеріміз,  
Қызылды жасыл беліміз.  
Құрағы мақпал түгіндей,  
Каспий деген көліміз,  
Іші толған сары алтын,  
Мекен еткен жағасын,  
Тұтасқан колхоз еліміз.  
Ішіндегі сары сазан,  
Ұсталмаған асаудай,  
Мақтасаң жетпейт тіліміз.  
Тасырлатып балығын,  
Ауларын жайып қағып тұр.  
Күннің көзі күлімдеп,  
Нұр шапағын жауып тұр.  
Мал шаруасын айтайын,  
Құлағыңды салып тұр.  
Бұл табыста құлпырып,  
Бірлікпенен алып тұр.  
Қонысымды әуелі айтайын,  
Тайсойған жердің шұрайын,  
Көруге көзің сағынған,  
Мейірлі бақша шынарлы,  
Гүлден көрпе жамылған,  
Шекердей тәтті шөбі бар,  
Кетер емес жағымнан.  
Оқпанда белі Қарталы,  
Қаракөк шапан жамылған,  
Жер емшегі иіп тұр.  
Төгілген жеміс лағылған,

Төбесі көкке ұштасып,  
Жоталы жоны қабақтай,  
Ішпей мейрі қанғандай,  
Суы тұнық шараптай,  
Қызыл изен, көк құрақ,  
Құлпырып тұр алаптай.  
Майкалы кара қоңырдың,  
Көк жусаны далаптай.  
Түйе мұрын сіңбірік,  
Бүлдірген текті талаптай.  
Алпыс екі жоңышқа,  
Көк шауласып көтеріп,  
Жарқылдайды қыраттай,  
Карабау мен Сарыкөл,  
Әшекей көрпе құрақтай.  
Сарыбай, Қенже, Сарыалжын  
Шығымы судың суаттай.  
Арудай сұлу киініп,  
Бәйгеден келген сұр аттай.  
Еділ менен Жайықтың,  
Екі ортасы құм еді,  
Күнгеі бетін қарасам,  
Каспий түсті мөлдір ед,  
Шөбін де қалың өсірген,  
Қара жердің күреңі.  
Төрт баласы Сырымның.  
Жауға бір шапқан ер еді.  
Исатай менен Махамбет,  
Қосыла шыққан төбе еді.  
Төменгі жағы Гурьев,  
Сол себептен сөйледім,  
Айналасы алты айлық,  
Көлденеңі төрт айлық.  
Толықсып тұрған Нарымдай.  
Күлтеленген қияғы,  
Миялы терек, талындай.  
Сол Нарымды жайлаған,  
Жүзден қойды айдаған.  
Қатері болса төңгеңдей,  
Жай бұлтындай жайнаған.  
Раушан жүзді келіннен,  
Құттықтау елге берілген.

Артық енді сөйлеші,  
Жетісудай жерікпен!

*Артық (Алматы облысынан):*

Жиырмасыншы жылы Ленин,  
Күй беріп қазақ халқыма.  
Одан бұрын бұл қазақ,  
Ұлттың қалған артында.  
Тізгін, шылбыр тиген соң,  
Қатарға келді талпына.  
Өндіріс пен байлық мол,  
Елдің жеттік шарқына.  
Сегізінші гвардия,  
Қиратып, жауды талқандап,  
Жер жарылған даңқына.  
Енді дұшпан келе алмас,  
СССР-дың шарпына.  
Жиналды бұл араға өңшең зерен,  
Түбі жоқ дариядай ойы терең.  
Күмекем Гурьевті айтып кетті,  
Екінші сөз кезегі бізге келген.  
Жазып алған сұлу сөз қиюы жоқ,  
Болады әсем — көркем дегенменен.  
Бастаған халқымызды Қомпартия,  
Бас иіп, Компартияға сәлем берем.  
Алматы жастанып тұр Алатауды,  
Жайқалтып, бауырына бақша-бауды.  
Орнатып ортасына астананы,  
Бұл болды Қазақстан үлкен аулы.  
Сөйлетті Күмекеңді сөзі бар деп,  
Менен гөрі аузыңның ебі бар деп.  
Бас салдым Күмекеңнің етегінен,  
Не болса да ұстайын көзі бар деп.  
Күмеке екі көз кем, соқыр едім,  
Кеше мен асханада отыр едім,  
Мақтады Адамбаев сізді қатты  
Сонан соң жекпе-жекке келсін дедім.  
Қағазбен айтысқанды ұнатпаймын,  
Айтысуға жекелеп менсінбедім.  
Сөйледім сөздің біраз жұқасынан,  
Әр сөздің айтып бердім нұсқасынан.  
Әр кімнің арманы көп, өзін-өзі  
Жығылып жатса-дағы тұстасынан.

Уа, Құмар, Нарынқол мен Кегенім бар,  
Оларды сыйғызарлық өлеңім бар.  
Алатаудың алқабын ашып жатқан,  
Менің де ата-мекен көп елім бар.  
Аяғы Жетісудың құйғанында,  
Бір шеті Алакөлде көп елім бар.  
Егістің неше түрін егіп жатқан,  
Елімнің Еңбек ері шеберім бар.  
Мақтасам кендерімді қорғасын, мыс,  
Отанға беріп жатқан көмегім бар.  
Алмасы Алматының Алатаудай,  
Сұрасаң тонналап та берерім бар.  
Айта бер, еліңіздің әр табысын,  
Құмеке, көп алдында не дерің бар?  
Сөйледің Каспийдегі балықтарды,  
Білемін балықтағы халықтарды.  
Жарты жылдық планың толып па еді?  
Айтып кетші, жасырмай анықтарды.  
Есдәулет пен Қалқаның алысқаны,  
Екеуі екі ауданның арыстаны.  
Есекен әрекет қып шолып еді,  
Қақанның оған белі қайыспады.  
Кім білед кемістікті бала айтты деп,  
Шалдардың кеп қала ма намыстары.  
Гурьевтің ақыны, Құмар батыр,  
Артықтың сізге жоқ қой танысқаны.  
Көрінді Құмарекең бізден озық,  
Байқасаң толып жатыр шалыстары.  
Барыңды бүгін мақтап айтып қалғын,  
Еліңнің қандай батыр, табыстары?

*Құмар:*

Менгердік табиғаттың заңын талдап,  
Шарықтап көк әлемін келген барлап.  
Айырып аспан көкті айға жетіп,  
Ұшпақпыз одан да әрі биік самғап.  
Көрдің бе заманымның түрленгенін,  
Көгерген өзегіме нұр бергенін.  
Елімнің салтанатын әнге қосар,  
Аузына ақындардың жыр бергенін.  
Партия — заман көркі, данышпаным,  
Бір сен деп ұран айтып, ту ұстадым,  
Партия қамқор әке, аяулы ана,

Бір сенсің ойлайтұғын халық қамын.  
Ақыным, сөз бастадың аттай шауып,  
Жасыңнан әдеттенген өлең-сауық.  
Табысқа Гурьевпен тең келмейсің,  
Жеңуің қиын болар өлең тауып.  
Қәнігіп пішен жақтан сұрап едім,  
Азырақ сұрағымнан кеттің ауып.  
Ақынға айтысатын сөзің дайын,  
Кәнеки, сөйлеп бергін істің жайын.

*Артық:*

Мақтауға Алматым да сыйып отыр,  
Халқым таңдап асылды киіп отыр.  
Орнатып неше жерден сахрзавод,  
Тартуы — ақша қылып үйіп отыр.  
Елімнің еңбегіне риза болып,  
Жеткізіп екі емшегі иіп отыр.  
Орындап ет пен сүтті, жұмыртқамен,  
Бәрін де артығымен құйып отыр.  
Ішінде астанамның Алматым бар,  
Ортасына ақынды жиып алып,  
Төбесі бүгін көкке тиіп отыр.  
Сөйлеген тарландардың сөздеріне,  
Ақиқат кеудем сүттей иіп отыр.  
Жұмысты еңбекші елім істейді өктем,  
Биыл да ақ бидайды айдап сепкен.  
Пар жыртып артығымен күздік айдап,  
Ерен көп ерлерім жүр еңбек еткен.  
Мәпелеп жас баланың төсегіндей,  
Қыздарым толып жатыр қызылша еккен.  
Бірі қою болғанда, бірі сұйық,  
Облыс жаман емес шапқан шөптен.  
Социалистік жарыста бір-бірімен,  
Аудандар шартқа отырып өрістеткен.  
Басшылық Компартия даналығы,  
Халқыма үлкен-кіші бірдей жеткен.  
Айтайын табысымды Қапалдағы,  
Бірі еді геройымның қатардағы,  
Атақты шопан ед деп Қазақстан,  
Мәскеуге неше қайта апарғаны.  
Жүз койдан жүз елуден қозы әпердім,  
Бір қойым өлген емес отардағы.  
Біз емес еркін шауып, шыға салған,

Өнер бар адамдарда алуан-алуан.  
Жанкөңіл Дайырбеков жас шонанды,  
Айтайын Сағат ерді Қараталдан.  
Өзінің бағып жүрген отары бар,  
Жүз қойдан жүз отыздан қозы алғай.  
Дәулетдияров Түкінбай деген қартым,  
Қойды егіз қоздатқан, бұл бір палуан.  
Жүз саулықтан екі жүз қозы алған,  
Барып көр, мұным егер десең жалған.  
Нүсіпов айта кетем Хасен деген,  
Ер еді шаруасын әсемдеген.  
Совхоздың Нүсіпов деген директоры,  
Жанайдың бір ісі жоқ бәсендеген,  
Құмеке, айта кеткін елің қандай,  
Биылғы жаңа сепкен егін қандай?  
Еліңде ел бастаған ерің бар ма,  
Осы жағын айта кеткін, сенім қандай?  
Ақыным сөйлемегін жұқаға ұқсап,  
Топырағын аударып бұқаға ұсап,  
Осымен мен сөзімді тоқтатамын,  
Беремін енді кезек сізді нұсқап.

*Құмар:*

Ақыным, сен не айтарыңды біле алмадың  
Үндемей тұр деп едім тіл алмадың.  
Әуелі пішен жағын сұрап едің,  
Егіннен биылғы жыл дым алмадың.  
Сөйлесем осы өлеңім ауыр болар,  
Қойғаның салғыласпай тәуір болар.  
Басшыларың салмақты таскенедей,  
Ат мінсе арқалары жауыр болар.  
Ақыным кешегі күн көрдім барып,  
Оншақты түйеңізді жол бойында.  
Қойыпсың сегізінің мұрнын жырып  
Мал еді мойымайтын ойсыл қара.  
Тұмсығын түйеңіздің қайта тесіп,  
Қойыпсың жалбыратып жырып-жырып,  
Келемеж неге етесің көлігінді,  
Ол саған дұшпан ба еді сотқар бұзық.  
Ақыным, артық айтып ақталасың,  
Уайымым болған жоқ деп мақтанасың.  
Байлықтың бары болса айтып таста,  
Әйтпесе неге мұнша сақтанасың.



### *Артық:*

Жолдарым бар асфалтті тегістеген,  
Үйлерім бар іргесін цементтеген.  
Шет елден келіп көрген делегаттар,  
Шалқыған шаруамызды кемітпеген.  
Гостиница, театр, клуб бізде,  
Келген қонақ еліме зерікпеген.  
Халыққа саясы мол бақшамыз бар,  
Алма, жүзім бәрі бар өрікпенен.  
Керегі профессор, доктор бізде,  
Құтқарар ажалдан да төніп келген.  
Бес түлік малымыз бар берекелі,  
Қыста қонып, жаз жайлауда өрістеген.  
Құмеке, сөзіңізді дәлдеп айтқын,  
Бойдақтай есірмегін желікпенен.  
Компартия бастаған Жетісуым,  
Бағынан коммунизм жеміс жеген.  
Құмеке, бекер, босқа жала жаптың,  
Осындай өтірікті қайдан таптың?  
Гурьевтен берейін жүзді тізіп,  
Көшеде қаңғып жүрген арақ ішіп.  
Көшеде босқа жүрген жұмысы жоқ,  
Жұмысы жоқ адамның тынысы жоқ.  
Арақ ішіп әр жерде гу-гулейді,  
Бола ма бұл күндердің ырысы жоқ.  
Құмеке, жала жаппа сөзіңменен,  
Маған да кездестің ғой кезіменен.  
Мынау Артық көрмейт деп айтып отсың  
Міндет қып жалғыз, анау көзіңменен.  
Осыменен аяқталсын тартысымыз,  
Жарамас екеу ара айтысымыз.  
Саналы, салтанаты Коммунизм,  
Байлығы бәріміздің ырысымыз.





## ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫНЫҢ ТІЛЕГІ

*КӨШЕН ЕЛЕУОВ*

Мен Қарағандыдан келген ақынмын, атым Көшен. Осында ақындар мәслихатына қатысып отырмын. Келіп жатқан бес-алты күннің ішінде аңғарғаным: ақындардың бірқатарының жасы сексеннен асқан, ең жасы алпыстан асқан екен. Жалпы солардың атынан астананың сыйқұрметіне, партия мен үкіметтің қамқорлығына көп рахмет айтамын. Біздің бірқатарымыз пенсия алып, қошеметке бөленіп отырмыз. Соның үстіне айта кететін мынадай жағдай бар. Осында отырған халық ақындары: бірі — Оралдан, бірі — Гурьевтен, бірі — Қарағандыдан, бірі — Павлодардан келіп отыр. Сол қарт ақындар алыстағы Алматы тұрмақ ауылда жүргенде де жетектеумен жүретін адамдар.

Сондықтан Жазушылар одағы мен Академиядағы азаматтарға айтылатын бір тілек бар. Ол: анда-санда болса да хат жазып, хабарласып, жазған хатқа жауап беріп тұрса, сол сияқты білек бір болғанымен саусақ басқа дегендей, осы екі ұя — Академия мен Жазушылар одағы бізбен байланысын үзбесе екен дейміз.

Өз басым өлеңмен айналысқаным 45 жыл болды. Осы арқылы да арнаулы пенсия аламын. Мен араб тілінде көп оқыдым. Осында отырған көп ақсақалдардан сауатым артық. Газет-журналдарды да оқып отырамын. Ал менен басқаларының хат тануы да шамалы. Солардың әрқайсысының ішінде 20—30 тоннадан алтын жатыр. Жиналмаған қазына деп міне осыны айтады. Халық ақындары қазақ халқының салт-санасымен, ән-күйімен, ырымымен, әдет-ғұрпымен біте қайнасып, қол ұстасып

қартайған ақындар. Осылардың көзі тірісі кезінде сол алтындарын алып қалған жөн.

Осы хат танымайтын кәрі ағаларыңның кей бірі өлеңін де бастыра алмайды, бастырса қалам ақысын ала алмайды. Болман Қожабаевтың баспа орнынан алатын қалам ақысы бар екен. Кеше сұрап, қағаздарын ақтартып едім, анау деп, мынау деп бермейді. Сол сияқты 1953 жылы басылған ақындар жинағындағы «Ленин жыры», «Комбайн» деген өлеңіме 19 сом қалам ақымды Дихан Әбілев Фрунзе ауданының банкесіне өткізіп жіберіпті. «Авторы» сірә, сол болса керек. Сонымен ол ақша үкімет қорына түсіп кеткен.

Тағы бір мысал, 1949 жылы алты жыл жазған еңбегімді осында баспаға тапсырған едім. Сол жоғалып та кетті. Жас жазушылардың біреуі өлеңімзді өз атына аударып жазып та алғанын көріп отырмыз. Оның атын атауға да болар еді. Бірақ өздерің сияқты қадірменді азамат, сондықтан бұл жерде абыройын төгудің қажеті жоқ сияқты.

Мынадай тілегіміз бар: Кейбіріміздің еңбегіміз үш рет келіп, үш рет қайтты. Сын дегенді айтады. Біріншіден, қарт; екіншіден, қараңғы; үшіншіден, уақытымыз да өткен шығар. Бір кезде осы дәуір үшін — социализм дәуірі үшін байлармен шоқпарласа жүріп, қолдан келген еңбекті жасай жүріп, кейінгі талапты жас сіздерге сол өмірді тапсырдық. Тапсырғанмен қарап жатқанымыз жоқ, қолдан келгенді істеп, көмектесіп жатырмыз. Мынадай бір мәтел сөз естідім: «Жүз қартты баққаннан, бір жасты үйреткен жақсы», — дейді екен. Біздің жүрістұрысымызға, аяқ алысымызға айтылған сын болар. Көшеннің күн көрісі жаман емес. Бірақ қарт аға дейтін болсаңдар, қарттардың жинағын көзі тірісінде жарық көрсетулеріңді сұраймыз.

Бізге сынды батыл айтпады, — деді кеше Есмағамбет Ысмайылов. Бауыржанның «Сын айтсақ, шын айталық» деген мақалын ұмытпайық. Сын айтқанда біз өз көзімізбен көргенімізді айтамыз. Мүмкін шығармаларымыздың текстісі жақсы жазылмаған, кемшілігі бар шығар, бірақ соны көрсете отырып, берілген 20—30 килограмм еңбектен саралап алып, іске асатын 40—50 грамын басуға болмас па екен, деген қарттардың тілегі бар. Сонымен бірге, қарт ақындар деген атаққа иеміз және еңбек етіп келеміз, ал Жазушылар одағының мүшелігіне қалай

өіуге болады, қандай жағдай керек екен? Міне, біздің негізгі тілектеріміз осы.

-----

### *БЕКБОЛАТ МЕРКЕМЕЛИДЕНОВ*

Біздің алыс облыста жатқанымыз да рас, хат танымайтынымыз да рас. Сондықтан бізге жол көрсететін, түсіндіретін жағдай жасалса екен. Ең болмағанда жарты жылда бір ғалым барып, бізбен әңгімелесіп тұрулары керек.

Біз фольклор, жанр дегенді түсінбейміз. Академиядан бір адам барып маған: өлеңің қара өлең бе, ақ өлең бе, — деді. Мен онысына түсінбедім. Өлеңнің ағы, қарасы болады дегенді ғұмырыма естігенім жоқ.

Сондықтан мен мынадай тілек қояр едім. Қарт ақындарға өзіне лайықтап жол-жоба алып отыруы үшін кітап шығаруларыңыз керек. Өздеріңіз бізге жол-жоба көрсетпей тұрып, жинап алып жанымызды қысасыздар, бізді сынайсыздар. Осы отырған шалдардың кейбірі әкең болса, кейбірі атаң. Қарттар сіздерді сынауы керек. Ал сіздер бізге білмейсіздер деп, бетке соғып айтқанда ұялмайды дейсіздер ме, қысылмайды дейсіздер ме? Білмесек үйретіңіздер, әйтпесе «жүз қартты баққаннан, бір жасты үйреткен артық» деп дабырлау жанымызға тиеді. Біз құр алақан емеспіз ғой. Бізден алатын дән-нәр табылады. Біз қазақтың байырғы көркем тілін, сөзін, ескі өлеңдерін жақсы білеміз. Соны бізден уақытында алатын болыңыздар.

Мен 1916 жылы Ереймендегі көтеріліске қатыстым. Сол жылдан бастап өлең шығарып келемін. Бірақ, 1944 жылдан бастап қана ақын деген атаққа ие болдым. Ал Алматыны алғаш рет 1952 жылы көрдім. Енді Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі деген атқа ие болатын мезгілім жетті-ау деймін.

## ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Қадірлі халық ақындары! Біз үшін,—Академия үшін, Жазушылар одағы үшін сіздерден артық құрметті қонағымыз жоқ. Құрметтейтін де, сыйлайтын да қонағымыз сіздер. Мұнда бір себеп бар: біз халқымыздың жақсы бір дәстүрін — ақындардың айтысын 1943 жылы, соғыс уақытында бастағанымызда, соны көп уақыт бойы созамыз, талай белес асырып тастаймыз дегенді міндет еткен едік. Бірақ оны істей алғанымыз жоқ. Оған алуан-алуан шаруашылық жағдайлары, әр түрлі басқа да себептер болды. Мұның үстіне айтыстың өзінің болашағы бар ма? деген күдік те бой көрсетіп қалып жүрді. Бұл жиналыс сол күдікті таратып, халық ақындарының әлі де үлкен күш екенін, халық ақындары әлі де үлкен мектеп екенін біраз жұртшылыққа танытқандай болды. Әлі де айтыса келе, осы дәстүрді соза келе, үлкейсе келе ақындар өз ішінен әр түрлі салаға бөлінетін болар. Біраз жыл өткеннен кейін қайта басталып отырған дәстүр алдағы уақытта да өмір сүреді деп сенеміз.

Кешеден бері сөйлеген жолдастар Жазушылар одағының ойы, Академияның ойы, жалпы мәдениет майданының тілектерін сіздерге жеткізіп, айтып жатты. Сондықтан мен қысқаша ғана ендігі, алдағы істер жайында, бүгінгі бардан туатын, алдағы тілектен туатын бір-екі ауыз сөз айтамын.

Бұдан былай ақындардың кең мағынасындағы, тең мағынасындағы республикалық айтысын өткізуіміз керек. Бүгін Орталық Комитеттің басшыларымен бұл жайында азырақ пікір алыстық. Олар сол айтысқа жақсы әзірленіндер деді. Орталық Комитеттің басшылары барлық аудандардағы, колхоздардағы, облыстардағы ақындарды жинап алып үлкен бір құрылтай съезд дәрежесіне көтерілетіндей мәжілісті өткізуді мақұл деп тапты. Мұндай істелетін үлкен іске, зор мәжіліске әзірлену үшін алда тұрған бірқатар шаралар бар сияқты. Ол колхоз бен колхоз, аудан мен аудан, облыс пен облыс арасында өткізіліп жатқан айтыстардың қай түрін болса да тоқтатпай, қайта оны кеңейтіп, көбейтіп өткізіп, сол облыс пен ауданнан сұрыпталған саңлақтарды үлкен өнер жарысына, сөз сайысына түсіру болсын.

Осы мәслихатқа отыздан артық ақын жиналды. Бұлардың дәл осы шақтағы шама-шарқына қарағанда бәрі бірдей төгілген ақын емес. Оның үстіне кейбірінін жасы келгендіктен айтысқа түсе алмайтын, бұрын жақсы ақын болғанымен қазір біртіндеп қатардан қалып бара жатқандығы байқалды. Айтысты жоғары дәрежеде өткізу үшін ұлы жиында, колхоздық, аудандық, облыстық айтыстарға қатысып жүлде алған маңдайалды адамдарын кәдімгі бәйгеге жаратып әкелгендей іріктеген жөн.

Бүгінгі айтысты нақ мағынасындағы айтыс деуге де болмас. Үш күнге созылған мәжілістен не көрдік? Мұнда бір түйін бар сияқты. Қай ақын халықтың күнбе-күнгі өмірімен тығыз байланысып жүрсе, елдің өскендігін нақты көргенін ішіне түйіп, соны жүрегімен бағалап, ән-жырына қосып жүрсе, сол ақынның артта қалмағанын, сол ақынның бүгін қай жарысқа салсаң да ұятқа ұрыңдырмайтынын көрдік. Жас демей, кәрі демей, атын атап жатпайық. Ақындардың ішінде өмірден алыстаған сайың ақындықтан айрыла бастағаны да көрінген сияқты. Ақын өзінің тұрған жерінде, туған елінде мүмкіндігі болғанша елін аралап, жерімен танысып, халқының өміріне неғұрлым жақын келсе, соғұрлым өзінің ақындық дарынына, болашағына көп-көп азық-қор алады.

Е. Ысмайылов, М. Қаратаев, Ә. Тәжібаев кешелі-бері көп жақсы ойларды айтты. Баяндама ретінде айтылғандықтан ол сөздердің біразы есте қалып, біразы есте қалмайтын да болар. Дегенмен еске түсірсеңіздер көп нәрселер қозғалды. Онда айтылған нәрсе: біздің ақындардың шығармаларындағы, репертуарындағы айтқыштық өнер салалары. Әртүрлі бағытта, әртүрлі саладағы ақындар көрінгені сияқты айтыстың өзін де әртүрлі салада, әртүрлі бағытта өткізуге болатын тәрізді. Мысалы, Кенен мен Халиманың айтысына мән берсек, одан соң Қалқа мен Есдәулеттің айтысына мән берсек, бұлардың айтысы бұрынғы *қайым айтысы* сияқты. Мұнда ананы айт, мынаны айт деп күн бұрын міндет берудің қажеті жоқ, бірімен бірі қалжыңдаса отырып, айтыса отырып, қоғамдық, жұртшылық өміріне, әлеумет мәселелеріне әдемі жалғастырып кететін ақын адамдар, өздері өнер жүйріктері. Бұлар өздерінің өнегелі дәстүрін, ұрыссыз, жанжалсыз, әдеппен, көркем түрмен айтысудың бір түрін бізге көрсетті. Біраз ақындар өздерін осы бағытқа қарай бейімдер дейміз. Оларға қашаннан бергі үйренген,

жүрегіне ұялаған айтыс түрінен, басқа түрге көш деуге болмас.

Есдәулет пен Халима екеуі де маған өкпелі кісілер. Мен бұл кісілердің қай сарында, қай жақтан ақындықтарының күшті екенін сезе бермейтін едім. Бүгін бұл кісілер өздерінің өте дарынды адам екендіктерін көрсетті. Қайымдасу саласында өнеге алуға болатын айтысқыш ақындар екен. Қалқа мен Халиманың айтыстарын, Кененнің айтыстарын кісі тындай беретін, уақыт өтсе де ескірмейтін айтыстар.

Соған қарамастан жазып алып айтысқандарға да тежеу салмаймыз. Бір облыстың адамдары екінші облыстың адамдарының кемшіліктерін қамтып, қағазға түсіріп алып айтса, оның терістік жері жоқ. Төселе келе жазып алып айтысатын ақындар жатқа айтуға да шығып кетер. Колхоз ішінде, ел арасында, аудандарда, облыстарда жазба айтыстың өзінің үлкен орны бар, оны көріп жүрміз. Бірақ соған мен бір сын айтар едім. Жазып, оқып айтатын ақындар өзі жазып алса, басқа біреу жазып бермесе, өз жазғанын жаттап алса, жазғанын сүйемел етіп, оқып отырса оны ешкім сөкпес еді. Болмаса Асқар біреуге жазып берсе, Бекхожин біреуге жазып берсе, онда сөзі жақсы болғанымен оқып айтуға қиын болар және бөтеннің сөзі екені көрініп тұрады.

Кешегі Қанабектің көрсеткен жағдайы — Жамбылдың беташарын айтуы өте жақсы, орынды болды. Мүмкін Қанабек өзі де шығарып айтатын болар; Абай, Сүйінбай, Жамбыл, не бүгінгі тірі ақындарымыз: Әбділдэ, Ғали сияқтылардың өлендерін халық арасында айтып жүруінің өзі бір жанр ғой.

Қиссашы жырау десек, біздің бұл заманымызда совет ақындарының айтқанын жұртшылыққа жаттап алып айтатын болса, оларды неге жырау демеске! Алдағы сайлауға шақыратын, жаңа өмірге шақыратын бүгінгі ақындардың толып жатқан поэмалары бар. Осы жағын жырлауды да ал дер едім. Қанабектің әрі даусы бар, жұртшылықты желпіндіріп тастайтындай шамасы бар екен.

Ауылдағы ақындар тек өзінің айтатынын айтып қоймай, бүгінгі озық ақындардың шығармаларынан, жақсы-жақсы өткен ақындардың шығармаларынан, Жамбылдан, Абайдан жатқа айтатын болса, мұның да бола-

шағы жоқ емес қой деймін. Әсіресе әні бар, даусы бар жігіттер осыны іске асырса, мұның өзі бір жанр.

Қалихан мен Әбікен екеуі де сіздердің баршақызға ұнады ғой деймін.

Ж а у а п: ұнады.

Бұлардың бір жақсы жері жаспыз деп, айтыстың дәстүрін бұзып кетпей салтпен, әдеппен келіп отыр. Бірінбірі таптап тастағысы келмей, жұрт тындайтын әңгіме етіп жайдары жүргізіп отыр. Қалқа мен Есдәулет айтысы да солай. Әбікеннің жазғанына сүйеніп отырғанын байқадық. Оның жазып алғанының өз сөзі екені де байқалды. Біреудің жазып бергенін айтса ол ақындықты өсірмейді. Бұл айтысқа көп түсіп жүрген жігіт емес. Мұның да болашағы барын, еркін айтысуға жарарлығын аңғардық. Сонымен жас ақындар бір жолға бел байлап, бір нәрсені байлам етіп кететін болсын.

Ақындардың жиналысы, ақындардың айтысы арқылы анда-санда бас қосып тұру деген халқымыздың дәстүріне кіруге тиісті. Мұның өзін барлығы бір салада емес, бірнеше жікке түсіруге болады екен. Облыс пен облыс, аудан мен аудан арасындағы ақындарды әр салада жеке айтыстыру керек.

Сіздердің алдарыңызға сала алмай қалған айтыстарымыздың бір түрі бар. Ол бір тақырыпқа барлық ақындарды айтыстыру, суырып салып өлең айту. Мысалы, Қазақстанның 40 жылдығы дегенді тақырып етіп, болмаса Қазақстанның ғылым ордасы дегенді тақырып етіп, барлық ақын бір салада жырласа, немесе жаз, айлы түн деген тақырыптарды ортаға салып, барлық ақынның күшін, шама-шарқын байқап көрсек деп едік, бұл болмады. Келесі айтыста осылар ескерілер. Тақырып дегенде жалпы мағынада айтып тұрмын. Ақындардың жанына жақын келетін отар, жылқы, көмір, Қарағанды деген сияқты басқа да жеке тақырыптарға тоқталармыз. Бірақ келесі айтыста осы сияқты айтыстың жаңа түрі қосылады. Бұрын хаса сұлу, хас батырды, жүйрік атты, қыран құсты жырлайтын еді ғой. Сонда ақындардың жыры бірінен бірі асып түсіп жататын. Сол сияқты бізде айтыс жарысын ашамыз.

Ақындардың еңбектерін баспадан шығаруды іске асыру жағына тоқталсақ, 1943 жылдан бері талай айтыс өтті, сол айтыстардағы өлеңдердің түгел болмағанымен біразы басылды. Дегенмен ақындардың бізге қоя-



тын талабы, айтар міні көптеу, Есмағамбет айтқандай Академияда жатқан 15 мың баспа табақ материалдың біз бәрін бірдей бастыра алмаймыз. Ол материалдар тек ғалымдардың зерттеуіне, ғылымның тарихына жарайтын материал болса да, ішінде басуға жарамайтыны баршылық екендігі айқын. Ол 15 мың баспа табактан кәдеге асатын он, он бес жолын жарыққа шығарып, кәдеге жаратсақ, ақындардың жұртшылыққа танылуы үшін кең жол ашқанымыз деп қарауымыз керек.

М. Базарбаев кеше халық ақындарының екі том — жүз баспатабақ жинағы баспа орнына бір барып, бір қайтып, екі-үш жылдан бері жарық көрмей жүр деді. Ол кітапты Академия әзірлесе, оған Жазушылар одағы көмектесіп, алдағы жылы баспадан мұны шығаруымыз керек.

Халық ақындары, сіздердің азды-көпті айтқан өлеңдеріңіз осы мына екі қара сандыққа жазылып қалды. Түсіп қалған бір сөз де жоқ. Академия қызметкерлері соның ішінен тәуір дегендерін саралап алып, баспаға береді.

Жазушылар одағы сияқты баспа орнында да толып жатқан салақтықтың барын мойындау керек. 1953 жылы басылған еңбектің қалам ақыеы 1957 жылы қазынаның қалтасына қайта түсіп кетуі — автордың өлі-тірісін білмеу салдарынан туған қателік. Көшен, сен қара жаяу адам емессің. Облыстық газетте қызмет еткен адамсың. Көркем әдебиет баспасымен байланыс жасамауың өзіңнен болған кемістік.

Бекболаттың жаңа «біз тек бетімізбен жүре береміз бе, бізге айтатын ақылдарың бар ма?» дегені дұрыс. Бізде «Жұлдыз» деген журнал, «Қазақ әдебиеті» деген газет бар. Бөлек кітап шығару қиын болар, сондықтан осы екі баспа орны арқылы консультация ретінде «Халық ақындарына» деп арнап, ақыл-кенес беріп тұруға уәде беремін.

«Көш жүре түзеледі» деген. Біздің де ісіміз жүре түзеле жатар. Осымен қоса айта кететін нәрсе Жазушылар одағында ақындардың жұмысын, өлең жағын қарап басқаратын белді екі ақынымыз отыр. Ол — Сырбай мен Ғали. Өздеріңізге ортадан екі адам таңдап ал десе, осы екеуін таңдап алған да болар едіңіздер. Сол екеуінен де салақтық болған болар. Біз дүйсенбі күні жиналмақпыз. Сонда сіздердің осында айтқандарыңыз жөнінде сөз бо-

лар. Ақындарға басшылық беру керектігін түсінген сияқтымыз. Бұл да сонда әңгіме болар.

Қазақ әдебиетінің ата қоры — ақындық. Роман, пьеса деген, сын деген кейін туған, әдебиетіміздің басы ақындықтан келеді ғой. Сол ақындары — халық ақындары. Олай болса, біздің Жазушылар одағының қатарында бірқатар халық ақындары бар еді. Соңғы бес-алты жылдар ішінде көп ақындарымыздан айрылды: Жамбыл, Нартай, Нұрпейіс, Төлеу, Қуат, Сапарғали, Қайып, Доскей сияқты белді адамдарымыз қайтыс болды. Бүгін сол ақындардың қатары сиреп қалғаны аңғарылды. Қазір Иманжан, Үмбетәлі, Кенен, Қалқа, Халима, Есдәулет, Нұрлыбек осылар бар. Бұл аз. Жазушылар ұйымына мүше алатын, сол жұмысты басқаратын ақын Жұбан Молдағалиев еді. Осы ақындар тобы ішінен кімді алуға лайықты, соны байқа, — деп тапсырғанбыз. Ол жігіт байқап, біразының есімін қағазға түсірген де болар, Меніңше, Академияның адамдары да, көпшілік Жазушылар ұйымының мүшелері де осы жолдастардың шамашарқын бәрі де байқап отырған болуы керек. Сондықтан қазір кімге ат қойып, айдар таққанымызды айтпай-ақ қоя тұралық. Бірақ бірқатар ақындарды Жазушылар одағының қатарына аламыз. Соның ар жағында, алдағы болатын үлкен айтыста үлкен ақын деп танылатын ақындарды түгел Жазушылар ұйымының қатарына алынады ғой деп сенемін.

Биыл бірнеше ақынға халық ақыны деген атақ берілді. Олар: Үмбетәлі, Қалқа, Сәттіғұл. Бұдан қалғандарыңыз алдағы кездесуде сол атаққа ілігуге тырысыңыздар, шама келгенше біз де ешкімді ұмыт қалдырмаспыз.

Ғали мен Сырбай, мен болып айтып отырған сөздеріңізге құлақ асамыз; ақынның ел көтерген құрметін көзі тірісінде көргені дұрыс болар. Сондықтан айтысқа қатысқандарың бар, басқаларың бар, әйтеуір әр ақынның өз еңбегінің жинағын шығаруға міндетті болармыз.

Жазушылар ұйымының бірнеше бөлімшесі бар. Олар — Батыста, Шығыста, Оңтүстікте, Солтүстікте, осылардың ақындармен байланысы онша болмай жүр. Былтыр мен белді ақынымыз Қалмақанның өткізіп жатқан айтысында болдым. Таубай, есіңізде бар ма, Сырдария ауданының Қаратау бөктерінде болған тойында болдыңыз ғой? Сонда ақындар жазыл алып, оны оқығанда

бабын келтіре алмай, екіншіден тылдаушының тындауына тап келтіре алмай, бей-берекеті кеткен.

Ақындардың айтысына да, баспаға беретін өлеңге де әзірлік керек болады. Кемшілік демей, кеншілік ету де керек сияқты. Қолжазбаларыңды тапсырғанда бір арбасын бір-ақ тапсырасыздар. Кітап дегеннің де шама-шарқы болады. Кітап боп шыққанда кітаптың салмағы жарты кило да болмайды. Сондықтан бар шығармаларыңыздың ішінен бір мыңнан бес мың жолға дейін өлеңдеріңізді таңдап, сығып беріңіздер. Онда өмір суреті, адамдардың бейнесі, күнделікті істері көрініп жатса еңбек тезірек өтеді. Олай етпей, 40 жылдан бері жазып жүрмін деп, барлығын жіберсеңіздер қарап шығу да қиындық болады. Сол бес килограмнан таңдап-таңдап бес жүз грамын бізге жіберіңіздер.

Сіздердің еңбектеріңізді қарайтын ақындар да қарап отыратын кісі емес, олар да жазады, қызмет істейді. Бір мың, я бес мың жол өлең таңдап алу үшін жиырма мың жол өлеңді қарап шығу обал болар. Бізге қолжазбалар құшақ-құшағымен келеді де, оны қарауға ешкімнің батылы бармайды. Бұл жағын ең алдымен өздеріңіз ескеріңіздер.

Қолжазбаларды тікелей бізге жібермей, Жазушылар одағының бөлімшесі бар жерден қаратып алу орынды болар. Мысалы, Асқар сияқты ақын отырған жерде соған көрсетіп, содан кейін пікірін алып жіберсеңіздер тіпті орынды.

Талап қою керек, бірақ ол талап орынды болу керек. Осы талап ең алдымен өзді-өздеріңізге де қойылу керек. Кешеден бері қанша ақын сөйледі, олардың сөзінен кімдікі ұнады, кімдікі ұнамады? Өздеріңіз біліп отырсыздар. Осында бес-алты ақын аз күнге қалады деп естідім. Солар бізге де кіріп шығыңыздар. Біз солармен біраз өзара шүйіркелесіп, ақынмен ақынша пікірлесетін болайық. Міне, қысқаша осы, жолдастар.

## ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

1961 жылдың 3—5 август күндері астанамыз Алматы қаласында Қазақ ССР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Қазақстан Жазушылар одағының шақыруы бойынша халық ақындарының республикалық мәслихаты болып өтті.

Мәслихат — ел өмірінің аса бір елеулі шағында, бүкіл совет халқы, жер жүзіндегі адал ойлы адам баласы заманымыздың асқан ұлы документі — ҚПСС Программасының жобасына анық асыл көңілден зер салып отырған кезінде шақырылды.

Мәслихатқа Республикамыздың әрбір облыстарынан шақырылған 50 ақын-жыршының отыз үші қатысты.

Коммунистік партия әдебиет пен көркем өнердің өркендеуіне соның ішінде халық поэзиясының өсуіне күнбе-күн қамқорлық жасап келеді.

Партияның ХХІ съезінің шешімдері мен Н. С. Хрущевтің «Әдебиет пен көркем өнер халық өмірімен тығыз байланысты болсын» деген еңбектерін еске ала отырып, республикамыздың әдебиетші ғалымдары совет дәуіріндегі халық поэзиясының күрделі проблемаларын камтитын, бағалы еңбек дайындау керектігін атап көрсетті.

Мәслихатқа келген ақындармен Институттың ғылыми қызметкерлері көп жұмыс өткерді. Соның ішінде, әсіресе әр ақынның репертуары, таланты, шығарғыштық өнер-мүмкіндіктері анықталды — дарынды ақындардың ең жақсы деген өлең жырлары магнитофонға жазылып алынды.

Мәслихат мынандай ұсыныстар қабылдады:

1. Мәслихат халықтың қалың ортасында жүріп, солардың ой-арманын, ақыл-парасатын суырып салып айта

алатын ақпа ақындарға әдеби хатшы берілуін бірінші кезекте істелетін іс деп біледі.

2. Елу жыл бойына ел алдында ерінбей еңбек етіп келе жатқан бір топ ақындарға Қазақ ССР-ның халық ақыны деген құрметті атақ берілсін.

3. Импровизаторлық өнерімен танылған талантты ақындардың біразы Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне алынсын.

4. Қазақстан Жазушылар одағының Президиумы мен Қазақ ССР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының дирекциясы үш жылда бір ел ақындарының республикалық слетін өткізіп тұратын болсын. Бірінші слет 1963 жылы Алматы қаласында өтсін, оған ауыз әдебиетінің бар өкілі шақырылсын.

5. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы 1962 жылдан бастап жыл сайын қазіргі халық ақындарының таңдамалы шығармалар жинағын бастырып тұратын болсын. Бұл жинақты Қазақ ССР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Қазақстан Жазушылар одағы бірігіп дайындап беруі міндеттелсін.

6. Қазақ ССР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Қазақстан Жазушылар одағы облыстық аудандық ұйымдармен бірлесе отырып жыл сайын халық ақындарының айтысын өткізіп тұратын болсын және сол айтыстардың ең тәуірі жеке жинақ болып басылсын.

7. Халық ақындарының екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы (1-кітап — өлеңдері мен толғаулары, 2-кітап — поэмалары мен айтыстары) дайындалып 1962 жылы баспаға ұсынылсын.

8. Осы мәслихаттың материалдары өз алдына жеке кітап болып басылсын.

9. Алдағы уақытта совет дәуірінде туған ауыз әде-

бйетінің жақсы үлгілерін жинау жұмысы үзбей жүргізілетін болсын. Ол үшін комплексті экспедиция шығару ісі кеңінен жүзеге асырылсын.

10. Советтік халық поэзиясының негізгі проблемаларын, ауыз әдебиетінің жеке жанрларының туу, даму, қалыптасу тарихын, оның көркемдік кестесін, басқа халықтардың ауыз әдебиетімен байланысын зерттеу ісі жедел қолға алынсын.

11. Жергілікті жерлерде айтысқа түсіп жүрген жас таланттарға Қазақ ССР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Қазақстан Жазушылар одағы тарапынан тиянақты қамқорлық жасалып отырылсын.



**ЗЕРТТЕУЛЕР  
МЕН МАҚАЛАЛАР**



М. ӘУЕЗОВ

### СОВЕТ АҚЫНДАРЫНЫҢ АЙТЫСЫ

Жалпы адам баласының тарихында асқар асу болған Ұлы Октябрь революциясының қазақ халқы үшін бергені ұшан-теңіз.

Ұлы Октябрь революциясы ескіліктің темір құрсауынан босатқан қазақ халқының мәдениеті коммунист партиясының қамқорлығының арқасында өркендеп өсті.

Бақытты жаңа өмірді жырлауда, социалистік мазмұнды жаңа тарих табыстарын жырлауда халық ақындарының орны, еңбектері аса мол да қадірлі болды. Қазақтың халық поэзиясының алыбы Жамбыл жаңа жұртшылық пен социалистік Отан мүддесін жырлауға ерекше зор еңбек етті. Революциядан бұрын талай айттыста сан ақынның алдын ораған, топ жарған ақындар: Шашубай, Нұрпейіс, Доскейлер де Жамбылдан өрнек алып, өздерінің суырып салма ақындық өнер қуаттарын халық тілегіне бағыттады.

Жамбыл өз өлеңін совет жұртшылығына ұсынғанда:

Дегенде ұлы совет жыр ұсындым,  
Жыр емес, жарқыраған нұр ұсындым...  
Жырынды — досың болса күлдіріп айт.  
Жау болса, жау тигендей бүлдіріп айт.  
Жыр деген біреуге оқ, біреуге бал,  
Дәл тиген ақ берендей жұлдырып айт, —

Дейді.

Жамбыл сөзін досты күлдіріп, дұшпанды мұқатуға құдіреті кәміл жетіп шырқады.



Кәрілік пен жоқшылық қатарымен аяғынан алып мамырлаған Шашубай, ел бақытының күні туған жаңа заманда қайта түлеп, құлпырып кетеді:

Сексенде сері атандым сенбей жағым,  
Мерейім үстем болды, артып бағым.  
Ескі дос: өлең, гармонь қайта оралып,  
Денемді кетті билеп тасқын ағып, —

дейді Доскейге арнаған өлеңінде.

Анық халық тілегімен өздерінің тілек, армандарын бір қосқан ақындар қоғам құрылысының өжет қайраткерлері болады. Бұрынғы өздеріне мәлім өлең түрлерін енді жаңа мазмұнмен байытып революциялық мазмұнда, социалистік жаңа жырлар туғызады. Ескі халықтық түр, енді тың мазмұнды советтік өрнек, дәстүр жасауға жұмсалады.

Осы жолмен айтыстың да үлгісі, мазмұны, бағыты түбірімен өзгереді. Рас, кәзіргі айтыстарда да бұрынғы айтыстар дәстүріне ұқсас бірнеше белгілер бар. Мысалы, мұнда да бұрынғы қалыппен екі ақын домбыраға қосылып, суырып салма өлеңмен майдандасады. Ақындық күштерін топ алдында сынға салады. Ауыз әдебиетке, әсіресе, бұрынғы айтысқа тән әдет, жол бойынша, барлық жарыс, тартыс, бәсекелерін тек алма-кезектеп, қолма-қол тудырған өлеңмен айшықтап жеткізеді. Айтыс осы күндерде совет жұртшылығының колхоздағы ел сауығының ең асыл түрі. Айтыстың үсті қызық думан, өнерлі өлең думаны. Ақындар айтысына қалың жұртшылық, қала мен колхоз да түгелімен зор құрметпен бейіл береді. Оған да өнерленген ел бағалайтын театрдай қарайды. Қызыға жиналып, құмарта тыңдайды.

Бұл жайлардың барлығы айтыс жанрының, қай заманда болсын халық ортасында туып, сақталуындағы сыртқы жағдайы. Айтыс атаулыға ортақ осындай ұқсастықтар совет тұсындағы айтыста да түгел бар. Бірақ сонымен қатар тақырып, мазмұн, таптық, саясаттық санасы, мүддесі жағынан қарасақ, совет ақындарының айтыстары ескі айтыстан әлдеқайда терең, кең, озық та өзгеше. Мұнда екі ақынның талас, жарысы бұрынғы айтыстарда айтылатын жайлардан мүлде басқа. «Жақсының жақсылығын айтып нұрын тасыту, жаманның жамандығын айтып құтын қашыру» деген, үлкен арналы

мұратқа келгенде, совет ақындарының жақсылық, тұра-сындағы ұғымы, нанымы, сын таразысы да өзгеше. Өлеуметтік жоғары зор сананы танытады. Мұнда жақсылық жалпылама ұғым емес, ол еңбекқұмар қоғам қайраткері, өнер, білім тілін білген, советтік дәуірдің ардақты азаматы болады. Совет халқына еңбегі пайдалы, жұрт алдында жүзі жарқын адам болады. Ақынның арқа сүйері де бұрынғы ру, ата санау емес, айтатыны колхозы, ауданы, облысы. Сол өз колхозымен аудандарында зор табыс-мақтанышы болса, оны жеткізіп айтар ақындық өнері болса, айтысатын ақынның сапасы мен қуаты сонда.

Совет тұсындағы айтыс — сынның, өзара сынның да өткір құралы. Шаруашылық зор нақандарды атқаруда, өзара мемлекет жоспарын жақсы орындау жөнінде бригада мен бригада айтысы, жалқау мен екпінді айтысы, жауыр көлік пен салақ иенің айтысы сияқты айтыстың бәрі сын жарағы. Жер-жерде социалистік құрылыстың екпінді қарқынына кедергі болар бөгеттерді кезінде жоюға арналған үгіт құралы болады. Совет ақындары бұл жағынан қарағанда, өздерінің шебер, тапқыр айтысуларымен күнделік советтік, социалистік өмірдің көрнекті қайраткерлері болады.

Айтыс әр заманда күнделік тіршілікке төтелей қатынасы бар жанр болатын. Халықтық ауыз әдебиетінің бұл қасиеті жаңа тарих жасаушы совет жұртшылығына өте ұнамды, үйлесімді болып қабысты. Совет тұсында молайып, өскен айтыстың колхозшы, қалың жұртшылық арасында мол, кең жайылған аймақтары: Алматы, Талдықорған, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары. Бұл облыстарда айтыс бұрынғы кездерде де жалпы көпшілік қолданатын жанр еді. Сол дәстүр кеңейіп, енді қыз бен жігіт, кәрі мен жас кездескен жерде, советтік ұлы мереке тойларда, жай сауық жиындарда көп айтыстар бола береді. Сондықтан ірі мағыналы айтыстардың бәріндегі басым күй: жаңа өмір, жаңа дәуірдегі ел тұрмысының әр түрлі көрінісі туралы болады.

Арнаулы айтыстарда жарысқа түсетін атақты ақындар ғана емес, халық сауығында өз күштерін жаңа сарапқа салып жүрген жас талаптар да өз айтыстарының қызықты, қадірлі мазмұны етіп қоғам мүддесін,

совет патриотизмін жыр етеді. Бұрынғыдай кертартпа, рушылдықтың советтік айтыстарда ізі, елесі де жоқ. Еңбек елінің ырысы, Лениннің ұлы дәуірі орнатқан социалистік қоғам, Қазақстан, Совет Одағы — бар ірі айтыстардық айнымас арқауы болып отырады.

Болмасты болғызып, алысты жақын қылған өнер-ғылым адамының ой-өрісін кеңітіп, халықтың қазынасын молайтты. Қөркем қала, алуан өндіріс, асып туған ерлер, сәнді салтанаттар бар. Бұларды айтыс таразысына тартқан ақындардың ой толғамы, көрер көзі қырағы, айтар тілі шебер келеді.

Советтік айтыстардың өрісі ұлан байтақ. Бірақ сондай айтыстардың саны Ұлы Октябрь революциясы басталғаннан бері қарай сан үлгілер туғызғанымен, көптен-көп айтыстар жазылып хатқа түспей келеді. Совет дәуіріндегі айтыстардың да ең алғаш басталып, одан кейін үдеп, молайып, кең жәйіліп келе жатқан тарихы бар. Айтыстар саны ғана мол емес, түрлері де әр алуан болып, дамып өсті. Сондай ерекше өсу, өркендеу кезеңдерін қысқаша шолу үшін айтыстардың туған ертелі-соңды мезгілдеріне, түр-түрлеріне қарап, бірнеше елеулі айтыстарды атап өтейік.

1922 жылы Семейдің екі ақыны Байзақов Иса мен Баймұратов Нұрлыбек айтысады. Ол кезде Нұрлыбек ауылда, Иса Семейде болады. Екеуінің айтысындағы жаңалық — бұрынғы айтыстардай ру таласы жоқ. Оның орнына қала мен ауыл жайларын бұлар тың тақырып етіп алысады. Иса қаланы жақтап, ауылды сынай мінесе, Нұрлыбек ауыл еңбегін бағалаушы болып, Семейдің қалың құмын мінейді. Қала мен ауылдың қоғамдық шаруашылық, саясаттық тірліктегі қарым-қатынасын ашуға айтысушылардың ол кездегі білім сауаты жетпейді. Өйткені айтыстың нәтижесінде қала енді елдік пен мәдени өмірдің кіндігі екені айқын аталады. Исаның ол жөніндегі сөздері үстем шығады. Бұдан сол 1922 жылдың өзінде-ақ советтік бағыттағы ақындардың әлеуметтік, мемлекеттік мәселелерге беттерін анық бұрғандығын көреміз.

1932 жылы Шашубай қасқырмен айтысады. Аңмен, малмен айтысу, тіпті өлі мен тірінің атынан да айтысу! бұрынғы айтыстың салтында ежелден бар әдет болатын. Ал, совет тұсында қасқырмен қарсыласқан Шашубайдың

ескі түрлі айтысында жақа мазмұн бар. Атын жеп қойған қасқырды Шашубай қақпан құрып ұстап алады:

Боз аттың құны үшін салдым қақпан,  
Тұлпар ед су ішпеген лай қақтан.  
... Жарлының жалғыз атын жегеніңше,  
Жауыз малын неге жемедің толып  
жатқан, —

дейді Шашубай қақпанда жатқан қасқырға.

«Қыржиған шал деп басынып кеп атымды жедің. Өкімет қадірлеп күн-түн сайын күшіме кіріп отырғанымды білмейсің бе?» деп Шашубай қасқырдың апшысын қуырады.

Бұл айтыста ақын қасқырмен күрғақ салғыласпайды. Ақынның арқа сүйегені үкімет, өз құдіреті жетпей бара жатса, кедейге болысатын үкіметтің қарулы күші оған болысып қамқорлық істейді. Совет жұртшылығы қадірлеген шалдың малы содырлы сотқардың бойына сіңбейді дейді.

Бұл айтыста Шашубай ел малына ескілікті обырлық мінезбен қасқырдай шауып жүрген бай, құлақты да мұқатады. Және онымен тынбай қасқыр сөзі қылып кооператив мүлкін астыртын ұрлап қылғып жүрген. ескілік қалдығы сияқты арам ниеттерді де халық ажуасын қолданып, мысқыл етеді, олқылықты әшкерелейді. Совет мүлкіне жасырынып жүріп зиян етушілерді күлкі етіп, сынға алады. Халықтық мысқыл ретінде ақын өзі де тыңдаушыға әзіл етіп, ажуалай көрсетеді. Советтік мазмұн кірген айтыстың, тұр жағындағы орны, ерекше бір мысалы осы Шашубай айтысы деуге болады.

Қызылордалық Т. Үркімбаев ақын сары атан мен бригадирді, қара байтал мен колхоз бастығын айтыстырады. Колхоз жұртшылығын ұйымдастырып, бастауды міндетіне алған бригадир мен бастық ұқыпты болу шарт. Сол жөнінде ең алдымен, жұртшылық мүлкі саналатын мінген көлігіне күтімді болып, басқаға үлгі көрсетуі керек. Колхоздасқан шаруалар тірлігіне, шаруа көлігін күту деген әлеуметтік талап еді. Осындай мызғымас борышын орындауға салақ қарап жүрушілер де жоқ емес. Үркімбаев айтысының мысқылына, сынына ілінетін сондайлар. Мойны ырғайдай болған сары атан бригадирдің айыбын ашып, бүйте берсе колхозда жер айдарлық көлік қалмайтынын айтады.

Аркасы ошақтай жауыр кара байтал ер сала бастаған бастыққа өзінің аркасын айғақ етіп сын айтады. Оның дауы мен дәлелі мойын бұрғызбастай орынды. Өзара сынның ең өткір, шебер түрі осы айтыс болады. Әр күйде бастық кара байталдан мұндай сын күтпеген, өзінің ісі теріс. Ол айтар жауап таппайды. Шалдырмай шабуылға салудан байтал арыған, жадаулықтан жалынан да айрылған, күтімсіздік, қырсыздықтан аркасы ойылған. Сондай халық мүлкі кара байтал сөйлегенде оның тілі ащы шығады. Бастықты сөзбен тұсап, адымын аштырмайды. Жеңіп кетеді. Көлденең сыншыдай емес, жәбір көрген көліктің, өзі болып айтқан сөз бригадирдің де, бастықтың да советтік өмір, еңбек майданына әсерлі, пайдалы, қымбат бағалы болып араласқанын көрсетеді.

Бұрын үстемдік істеп, елге ықпалын жүргізіп қалған байлар, атқа мінерлер революцияның алғашқы жылдарында, совет тұсында да көпке дейін өзінің бұрынғы үстемдігін сақтауға тырысты. Теңдік алған кедейге ырық бермей, әлі де өктемдік жасау жолында көп арпалысты.

1934 жылы Іле ауданындағы Өмірзақ ақынның айтуынан жазып алған «Бай мен кедей айтысы» деген айтыс, сондай тап тартысының кейбір көрінісін танытады:

Әй кедей, қызыл тілді салма маған,  
Қаһарымды төгермін енді саған.  
Қай кедей тигізеді бізге тілін,  
Қарсы келген кедейді отқа жағам, —

дейді.

Бірақ, кедей оған жасқанбайды:

Кедейді, әй залым-ау, жамандайсың,  
Кедейсіз күнің қайда көретұғын.  
Басыңды алып қашып амалдайсың,  
Құр тұрған кара қамыс сен қурайсың, —

деп, байдың бұрынғы шалқуы, кедейдің табан ақы, маңдай тері екенін жұрттың алдында әйгілеп ашып береді.

Айтыс ұзаққа созылып, кедейдің сөзі шымбайына бата берген соң, бай төзбей, ұрмақшы болып қамшы ала ұмтылады, кедей қымтап ұстаған шокпарымен байды басқа бір салып, қалпақтай түсіріп, атына мініп жүріп кетеді. Бай басы қан-қан болып, қала береді.

Бұл айтыс Совет өкіметінің алғашқы орнаған кезінде, кедейлердің өкімет жұмысына еркін араласпаған кезінде туған болу керек. Баймен айтысуға батырланғанмен кедейдің сөзінде «заман менікі», «өмір қожасы менмін», «сен зияндылығыңнан, арамтамақтылығыңнан аластасын» деген қайрат ызғары байқалмайды. Қайратқа мініп бай қамшыға жармасқанда, кедей ет қызуымен шоқпар жұмсап жіберсе де, байды айдап шықпайды.

Совет тұсындағы айтыстың сынына ескі өмірдің сорақы салтының бірі — қос қатын алу да түседі. Совет заңы әйелге ермен тең ерік берді. Қос қатын алуды тыйды. Өз басында жағымсыз жаңалықты қалт қылмай естіп, біліп жүретін қос қатынды Есмақан деген «жаңа» лақапты естіп, бәйбішесімен ақылдасады. Екеуінді қатарымен маған қоймас: «...лайық Айшақұл ме маған, сен бе» — деп сұрайды бәйбішесіне. Бұл айтысты совет ақыны мысқыл, сатира түрінде байды мазақтап, ескішіл тоғышар шалды ажуалап шығарған.

Кәрілік иықтап, буынына діріл кірген Есмақан тоқалға масыл болып, күн кешпек. Соны аңғарған бәйбішесі:

Ақылың кеткен екен мүлде сенің,  
Жағдайың жас қатынға мәлім сенің,  
Өзіңмен жастайыңнан өскен бірге,  
Бұрынғы жақсы емес пе кәрің сенің?! —

дейді.

Шалдың көңілі бәйбішені ептеп, сырмалап, сыртқа тебу.

Іргенді бөлек салып отыра бер,  
Кім біліп іш құлқынды жатар сенің —

деп алдаусыратады. Бірақ, оған бәйбіше мойындамақ емес. Ескі жолды қартаң байлардың революциядан соң бұрынғы үй-іші қалпын сақтап қалуға тырысып, екі әйелін алдастырумен бұрынғыша ұстап қалуға тырысқаны ашық. Айтыс ол жағынан да сорақы шындықты, кесір салтты әшкерелеп отырады.

Шал өз дегеніне көнбей отырған бәйбішенің кәрілігін айып етіп, мойындатпақ болады:

... Жиырманың бесеуінде Айшақүлім,  
Елуде қыжырайған түрің құрсын, —

деп қорлайды.

Бірақ, бәйбіше кемпір болса, Есмақан кураған шал, «жығылған, сүрінгенге күлед деген» деп бәйбіше күйеуінің күлкілі, трагедиялы халін сарапқа салады. Сөйтіп, бұл айтыста ескіліктің жоқтаушылары, өз бастарындағы қоғамдық мінді, өз ауыздарымен жұртшылық сынына әйгілеп береді. Күлкі күйлер өзін өзі әшкерелеуде советтік айтыста аса қонымды, өткір қызық жанр болып шығады.

Жамбыл облысы Красногор ауданындағы Киров колхозында әйелдер күніне арналған мерекеде Зейнеп пен Сұлубике айтысады. Зейнеп — стахановшы-бригадир, Сұлубике — жалқау, жұмыс істемей: «Бетім барда бетіме кім шығады» деп жүрген еңбексіз әйел. Сол Сұлубикеге Зейнеп:

Сельсовет еңбек берсе сеспей кетер,  
Сұлуға кош, аман бол деспей кетер.  
Ар кетер, шай таусылар, киім тозар,  
Халыққа кәдірсіз боп жүрме бекер, —

деп, оның өлер жерін тура айтады.

Стахановша істеп, екпінді еңбектің қызығына түсіп алған Зейнеп:

Сұлулық тілімді алсаң еңбекте тұр,  
Ертерек елдің жауын жеңбекте тұр...  
Кім сұлу, осы күні еңбек сұлу,  
Отанның жауын құртып жеңбек сұлу, —

дейді.

Сұлулық зор еңбекте. Жомарт табиғаттың адам еңбегіне төлеу есебінде беретін басқа сұлулықтары, игіліктері де бар. Бірақ табиғат ешнәрсені кесегімен тегін бере алмайды. Үлесінді талпынсаң, қармансаң ғана аласың.

Зейнептің: «Сұлулық еңбекте, жеңбекте...» дейтін мәнісі осы. Айтыстың басында қасарып отырған Сұлубике кейін Зейнептен жеңіліп, екпінді еңбек істемекке жұрт алдында бел буады.

Жалқауды сынға салып түзеуде, жақсыны құрмет тұтып, көтеріп мадақтауда ел ақындарының айтыстары көп еңбек етті. Жұртшылықты еңбекке баулуда және ескіліктің кертартпа кесапатын аянбай жоюда айтыстар өткір құрал болады.

Қазақстандағы айтыс өнеріне жетік, ірі ақындардың

айтыстарын республиканың партия-совет басшылығы, Жазушылар одағы ұйымдастырып өткізу жаңа мәдениеттік үлкен дәстүрге айналды. Осы жөнінде ең алғашқы күрделі көркем, терең мазмұнды айтыс 1939 жылы Алматы қаласында, Нартай, Нұрлыбек сияқты екі атақты ақынның айтысы түрінде өтті. Бұл екеуінің өнер жарысына жырмен басшылық етуші, төрелік айтушы қарт ақын Нұрпейіс болды. Айтысушы екі ақын жалынды, көркем жырларды суырып салма өлеңмен, қалын жұртшылық алдында тудырып жарысты. Еңбек жемісін айту ретінде Нартай мен Нұрлыбек өздерінің облыстары, Семей мен Қызылорда облыстарын салыстырып та сөйледі. Бірі шалқар өзен Ертістен, екіншісі Сырдан шыққан ақындар, социалистік дәуірде жаңғырып, көркейген табиғат көріністерін де, ел тірлігін де айтыстың кең, жарқын тақырыбы етіп алды.

Сол айтыстан кейін республикалық үлкен айтысты 1943 жылы, партия мен үкімет басшылығының нұсқауы, көмегімен жазушылар ұйымы бастап, бүкіл Қазақстан көлемінде өткізді. Бұл жылғы айтыстың басы, ең әуелі, көмір кені, мыс телегейі бар Қарағанды облысында басталды. Сол жылы аз уақыт ішінде айтыс барлық облыстарға жайылды. Қарағандыға үн қосып Қазақстанның көп облыстары, совет ақындарының Ұлы Отан соғысы кезіндегі жаңа мазмұнды айтыстарын жүргізе бастады.

Айтыстың соңғы жарысы Алматыда өтті.

Ол айтыстың алдын салтанатты мәжілісте, дағдылы жүйрік қарт Жамбыл өзінің арнаулы ескек жырымен бастады:

Алатаудан, Арқадан,  
Ақындарым келіпсің,  
Тілдерінен бал тамған,  
Жақындарым келіпсің.  
Ертіс, Есіл, Іле, Сыр,  
Бас қосқалы келіпсің.  
Жүрген жері думан жыр,  
Сендер елге көріксің, —

деп арнау айтты.

Жамбыл ақындарға деген ағалық үлгілі сөзінде, бұрынғы айтыстарға көз салып, айтыс өнерінің ескі өнерпаздарын шолып өтті.



Сүйінбай мен Қашаған,  
Қара өлеңді матаған.  
Атын жаттап балалар,  
Әлі күнге атаған.  
Кеншінбай мен Орынбай  
Өлең сөздің қорындай...

Айтысқа жиналған ақындардың ішінде бірнеше буын атасы үш дәуірді басынан кешірген, ақсақалды саңдақтар бар:

Уа, Орынбай, Шашубай,  
Сендер өзен басындай, —

деп Жамбыл алдымен салмақты соларға салады.

Ақындарды атап-атап өзіне бір қаратып алып:

Өлең жырды дүрілдет,  
Жаркылдатып жасылдай.  
Сөздерінің күшінен,  
Жау жүрегі түршіксің,  
Жырларыңды естіген  
Дос құмардан бір шықсын, —

деп, қарт өзінің ұзақ арнауын да, жаңа айтыстың міндет мұратын да атап өтті. Ол жауға атылған оқ есепті, совет халқының күшіне көмек қосатын асыл өсиет, үгіт сөзді талап етті. Сол дегеніндей айтысқа түскен ақындар, өздерінің анық совет патриоттары екендігін дәлелдеді.

Айтыс жеке ақындардың жарысы ғана емес, олардың өнерін сарапқа салумен қатар, әрқайсысының облыстарын қатар салмақтап, таразыға салған сын жарысы болды. Ақындар өз облыстарының өкілдері болып сөйлесті. Алматы мен Жамбыл облысы, Семей мен Қарағанды, Қостанай мен Солтүстік, Қызылорда мен Оңтүстік облыстары болып айтысты. Әр облыстың екі ақыны, қарсы облыстың екі ақынына қарсы шығып, айтысқа түсті. Айтыс тақырыптары ақындардың өз бастарының жайына бір де бір соққан жоқ. Әр облыстың екі ақыны облыстың тақырыптарын бөлісіп алып, біреуі ауыл шаруашылығын, біреуі өндірісін баяндап, қарсысындағы тақырыптық ақынмен айтыса жарысты. Және барлық айтыс мақсаты мен мазмұны негізінде бір ғана зор мүддеге арналды. Ол Ұлы Отан соғысына облыстардың беріп жатқан көмегі туралы еді. Отан соғысы, майдан, тыл, ел, ер, ар, намыс, совет патриотизмі деген ұғымдарға кең толғаулық бағалар береді.

Қазақстан ырысты, бай өлкелі, асыл қазыналы ел.  
Ақындар өз айтыстарында әр облыстағы сондайлық ер-  
телі-сонды ел қасиеттерін де еске алып сөйлейді:

Шендескен шеберлі Алтай аспан-көкпен  
Өлемге аты шулы даңқы кеткен.  
Қара нор, қалың нулы орманым бар,  
Таулары қойынынан алтын төккен.  
Ертістен алтын астау аударылып,  
Күн күліп жағасына нұрын сепкен.  
Құндағым алтын бесік, анам Алтай,  
Емізіп ақ төсінде еркелеткен.  
Кұмынан саф алтынды күреп алып,  
Тасына қатпар-қатпар гауһар шөккен.

*(Нұрлыбек).*

Оңтүстік мол дария қорғасынға,  
Ұқсайды заводтардың ордасына...

*(Қазанқан).*

Күркіреп көк толқыным көкке атылған,  
Құтты өзен айналайын, Нұра атыңнан...  
Өр тасы жорықты атап күбірлейді.  
Шерубай, Сарысу мен Құләнөтпес,  
Өлеңмен қасиетін мақтап жетпес.  
Суы бал, жері шүйгін мал анасы,  
Тепсең де төңірегінен ырыс кетпес.  
Арқада атағы асқан асқар биік,  
Қылыштай қыр арқасы бұлтқа тиіп.  
Халыққа қашаннан-ақ аяулы боп,  
Баянның қарқарасын қалған киіп.  
Бір тау бар оның аты Қарқаралы,  
Таулардың ағасындай Арқадағы.  
Қаптаулы қалқып алар қазынасы мол,  
Салмағын қандай безбен тарта алады?  
Үш жүзде Ұлытауды кім білмейді,  
Атағы айлық жерден дүбірлейді.  
Сан батыр дабыл ұрған жерімін деп,  
Өр тасы жорықты атап күбірлейді.

*(Жолдікей).*

Семей ақындары қойынынан алтын ақтарылған Ал-  
тайын, Қарағанды ақындары — көмір, мыс өлкесін,  
Оңтүстік — мақтасын, Қызылорда — күрішін, барлық  
ақындар үн қосып топ-топ түлік малын, оларды аялап  
өсірген еңбек ерлерін, ұтымшыл, өнімшіл елдерін, мақ-  
таулы мамандарын мадақтап, мақтан етті. Кең өлке шұ-  
райлы кендер мен еңбек сүйгіш халқымыз Ұлы Отан со-

ғысының көмегіне не беріп, керегіне не істеп жатыр? Майданда ел Отанды қорғау үшін, адам баласының жауы гитлершілерді құрту үшін әр ақынның облысынан барған азаматтары қандай даңқты қайрат етіп жатыр? Әр ақынның қорытып келгенде сөз асылын сарыққан арнасы осы тақырыптар болып отырды.

Советтік патриотизм — қасиетті, ардақты сезім. Ел ақындары совет патриотизмінің жаршысы. Әр ақын өз өлкесінің жақсылығын мадақтаумен жалпы совет халқының патриоттық сезімін өсіріп, күшейте түседі. Сүйікті Отанды қорғау жұмысы, жаумен беттесуде ғана емес, майданды тыл көмегімен үздіксіз жабдықтауды талап етеді. Бұл ұлы-кішісі бар көп әрекеттен құралады.

Осы жайлардың барлығы ақындар айтысының өрісін кеңейтіп, тақырыбын байытып отырды және барлық жайларды барлап айтып келгенде жырлардың түп қазығы, советтік патриотизм болса, сол жолдағы дана басшылықты, отан күшін, елін бастаған партия басшылығын ұзақ көркем сөз етіп шырқатты.

Бір заманда Асан қайғы:

Көкпектен басқа шөбі жоқ,  
Көкектен басқа құсы жоқ.  
Балығы семіз, елі арық,  
Маң сырдаң жер екен, —

деген Бертіске совет жылдарында мыс комбинаты салынды. Ол батыстан жау төнген мезгілде майданға керек жабдық-жарақты үздіксіз беріп тұр. Отанның ортаймас қазынасы болды.

Байлықтың биік құзын ұялаған  
Қыранмын асқар көрсем қиялаған.  
Балхашқа тең келетін шың болмаса,  
Шоқыға анау-мынау ұяламан, —

дейді, Шашубай сол айтысында. Ақындардың әрқайсысының өзіне, әсіресе, қадірлі туған жері бар, соның бәрі Ұлы Отанның жемісті, ырысты жайлары.

Патриоттық сана шабытын билеген ақындар Отанның зейнеті үшін жақсы істі мадақтап, елді қызықтырады, Және сонымен қатар жаман істі масқаралап жою әрекетінде, сондықтан қандай айтыс болса да сынсыз, өзара сынсыз өтпейді:

Досеке, Көшен қайда, Қайып қайда?  
Кемшілік ұқсамайды айыққанға.  
Осында барды бар деп, жоқты жоқ деп  
Өзара сынға салсақ айып бар ма?

Жатпасын қисық ағаш тез алдында,  
Ақындар соны түгел сүзе алдың ба?  
Не жайда Қарағанды осы кезде?  
Елестет бірің шық та көз алдыма! —

деген сөзді қарт Шашубай Қарағанды ақындарына жолдайды.

\* \* \*

Осындай мазмұн, санасының барлық кеңдігі, құндылығы арқылы совет ақындарының айтысы өлкедегі жақсылықтың, табыстың әділ таразысы, көпшіліктің тезі есепті сыншысы да болады.

Партия қамқоршыларының саясында түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет күн санап өркендеп өсуде. Советтік Қазақстанда жазба әдебиет те үлкен мәдениеттік биікке көтерілді.

Социалистік реализм үлгісін меңгеруде сол жазба әдебиеттің жаңалықтары қандай көрнекті болса, жаңағы тексерілген совет ақындарының зор саналы айтыстары да сондайлық қадірлі, биік орынға ие болып отыр.

Енді бұдан былай да социалистік отанға халық ақындарының айтысы жаңа мазмұн, идеяға сәйкес, үйлес жаңа көркем түрлер тауып, дами бермек.

Бұл жолда айтыс ақындардың ізденулері, қызықты, қымбат жаңалықтар табуы әлі де алда тұр.

1943 жылғы үлкен айтыс, осылай іздену жолындағы, советтік социалистік халық поэзиясының өсу жолындағы елеулі бір салты. Ол айтысқа, ауызша суырып салма айтыстың ескілікті халықтық дәстүрінен тыс, жазып айтысу әдеті араласты.

Жалпы қазақ әдебиеті көлемінде жазып айтысу, өткен ғасырдың аяқ кездерінен бері қарай хат білетін ақындар кіргізе бастаған өзгешелік екені рас еді.

Бірақ, бұл алуандас айтыс жалпылық, көпшілік қолданатын сипаттардан айрыла бастайды. Және әсіресе, әрбір анық ақындық сыры болатын экспромттық суырып салмалық сипатынан да ажырай бастап еді. Бұл үлгі жазба әдебиетке фольклордан ауысқан, дарыған әсер, дәстүр есебінде қолдануға болса да, советтік халық

ақындарының айтыстары өз жаңалықтарына ауызша, қолма-қол суырып салма түрінде айтысатын шын шапшаң өнерпаздық дәстүріне құру шарт. Советтік айтыстар сол үлгіде дамып, өз жаңалықтарын сол бағытта тапса, ол анық, айқын, қадірлі өнердің өзі болмақ.

*М. ҚАПАТАЕВ*

### ХАЛЫҚ ПОЭЗИЯСЫ ЖАҢА БЕЛЕСТЕ

Коммунистік партияның биыл күзде өтетін XXII съезіне біздің Ұлы Социалистік Отанымыз бұрын болып көрмеген ірі табыспен, мызғымас бірлікпен, асқақ рух, құдретті күш-қуатпен барады. Қаһарман Совет халқы жетіжылдық жоспарды барлық салада артығымен орындап, коммунистік құрылыстың жаңа биік асуына қарыштап, құлаш сермеуде.

Завод пен фабриктерде, шахта мен құрылыс алаңдарында, мал фермалары мен егіс далаларында, ғылыми лабораторияларда, әдебиет пен өнер салаларында — барлық жерде совет адамдары жасампаздық шабытпен ерлік еңбек етіп, халық игілігі үшін жеміс пен ырызықты неғұрлым көп, неғұрлым жақсы, неғұрлым әдемі, неғұрлым берік етіп өндіруге жан салады.

Партиямыздың тарихи XXII съезі бүкіл халықтың ықлас-ынтасын көтеретін және әрбір еңбекшінің творчестволық қабілеті мен мүмкіндігін аша түсетін атаулы оқиға болып отыр.

Бұл оқиғаның құрметіне жаңа заводтар мен шахталар, жаңа тұрғын үйлер мен мәдениет сарайлары салынады, мыңдаған гектар тың жерлер игеріледі. Жаңа кітаптар басылады, жаңа спектакльдер қойылады. Республликаның таңдаулы ақын, жырау, жыршыларының, мәслихатын осы съезд қарсаңында, биылғы жылдың 3 августында өткізудің өзі жай емес, мұнда үлкен мән-мағына бар. Неге десеңіз, Қазақ ССР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институты шақырып отырған бұл мәжіліске қатысатындар — еңбекші халықтың ой-сезімін, арман-мүддесін жырлайтын ең талантты ақындар, шыннайы жыр иелері, халық поэзиясының алыбы Жамбыл

Жабаевтың шәкірттері мен ұрпақтары, бұлар съезд алдындағы ұлы дүбірге үлкен үн қосу міндеттерін талқылап ұғыспақ, коммунистік құрылыс дәуірінің қарқыны мен серпінін, еңбек ерлерінің керемет қимылдарын, жаңа адамның жарқын бейнесін қалай жырлап, қалай сипаттаудың күрделі мәселелерін шешпек.

Ақындар творчествосы қазақ халқының мәдени өмірінде қашан да болса өте үлкен орын алғаны белгілі. Бұған ешкімнің таласы жоқ. Ал бірақ, біздің совет заманын алар болсақ, бұл кездегі ақындар творчествосының маңызы мен болашағына шәк келтірушілер жоқ емес. Кейбір сыңаржақ әдебиетшілердің топшылауы бойынша, мәдениеті өскен советтік қоғамда жазба әдебиет пен өнердің дамып өрбуіне байланысты фольклор атаулы, оның ішінде ақындар творчествосы маңызын жоғалтып, өзінен өзі өше беретін сияқты.

Мұндай теориясымақтардың түп-төркінімен теріс екенін өмір тәжірибесінің өзі-ақ анық көрсетіп отыр. Халық творчествосы, оның бір ірі тармағы — ақындар жыры халық өмірімен бірге жасап, халық көңілімен бірге тасып келе жатқан қайнар бұлақтың бірі. Ол ешқашан саркылмақ емес.

Өнердің басқа салалары секілді, халық творчествосының да тақырыбы мен түрі, тәсілі мен тегі өзгеріп, жаңарып отыруы заңды. Сол секілді көркемөнер шеберлері мен жыр тудырушы ақындардың да уақытпен бірге ауысып, алмасып отыратыны табиғи түсінікті. Бірақ бір ұрпақ кеткенмен екінші ұрпақ келеді. Халық жанының жарық айнасы — ән мен жыр ешуақытта ескірмейді де қартаймайды, өшпейді де өлмейді. Оның үстіне сауатсыздық халық ақынының маңдайына жазған міндетті белгі яки таңба емес. Бұрынғы суырып салма, төкпе ақындардың ішінде де хат танитындары болатын. Олардың сауаттылығы, өлең-жырды кейде жазып шығаратындығы тиісті жерде ауызша төгіп айтуына оралғы болмайтын. Ал енді совет заманында бұрынғы сауатсыз ақын хат таныса, жас ақын кітап оқитын болса, ақындық туындының суырып салма (импровизация) түрі тиылып қалмайды. Өйткені бұл бізде бай дәстүрі бар құнарлы сала, ақындық таланттың үлкен бір қырналған қыры, ақындық, шешендіктің шыңдалған түрі.

Осыған орай қазақ әдебиетінде қазір ерекше бір қызғылықты құбылыстың орын алып отырғанын ескеру

кажет: жазба әдебиеті халықтың ауыз әдебиетімен өрістесіп, қатар өсіп келеді. Капиталистік қоғамда бұл екі сала бір-бірінен қашықтай түссе, советтік қоғамда бұлар бір-біріне жуықтай түседі, өзара шенделіп, астасып, бір-біріне ықпал, әсерін жүргізіп, социалистік мәдениеттің жалпақ арнасына құйып отырады.

Жазба әдебиет пен жаңа фольклордың халықтық негізде осындай игі араласуы біздің заманда ауызша да төгіп айтатын, жазып та шығаратын ақынның типін туғызды, сонымен бірге жазып шығарған өлең, жырлардың ауызша тарап, авторларының аты-жөні кейде белгісіз болып кететін де жайлары бар.

Сол себепті фольклор деген ұғымның өзі бізде жаңғырып, жаңа белгі беріп отыр. Айталық, ақынның сауатсыздығы жыр туғызудың міндетті шарты емес. Оның сауаттылығы, мәдени дәрежесінің жоғарылығы осы күнгі өмірдің ұлы құбылыстарын терең ұғынып, жырлау үшін қайта бірден бір қажет шарт. Қөзі ашық ақын жасаған жыр ғана мағыналы, мазмұнды болмақ.

Сондықтан халық поэзиясы дәстүрінде жыр шығаратын ақынның қалай жырлауына болсын қазір мүмкіндік мол, — ауызша да, жазып та шығаруына болады. Тіпті айтыс жанрының өзі ауызша да, жазбаша да өрбуі мүмкін, өйткені баяғы сауат аз заманда да айтыстың жазба түрі жайыла бастағанын білеміз. Ұлы Жамбыл халық арасында хат танымайтын ақынның ақыры болар. Ал енді совет заманында жарыса шыққан талантты ақын Иса Байзақовты алсақ, ол ауыз әдебиетінің де, жазба әдебиетінің де өкілі еді.

Жамбылдың дарынды шәкірттері Кенен Әзірбаев, Үмбетәлі Кәрібаев, Қуаныш Баймағамбетов сауатты адамдар, сонымен қатар олар ауызша да айтатын халық поэзиясының ірі өкілдері. Бұдан туатын түйін: импровизация ақыны мен жазушы ақын, домбыра мен қалам — бір-біріне қарсы емес, кедергі емес, бұлар бір таланттың екі қыры ретінде қатар өмір сүре береді. Фольклоршы емес, жай ғана қарапайым тыңдаушылар мен көрушілердің өзі біздің совет өмірінде халық ортасында лирикалық жырлар туатынын, терең ойлы толғаулар мен төгіп айтатын термелер туатынын, түйреп айтатын мысқыл сөздер мен даналық мақал, мәтелдер, ертегілер мен өткір мазақ әңгімелер жасалатынын жақсы біледі.

Фольклорда жоғалып бара жатқан түрлер халыққа

керегі жоқ, жат, ескі зиянды көзқарасқа, салтқа және дін өсиетіне байланысты туған түрлер.

Біздің заманымызда халық творчествосының қайнар көзі бұрқылдап сыртқа тебуде. Өзінің сарқылмас мол мүмкіншіліктерін жүзеге асыруда.

Шынында қазіргі қаулап өсіп отырған көркем өнерпаздар коллективі, ондағы өз ынтасымен қатысатын ақындар мен композиторлар, бишілер мен әншілер, тақпақшылар мен күлдіргіштер — халық творчествосының көп қырлы, әрқилы құбылысын танытпай ма? Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде осы күні өріс алып отырған көркемөнер коллективтері мен жаңа советтік фольклор жеңіл-желпі роль атқармайды.

Қалың бұқараға ән мейрамдары мен айтыстардың, халық театрлары мен ақын жырларының қандай мықты әсер ететінін ескерсек, халық творчествосының саяси және эстетикалық тәрбие жұмысына таптырмайтын құрал екенін түсіну қиын емес. Сонымен қатар ақындар творчествосының біздің шалқып өскен жазба поэзиямызға тіл, образ жөнінен бай материал беріп отыратын қор екені өз алдына мәселе.

Әсіресе Қазақстан жағдайында ақындардың атқаратын ролі аса зор. Халық ақыны республикамыздың ең алыс түпкірлерінде, ауыл, совхоздарда, егін басында, малшыларға араласып, біте қайнасып жүріп, ең маңызды оқиғаларға үн қосады, істің ізін суытпай, табанда талантты өнерімен сана-сезімге ықпал жасайды, сөйтіп көркем сөз еңбек адамының көңіл-күйін көтереді.

Бұл жерде ойда болатын тағы бір өзгешелік мынау — *ел ақынының творчествосы дегеніміз көркем өнердің көп қасиетін элемент түрінде бойына түйген синтетикалық творчество*. Сондықтан ақын көбіне өнер саласының бірнеше қызметін атқарады. Мысалға Кенен Әзірбаевты алалық. Ол ән шығарып, сөзін жасайды (мұнда ол ақын — *шәйір*), сөзге шақтап әннің мелодиясын жасайды (мұнда ол — *композитор*), ол мелодияны тиісті музыкалық аспапқа (домбыраға) қосып өзі орындайды (мұнда ол — *музыкант*), ақырында өзі шығарған әнін өз әуенімен салады (мұнда ол — *әнші*).

Бұл секілді алуан түрлі таланттың бір кісінің басынан табылуы өте қымбат қасиет. Өнердің мұндай өзінше универсал адамдары кино, театр, кітапхана әлі де болса көңілдегідей жетіспей жатқан жерлерде айрықша пайда-



лы. Олардың алыс ауылдарда, жалпақ жайлау, қиыр қыстауларда, ұзақ жол, терең канал салып жатқан құрылысшылар мен тың өлкесінің егіс бригадаларының арасында осындай үздік өнер көрсетуінің мәні өте-өте үлкен. Сондықтан да біз тұрақты мекендерінен ұзақ уақыт қол үзіп жүретін жырақтағы жылқышы, қойшы, құрылысшы, егінші жұртшылығымыздың рухани тілек, талабын бір мезгіл де болса орындап, қанағат таптыратын талантты ақындарға аса зор құрметпен көңіл бөлуіміз керек.

Совет дәуіріндегі халық ақындарының творчествосы жоғары идеялы, саяси өткір, оптимистік творчество. Мұнда мықты сеніммен, жарқын сарынмен халықтың озық ой, асыл сезімі жырланады.

Халық ақындары асқан шабытпен Отан туралы, Ленин партиясы туралы, халықтар достығы туралы, бейбітшілік үшін күрес пен өміріміздің барлық салаларындағы коммунистік еңбек өнегелері туралы жырлайды. Сонымен бірге олар аз да болса жұрт арасында әлі де жойылып болмаған жалқаулар мен арамтамақтарды, ұрықары кезептерді, бас бұзар бұзақыларды, керден кеткен маскүнемдерді өлтіре масқаралайды; кімде-кім, не нәрсе коммунизм құрылысына бөгет жасаса, оның бәрі ақындардың өткір тіл, уытты сықағына ілініп, сазайын тартады. Сана-сезімдегі, тұрмыс-салттағы ескіліктің ұсқынсыз қалдықтарын және дін тұтынушылардың оңбаған құлықтарын әшкерелеуге келгенде ақындардан дәл және тез айтқыш кім бар екен! Қазақстанда жүздеген, мыңдаған ақын болса, соның әрқайсысы партия саясатын уағыздайтын үгітші, нәсихатшы деуге болады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институты республикадағы жүзден астам әйгілі ел ақындарын айрықша бақылауына алып, олармен тығыз байланыс жасап отыр. Бұлардың ішінде аты жұртқа мәлім Омар Шипин, Қенен Әзірбаев, Қалқа Жапсарбаев, Сәттіғұл Жанғабылов, Үмбетәлі Кәрібаев, Нұрлыбек Баймұратов, Иманжан Жылқайдаров, Нұрхан Ахметбеков, Белгібай Бектұрғанов сықылды қарт ақындармен бірге Таубай Қирабаев, Желеу Жақыпов, Мұсаин Ермағамбетов, Қалихан Алтынбаев сықылды жас ақындар да бар.

Әдебиет және өнер институтында советтік халық поэзиясының арнаулы бөлімі ашылды. Бұл бөлімнің негізгі

міндеті Қазақстан Жазушылар одағымен бірге республика ақындарымен жүйелі жұмыс жүргізіп, күнбе-күн жанды байланыс жасап отырумен қатар, олардың жаңа жырларын жазып алып, ішіндегі ең жақсыларын сұрыптап жариялау, басқа тілдерге аудару, айтыстар ұйымдастыру, сөйтіп ақындар творчествосын ғылыми дәрежеде терең зерттеу болып табылады.

Ақындар жыры — бүкіл халыққа меншікті қадірлі қазына. Қазақстанның қай жерінде туғанмен, жалынды жыр барлық республикаға, қалды барша Отанға белгілі болу керек.

Бұл жерде жадымызда ұстайтын тағы бір жай бар. Ол халық ақындарын тыңдаушылар аудиториясының тым үлкен екендігі. Кейбіреулер халық ақындарын тек егде тартқан «ескі» кісілер тыңдайды дейді. Ол дұрыс емес, ақын жырын, ақын әзілін жастар да қызыға тыңдайды. Олар кітап оқи тұра, ауызша айтқан халық жырын тыңдаудан жалықпайды. Оның үстіне жақсы кітап алыс түкпірлерге өнебойы жете бермейтіні тағы бар. Ал ақындарға қайда болса да жол ашық. Бір есепте оларды көшпелі кітапхана, көшпелі эстрадаға ұқсатар едік.

Бізде ынталы көркемөнер коллективтері қанатын кең жайып келеді. Ал бұлардың репертуары жергілікті тақырыпқа құрылатыны мәлім. Сондықтан көркемөнер коллективтерінің құрамында ақындардың да болуы қажет, себебі, олар ақындығының үстіне әрі әнші, әрі домбырашы, әрі тапқыр, әрі күлдіргі; әркімнің іс-әрекетіне, мінез-құлқына қарай дереу мақтай да, мазақтай да алады. Ақынның нағыз бағалы қасиеті — оның дарындылығымен қатар, халықтың қалың ортасында тұратындығында, халықтың өмірін, мұң-мүддесін терең ұғатындығында. Міне дәл осы жөнінде Н. С. Хрущев жолдас жазушылардың III съезінде ерекше тоқтады. «Белгілі бір ортада — колхозда, заводта, мекемеде туып өсіп, қызмет етіп, осы ортаның нәрімен қоректеніп жүрген» жергілікті талапкер авторларға Никита Сергеевич, әсіресе зор көңіл аударды.

Халыққа бұл қадірлі жақын, халық өмірімен мұншалық тығыз байланысты болу өмір шындығындағы жаңалықты жылдам көріп, дұрыс тануға, оны қолма-қол қолдап, шабытты жырлауға және кертартпа ескілікті әшке-релеуге толық мүмкіндік береді.

Көп ретте ақындар өз беттерімен әрекет етеді. Егер олардың күш-қуатын, талантын дұрыс бағыттап, коммунистік тәрбиенің мақсатына жұмсаса, ақындар бұдан да көп пайда келтірер еді.

Әсіресе, жас ақындарға көбірек көңіл бөлу керек. Жаңадан импровизация таланттарын тауып, оларды мәпелеп, шыңдап жетілдіріп отыру қажет. Дарынды жас кадрлардың білімін, мәдениетін көтеруге көмектесіп, оларды тәжірибелі кексе ақындардан үйренуге, халық поэзиясы мен жазба әдебиеттің жақсы үлгі, дәстүрлерін меңгеруге баулу керек. Бір кездегі Жамбылдың Сүйімбайды ұстаз тұтқан, Қенен, Саяділ, Үмбетәлілердің Жамбылды ұстаз тұтқан ақындық мектебі қазіргі кемелді қарт ақындар мен жаңа талап жас ақындардың арасында да болғаны жөн.

Оқтын-оқтын шақырылатын мәжіліс-мәслихаттар, семинар ақындардың жұмыс бағдарларын мезгеп, көзқарас, ұғымдарын ұлғайта түседі, олардың тақырыптарын тереңдете де молайта түседі. Аудан, облыс, республика көлемінде ақындар айтысын өткізу, яғни жұрт алдында ашық түрде еркін сілтейтін жыр жарысын ұйымдастыру жұмысы ақындық шеберлікті шыңдап ұстартудың ең ысылған, сыналған жолы дей аламыз.

Өзгеше ерекшелігі бар айтыс жанры қазақ, қырғыз, қарақалпақ сияқты бірен-саран елдерде ғана сақталған десек, бұл жанр совет дәуірінде жаңа мазмұн, жаңа сипат, жаңа түрге ие болып отыр.

Жаңа жағдайда айтыс жанры сын мен өзара сынның өткір құралына, халық өмірінің негізгі мәселелерін ортаға салатын шаршы топтың айдын алаңына айналды.

Ерекше жанрдың ертеден ерекше жағдайы болатын. Ашық алаң, құмарта тыңдаушы қалың жұрт, қақ жарылған кең орта — міне айтыс жанрының ең қолайлы жағдайы осы. Мұндай жағдай қазір де жасалуы керек.

Жамбыл өзінің айтыста өсіп, марқайғанын, айтыс оның білімін көтерген «университеті» болғанын, ақындық шеберлігін арттырған көрік болғанын айтатын. Талантты ақындардың таңдамалы жырларының жинағын бастыру және ақындардың сөздерін радио, телевидение арқылы беру шарасы ақындар талантының кемелденуіне көмегін тигізетіні анық. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы халық ақындарының шығармаларын жалпы жинақ түрінде де, Қенен Әзірбаев, Қуаныш Бай-

мағамбетов, Омар Шипин, Нұрхан Ахметбеков, Таубай Қирабаев, Сапарғали Әлімбетов, Белгібай Бектұрғанов секілді ақындардың жырларын жеке жинақ түрінде де басып, ол айтыстарды өз алдына арнаулы кітап етіп шығарса, қандай пайдалы іс істеген болар еді. Сондай-ақ осы шығармаларды орыс тіліне аударып жарияласа, қазақ халық творчествосының онды үлгілерін бүкіл одаққа танытар еді. Бұл ретте бізге Жамбыл творчествосының қалай танылғаны жақсы үлгі ғой.

Қазақтың халық поэзиясының ежелден жұбын жазбас серігі болған домбыраға қосып, өзін-өзі ақтап, талай рет танытқан көне өнері — ақындар айтысы коммунистік тәрбиенің игілікті ісіне қызмет ететін маңызды рухани құрал болуға тиіс.

Бұл—бүгінгі таңдағы кезекті міндеттің бірі.

*Е. ЫСМАЙЫЛОВ, Б. УАХАТОВ*

### **ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫНЫҢ ӨНЕР ЖОЛЫ**

Қазақ халқының ауыз әдебиеті есте жоқ ескі заманда туып, күні бүгінге дейін ұмытылмай, жаңарып, жаңғырығып келеді. Ол халықтың ғасырлар бойы басынан кешкен ауыр азабы мен арманын, қуанышы мен қайғысын, қысқасы бүкіл тірлік тынысын танытатын кәрі құлақ шежіресі іспетті. Бұдан әр елдің азаттық жолындағы ерлік күресін, тарихын, әдет-ғұрып салтын танып білуге болады.

Ғасырлар бойы халықтың қоғамдық рухани өмірімен біте қайнасқан қайнар бұлақ көзі сарқылмас дариядай халық әдебиетінің асыл қазынасын, ақындық өнерін жаттап келген Жамбыл халық поэзиясының сол жақсы дәстүрлерін социалистік реализм әдісімен дамытқан алыптарымыздың бірі. «Жамбылдың социалистік реализммен жырланған жалынды, қуатты өлеңдері мен шығармалары миллиондардың жүрегін тербейді, социализм жолындағы күреске шақырады... Қазақстанның даңқты ақынының теңсіз лиризмге толы, ұмытылмастай образ-

дарға бай, ғажап жырларынан совет халқы біздің өміріміздің жүрек соғысын сезеді, біздің дәуіріміздің ілгерілеген қимылын аңғарады, көркем сипатталған өз өмір, өзінің асыл ойын, көңіл күйін көреді». Бұл «Правда» газетінің Жамбыл поэзиясына берген сипаттамасы.

Жамбыл бастаған халық творчествосы елімізде социализм орнаған күннен бастап-ақ қанатын кең жайып құлаш ұрды. Егер советтік халық поэзиясының алғашқы дәуірі революция берген бостандықты мақтан ететін үгіт-нәсихат жырларынан тұрса, 30-жылдары социалистік қоғам құрылысының сәулетті салтанаты, партия, Отан, Ленин образдары халық ақындарының жүрегінен жыр боп құйылды. Ал Ұлы Отан соғысы тұсында совет халқының ерен ерлігін, еңбек майданындағы батырлық бейнелерін суреттейтін жаңа эпикалы шығармалардың туғандығы мәлім.

Әрине, халық ақындарының совет дәуірінде гүлденіп дамуына байланысты ғылымдық маңызы зор мәселелер ұшан-теңіз. Шындап келгенде халық поэзиясында ақындық стиль, дәстүр мәселелері, олардың тіл шеберліктері, бұрынғы эпостық дәстүрден жаңа эпикалы шығармалар жасаудың заңдылықтары, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің бір бірімен байланысы тағы басқа күрделі мәселелер әлі күнге дейін ғылымдық дәрежеге көтеріліп сөз болған емес. Демек, қазіргі халық ақындарының творчествосына байланысты түйінді мәселелер кең зерттеуді керек етеді.

Жасыратыны жоқ, жұрт арасында жүрген жүйріктерді жаратып әкеп, өнер жарысына түсіру жайы кейінгі кезде самарқау тартқан тәрізді. Тіпті Жамбыл бардағы баға, халық ақындарына деген қадір-құрметті қазбалап айтып жатпағанның өзінде, сол қарт ақындардың өлі-тірісін білмейтін бейхабар ұйымдар да табылады. Әсіресе Жазушылар одағы халық ақындарының талап-тілегіне үнемі құлақ қоя бермейді. Бұлардың жинақтары айлап, жылдап оқылмай жатып қалатын себептері де сондықтан болса керек.

Осы ретте Әдебиет және өнер институтының халық ақындарымен байланысын айрықша атап өткен жөн. Бұл байланыс, біздіңше, мына секілді екі жүйеде жүргендігі байқалады.

Бірінші — халық ақындары қандай тақырыпта, қандай жанрада айтса да Әдебиет және өнер институты со-

ның бәріне де жаны аши қарап, жәрдемдесіп, жазып алып отырады. Бұл жағынан алғанда халық ақындары — біздің ең бай, асыл қазынамызды сақтаушы қоймамыз тәрізді. Бұлардың бізге беріп жатқан жәннетінде өлшеу жоқ. Олар бізге тарихтан да, әдебиеттен де, заң, жоба, әдет-ғұрып салттан да соншалық мол, соншалық бағалы материал берді.

Екінші — біздің қолымызға түсіп, қорымызда сақталған қисапсыз мол дүниені жеке-жеке жинақ етіп бастырып келеміз. Бұған дәлел ретінде «Қозы Көрпештің», «Қамбар» мен «Алпамыстың» академиялық баспаларын атап өтсек те жеткілікті. Мұның үстіне «Қазақ ертегілері» мен «Қазақ эпосының» екінші кітабы да осы жылдың басында баспадан шықты. Ал Әдебиет және өнер институты дайындаған халық ақындарының екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы өз алдына бір әңгіме. Жинақтың көлемі 50 баспа табақ та, оған кірген ақындардың саны 100-ге жуық. Ақиқатына келгенде мұның өзі Қазақстандағы халық ақындарының шығармаларына арналған антология.

Әдебиет және өнер институты алдағы уақта совет тұсында туған ауыз әдебиеті туралы тарих жазбақ. Бұл кітап 1960 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі М. Әуезовтың басқаруымен шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының» (Бірінші том, Бірінші кітап) жалғасы болмақ.

Ендігі мақсат сол совет тұсында туған халық творчествосының жаңа жанрларын, жаңа түрлерін жинақылап, бір жүйеге түсіріп, ол туралы айтылатын анық ғылымдық ойларды ақылдасып алу керек секілді. Соның бірі ақындық дәстүр. Ақындық дәстүр — бұрынғы өткен ақындардың өнерпаздық үлгісін сол күйінде шиін шығармай қайталау деген сөз емес, сол жақсы дәстүрді әрбір талант иесі жаңа мазмұнда өзіндік ақындық үлгі өнермен дамыту деген сөз. Бүгінгі халық ақындары Кенен Әзірбаев, Болман Қожабаев, Қалқа Жапсарбаев, Үмбетәлі Кәрібаев, Омар Шипин, Нұрқан Ахметбеков, Нұрлыбек Баймұратов т. б. біріне-бірі ұқсамайтын өзіндік ақындық үлгілерін танытып отыр. Қененнің ән-күйге толы лирикалы өлеңдері, Нұрлыбек, Нұрқандардың жазба әдебиетпен байланысты ақынық шеберліктері, Омар, Үмбетәлілердің колхоз, совхоз өміріне арналған

өлең-жыр, толғаулары — барлығы да әр ақынның өзіндік өнер үлгілері.

Осылардың етегін ұстай, ізін баса жаңа таланттар туып, халық ортасында өздерінің өлең-жыр, ән-күйлерін таратып келеді. Темірғали, Қалихан, Артық, Аманжол т. б. осы топқа жатады. Мұндай таланттар Қазақстанның әр жерінде аз емес. Әңгіме соларды қошаметтеп, көтермелеп, ақындық өнерін іске асыруда. Бұлардың творчествосы біздің әдебиет-мәдениет жұртшылығымыздың қолдауын күтіп отыр.

Ал енді ауыз әдебиеті мен жазба поэзияның творчестволық қатысы өз алдына бір пара әңгіме. Ауыз әдебиетінің дәстүрі бүгінгі жазба ақындарға халықтың ғасырлар бойғы ең асыл, ең өткір сөз сандығын сарқып пайдалануға мүмкіндік беретін болса, жазба поэзия қарт ақындардың идеялық, творчестволық өсіп жетілуіне, жаңа ақындық өнерді өрге көтеруге кең жол ашады. Классикалық орыс әдебиетінің үлгісінде дамыған Абай дәстүріндегі жазба әдебиеттің әсері әсіресе зор екендігін біз қазіргі көзі тірі таланттардың творчествосынан ғана байқап қоймаймыз, Жамбыл бастаған ақындардың әрқайсысының аяқ алысынан-ақ айқын көреміз. Абайдың, Абай арқылы ұлы орыс әдебиетінің творчестволық әсерін жас күнінен сүйіп қабылдаған Иса, Төлеу, Нұрқан, Сапарғали, Қуат сияқты жүйріктердің өлең-жырлары ақындық өнердің әр алуан үлгісімен жазылған. Қуаттың «Ленин», «Алатау», «Жаз көркі», Төлеудің «Менің өмірім», «Кұлаш жайған кең дала», Сапарғалидың «Жылқышыларға» атты өлең, дастандары — терең идеялық ойды берумен қатар, кейіпкердің ішкі сезім күйін де шебер көрсететін сырлы да суретті поэзия.

Сынсыз, тәрбиесіз талант өсіп, жетілмейді. Жазушыға керекті қамқорлық, сын, өнер үлгісі халық ақындарына да өте қажет екендігін совет дәуіріндегі поэзиямыздың творчестволық тәжірибесінен көріп отырмыз. Халық ақындары өздерінің өлең-жырларындағы идеялық-көркемдік кемшіліктерді әрқашан да жазба поэзияның жақсы үлгілерін үйрене жүріп жөндейді. Сонымен бірге олар өздерінің күрделі дастан, толғауларын жазушы ақындардың күнбе-күнгі ақыл кеңесінен өткізіп, солардың айтқан әділ сынын саралап отырады. Оның бер жағында, халық жырлары басып шығару алдында белгілі

дәрежеде жазушы-ақындардың жөндеуінен, редакциясынан өтеді.

Бірақ, бұған қарап халық поэзиясының баға жетпес жақсы үлгілерін ұмытуға болмайды. Жазушы-ақындардың өздері де сол халық творчествосының ұшан теңіз тіл байлығынан, тамаша тапқыр шешендігінен, әр алуан жыр сарындарынан үздіксіз үйреніп отыратыны күмәнсіз. Біздің Мұхтар мен Сәбит, Ғабит пен Ғабиден, Әбділдә мен Тайыр секілді белгілі ақын-жазушыларымыз да фольклордан үйреніп өсті. Мұны драматургия саласындағы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ақан сері-Ақтоқты», «Еңлік-Кебек», «Айман-Шолпан», «Алдар көсе» пьесаларының жазылу тәжірибесінен жақсы білеміз. Осы секілді поэзия саласындағы Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер», «Күйші», Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш», Қалижан Бекхожиннің «Мариям Жагорқызы» атты поэмаларының тууына түрткі болған халықтық мотив екені мәлім.

Табанда тақпақтап сөз, тайпалма жыр шығарып жаттыққан Жанақ, Орымбай, Марабай, Сүйімбай, Шөже, Біржандар бір кездегі ұлы Абай, Ыбырайлармен қатар өмір сүріп, өнер танытты. Совет тұсында Сәкен, Ілиястармен иық сүйесіп Жамбыл, Иса, Нұрпейіс, Шашубайлар жүрді. Ал қазіргі Кенен, Әбділдә, Ғали, Сәттіғұл, Асқар, Омар, Үмбетәлі, Тайырлар туралы да осыны айту керек. Бұлар бүгін де бір-біріне қол байлау болып отырған жоқ. Қайта әр ақынның, мейлі ол халық поэзиясының өкілі болсын, мейлі жазба поэзиямыздың өкілі болсын, бәрібір, әрқайсысының әдебиеттегі өз орны, өзіндік өнер үлгісі бар. Әр ақын өз жыры, өз үні, өз жанрымен жақсы.

Халық ақындарының ішінде хат танып, өз бетімен оқып өз өлеңін өзі ұқыпты түрде жазып отыратындарының шығармалары идеялық көркемдік жағынан жинақы, жатық келеді. Бұл ретте қазіргі ақын-жыршыларды үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топ — хат танымайтын немесе шала сауатты, күнделік өмір жаңалығын, жазба әдебиет үлгісін басқаға оқытып, не ауызша, не радиодан естіп білуші ақындар. Бұлар — Кенен, Қалқа, Халима, Үмбетәлі, Сәттіғұл, Есдәулет, Темірғали, Ержан т. б.

Екінші топ — хат танитын, күнделік өмір шындығын өз бетімен оқып отыратын, бірақ, жазба әдебиет үлгісін әлі де болса терең меңгеріп, ұғынып болмаған ақын-



дар — Әбдіғали, Қуаныш, Иманжан, Көшен, Белгібай т. б.

Үшінші топ — хат танитын, қазіргі өмір жаңалығын да, жазба әдебиет үлгісін де өз бетімен оқып, меңгеріп отыратын Ғабдіман, Нұрқан, Нұрлыбек, Сәт сияқты ақын-жыршылар.

Идеялық творчестволық бағыты бір болғанымен ақындық шеберлік, өткен дәстүрге өзінің өнер жаңалығын жымдастыру жағынан бұлардың өзара толып жатқан айырмашылықтары бар екені даусыз. Аталған үш топтың әрқайсысына тән анық, айқын сипаттары бар. Бірінші топты айтпағанның өзінде, екінші топтағы ақындар өмір шындығын негізінде өткен әдебиет дәстүріне жаңа әдебиет өнерін қосып отырып жырлайды. Бірақ, бұл жай әлі де болса жымдасып кетпеген, ала-құла болып келеді де ақындардың шығармаларында бірыңғай қалыптасқан, анық көркемдік принцип аңғарылмайды. Үшінші топтағы ақындар ауыз әдебиетінің ең тәуір деген дәстүрін дамыта отырып, жазба поэзияның жаңа үлгісімен жырлауға тырысады. Әрине, осы үш топтағы ақындардың қай-қайсысына да болсын жазба әдебиеттің идеялық, көркемдік әсері үнемі қуатты болып келгендігін ұмытуға болмайды. Тек ол әсер бірқатар ақындарда айқын сезілсе, енді бірқатарында босаң байқалады.

Ақын-жыршыларды жанағыдай үш топқа жіктеу, әрине түпкілікті емес. Ақындардың шығармалары зерттеле келе, мұндай жіктеудің саны не молаюы, не азаюы ықтимал. Біздің бақылауымыз, негізінде, әзір осы үш топты байқатып отыр. Бұл жіктеу сонымен бірге әрбір ақын жыршының өзіндік өнер ерекшелігін жоққа шығармайды. Қайта осы топтау негізінде әрбір ақынның творчестволық табысын танып білуімізге мүмкіндік туатын тәрізді.

Қазақ совет фольклорының даму тарихындағы ендігі бір басты ерекшелік — халық ақындарының өлең-жырлары сапа жағынан да өсіп, халық поэзиясында үлкен эпикалық жырлар жасалып, қалыптаса бастағандығы. Бірақ эпикалық шығармалардың бәрі бірдей поэма болуы шарт емес. Ерлік күрестік, жеңімпаздық даңқтың лебі, сарын-күйі шағын толғау, жырларда да айқын аңғарылады. Тіпті әрбір күшті, алмастай өткір ақындық сөздің өзінен де ерлік күрестің лебі есіп тұрады.

Рас, эпикалық поэзияның негізі — көлемді жыр, дас-

тандар, сюжетті поэмалар. Соңғы 30 жыл ішіндегі қазақ совет фольклорында күрделі эпикалық жырлардың даму процесі басталғаны даусыз.

Біздіңше, қазіргі эпостың екі типі бар. Бірі — ескілікті жырларға қайта оралып, оны жаңғырта, жаңарта жырлау әдісі. Ол үшін Нұрпейіс, Мұрын, Рахмет, Айса, Әбдірайым сияқты ақын-жыраулар бұрынғы батырлық дастандардың ұшан-теңіз мол саласын кең көлемде дамытып бергендігін атап өтсек те болады. Бұл процесс әлі де аяқталған жоқ. Екіншіден — күншуақты коммунизм құрып жатқан совет халқының ұлы ерлігін жаңа эпикалық жыр дәрежесіне жеткізе жырлау үлгісі. Бірақ, қазіргі әр алуан тақырыптық, жанрлық ерекшелікпен, ақындық үнмен жырланып, таралған эпикалық поэмалар совет адамдарының асқан ұлы ерліктерін, батырлық бейнелерін кең қамтып суреттеген күрделі эпикалық жыр дәрежесіне жете қойған жоқ. Тек сол зор эпикалық шығармалардың топталу, ұлғаю, жетілу процестерінің жүріп жатқандығын байқатады.

Жаңа эпикалық шығармалар, сөз жоқ, бұрынғы батырлық жырлардың, тарихи аңыз әңгімелер мен жыр сарындарының ең жақсы үздік дәстүрлерін пайдалану негізінде туып дамыды. Мұның жақсы үлгілерін Жамбылдың «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр»; Нұрпейістің «Ақкенже», «Ер туралы жыр», «Жиырма бес»; Исаның «Алтай аясында», «Ақбөпе», «Он бір күн, он бір түн», Саяділдің «Бес мылтық», «Өшкен жанды», Қененнің «Әли батыр»; Нұрқан Ахметбековтың «Жасауыл қырғыны», «Аманкелді»; Ғабдіман Игенсартовтың «Лавадағы өмір» атты дастандарының творчестволық тәжірибесінен анық көреміз.

Соңғы сөз ақындар айтысы туралы. Ақындар айтысы халық поэзиясында ертеден сақталып келе жатқан аса маңызды өнердің бір үлгісі. Бұл қазақ ақындарының айтқыштық, суырып салмалық өнерінің дамыған түрі, драмалық элементі мол, басқа елдер әдебиетінде сирек кездесетін ерекше бір жанр.

XIX ғасыр қазақ әдебиетінде айтыс өнерінің кең дамыған дәуірі болды. Бұл тұста айтыс дәстүрін, айтыс мектебін жасаған Орынбай, Шөже, Кеншінбай, Түбек, Жанақ, Ақан сері, Біржан, Сара, Ақсұлу, Әсет, Ырысжан, Сүйімбай, Майкөт, Майлықожа т. б. көптеген ақындар қызмет етті.

Сол айтыс өнері қазіргі уақытта жаңа мазмұн, жаңа көркемдік сапа алып, дамып, социалистік жарыс пен өзара сынды өрістетудің ең қолайлы, ең бір оралымды құралына айналып отыр. Соңғы 20 жыл ішінде республиканың колхоздары мен совхоздарында, аудандары мен облыстарында ақындардың әр сала айтысы болып өтті.

Осы шақырылып отырған мәслихатта да әр облыстан келген өрен жүйрік ақындар өзара айтысқа түсіп, өнер жарыстырғысы келеді. Кімнің озып шығатындығы сол айтыстың қорытындысынан көрінбек. Бұдан былайғы жерде біз домбырамен қолма-қол суырып салып жырлайтын айтыс өнерін барынша қолдап, қошеметтеп, жетіле беруіне жағдай жасайық. Айтысты қалың жұртшылық сүйіп қадірлейді. Халық қадірлеген өнер әрқашан өмірлі де өскелең.

Қысқасы, айыр көмей, жез таңдай жүйріктер — бүгінгі өміріміздің күнбе-күнгі жаршысы, үгітшісі. Бұлар коммунистік еңбектің бел ортасында жүріп, күнделік тірлігімізді тамаша жыр желегімен жеткізіп беруші ақын-жыршылар. Мұның үстіне өз жанынан өлең шығарып жаттықпаған, бірақ батырлар жырын немесе халық әдебиетінің әр алуан үлгілерін жадына тұтып, жаттап алып, ел арасында әңгімелеп жүретін жыраулар да аз емес. Бірақ, осыған қарап оларды көтермелеу, желпіндіру жағы жеткіліксіз.

Біз қазір адам баласының асыл арманы болған коммунистік сарайымызды салып жатырмыз. Бұл дәуірде халықтың бойындағы не түрлі асыл таланттар, ақық маржандар әр алуан гүлдің көркіндей өз өнерімен жетіліп, жарастық табуына толық жағдай жасалып отыр. Демек, біз қалың еңбек адамдарының ортасындағы халық таланттарын, олардың туындыларын, өнер үлгілерін социалистік мәдениетіміздің игілігіне жаратуға барынша қамқорлық, көмек көрсетуіміз керек. Қазіргі уақытта халық ақындарының дәстүрлі өлең-жырларымен қатар, жұмысшылар мен колхозшылардың өз ортасынан шыққан өнерпаздардың шығармалары да жұртшылық жүрегінен жол тауып отыр. Халық творчествосының мұндай үлгілеріне партия, совет орындары да айрықша мән беруде.

### СӨЗ АСЫЛЫ ЕЛДЕ

Небір талант иелері, өрен өнерлілер халық арасынан шығатындығы баршамызға белгілі. Топ жарған ақындар да, сөз шебері шешендер де қазір колхоздар мен совхоздарда, өндіріс орындарында көп-ақ. Бірақ олардың біразының есімі республика жұртшылығына таныс емес. Мұндай халық таланттарын баулып өсіруде, олардың шығармаларын кең таратып, оқушы қауымның рухани байлығын молықтыра түсуде баспасөздің, әсіресе облыстық газеттердің атқаратын ролі де ерекше.

Ақындар айтысын, жеке жинақ болып шыққан кітапшаларды қоспағанда, 1959 жылы республикалық, облыстық газеттер бетінде және «Жұлдыз» журналында 23 қарт ақынның 70-шақты жеке өлеңдері мен жырлары жарияланыпты. Атап айтқанда олар: Алматылық Д. Берсүгірова мен И. Жылқайдаровтың, Оңтүстіктік Ж. Бшмағамбетов пен Ж. Өміровтың, Жамбылдық К. Әзірбаевтың, Қызылордалық К. Баймағамбетов пен Гурьевтік Қ. Жүсіпов, С. Жанғабыловтың, Қостанайлық О. Шипин мен Н. Ахметбековтың, Қарағандылық Ғ. Игенсартов пен К. Елеуовтың т. б. шығармалары.

Ақындар қаланың, ауданның, әрбір колхозды ауылдың көңілді де қызықты шат өмірін, табысы мен тартуын көзімен көріп жүргендер. Жақсылықты жырлап, мақтан етумен бірге, олар кездескен кемшіліктерді, ойсыз істелген олқылықтарды да назардан тыс қалдырмайды. Өткір сын, ұшқыр ой, батыл мысқыл, әдемі әзіл арқылы көзге ұшыраған мін-мүлікті түзетуге көмектеседі. Сондықтан да ақындар халық арасында үгіт-насихат жұмысын атқаратын, адамдарымыздың мінез-құлқын, әдет-ғұрпындағы заманымызға сай өзгерістерді жетік білетіндер қатарында саналады.

1959 жылы март айының 20—21 күндері Ақтөбе қаласында мәдениет қызметкерлерінің облыстық кеңесі болып өткен. Кеңесте КПСС ХХІ съезінің қарарларын орындауға байланысты мәдениет мекемелерінің міндеттері туралы мәселе қаралған. Онда ойыл ауданы, Берсиев атындағы колхоздың колхозшысы, ақын Қайыр Тоқтаров өзінің сөзін өлеңмен айтқан:

Қарт болсам да сарқылмастай күшім мол,  
Қиындықты жеңе бермек құрыш қол.  
Еңбек десе, тайсалмайтын, талмайтын,  
Компартиям бүгін айтар сертім сол.  
Съезіңнен қуат алдым денеме,  
Қарттық дейтін, қажу дейтін немене?..

деп, қарт ақын туысқан коммунистік партияның дана басшылығы арқасында совет халқының алып адыммен сәулетті болашаққа қарай батыл алға баса беретіндігін көрсеткен.

Бірқатар өлеңдерде советтік озат ғылымның қазіргі дәуірдегі үздік табыстары суреттеледі. Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы «Ленин жолы» колхозының қарт колхозшысы Жандарбек Өміров «Адымдаймыз жылмен өлшеп ғасырды» атты өлеңінде:

...Қиялдаң да асқан бүгін ісімді,  
Көріп әлем мойындады күшімді.  
Пәк туымен орап бидай масағын,  
Елім алғаш ай бетіне түсірді.  
Басып өттік нелер қиын асуды,  
Табиғат та еңбегіме бас иді.  
Барар жерім, болашағым белгілі,  
Адымдаймыз жылмен өлшеп ғасырды, —

деп толғаса, ақын Нұрлыбек Баймұратов 1959 жылы Павлодар қаласында өткізілген интеллигенцияның облыстық I съезін құттықтап айтқан өлеңінде былайша серпіледі:

...Аспанда жер серігі құлаш жайып,  
Өнердің өрісі өрлеп кетті ұлғайып.  
Айды сүйіп, аймалап көріп, біліп,  
Самғады ракетам таңғажайып...

Ақындар өскелең өміріміздің алуан түрлі табыстарын, қолымыз жеткен жетістіктерді өлең-жырына қосып, осылайша мадақтай отырып, кем-кетікті қайталамауға, орынсыз болдырмауға, мұқияттылыққа, жинақтылыққа шақырады.

...Табысым міне, осындай толып жатыр,  
Мереке, қызықтарым болып жатыр.  
Мастанба бұл табысқа асыл ерлер,  
Алдында қыс келеді қалма қапыл.  
«Күтінсең көгерерсіз» деген сөз бар,  
Қашаннан білімдіге қылған нақыл.  
Қаркынды кемітпендер, үдетіндер,  
Құрметті халық алдында озат батыр.

Бұл өлеңді қарт ақын Бекболат Меркемелиденұлы Ақмола облысы, Еркіншілік ауданы озат малшыларының аудандық слетінде айтқан.

Ақындар өлең-жырларында сонымен бірге жатып-ішер жалқаулар мен бос кеуде бюрократтарды да өлтіре әжуа етеді, жаңа өмір салтанатына нұқсан келтіретін ескіліктің жиіркенішті қалдықтарын барынша мысқылдайды. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысындағы Күршім ауданының механизаторы қарт колхозшы Нұрқадіша Молдабаева «Бір досқа» деген өлеңінде:

Бір досым санайды өзін механизатор,  
Ісінде нәтиже аз, сөзге «оратор».  
Жаз болса ағып кетіп подшипнигі,  
Қыс болса бүлінеді радиотор.  
Жұмысқа жүр, тәртіп десе — бұркылдайды,  
Қайран бас, араққа улап зырқылдайды.  
Тақтада трактор тұр неше апта,  
Зырылдап мотоцикл бір тынбайды.  
Түзел дос, қатарға кел, қарап жатпа,  
Дақ салмай механизатор деген атқа.  
Жоспарға жеті жылдық үлес қосып,  
Еңбек ет, халқын үшін сенімді ақта! —

деп досының араққұмар екендігін сынап, дұрыс жұмыс істеуге шақырады.

Гурьевтік ақын Құмар Жүсіпов «Молдекене нанбаңыз» атты өлеңінде капитализмнің адам санасындағы қалдықтарының бірі — ислам дінінен кейбір сана сезімі төмен адамдардың қол үзіп кете алмай, әлі де болса дінге сеніп, селқостыққа, кертартпалыққа олардың бой ұратындығын, дінді қадір тұтатын молдалардың аузына түсер жемі болғандығын жеріне жете сынайды.

Сөйтіп, 1959 жылы баспасөзде жарияланған халық таланттары шығармаларының тақырыбы алуан түрлі екендігі көрінеді.

Ал, өлең-жырлардың көркемдік сапасы жағынан алып қарағанда, поэзияға қойылатын талап-тілек кейде орындалмайтыны да байқалды. Мұны кейбір ақындардың өмірде байқағандарын, көріп білгендерін бір сарынмен жалпылама түрде айтып кетіп, дәуір үніне тән тетік төңірегіне топтап, ықшамдай білмеуінен келіп тұған деп қарау қажет сияқты.

Алайда, ауыз әдебиетінің өкілдері — қарт ақындарды халық өте қадірлейді. Олардық үніне қалың жұрт-

шылық әуелдеи-ақ ынтық. Біз жоғарыда өзінің саналы өмірін, совет елінің көркейіп, гүлдене беруіне бағыштаған халық жыршылары білікті де тоқулы, ойлы қариялар республикамызда аз емес екендігін айттық. Солардың кейбіреулері соңғы жылдары жеке жинақтарымен де көзге көріне бастады. Олар — Қалқа, Иманжан, Хұсайын.

*Қалқа Жапсарбаевтың* есімі әдеби қауымға көптен таныс. Оның жазған өлең-жыры, терме-желдірмесі отызыншы жылдардың ортасынан бергі жерде Қазақстанның газет-журналдарында жарияланып келеді. Ол өз өмірінде тарлан ақындармен шаршы топта өнер сайысына талай түскен адам. Шешен домбырасын қолына алып, оның Жетісу аймағында өлең айтпаған, тыңдаушыларын жырымен ұйытпаған жерлері кемде-кем болар.

«Жайқоңыр» атты жинағы ақынның шығармаларын түгел қамтымағанмен, оның әр түрлі тақырыптарға арналған тәуір-тәуір өлең-дастандарымен таныстырады. Өлеңдерін көбіне 7—8 буынды жыр сарынына құрады. Қалқа өлеңін кімге арнамасын, нені жырламасын, өз колхозының, туған өлкесінің табыстарын қоса толғайды. Көзге көрінген, кедергі болатын кемшіліктерді батыл сынайды. Ол қазақ халқының басынан кешкен, өз басынан өткен ауыр тұрмысты ара-тұра атай отырып, бүгінгі гүлбақшалы Жетісу жерін, ерінбей еңбек еткен, еркіндікке қолы жеткен еңбекшілерді шабытпен жырлайды.

Жинақтың екінші бөлімі «Сеңгірбаев Мұсабек», «Тұрлымбет туралы аңыз» атты екі дастаннан тұрады. «Сеңгірбаев Мұсабек» поэмасына арналы өзек болған арқау Ұлы Отан соғысы кезінің уақиғасы. Мұсабек — ақынның өз жерлесі, әлемге аты жайылған 28 панфиловшының бірі, атақты батыр. Ол неміс-фашист басқыншыларына қарсы шайқаста Отанымыздың жүрегі, сүйікті астанамыз Москваны қорғау жолында ерлікпен қазаға ұшыраған. Қалқа сол батырдың отаншылдығын, жалынды жүректі жанын аямайтындығын, жоғары да шынайы адамгершілігін тебірене жырлайды. Ақын бұл дастанында Мұсабектің өмірге келгенін, ақырғы демі біткеніне дейінгі кезеңдерін көрсеткен. Мұсабектің балалық шағын, соғыста ауыр жаралы болып жатқан кезінде тылдағы туған-туысқандарын, Төлеуқан атты сәбиін сағынғандығын Қалқа тартымды етіп берген. Жауынгерлер достығын сипаттауы да көңілге қонымды.

Поэма Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарын суреттейтін халық ақындарының тәуір шығармаларының қатарынан орын алатын еңбек.

Ақынның «Тұрлымбет туралы аңыз» атты дастаны ұзын-ырға ертектің негізінде шығарылған. Дастанда би-болыс арамза молда әжуа етіліп, әлеуметтік мәселелер сөз болады. Алайда, дастан ұзақ сонарлы, қырып-жонатын жерлері көп болып шыққан.

Жалпы алғанда, Қалқа — суырып салып айтқыш, ерекше үнді, құлашын кең сермейтін ақын.

Бұрын газет-журналдарда өлеңі жарияланып, аты оқушы жұртшылыққа таныс қарт ақындардың бірі — *Иманжан Жылқайдаров* өткен жылы өлеңдер жинағын бастырып шығарды. Бұл көлемі шағын кітапшаға ақынның жиырмаға тарта өлеңдері енген.

Жинақ «Жүрегінде әрбір жанның» деген В. И. Ленинге арналған өлеңмен ашылады. Бұл түсінікті де. Өйткені халық таланттарының қайсысы болса да алғашқы сөзін халықтың бақытына, данышпан Ленинге арнайды. Сүйікті Отанын жырына қосады. «Өмірін екі бөліп жасағандар» бұл дәуірге жетіп, бақытқа кенеліп отырғандарына қуанады. Иманжан қарттың «Алда екен ғой қызығым» деген әсерлі өлеңі осы бір жайды толық байкатады.

Өткен сүреңсіз өмір мен қазіргі сәулетті дәуірді қатар қойып суреттеу халық ақындарының шығармаларындағы дәстүрлі қасиетке айналды. «Осындай көріп едім бір жағдайлар», «Сайлаушылармен кездесу» сияқты Имекеннің өлеңдерінен осы дәстүр айқын көрінеді. Алғашқы өлеңінде ақын әділетсіз болыс сайлауын, малы, пұлы көптер өз дегенін істеп, кедейге теңдік бермегенін күйінішпен баяндаса, соңғы өлеңінде қазіргі демократиялық совет сайлауының артықшылығын айтып, шаттана түседі.

Ақынның жинақтан орын алған «Марал мен Сәуле», «Батыр Қерім» атты біраз өлеңдері Ұлы Отан соғысы кезіндегі майдан уақиғасына арналған.

Иманжан өлеңдерінің бір ерекшелігі бақытты балалық шақты тебірене дәріптейді. Осыған орай жинақты «Жастарым жайна» деп атауы орынды болған. Жастарды өнер үйренуіне, білім алуға, отанын сүюге шақырған «Балаларға», «Аз сөзбен көп мағына» өлеңдері де тартымды шыққан.



Алайда ақын шығармаларында кездесетін кем-кетік-ке де көңіл аудармай өтуге болмайды. Ақын кейбір сөздерді ұйқастыру үшін зорлап кіргізгені, не болмаса орынның ауыстырып мағынасын бұзғаны көрініп тұр.

Ақын тілінің көбіне жұтаң болып келетіндігін мына сияқты жолдардан да көреміз. «Отырмын өлең тергелі» (9-бет), «Сырғып өтсең сабақтан» (10-бет), «Халқына қазақ елі көп рахмет» (19-бет), «Жаз көктемі басталар сәуір айдан» (20-бет) т. б.

Бұдан шығатын қорытынды, қарт ақындар ежелден тіліміздегі бар байлықты орынды да, оралымды қолдана білуі керек.

1959 жылы Хұсайын Тәкежановтың «Термелер» атты өлеңдер жинағы басылып шықты. Жинақта ақынның алуан түрлі тақырыпта қырық шақты өлеңдері мен өзі жазған термелері бар.

Тәкежанов оқушы жұртшылыққа бұдан бұрын ауыз әдебиетін жинаушы ретінде танылса, енді жинағы жарыққа шыққан ақындық өнері бар, қалыпты ақын қатарында көрініп отыр.

Хұсайын өлең шығарумен ерте шұғылданған. Оның 1916—1918 жылдары жазылған «Май мейрамы», «Жақсы әйел» т. б. өлеңдері ақынның жинағынан орын алған. Оның өлеңдерінің басты тақырыбы осы дәуірдің саналуан салтанатына нұқсан келтіретін, өткен заманның жиренішті сарқыншақтарын, өмірде күлкі, еңбекте күйкі адамдарды жанына тие мысқылдау болып келеді. Мұны ақынның «Қудың мінез-күлқы», «Сараң», «Пайдакүнем саудагер», «Өзің де көбелектей отқа ұрынба» сияқты өлеңдерінен көруге болады.

Жинақта халықтың даналық сөздері — мақал-мәтелдер негізінде шығарылған термелерге көп орын берілген. «Жеке шумақтар», «Жырлар», «Термелер» деп аталып, тақырыпқа бөлінген осы шығармаларында ақынның ұтымды, тәуір шыққан шумақтарымен бірге, бұрыннан белгілі, көпке таныс қағидаларды өз сөзімен қайталап айтып беруі көбірек сияқты. Бірнеше мысал келтірелік:

Ер жарсыз, әйел ерсіз тұралмайды,  
Бас бірікпей, мал-мүлік құралмайды...

Адамның ең қызығы жар қызығы  
Жарменен жараспай ма әр қызығы...

Еркектің көп жұмысы түзде болар,  
Әйелдің көп жұмысы үйде болар...

Алды жол, арты соқпақ адасқанға,  
Болмайды сөз тындатып таласқанға...

Жалпы алғанда алдыңғы екі жинақтағы өлеңдермен салыстырғанда Хұсайын шығармаларының, көп жағдайда, көркемдік сапасы әлсіз тартып жатады.

Сөйтіп, жоғарыда аталған жинақтарды оқып шыққаннан кейінгі айтар ойымыз, ұсынар пікіріміз: Жалпылама, кейде тәуір деген өлеңдерінің құнын түсіретін лепірме айтылған сөз тізбектерінен гөрі қарт ақындарымыз өзінің жаңадан шығарған өлеңін белгілі бір тақырыптың төңірегіне құрып, ендігі жерде жетіжылдықтың ерлерін еңбек үстінде көрсетсе, қандай жақсы болар еді. Қарт ақындар халық поэзиясының табиғи стилін ұмытпай, мөлінен пайдалануы керек. Бұл жерде олар мүлде тіл білмейді деп айыптамақшы емеспіз, қайта нақышты, шұрайлы сөздерді тауып, өз орнына қолдана біліңіз, байырғы тіліміздегі неше түрлі көрік беретін, әшекейлі сөз өрнектерін жастарға ұсыныңыз демекпіз.

Біздің дәуірімізде халық творчествосының негізгі түрлерінің бірі — ақындар айтысына үлкен маңыз беріліп отыр. Соңғы екі-үш жылдың ішінде республикамыздың облыстарында, аудандарында, колхоз, совхоздарында толып жатқан ақындар айтысы өткізілді. 1959 жылдың өзінде ғана Гурьевте, Қостанайда, Өскеменде, Оралда облыстық айтыстар ұйымдастырылған.

Айтыс — ақындардың өнер сайысы. Ұрпақтан ұрпаққа талмай ауысып келе жатқан ауыз әдебиетінің — шеберлік пен тапқырлықтың, өлең өнерінің кестесі. Қазіргі айтыстың бұрынғы айтыстан айырмашылығы бар, мұның сипаты бөлек, сыры терең, мазмұны бай. Ақындар бүгінгі әсем ауылдың, көрікті қаланың таңдаулы ұл-қыздарын мадақтап, олардың өнегелі істерін, көпке ортақ жұмыс-тәжірибелерін шалқи жырлайды. Сонымен бірге олар жұмыстағы орын алған олқылықтарды, тұрмыс пен салт-санадағы ескіліктің сарқыншақтарын жедел жоюға шақырады. Сөйтіп ақындар айтысы бір жағынан жақсылық пен жаңалықты кең таратуға жәрдемін тигізсе, екінші жағынан кемшіліктерді сөз семсерімен оңдырмай түйрейді. Осындай өнегелі іске бұрыннан аты мәлім қарт

ақындармен қатар, жігерлі, ыстық жүректі оқыған жастар да ат салысып жүр. Мұның өзі ақындар айтысының келешегі бар, өскелең өнер екендігін айқын дәлелдейді. Сондықтан да Н. Ахметбеков 1959 жылы Жанкелдин ауданының ақындар айтысын ашардағы өлеңінде былайша асқақтайды:

...Елімнің ақын, жыршы ерке құсы,  
Бізде жоқ құр қиялдық ертегі ісі.  
Ән мен күй ақындардың айтыстары,  
Қашаннан халқымыздың көркем ісі.  
Жиынға келіпсіздер сынасқалы,  
Салтымен достық әзіл сыр ашқалы.  
Дауылдай тау төбесін солқылдатқан,  
Аспанға шықсын шалқып жыр асқағы.  
Құп келдің, ақын, жыршы достарымыз,  
Біздің бар жеті жылдық жоспарымыз.  
Бес жылда артығымен орындауға,  
Табыстан болса айтыңыз қосқаныңыз.

Көркем әдебиет баспасы шығарған «Ақындар шықты айтысқа» атты шағын жинақ 1959 жылғы халық поэзиясының елеулі табысы. Бұл жинақ Ұлы Октябрь революциясының 40 жылдығымен байланысты Қазақстанның жер-жерінде өткен ақындар айтысының таңдаулыларынан құралған. Жинаққа республикамыздың он облысынан 46 ақынның айтысы енгізіліпті. Қостанай, Талдықорған ақындарының айтысын бұрыннан елге аты мәлім Омар мен Қалқа өлеңмен ашқан. Жинақта жазушы Қалижан Бекхожиннің айтыс жанрының мәні, жай-жапсары жайында жазған қысқаша беташар мақаласы бар.

Республикамыздың түпкір-түпкірінде ақындар айтысының өтуі, ол айтыстардың жеке жинақ болып шығуы жемісті, игілікті іс. Қашанда әрбір ұйымдастырылған айтыс оған қатысушы белгілі ақынды өз тұрғысынан аттандырған колхоз, совхоз, аудан, облыс жұртшылығының қуанышты мерекесіндей сезіледі. Өйткені оларға ел көп жиналып мән бере, ден қоя ықыласпен тыңдайды.

Дегенмен мынадай бір ой келеді: айтыстың көркемдік дәрежесі жоғары, мазмұны тартымды, қызғылықты болу үшін, еріксіз қайталаудан, ұзын сонарлықтан арылу үшін белгілі бір күрделі мәселелер төңірегінде айтысқаны мақұл сияқты.

Бізде айтыстың дәстүрін толық сақтаған Талдықорғаннан Қалқа, Темірғали, Артық; Алматыдан Үмбетәлі, Қарағандыдан Көшен, Қостанайдан Омар, Нұрқан, Пав-

лодардан Нұрлыбек, Гурьевтен Сәттіғұл сияқты айтыс өнерінің шеберлері бар. Бұлардың әрқайсысы өзі тұрған мекенінің, жалпы облысының атынан айтысқа әбден түсе алады. Тек оларға қамқорлық жасайық. Осылардан үлгі-өнеге үйреніп, тәрбие алушы соңғы жылдары айтысқа қатысып, көрініп қалып жүрген жастар тобы сол майталман жүйріктеріміздің өнерін жалғастырушы, халық поэзиясының келешегіне серпінді де, пәрменді үнімен араласушылар.

Алайда, халық поэзиясын зерттеп, халық ақындарымен байланыс жасап, оларға көмек көрсетіп отыратын орындарымыздың да кемшіліктері бар. Ол мынау: көптен бері аты көпшілікке таныс қарт ақындарымыздың қашан қайтыс болғанын да білмей қалып, тіпті олардың аты да аталмай қалатын кездері бар. Осыған орай Жазушылар одағының Поэзия секциясы халық арасынан шыққан ақындармен, дарындылармен жұмысты жандандыруды жолға қоятын уақыты жетті. Олардан түсіп жататын өлең, жырларды бастырып шығару біздің міндетіміз болып саналмайды деген ниетпен Әдебиет және өнер институтының Ауыз әдебиеті бөліміне сырғанатып, аударалардан арылып, бірігіп жұмыс істеуге көшуіміз керек. 1959 жылы Кенен 75-ке, Омар 80-ге толды, олар жайында баспасөз бетінде бірталай мақалалар жарияланды. Сол секілді басқа белгілі ақындар да назардан тыс қалмаса екен.

Облыстарда құрылған әдеби бірлестіктер жергілікті жердегі қарт ақындарды, көзге көрінер, сөзге ілінер таланттарды қамқорлыққа алып шығармаларын жариялап отырулары керек. Олардың табиғи талантының шеберлігін шындай түсуге көңіл бөлініс. Сол облысаралық бөлімшелер тек жастар творчествосымен шұғылданып қана қоймай, қарт ақындардың, халық арасынан шыққан дарындылардың не жазып, не қойып жүргенін үнемі біліп отыру міндеттерінің бірінен саналады.

Енді бірер сөз 1959 жылдың үлесіне жататын ауыз әдебиетінің кейбір нұсқаларының басылып шығуы жайында. Бұл салада «Қамбар батыр» мен «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырларының белгілі бір жүйеге құрылған ғылыми баспасын атауға тура келеді. Мұндай тәжірибе қазақ фольклористика ғылымында бұрын болған емес. Мұны бір үлкен жаңалық ретінде таныған жөн. «Қазақтың халық жұмбақтары» мен «Мақал-мәтелдерін»

екінші рет қайта қарап, толық жинақтарын шығару да елеулі еңбек екендігі дау шақырмасқа керек. Жоғары дәрежелі оқу орындарының студенттеріне арналып, қазақтың ертедегі ауыз әдебиетінің негізгі үлгілерін камтитын хрестоматияның жарық көруі де өз алдына бір сала. Бұрынырақта жазылып, кейін қайта қараудың, көп өңдеудің нәтижесі ретінде туған «Қозы Көрпеш жыры» туралы зерттеудің де көңілдегідей аталатын қисыны бар.

Бірақ бұлардың бәріне жеке-жеке тоқтап, жан-жақты талдау жасауға мақаланың көлемі көтермейді, міндетке жатпайды.

Халық поэзиясының бір саласы газет-журналдарда жарияланып, көпшілікке арналған және ғылыми жинақтарда басылатын болса, енді бір саласы колжазба күйінде жиналып отыр.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институты жыл сайын арнайы экспедициялар шығарып, жергілікті ақын-жазушылардың көмегіне сүйеніп, соңғы жылдары ауыз әдебиетінің көптеген үлгілерін жинады. Мәселен, 1959 жылы экспедиция арқылы, не болмаса жер-жерден Бөлімнің фондысына тікелей келіп түсіп, ғылым үшін пайдасы бар деп қабылданған материалдардың жалпы мөлшері 65 мың жолдай. Олар қандай материалдар, кімнен алынды, соның негізгілеріне назар аударып көрейік:

Талдықорғандық Төлебаев Дулатбайдың Бөлім фондысына жіберген толып жатқан ертегілері қабылданды. Куйбышев облысының тұрғыны Нұрмұхамбет Жусалиевтен «Қырқиса қыз бен Қырқисон баласы жайлы» деген шығыс ертегілерінің негізінде жазылған ұзақ жыр түсті. Алматылық Ғаббас Елеусізов көптеген мақал-мәтелдер, термелер, шешендік сөздер тапсырды. Матай станциясынан Намазбек Еспенбетұлының Отан соғысы кезінде шығарылған өлеңдері қабылданды. 1959 жылы Семей экспедициясын басқарған ғылыми қызметкер Б. Адамбаев жолдас Семей облысының тұрғындарынан ауыз әдебиетінің әр түрлі жанрынан, шешендік, тапқырлық сөздер, жұмбақтар алып келді. Қарағандылық Ибрагим Өкпенев көптеген қара өлеңдер, мақалдар мен мәтелдер тапсырды. Талдықорғандық Дәуітбай Мұсабековтен «Омарбек — Ғайша айтысы», «Марқаба — Бауырсақ айтысы», «Таз қайнағалармен

келіннің керісі», «Саршуаш бидің сөздері», «Қан мен уәзір», «Жеті шаян» сияқты айтыс, әңгіме, шешендік сөздер бөлімге қабылданды.

Жақын жерде болса да бұрын белгісіз болып келген Алматы облысы, Қаскелең ауданындағы колхозшы ақын Әшім Нұрлыбаев 13618 жолдық үлкен қолжазбасын тапсырды. Оның ішінде «Мырқы батыр», «Шаған бұғы батыр», «Қыстаубай — Күлән», «Рауан патша хикаясы» сияқты дастандары мен Бұқар жырау өлеңдері, Сүйімбай, Түбек, Құлмағамбет секілді ақындардың айтыстары бар. Нұрлыбаев тек эпикалық жырдың шебері ғана емес, айтыс ақыны да. Оның осындай ерекшеліктері ескеріліп оншақты өлеңі халық ақындарының екі томдық шығармаларының жинағына енгізілді. Бөлімнің ғылыми қызметкері Б. Ысқақов жолдас осыдан кейін арнайы ауылына барып Нұрлыбаевтың жадында сақтаулы шығыс сюжетінен алынған «Еріксіз балгер» қазақ халқының өткендегі өмірін бейнелейтін «Күзбембет Садыр» дастаны мен «Мұса Манат» айтысын жазып алып келді. Халық арасында осы секілді көзге көрінбей, бізге білінбей келе жатқан ақындар мен халық қазынасының иелері әлі де болуы мүмкін. Оларды тауып алу көпшіліктік іс.

Батыс Қазақстандық пенсионер Қажгерей Қайырғалиевтың тапсырған Сырым Датұлы туралы халық арасындағы әңгімелері мен мақал-мәтелдері де қажетті материалдар.

Орал педагогтік институтының доценті М. Тілеужановтың Орынбор облысының тұрғыны Сүйіншәлі Жаңбыршиннен жазып алып тапсырған «Қобланды», «Алпамыс» жырының нұсқалары да көңіл аударарлық. Осы жырларды зерттей беруде бұл нұсқалардың тигізер пайдасы да кәміл болып отыр.

Ауыз әдебиетінің үлгілерін мұқият жинап, Бөлімге тәптіштеп өткізуде ерінбей еңбектеніп келе жатқандардың бірі — Оңтүстіктік Әбдірайым Мұратов. Ол өткен жылы 12 мың жолдай материал тапсырды. Осының біразы қолда барларымызды қайталамағанмен, салыстырып зерттеу жұмыстары үшін кәдеге асатын мүлік.

Зайсандық Ержан Ахметовтен «Арқалық батыр» жыры алынды. Ол бұл жырды Шығыс Қазақстанға белгілі ақын Көпбайдан ерте уақта үйреніп есіне сақтаған. Бұл жырдың бізге мәлім болып келген нұсқалардан көп

өзгешелігі бар, көлемі де ұзақ. Идеялық, көркемдік жақтарынан да құнды.

Біз жоғарыда жыл бойына Бөлімнің фондысына келіп түскен, немесе экспедицияда болған кезінде қызметкерлеріміздің тауып алып қайтқан материалдарының жалпы тізбесін беруден бойды аулақ ұстап, көзге лінген көлемдісіне, тәуір деген таңдаулы үлгілердің біразына ғана көңіл бөлгенде, батырлар жырынан басқасының молырақ жиналғандығын байқадық.

Қазіргі уақытта туып жатқан орасан мол ауыз әдебиетінің шығармалары бұрыннан келе жатқан халқымыздың асыл қазыналарының, игі мұраларының қатарынан орын алатын болса, ендігі жерде оларды жинауға өте-мөте назар аударуымыз керек. Олар ел арасынан табылады. Мысалы, 1959 жылы 20 сентябрьде «Октябрь туы» газетінде (Батыс Қазақстанның облыстық газеті) «Жастар тойы» деген мақала жарияланды. Онда озат механизатор мен колхоз сауыншысының үйлену тойы өткендігі хабарланды. Үйлену кезінде ескі ғұрыптың, кәденің бәрі бұл тойда дәл бұрынғы қалпында емес, жаңаша ұйымдастырылған. Жастармен қосылып қарттар жаңа мазмұнды «Жар-жар» айтқан.

Еңбектегі жалының,  
Суынбасын, жар-жар.  
Өмірдегі табысың,  
Туындасын, жар-жар.  
Жолдасыңыз өрлеген,  
Өнерлі жас, жар-жар.  
Жас қырандай сермеген  
Өрге құлаш, жар-жар.  
Толды өріске тамаша,  
Мал торпағың, жар-жар.  
Қарсы алыңыз, жаңаша,  
Таң Шолпанын, жар-жар...

Советтік шындықты бейнелейтін жаңаша мазмұнға ие болған осы «Жар-жардағы» сияқты еңбек ерлері, озаттары жайында, озат ғылымның табыстары жөнінде, құрылысымыздың басқа да салалары турасында туып жатқан жұмбақтар, тақпақтар, ертегі-әңгімелер, мақал-мәтелдер болса, барын-барша жинап, халық кәдесіне жаратайық.

1959 жылы архив қазыналарын ақтарғанда да бұрын жұртқа белгісіз болып келген батырлар жырларының, тұрмыс-салт эпостарының бірнеше нұсқалары жаңадаи

табылды. Мәселен, академик А. Х. Марғұлан Томск қаласындағы Потанин архивынан өткен ғасырдың 1870 жылдарында жазылып алынған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының қазақша, орысша екі нұсқасын тапты. Бұл екі нұсқа да Жанақ нұсқасына жақын екендігі анықталып отыр.

Институттың аға ғылыми қызметкері М. Ғұмарова жолдас Москвадағы тарихи музейден «Қыз Жібек» жырының қолда бар нұсқаларына ұқсамайтын орысша, қазақша екі қолжазбасын алып келді. Бұлармен қатар, ертеректе ел аузында белгілі болып жүрген 500 беттік ертегілер, мысалдар, мақал-мәтелдер т. б. тапқан.

Сөйтіп, ойымызды топшылап, жалпы келелі міндеттерді айтсақ: Біріншіден, халық таланттарының белгісіз болып келгендерін тауып алып, қатарға қосып және жер-жердегі бұрынғы белгілі ақын-жыршылардың шығармаларына кең өріс беріп, іріктеп, бастырып шығара беру керек. Ол үшін Ғылым академиясының Халық творчествосы бөлімі мен Жазушылар одағының Поэзия секциясы бұдан былай тығыз байланыс жасап творчестволық ынтымақты өрістетугі қажет.

Екіншіден, халықтың айтысты бағалай білетіндігі байқалып отыр. Сондықтан да ақындар айтысын ауыз әдебиетінің тапқыр жанры ретінде қадірлі өнердің бірі деп қарап, болашақта да жан-жақты дами беруіне кең жол ашылуы керек.

Үшіншіден, ауыз әдебиетінің ел арасындағы бар үлгілерін жинауды күшейте беру керек, ол үшін: жинау жұмысына әлі де болса көпшілікті кеңінен қамти түскен жөн. Бұрыннан бар жергілікті жердегі интеллигенция қатарынан шыққан корреспонденттердің тобын молайту қажет. Ауыз әдебиетінің тәуір деген үлгілерін жинақ болып шығуын күтпей-ақ, үзінді түрінде газет, журналдарда жариялап отыру керек. Және халықтың қадірлі қазыналарының көпшілікке арналған жинақтарымен қатар ғылыми жинақтары да байсалды, терең зерттеліп, оқушыларына жетсін, басқа елдің ауыз әдебиетінде бар ортақ туындылар өзара салыстырылып, олар жайында ғылыми топшылаулар тусын.



## ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫМЕН ӘНГІМЕЛЕСКЕНДЕ

1961 жылы август айында ұйымдастырылған халық ақындарының республикалық мәслихаты өз дәрежесінде өтті. Мәслихатқа Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары Н. Жандильдин, Қазақстан Жазушылар одағының председателі Ғ. Мүсірепов жолдастар қатысты. М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты коллективі Жазушылар ұйымымен бірлесе отырып, бұл маңызды жұмысқа белсене араласты. Ақындармен жекелей де әңгіме жүргізіліп, олардың репертуарлары анықталды. Көптеген қолжазбалар, ақындардың төл туындылары жинақталды. Кейбір жеке ән-өлеңдер мен ауыз әдебиетінің басқа да тамаша үлгілері магнитофон ленталарына түсірілді. Мәслихатқа қатысқан 33 ақынға Қазақстанның қырық жылдық мерекесіне арналған значоктер мен медальдар тапсырылып, бағалы сыйлықтар берілді. Бұл совет өкіметі мен Қазақстан Компартиясы тарапынан көрсетілген қамқорлық, халық ақындарына деген зор құрмет, үлкен сенім еді.

Халық ақындарының республикалық мәслихаты алдында және мәслихат жүріп жатқан күндері ақындардан алған әсерімізді, әңгіме, кеңес үстінде туған кейбір ой-пікірімізді ортаға салсақ дейміз.

Мәслихатқа келген ақындардың алғашқы тобымен кездесу, пікір алысу августың бірі күні басталды. Кездесу кеші Әдебиет және өнер институты директорының орынбасары О. Нұрмағамбетованың кабинетінде институт басшыларының, ғалымдарының қатысуымен өте қызықты болып өтті.

Тың өлкесі Целиноградтан Аманжол Әлжанов, көмірлі Қарағандыдан Майасар Жапаков, Болман Қожабаев, кенді Алтай, Зайсаннан Рахметолла Тоқтарбаев, Ертіс бойынан Нұрлыбек Баймұратов, Каспи атырабынан Құмар Жүсіпов, ақ алтынды Оңтүстіктен Желеу Жақыпов және Алматы облысынан Кенен Әзірбаев, Қалқа Жапсарбаев, Үмбетәлі Кәрібаев сияқты халық ақындары қатысты.

Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, профессор Е. Ысмайылов ақындарды отырған жұртқа түгел таныстырып шықты. Осы бір оңтайлы оты-

рысқа ыстық сезім, шалқыған көкіл үстінде талай-талай ойлы пікірлер, тілек-талаптар, жылы сөздер айтылды.

Совет дәуіріндегі халық поэзиясының бөлім бастығы М. Қаратаев ақындарға басталғалы отырған республикалық мәслихаттың мән-жайы мен мақсат-міндетіне тоқтап, қысқаша шолу жасады. Аталы сөз иесі қадірмен ақындар, сіздер екі түрлі байлықпен келіп отырсыздар, —дейді шешен, — бірі халқымыздың асыл мұрасы, сөз өрнегі, екіншісі — өз туындыларыңыз болмақ. Осының екеуі де електен өтіп екшеліп, ең нәрлі дәнді салмағы сынға түсіп, сұрыпталуға тиіс. Әсіресе өздеріңіздің төл шығармаларыңызға көркемдік, мазмұн жағынан қойылар талап-тілегіміз де үлкен. Көзсіз көбелектей болмайық, қанатымызды қомдап, білегімізді сомдап, жігерлене батыл кірісейік, бұл игілікті ЗОР іске. Алдындағы темір қазық, жырға анық дәйек болар партиямыздың ұлы программасы — негізгі нысана осы болсын, — дейді, ол.

Филология ғылымының докторы Е. Ысмайылов әр ақынның өзіне тән өнер ерекшелігіне тоқтала отырып, қазіргі халық әдебиетінің қанатын кең жайған көлемді де мол саласы — айтыс жанрының жайын сөз етті. Жұмыстың үшінші күні өнер жарысы ақындар айтысына арналатындығы ерекше ескертілді. Тіпті әңгіме арасында қарт ақындар Нұрлыбек, Кенен. Қалқа бір-бірімен сөз сайысына түсетін тілектерін білдірді. Осы сәтте Гурьевтен келген дарынды ақын, Ығылман Шөрековтың шәкірті Құмар Жүсіпов жазып айтатын ақындармен емес, сөз нөсерін төгіп айтатын ақпа ақындармен айтысатынын аңғартып, өз бойына біткен қайсарлық қырын да көрсетіп қойды. Манадан бері қызба-қызбамен арқалары қозып, көздері от шашып, сөйлеуге оқталып отырғандары да байқалғандай. Сөйткенше болмады өзгеден бұрын оңтүстіктен келген әнші ақын Бектұрғанов Белгібай бастап та жіберді. Ол өзінің ертеңгі айтысқа дайын отырған ойын сездіре, сөз тиегін ағыта жөнелді.

Ұлы едім, Бектұрғанның Белгібаймын,  
Халқыма айтатұғын сөзім дайын.  
Дүбір мен айғай-шуды естігенде,  
Қайшылап қос құлақты тұралмайым.  
Құйрықты шиыршықтап, жер тебенеп,  
Бәйгеге қосылғанша шыдамайым.  
Кетемін шаң тигізбей шыға салып,

Етпеймін ылди менен өрді уайым.  
Тарттырған шылбырымды жан емеспін,  
Тартуды көңілім сүйіп ұнамаймын.  
Шомылып кара терге түскен кезде,  
Қамалап қақса-дағы кер қылмайым.  
Оңтүстік облысы, Түлкібасы  
"Алғабас" колхозында менің жайым.  
Мейманбыз шақырған соң кеп отырған,  
Өтініп мен үгіттеп не қылайын.  
Жиналыс үші күні басталғанда,  
Сол күні аямайын тілдің майын.

Белгібайдың өлеңмен айтқан осы ойы ақындарға жел беріп, айтысқа жұмылдырғандай болды.

Осыдан кейін мәселе ақындардың халық қазынасы, өнегелі сөз өрнектерінен не білетіндігіне ойысты. Сұрау, жауап түрінде өткізілген бұл әсерлі әңгімеде көп нәрсе-нің сыры ашылды. Е. С. Ысмайылов ақындар жүрегіне ортақ нәзік тіл тауып, талай-талай мол дүниенің бар екенін, олардың көкірегі сырға да, жырға да толы қазына екенін анық байқатты. Халқымыздың осындай асыл мұрасын жадына сақтап, ала келген әдебиетіміздің алтын сандығы, кәрі тарландарымыздың бірі — құрметті Құмар Жүсіпов. Ол репертуары мол, көмейінен күй, аузынан жыр төгілген майталман жүйрік жырау да, асқақ сөзді ақындығының үстіне жыршы да, термеші де. Қадірмен қонағымыз Құмардың жақсы бір қасиеті — турашыл, шыншыл. Бетің бар, жүзің бар демеяді, іркілмей кесіп айтады. Әңгімені дуылдатып қыздыра сөйлейді. Шәлгез бен Шернияз, Қашаған мен Ығылман жайларынан және «Қырық батыр» жырынан көп біледі. Біз Құмардың аузынан тарихи мәні бар көптеген атақты ақындар туралы естідік. Шабыттана сөйлейтін Құмар ақын бір сөзінде Ізбасар мен Қашаған жайын сөйлеп кетті. Қашаған кезінде жұртқа танылған, өткір тілді, суырып салма ақын болған. Бір кездескенінде Ізбасар ақын Қашағанға былай дейді:

Қашаған болсаң таяма,  
Барың болса аяма,  
Оңтайлы жігіт, жүйрік ат,  
Қашқанмен сені қоя ма, —

дегенде, Қашаған қолма-қол:

Сенің сөзің — кола, мыс,  
Менің сөзім — сары алтын.  
Өтірік десең берелік,  
Арасына сыншының.  
Сен бір есек мен тұлпар,  
Айналадағы алшыңға  
Естілген дүбір, дүрсілім.  
Сен белгілі жүйрік емессің,  
Сен бір жүрген зияндас  
Айналдырған жындысың, —

депті. Тағы бір сөз аралығында Құмекең бірде Шерниязға шертіп, енді бірде ер Исатайдың жолдасы ер Махамбетті толғайды. Шернияз бен Махамбеттің ақындығын салыстырып, Махамбеттің сөзге тапқыр, шешен, жауынгер, жалынды ақын екендігін, әсіресе халықтығын баса дәріптей баяндайды.

Бірде Шернияз Махамбетті үйінен аттандырып жатып:

Көлдеуден көк ала үйрек көл көріпті,  
Ғалымдар кітабынан жол көріпті.  
Жолдасы ер Исатай, ер Махамбет,  
Сөз бар ма тыңдағандай ескілікті?

дей қалыпты. Сонда Махамбет бір ауыз өлеңнің орнына ондаған жыр шумағын үсті-үстіне төгіп-төгіп жіберіп, Шернияздың аузын аштырмапты.

Арғымақ алтайшылық жер сойқаған,  
Өтерін бұл дүниенің кім байқаған?  
Тас түлек темір үзіп тепсінгенде,  
Қөп қайып даулымпаздай көл шайқаған.  
Күн тұман, ай қараңғы, жортар Құлжа,  
Шернияз ақын болсаң мұны болжа.  
Болғанда тақ мезгілі мұнар шалып,  
Төрт бүркіт бір аккуды қылған олжа.  
Он бүркіт, отыз акку көлден ұшқан,  
Бір сұңқар дамыл көрмей қанат қаққан.  
Тегелей теңіз шалқып шамданғанда,  
Жемсау құс тұғырдағы қайда жатқан?

Құмар ақынның айтуынша Шернияз, Махамбет туралы бұл жырлар әлі баспасөз бетін кермеген жаңа жырлар болса керек. Құмар Жүсіпов Қашаған мен Құлмамбеттің, Жібек қыз бен Балаораздың айтыстарымен қоса, атақты Мұрын жырау циклынан «Қырық батырдың» басты-басты тарауларын жатқа гулетеді. Қәрі тарлан Құмар ақынның лебінен осы бір шағын әңгімеде тағы бір-

екі мәселенің жөн-жобасын айқын көргендейміз. Бірі жұртшылыққа осы уақытқа дейін мәлім емес Құйшық тәрізді жырау-жыршының барын айтса, ел ішінде әлі де ойдан өлең шығарғыш, импровизаторлық қабілеті бар жас талапкерлердің біразын атады. Екіншіден өзінің тек ақпа ақындармен ғана айтысқа түсіп, өнер жарыстыратын ниетін де білдірді. Ол ақындар айтысына арналған мәслихаттың үшінші күні Алматы облысының ақыны Артық Жексенбаевпен айтысып өзінің майталман, жүйрік ақын екенін көрсетті.

Тегі Құмар сияқты ақындардың аузынан ескілікті тарихи сөздерді жинап алып, ғылым пайдасына асырған жөн. Үш күнге созылған ақындар мәслихатында М. Базарбаев, М. Қаратаев, Е. Ысмайылов, Ә. Тәжібаев, Ғ. Мүсірепов жолдастардың әр сала, әр тақырыпта арнай жасаған тартымды да терең мазмұнды баяндамалары, жылы сөздері ақындарға үлкен әсер етті. Олардың тілек-талаптарына толық жауаптар берілді.

Республикамыздың ең таңдаулы саңлақтарынан сол күні жеті пар ақын айтысқа түсті. Айтысқа суырып салма қарт ақындармен қатар жас талант ақындар да және жазып айтатын (Аманжол мен Таубай) ақындар да қатысты. Ақындардың шабытына шабыт, қуатына қуат қосып, қиялын қанаттандырған нәрсе коммунистік партияның ұлы Программасы мен космос кеңістігін игерген совет адамының ерлігі болды. Ақындар айтыста кемшіліктің бетін аша отырып, өз облысының табыстарын мақтана жырға қосты. Болман Қожабаев Қарағандының қара алтыны мен кен байлығын сөз қылса, Желеу Жақыпов Оңтүстіктік ақ алтынын ақтара жырлады. Гурьевтің ақыны Құмар Жүсіпов Ембінің мұнайы мен Қаспидің балығын баса айтса, Артық Жексенбаев гүлге оранған Жетісудың бау-бақшалы өңірін өрлей, домбыраның қоңыр үніне қоса жөнелді.

Қарт ақындардан әнші ақын Қенен Әзірбаев пен ақын ана Халима Өтеғалиеваның және Қалқа Жапсарбаев пен Жамбылдың шәкірті Есдәулеттің айтыстары қызықты да қызу өтті. Әсіресе, айтыста ерекше екпінді көрінген халық ақыны Қалқа Жапсарбаев болды.

Рас, жарыс үстінде өлеңнің кейде ұйқассыз болып кетуі де мүмкін. Бірақ, тұтқиылдан болған айтыс, ұшқыр қиял кезінде кестелі сөз, орамды ой түйіндерінің түйдек-түйдегімен туатынын ерекше айтпай болмайды.

Ақындар өлеңді ұйқас ырғағына қарай құрай бермей мазмұн, мағына жағына да мән беретіндігін, сөз өнеріне жауапты қарайтынын әр ақыннан аңғарамыз. Мысалы Әміренов Тәңірберген:

Ақын, жыршы жолдастар,  
Қош келіпсіз, жиылып,  
Алдарына әдеппен,  
Бердім сәлем иіліп.  
Қалар жерің бұл емес,  
Қызса тілім тиылып.  
Ақ жаңбырлы бұлттай  
Мұнарлана түйіліп.  
Жыр нөсерін төгейік,  
Сорғаласын құйылып, —

деп ақындарға арнаған беташарын жыр үлгісімен термелей жөнелсе, екінші бір өлеңінде Қазақстан байлығын Менделеев кестесіне сыйғыза алмаған ақын екпіндетіп былай деп баяндайды.

Халқымның бакыт тиді дестесіне,  
Енді жыр екпіндетіп еспесін бе?  
Байлығым, ұлан байтақ жерім менің,  
Сыймады Менделеев кестесіне, —

дейтін патриоттық сезім, жалынды үн, сөз маржандарын ақынның әр өлеңінен табуға болады. Бұдан шығатын қорытынды басқа халық ақындарының өлең жинақтары сияқты Тәңірберген Әміреновтың да осындай тартымды саяси лирикаларын, мысалдары мен дастандарын іріктеп, толық жинағын шығаратын уақыт жетті.

Айтыстың думаны — талантты жас ақындар болды. Алматы мен Семей облысынан келген жас ақын Әбікен мен Қалихан кәрі тарландар арасында іркілмей айтыс сайысына түсіп, жиын топқа өз өнерлерін көрсетті. Мәслихаттың екінші күні ақындардың өздері шығарған ән, өлең жырларын тыңдау, ақыл-кеңес, әңгіме үстінде де ақындардың қолма-қол қағысып, шайқасып қалуы байқалып отырды. Әсіресе Семейлік Қалихан Алтынбаев Жетісулық Әбікен Сарыбаевтың күні бұрын даярланып келіп айтқан қағытпа өлеңіне табанда бөгелместен жауап қайтарды. Жиналған жұрт Қалиханның дарындылық, айтқыштық, ақындық өнеріне қатты риза болды.

Әбікен таласпаймын даусың ашық,  
Жібердің төкпе жырдан шашу шашып.  
Танауым қол ағаштай еркекпін ғой,  
Қыз болсаң болар едім саған ғашық.  
Сен түгіл райкомның хатшысына  
Жасырмай жүрек сырын айтқам ашып.  
Сайтандай қапелімде сап еткен соң,  
Шынымды айтайыншы — қалдым сасып.  
Келген біз қонақ сдік Жетісуға,  
Қонақты тарпа бас сау бұл қай машық!  
Ертең шық, дәмең болса жекпе-жекке,  
Күн бұрын ауыз жыртар құрғақ қасық.  
Үйіме бірер кило алма апарам,  
Ғапу ет, жүре алмаймын «Күреңбелден»  
сәлем тасып.

Бұл, әрине, жас ақындардың қызу үстінде, ақындық шабыт кезінде туған памфлеттері мен шалқыған ой туындыларының шағын бір көрінісі ғана еді.

Үлкен үміт күттірген жас ақындар айтысының негізгі мазмұн, тақырыбы — өз облыстарының табысын жырлап, кемшілігін сынау. Әбікен Алматы, Жетісу өлкесінің жетістігін жырласа, Қалихан Семей, Ертіс бойының ұшан-теңіз байлығын мақтан етті.

«Токсан ойдың түйіні тобықтай сөз»,  
Қазақтың ұстанайық осы салтын.  
Исадай шалқар емес, шағын едім,  
Демеймін ұлы Ертістей ағын едім, —

дейді ақын.

Қалихан нәрсіз сұйық сөзді сүймейтін, аз сөзге көп мағына сыйғызуға тырысатын талапкер, жас ақын. Осы бір ауыз өлеңінде өзінің тағы бір қасиетін танытқандай. Ол — байсалдылық, сыпайгершілік. Қалихан — қаламы өткір, тілі шебер, талабы зор, келешегі мол, өсіп келе жатқан талантты ақындарымыздың ең таңдаулыларының бірі. Бүгінгі совет дәуіріндегі халық поэзиясының қуанышы мен мақтанышы.

Ұлы партиясын, сүйікті Отанын, туған халқын, совет адамдарының асқан ерлігі мен бейбітшілік жолындағы қажырлы күресін жырлап отырған ақындар айтысының үлкен бір ерекшелік, күш-қуаты — партиямыздың саясатын қалың бұқараның сана-сезіміне жеткізуде жалынды үгітшісі, жауынгер жаршысы, айбынды құралы бола алғандығы. Партия — сүйенер тірегі, соғар жүрегі олар-

дың. Жүрегіне нұр құйып, шабыт берген коммунистік партиямыздың ұлы программасы ақындардың шығармаларында айрықша сипатталады:

Жүрекке программа шабыт берді,  
Сыйынып домбыраны қағып едім,—

деп жырлайды жас ақын. Советтік ұлы заман туралы, жетіжылдықтың шам-шырақтары туралы жыр нөсерін төгілкен ел ақындарының, кәрі-жасының бәрінің де айтар сөзі, ұраны, қайнар көзі, бұлағы осы. Ақындардың республикалық бұл мәслихатын таяу жылдарда өткізілетін ақындар слетінің алдындағы үлкен дайындығы деп түсіну керек.

Қорыта келгенде, ақындардың республикалық мәслихаты не көрсетті? деген заңды сұрау өзінен өзі келіп туады. Осы уақытқа дейін әдебиетшілер мен жазушылар арасында совет дәуірінде ауыз әдебиетінің үлгілері өзінің даму әрекеттерін тоқтатты, совет фольклоры жоқ, демек оның ақындары да, жыршы жыраулары да, әнші-күйшілері де жоқ, бұдан былай ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің қажеті қанша деген зиянды да теріс көзқарас орын алып келді.

Ақындардың бұл мәслихаты алдымен советтік фольклористика ғылымының дамуына кесірін тигізіп келген осындай жат идеяға, жалған теорияға қарсы қатты соққы берді. Қайта алдыңғы аға буын кәрі тарландардың орнын басар соңғы буын інілер, жас қауым ақындар тобы бар совет дәуіріндегі халық поэзиясының алуан-алуан жанрларымен қаулап өсіп келе жатқандығын айқындай түсті. Әсіресе ауыз әдебиетінің бір түрі айтыс жанры совет тұсында шарықтай өсіп, шалқи дамып отырғандығын көрсетті.

Шаршы топқа түскен халық ақындарын дарындылық қабілетіне қарай суырып салма, ақпа ақындар (Қ. Жүсіпов, Н. Баймұратов, Қ. Жапсарбаев т. б.), әнші ақындар (Қ. Әзірбаев, М. Жапақов, Б. Бектұрғанов), жыршы-жыраулар, ауыз әдебиетін жинаушылар деп әр салаға бөлуге болады. Бұл жолғы ақындар айтысының бір ғажабы Қалихан, Әбікен сияқты қолма-қол ойдан өлең шығаратын жас таланттарды жарыққа шығарды.

Аманжол Әлжанов, Бекболат Меркемелиденов, Тәңір-берген Әміренов т. б. жазба ақындар тобына жатады.



Бұл тәріздес ақындар айтайын деген ойын әуелі хатқа түсіріп, содан кейін жұртқа оқып айтады. Тағы бір қызық жағдай халық ақындарының біразы жазба әдебиетімізге қарай ойысып, жақындап келе жатса, енді бір тобының (Қалихан, Әбікен, Сара т. б.) шыңдала-шыңдала түбінде ауыз әдебиетінің көрнекті өкілдерінің қатарыпа қосылып кетуі де ғажап емес ау деген ойға шомасың.

Сөйтіп профессионал ақындар мен халық ақындары біріне-бірі творчестволық ықпал жасайды. Осы тұрғыдан алғанда, совет дәуіріндегі халық поэзиясы мен жазба әдебиеттің өзара байланысын, ықпал әсерін, бірінен бірі үйрене отырып, қатар келе жатқандығын, даму, тоғысу заңдылығын зерттеудің өзі әдебиетшілер үшін бір алуан қызық жұмыс.

Әдебиет институтының фондысына мол дүние, мол материал тапсырған ауыз әдебиетінің мұрагерлері — халық ақындары елде көп. Халық ақындарын біз бір жағынан ескі мұраны сақтаушылар әрі жинаушылар деп тануымыз әбден дұрыс. Әдебиетіміздің не тамаша үлгілері солардың қолында, қандай да жолмен болмасын қолда бар қазынаны жинап алып қалуымыз керек.

Магнитофон ленталарына ақындар аузынан түсірілген материалдар мен жеке қолжазбалар ұшан-теңіз. Әр ақынның тапсырған өз туындылары қанша десеңізші? Осыларды реттеу, тәртіпке келтіру, картотека жасау, лентадан қайта қағазға түсіріп, іске асыру, ғылыми мақсатқа пайдалану, сол сияқты халық ақындарының таңдамалы шығармасын жинап бастыру, жас ақын таланттарды тәрбиелеп, келешегіне дұрыс бағыт, жөн сілтеп отыру, оларға нақтылы басшылық ету жұмысы Әдебиет және өнер институты коллективінің міндеті. Халық творчествосының кейбір түрлерін (ән, күй-текстерін) жинауда әдебиет қызметкерлерінің музыка, өнер мамандарымен бірлесе отырып, жұмыс істеу міндеттері туып отыр. Бұл салада өнер, музыка бөлімдерінің ғылыми қызметкерлері де алдағы уақытта творчестволық еңбектің тамаша үлгілерін көрсете білулері керек.

Халық ақындарымен әңгімелескенде алған әсеріміз, тыңдай отырып түйген ой-пікірлеріміз қысқаша айтқанда міне осылар.

АҚЫНДЫҚ АЙТЫС — АРДАҚТЫ ДӘСТҮР

Ақындық айтыс — қазақ әдебиетінің арнаулы бір саласы. Ертеректен бері ел өмірінде болған той-думан, ас-жиындар ақындар айтысынсыз өтпеген. Ежелден келе жатқан ақындар айтысының дәстүрі бойынша қарт пен жас, еркек пен әйел тартынбай айтыса беретін. Оған қарт ақын Жанаққа жас талап Сабырбайдың, атасындай Сүйімбайға қарсы Күнбала қыздың айтыстары дәлел бола алады.

Атың шабысы, жігіттік шалысы ғана шешетін сындардай емес, айтыс адамнан ақындық дарынмен бірге, мол білімділікті, тапқырлықты, төзімділікті т. б. қасиеттерді керек ететін ауыр тартыс. Сондықтан айтысқа түсем деген ақын ұзақ жылдар атақты ақындарға ілесіп ел аралайды, әр түрлі айтыстарды, әңгімелерді тыңдап үйренеді. Ұстазының бақылауымен ұсақ айтыстарға түсіп ысылады.

Менің пірім Сүйімбай,  
Сөз сөйлемең сыйынбай.  
Сырлы, сұлу сөздері  
Маған тартқан сыйындай, —

деп Жамбыл айтқандай, ондай ұстаздарын атақты ақындардың қайсысы болса да ұмытпай ұзақ уақыт айта жүрген.

Айтыс өнер жарысы ғана емес, намыс тартысы болып та табылады. Өйткені айтысушы ақындар әрқайсысы өз жағының жетістіктерін мақтап, мадақтайды да, қарсы жақтың кемістіктерін әжуалап әшкерелейді. Айтыс үстінде ақындар ешкімнің беті-жүзіне, атақ-дәрежесіне қарамайды. Шөже ақын айтыс үстінде ұлық болып, халықты қанап отырған Күннанбайды «қаздың төсін шоқыған» «соқыр қарға» десе, Сүйімбай ақын Тезек төрені «Елден жылқы қоймаған кезеп төре» деп әшкерелейді.

Ақындар айтыстың барысында өз жағын мақтап, қарсы жақтың мінін аша отырып, сайып келгенде, екі жақтың да жақсы-жаманын, табысы мен кемісін алқа топтың алдында жайып салады. Шыншыл ақындар халықтың райына қарай парақор — болыс-билерді, бай-молдаларды, хан-төрелерді де түйрей кететін. Сондықтан да «әзілің жарасса атакмен ойна» деп әзіл-әжуа,

сын-сықлқы жақсы квретіи еңбекші халық ақындар айтысын ұйып тындап, ұқыптап жаттап алып жүретін-ді.

XVIII—XIX ғасырлардағы ақындар айтысының үлкен бір кемшілігі болды. Ру басы байлар мен болыстар, қожа-молдалар бұл өнер тартысын өз мүддесі үшін пайдалануға тырысты. Олар айтысты бұқараны бұтарлап билеп-төстеу үшін ел арасында ру жігін қоздыруға, халықты қараңғылықта ұстап қанау үшін ислам діні мен жалған нанымдарды уағыздауға пайдаланғысы келді. Алайда шыншыл ақындардың айтысы рулық шеңберден, діни ұғымнан асып бүкіл халықтық, әлеуметтік мәселелерді сөз қылады. Байлар мен молдаларды әшкерелейтін Жамбылдың Құлмамбетпен, Досмағамбетпен айтыстары және әйелді малға сатқан феодализмнің салтын айыптайтын Біржан-Сара айтыстарындағы шындықтың сыры осындай. Ақындар айтысының әлеуметтік зор маңызы да осында. Бірақ ақындар айтысының маңызы мұнымен шектелмейді. Айтыстың білім берерлік мәні де үлкен. Байтақ Қазақстанның түкпір-түкпірінде туып-өскен ақындар бүкіл елді аралай жүріп айтысып өз өлкесінің, туып-өскен жерінің байлығын, ерекшеліктерін, салт-санасын, білім жаңалықтарын бүкіл елге тарата-таныстыра жүрген. Мұны біз бұрынғы Жетісу өлкесіндегі «Тау өлең», «Су өлең», «Жер өлең» деп аталатын айтыстардан және жұмбақ айтыстардан көреміз.

Жері кең, халқы сирек қырық рудан құралған елдің тілі-тілегі бір, салт-санасы, шаруашылық кәсібі өзара тығыз байланысты тұтас бір халық болып бірігуіне ақындар айтысының белгілі дәрежеде себі де тиген сияқты.

Сөйтіп, сонау көне замандарда қора шетінде — қой күзетінде, шырақ жанында — шілдеханаларда сынсып айтылатын ұйқы ашар қара өлең, қайым өлеңдерден басталатын айтыстар XVIII—XIX ғасырларда жер-су, елдік-ерлік, ерік-теңдік, білім-сенім секілді келелі мәселелерді кеңес қыла алатын дәрежеге жетті. Мұның өзі талапты, дарынды жастардың ел аралап, өнер іздеп білімге талпынуына табиғи себеп болды. Соның арқасында кең тынысты суырып салма айтыс өнері қалыптасып Орынбай, Шөже, Ақсұлу, Кеншінбай, Әсет, Ырысжан, Біржан, Сара, Нұржан, Сапарғали және Сүйімбай сияқты ондаған профессионал айтыс ақындары шықты.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бері өнер жарысы мен өзара сынның өткір түрі болып табылатын

ақындар айтысы жаңара, жандана түсті. Атақты айтыс ақындарының қатары Жамбыл бастаған Нұрпейіс, Шашубай, Орынбай, Жақсыбай, Қалқа, Үмбетәлі, Иса, Доскей, Нартай, Майасар, Болман т. б. халық ақындарымен толыса түсті.

Советтік ақындар айтысы еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеудің, жұмыстағы кемшіліктерімізді сынаудың, жетістіктерімізді жұртшылыққа үлгі ғып ұсынудың күшті құралына айналды. Ұлы Октябрь революциясының алғашқы жылдарынан бастап-ақ халық бұқарасына совет үкіметінің саясатын нәсихаттау, тап жауларын әшкерелеу, колхозшыларды озат еңбекке жұмылдыру ісіне 1922 жылғы Иса мен Нұрлыбектің айтысы, 1934 жылғы Өмірзақ ақын айтқан «Бай мен кедей айтысы», 1939 жылғы Алматыда өткізілген Нартай мен Нұрлыбек айтыстарының белгілі мәні болды. Бұлар бүкіл республикаға белгілі айтыстар. Ал қағазға түспеген, халыққа жарияланбаған айтыстар қанша десеңізші! Республикамыздың колхоз, совхоздарында, ауыл-аудандарында өтетін әрбір той-мерекелерде күні бүгінге дейін ақындар айтысы жиі болып тұрады. Қызылорда, Гурьев, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Қарағанды облыстарындағы колхоз, совхоздарда, аудан орталықтарында жастардың, қыз-келіншектердің ойын-сауық, той-мереке үстінде өзара айтысып, өлеңмен қағысу әдеті кең тараған және қызғылықты да өтеді. Мұндай өнерлі айтыстың бұл сияқты халықтық түрін үнемі қолдап, көтермелеп отырған жөн. Үлкен айтықса түсетін Біржан-Сара, Әсет-Ырысжан сияқты саңлақтар, сайып келгенде, осы айтыс ортасынан суырылып шығатыны даусыз.

Жаңа айтыстардың ескі айтыстардан айырмасы үлкен. Жаңа айтыстар совет адамдарын елімізде коммунизм орнату жолындағы күреске үндеп рухтандырады, коммунистік моральді нәсихаттайды, еңбек ерлерін мадақтап, жалқауларды сықақтайды. Бұрынғы айтыстарда кездесетін жеке бастың мінін қазып бет жыртысу, руға руды қарсы қою, дін мен соқыр сенімдерді дәріптеу сияқты жайлар жаңа айтысқа түбірімен жат. Оның орнына қазіргі айтыстарда советтік патриотизм, адал еңбек, жақсы мінез-құлық нәсихатталады. Жаңа айтыстың жаршысы болған Жамбыл мен Нұрпейістің, Иса мен Нартайдың, Шашубай мен Орынбайдың т. б. салған тамаша дәстүрлері бойынша, ақындар өз өлкесінің өндіріс-

терін, табыстары, еңбек озаттарын жырлайды. Айтысушы жақтардың жұмыстағы, тұрмыстағы кемшіліктерін айтқанда орынды мақтаныш сезімін оятып, кемшілігімізді айтқанда жұрт алдында ұялтып, жаңа табыстарға жетуімізге жігерлендіреді, кемшіліктерімізді түзетуге көмектеседі.

Ақындар айтысының ерекше етек алған кезі Ұлы Отан соғысы жылдары болды. Ақындар өзара айтыстарында өздері тұрған өндірістегі, ауыл шаруашылығындағы ерлік еңбекті, елдік бірлікті, майдандағы жауынгерлердің жан қиярлық батырлықтарын мадақтап, партиямыздың «Барлығы майдан үшін», «Барлығы жеңіс үшін» деген ұрандарын халық арасында кең таратушы, нәсихаттаушы болды. Олар Отанымыздың байлығын, майданға жөнелтіп жатқан көмегін жырлады. Мысалы, Шашубай Қошқарбаев:

Дүниеде завод болса нелер алып,  
Келемін баса-көктеп артқа салып.  
Ертеkteй елден-елге аңыз болып,  
Шығады Балхаш атым жерді жарып.  
Өзендей арнасында қызыл мысы  
Өзінде күндіз-түні жатыр ағып, —

деп неміс фашистерін талқандауда Балхаш мыс комбинатының атқарған артықша ролін дәріптейді. Ал оған жауап бере келіп Көшен Елеуов ақын:

Балқытқан мың тонналап болат, темір,  
Орасан заводтардың наны — көмір,  
Майданға қару-жарақ, азық-түлік  
Таситын темір жолдың қаны — көмір.  
Мүз бұзып, толқын тиген теңіздерде  
Керемет кемелердің жаны — көмір, —

деп, көмірлі Қарағандының жеңіс үшін қосқан үлесін айтып мақтан етеді. Бірақ ақындар өз айтыстарында қолда барын мақтап қана қоймайды, сонымен бірге бірінің-бірі жұмыстағы олқылықтарын әділ сын, өткір тілмен әжуалап мысқылдайды. Мысалы Гурьев мұнайшыларының атынан айтысқан Сұраубай мен Құмар ақын өндірістегі кейбір техникалардың күтімсіздігін, еңбектегі жалқаулықтарды және өз жұмыстарына жауапсыз карайтын цех бастықтарын батыл сынайды.

Шаршы топтың алдында сыбырлап, сыңқылдамай домбыраның қоңыр сазына қосылып, ақындық мәнермен

айтылған әрі әділ, әрі өткір сын да, мақтау да тыңдаушыларға үлкен әсер етеді, жадында ұзақ сақталады. Алайда айтыстың мақсаты жалаң табысты дәріптеп, кемшіліктерді қазбалай беруде емес; ол туралы жиналыстарда жиі-жиі айтылып, газет-журналдарда жазылып та жатады. Айтыстың артықшылығы, оның көркемдігінде, тартымдылығында. «Жақсы әзіл — жан азығы» дегендей тілі жатық, ұйқасы жіті, дәлелі мықты шебер ақындардың өлендері кезінде тыңдаушыларды да, кейіннен оқушыларды да аса сүйсіндіреді, ұзақ уақыт ұмытылмайды. Мысалы, сол соғыс жылдарындағы ауданаралық бір айтыста ақын Нияз Қожанов өзінің туған жері мен мал байлығы туралы былай дейді:

Сыйады мен мақтасам жарасымға,  
Мал сыймай Ұлытаудың шарасына.  
Отарлап отыз мың кой айдап салдым,  
Торғай мен Тобыл, Есіл жағасына.

Бұдан айтысушы ақын Болман Қожабаев та кем түспейді:

Ту тіккен Аманкелді Қызыл байрақ,  
Жусатқан елдің жауын салып ойнақ.  
Қопалы тоқсан көлдің төсіне еніп,  
Қаптаған колхоз малы жатыр жайлап.  
Батырдың атындағы колхозыма,  
Жыл сайын қосылады бір мың бойдақ.  
Күндік төл жүз түйеге жүк болады,  
Көктемде үш мың саулық бірдей қоздап.

Мұндай айтыстардан Отанымыздың шығыстағы мал базасы болып табылатын байтақ республикамыздың мыңғырған дәулетін, әсем тауларын, сылдыраған өзен-суларын жаныңмен сезініп, көзіңмен көргендей боласың. Туып-өскен жерің үшін, оның еңбек сүйгіш қарапайым халқы үшін кеуденді заңды қуаныш пен мақтаныш сезімі кернейді.

Байлық — барлық жақсы, ал оның пайдаға асырылуы қалай? Майданға көмегі қалай? — деген сұраққа Аманкелді ауданынан Нұрқан Ахметбеков былай деп жауап береді:

Аңсарған әр сөзімнен абайлаттым,  
Талайды тамсандырып қарайлаттым.  
Төрт түлік малдың семіз маңдайынан,  
Майданға он сегіз мың мал айдаттым.

Советтік Отанымыздың тәуелсіздігі үшін, жексұрын неміс-фашист басқыншыларын тезірек жеңіп, жерлеу үшін алдындағы малын, аузындағы нанын аямаған Қазақстан еңбекшілерінің елдегі ерлік еңбегін көрсетуде жер-жерде ұйымдастырылған мұндай айтыстардың алатын орны ерекше. Бірақ, Ұлы Отан соғысы кезінде Советтік Қазақстан майданды қару-жарақпен, азық-түлікпен, киім-кешекпен жабдықтап қана қойған жоқ, сонымен бірге оның ұлдары мен қыздары орыстың, украинаның, өзбектің, грузияның, тағы басқа туысқан халықтардың ержүрек ұл, қыздарымен бірге фашистік басқыншыларға қарсы соғысқа қатысты, оқ астында еңбектеп, от ішінде жүгіре жүріп Берлинге дейін ту тігісіп қайтты. Ақындар айтысында бұл ерлік мотив ерекше аталады.

Мендікара ауданының ақыны Майташ Смағұлова бір айтыста батыр жерлесін былай деп мақтаныш етеді:

Ағам көп атақ алған бұл күресте,  
Шошынды одан жаулар ерлік істе.  
Емес пе ердің ері Досымғали,  
Берлинді бомбылаған шаңқай түсте.

Елдегі ақын аға-інілері мен апа-қарындастары өз есімін мақтаныш етіп жүргенін естігенде, майдандағы ерлердің жүрегіне қаншалықты ерлік қуат құйылғанын айтып жеткізу қиын.

Бұрын-соңғы айтылған және жазып алынған мұндай айтыстар көп. Қазақ ССР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институты таяу жылдарда мұндай айтыстардың жинағын бірнеше кітап етіп жарияламақшы.

Ақындардың айтысы соғыстан кейінгі дәуірде де толастаған жоқ, жаңа мән алып, көркемделіп дами түсті. Соғыстан кейін, қайтыс болған бұрынғы айтыс жүйріктерінің орнына, жарқын жырымен жаңа таланттар келе бастады.

Қазір Қазақстанның көп жерлерінде ақындар айтысы қызу жүріп жатыр. Гурьев облысының Мақат пен Жылой, Новобогат пен Теңіз аудандары ақындарының айтыстары; Солтүстік Қазақстанның Преснов пен Октябрь аудандары ақындары; Жамбыл облысының Сарысу, Талас аудандары ақындарының айтыстары көп нәрсені көрсетеді. Бұл айтыстар жоғарыда біз тоқталып өткен

жаңа айтыстардың дәстүрін дамыта түсті. Мәселен, Сырдария ауданындағы Қуаныш пен Айтбай ақынның өзара айтысында екі колхоздың табысы мен кемшілігі негізгі ортақ тақырып болады. Егер Қуаныш бұрын да айтысқа сан рет түсіп төселген жүйрік ақын болса, Айтбай аты кейін шыққан, жас талантты ақын. Айтысқа жастар белсене араласа бастады. Бұрынғы айтыстардың өзінде де жігіт пен қыздар, жастар ойын-сауық үстінде айтысты бұрын бастап қызық мерекеге, өнер жарысына айналдырып әкететіні белгілі. Бұлай болуы табиғи заңды да. Жастар қашан да ойын-сауыққа үйір болады, домбыра тарту, ойын-сауық үстінде бірі мен бірі әзілдесіп өлең айту, өлеңмен қағысып, қалжыңдасу, өнер сынасу жастардың ежелгі бір әдеті екендігі мәлім. Жамбылдың жас кезіндегі айтыстары да осындай жағдайда туған жоқ па!

Сарысу ауданындағы жас ақын Дулат Шалқарбаев пен Талас ауданының жас талапкері Мыңбай Қыстаубаевтың айтыстары да өте қызықты шыққан. Екеуі де аудандағы мал шаруашылығы жөніндегі табыстарын жырлап, ортақ кемшіліктерді сынайды. Екеуінің сөзінде де тапқырлық пен шешендіктің ұшқыны байқалады. Семей облысы, Жарма ауданындағы талантты жас ақын Қалихан Алтынбаев та карт ақын Тәңірбергенмен айтысқанда өзінің ақындық талантын танытты. Мұндай жас таланттар домбырамен шырқап, шеберлікпен өлең айтушы, айтыстың күшті сайысына тілеп түсушілер — барлық аудандардан, облыстардан табылады.

Алдағы айтыстарда ақындардың білім салыстыруы да, бір тақырыпты қатар жырлап өнер жарыстыруы да, жұмбақпен айтысуы да лайықты орын алуға тиіс.

Жақсыбай (Жамбыл облысынан), Үмбетәлі (Алматы), Нұрлыбек (Павлодар), Қалқа (Алматы), Ғабдыман (Қарағанды), Рақым (Қызылорда), Нұрқан (Қостанай) және Сәттіғұл (Гурьев) сияқты атақты ақындардың айналасында ауыл-аудандардағы той-мереке, ойын-сауық, шілдеhana, қыз ойнақ жүлдесін алып жүрген жүздеген жас ақындар, тойбастар өнерпаздар бар. Олар білімді, мәдениетті жастар; олардың бірсыпырасы жергілікті клубтарда, кітапханаларда, мәдениет үйлерінде және мектептерде істесе, қайсы бірі колхоз, совхоздарда, өндірісте істейді. Міне қайнары кемімейтін халық-



тың осы талантты, өнерлі жастарын дер кезінде анықтап, жер-жерде өтетін айтыстарға белсене қатыстырып отыру жергілікті жастар ұйымдары мен мәдениет орындарының басты міндеті. Қазақ халқының қашаннан келе жатқан айтыс өнері бұдан былай да әр ауданда, әр облыста жыл сайын өткізіліп тұратын әдеби дәстүрге айналуға тиіс.

3. КЕРЕЕВА

### О МУЗЫКАЛЬНОМ СТРОЕ НАПЕВОВ АЙТЫСА

Настоящий айтыс и расшифровка его материалов привлекли наше внимание потому, что именно в этом интереснейшем разделе народного творчества больше всего пробелов в смысле его изучения и в смысле его *нотной* фиксации.

Кроме того, участники айтыса, приехав из разных областей Казахстана, естественно, явились представителями различных музыкальных «школ» и традиций в этом жанре.

Несмотря на то, что данный айтыс был состязанием акынов, а значит и состязанием, в основном, в их *поэтическом* мастерстве, его мелодическая сторона также представляет большой художественный и научный интерес.

Айтыс акынов — это одна из форм взаимосвязи поэтического и музыкального народного творчества. Доминирующее место в нем принадлежит поэтическому тексту. Значимость же музыкального «текста» определяется как бы творческим профилем участника состязания. Если исполнитель — энш, то музыкальное начало более развито. Если же исполнитель только акын, то оно менее развито. Но в любом случае музыка дополняет, обогащает и раскрывает содержание поэтического текста.

Прежде чем перейти непосредственно к музыкальному анализу, отметим, что все акыны аккомпанировали себе на домбре, за исключением Желеу Жакипова, аккомпанировавшего себе на гармонике.

\* \* \*

В айтысе выступило 10 акынов из шести областей Казахстана. Разумеется, только на основании этого музыкального материала определить характерные черты и особенности музыкального языка *каждой из областей* в отдельности невозможно. Поэтому на основе имеющихся одиннадцати различных по своему строю мелодий постараемся выявить наиболее общие черты, присущие жанру айтыса в целом.

Как указывалось выше, все напевы по-своему индивидуальны и интересны. Поскольку анализ подобного музыкального материала количественно незначителен, целесообразно, на наш взгляд, изложить в данной статье разбор всех 11 напевов в порядке, соответствующем выступлениям акынов в айтысе (за исключением выступления Халимы, анализируемого последним).

\* \* \*

1. *Кенен Азербаяев*. Мелодически первое высказывание Кенена, спетое в *A-dur'e*, состоит из трех разделов, предваряемых вокализом, начатым с терции. Из напева вокализа образуется основной напев с движением вверх и акцентом на терции.



Первое изложение троходит в нижнем тетраорде в пределах терции. Постепенно диапазон напева расширяется. Во втором прозедении уже охватывается IV ступень, а в третьем — диапазон расширяется от терции до септими (от нижней Д до верхней S). Причем эта септима при вариантах заполняется.

Во втором разделе утверждается опеваемая Т.

Третий раздел — как бы обобщение первых двух. Его мелодический рисунок, являясь зеркальным обращением основного напева I раздела, вместе с тем утверждает Т, как и во II разделе.



Один раздел от другого отграничивается каким-либо междометием, спетым на одном из тонов тонического трезвучия — терции либо квинте (причем исполненным обязательно в верхнем регистре), и варьируемым каждый раз мелодическим *кадансом* с пентатонным оборотом (более распетым во II проведении).



В своем развитии мелодия расширяет диапазон напева до дуодецимы.



2. *Кенен Азербает.* В отличие от первого напева — терме, мелодия второго — песня. Форма — куплетная, с незначительной вариационностью. Песня состоит из двух асимметричных предложений. Первое из них — вопрос из шести тактов; второе — ответ из семи. Плавная мелодия песни интересна в ладовом отношении. Основная тональность — D-dur миксолидийский. Но именно миксолидийность песни определяет ее ладовое расцвечивание. Первая фраза вопроса, утвердив S-доминантовую тональность G-dur опеванием «соль», перевоплощается в ее параллельную минорную — e-moll. Вторая фраза окончанием на ее Д (ноте «си») укрепляет эту тональность. Мелодия построена на тональностях первой степени родства (ми-молетный D-dur — G-dur — e-moll и кадансирующий D-dur'a. Первый же тон «ре» из Т превращается в Д G-dur'a. Благодаря этому первая фраза вопроса, утвердив S-доминантовую тональность G-dur опеванием ноты «соль», вместе с тем, функционально перевоплотившись, подготавливает ее параллельную минорную — e-moll. Мелодическая фигурация тонического трезвучия e-moll и остановка на ее Д (ноте «си») во второй фразе вопроса

укрепляет данную тональность. Именно поэтому логически воспринимается е-moll'ная первая фраза ответа, в свою очередь сменяющая свою тоническую функцию на S-доминантовую, что и приводит закономерно к основному D-dur'ному терцовому тону «фа-диез». Закрывающая всю мелодию вторая фраза ответа, состоящая из пяти тактов, кадансирует очень утвердительно, поскольку вся «строится» на тоническом трезвучии D-dur'a, т. е. основной тональности.

Интересно отметить, что, несмотря на отсутствие VII ступени D-dur'a (мелодия расположена в пределах сексты «ре-си»), миксолидийность определяется его побочными тональностями, а именно: в G-dur'e и е-moll'e наличествует до-бекар.

Гибкость мелодии, смена в ней тональных центров при краткости изложения (лишь один период: вопрос — ответ) выделяют ее из 10\* напевов айтыса своей цельностью и лаконической выразительностью.

3. *Болман Кожабаяев*. Напев Болмана отличается от других своей ярко выраженной речитативностью и своеобразием строго выдержанного ритмического рисунка. Своеобразие состоит в смещении слабых и сильных долей такта, которое достигается удлинением длительности слабых долей за счет сильных. Причем это усиливается и мелодическим акцентом на VII ступени. Для напева Болмана характерны своего рода приливы и отливы — мелодия то взмывает к гребню, то отступает. Это особо примечательно потому, что основная часть напева звучит в диапазоне лишь кварты (в верхнем тетра хорде).



Весь напев располагается в пределах септимы:




Исключительным является отсутствие нижней Т. Напев интересен еще лидийскими оборотами и особенно своим заключительным кадансом.

\* «Островком» является песня Халимы.



Тональность напева — E-dur (иногда E-dur лидийский). Заключительный же каданс сдвигает тональный центр с E-dur на fis-moll. «Соль — бекар» одноименной минорной тональности (e-moll), став в fis-moll'e фригийским и этим усилив тяготение к «фа-диез», утверждает новую Т — фа-диез. Причем фригийский оборот завершает напев плагальным кадансом.

4. *Желеу Жакипов.* Менее музыкально прозвучал напев Желеу. Создалось впечатление, что он выступал очень неохотно. Его напев своеобразен лишь тем, что он может служить примером мелодии, сочиненной в *гипоолийском* ладу (т. е. напев имеет как бы два тонических устоя, причем основная Т определяется в «подтексте»). Диапазон данного напева схематически таков:



7. *Таубай Кирабаев*. Напев Таубая, в отличие от других, не предваряется мелодическим возгласом. Огромный диапазон (децима) и плавные пентатонные мелодические обороты создают гибкость напева. Несмотря на наличие больших скачков (на кварту, сексту), пластика напева не нарушается благодаря последующей мелодизации этих интервалов.

8. *Аманжол Альжанов*, Данный напев, как и напев Желеу, сочинен в гипоионийском ладу, с основной тоникой — ля-бемоль. Но большая сложность напева определена внутренней (как подтекст) переменностью ладов. Так, первое предложение напева несет на себе S-доминантовую функцию, только на миг перевоплотившуюся на тоническую, то есть акцентируемое «ре-бемоль» воспринимается как терция в-moll'ного трезвучия (что подчеркивается изложением мелодии как опевания его тонов и завершением предложения на «си-бемоль»). Но второе предложение, высказанное очень развернуто, переносит Т на «ля-бемоль» и, обстоятельно опеая данную Т, утверждает как основную тональность As-dur. Она укрепляется и дальнейшим акцентированием ее Д — «ми-бемоль», в заключительном кадансе становящейся вторым тоническим тоном.

9. *Калка Жапсарбаев*. Напев Калки сочинен в миксолидийском E-dur'e. Мелодическое зерно излагается в первом же словесном такте. Из опевающих секундовых оборотов вырастает и последующий основной напев, по характеру напоминающий украинские калядки. Правда, его «устоем» становится тон «ре» (VII натуральная E-dur'a). Но в последнем проведении «ре» перестраивается, став опять VII ступенью, но уже e-toIГя — одноименного минора основного E-dur'a. Оставшийся «додиез» звучит как дорийский и тем самым обогащает ладовые краски напева. Кадансирует напев в первоначальном E-dur'e. Интересно в данном напеве отметить следующую деталь. Первое предложение излагается в пределах верхней Т, второе — в пределах Д, а третье, расширенное, приводит к нижней Т.

10. *Есдаулет Кандеков*. Как ни странно, но напев Есдаулета интонационно очень близок (почти вариант) к напеву Аманжола. Небольшой напев построен на мелодическом и ритмическом варьировании основного напева, расположенного в верхнем тетраорде E-dur'a. Нижний

Же тетрахорд включается лишь в распетом кадансе всего напева. Особенность данного напева заключается в акцентировании Д E-dur'a, к которой целеустремляется каждая фраза и завершается на ней.

11. *Халима Утегалиева*. Напев Халимы совершенно отличается от всех остальных. Ее мелодия — лирическая песня, задушевная и исполненная богатства красок. Пластичность мелодии выражена во всем: и в переменности ладов, и в асимметричности предложений, и в смене метра, и в плагальности всего напева, и в кружевном мелодическом рисунке. Форма песни строга. Ее двенадцать тактов состоят из одного большого периода, заключающего в себе четыре предложения. Интересно их соотношение: первое предложение — из 4 тактов, второе — из 2, третье — из 3 и четвертое — из 3. Причем первое и третье предложения, затем второе и четвертое родственны между собой. Песня начинается в Д-dur'e, который позже становится лидийским благодаря появлению «соль-диеза». Нисходящее движение к нижней Д Д-dur'a подтверждает повышение IV ступени, а не ее вспомогательную функцию к V ступени Д-dur'a — ноте «ля». Если бы «соль-диез» разрешился в верхнее «ля», то можно было бы говорить о временной модуляции в Д-товую тональность — А-dur.

Главенствуют в песне две тональности: Д-dur и ее параллельный минор h-moll. И лишь самый последний такт переводит нас в их родственную тональность — fis-moll.

Как и в некоторых напевах айтыса, в песне Халимы отсутствует запев — междометие на высоком тоне. Но выделяет песню Халимы то, что она начинается с нижней Т, а не с верхней (в этом к ней примыкает второе выступление Кенена Азербаетова, также начинающееся с нижней Т).

\*\*\*

На основе приведенного анализа можно сделать следующие выводы. Ни один айтыс не исполняется без музыкального сопровождения. Музыкальная значимость напевов различна. Большой их части присущ стиль изложения терме, т. е. горизонтальное образование напева, а

не волнообразное. Но от терме напевы айтыса отличает их более краткая мелодическая линия. Близки к этой группе напевы речитативного характера при плавном мелодическом рисунке. Встречаются напевы и с распевной мелодикой. Гораздо реже поэтический текст айтыса излагается в форме пеени. Среди одиннадцати напевов айтыса примером этого послужило лишь одно выступление — Халимы Утегалиевой, что также подтверждает превалирующее значение в айтысе поэтического текста.

В исполнении напевов отмечается и такое явление. Акыны, сочиняя напев к поэтическому тексту, используют непроизвольно интонации быгующих песен. В данном айтысе подобное наблюдается в напеве Калихана Алтынбаева. Для напевов айтыса характерна куплетно-вариационная форма. В связи с этим следует говорить, что весь наш музыкальный анализ относится к напевам, спетым в первых выступлениях акынов. При повторных выступлениях они поют большей частью свободной мелодической и особенно ритмической речитацией, не придерживаясь ранее спетого напева. Как отмечалось выше, в айтысе главенствующим является поэтический текст. Его ритм определяет метрический и ритмический строй мелодии. Отсюда и свобода в их смене. Этой же связью объясняется и характерное для мелодий айтыса с и н х р о н н о е исполнение поэтического и мелодического текста. Юбилеи (распев слога) почти отсутствуют. Они возможны в большинстве своем во вступлениях либо в заключающих напевы кадансах.

Теперь о музыкальном строе самих напевов. Диапазон их в целом—октавный (иногда—нона или децима). Но мелодическое зерно излагается в кварто-квинтовом диапазоне. Почти всегда напевы предваряются междометием — возгласом, являющимся вступлением к выступлению. Иногда они либо заменяются вокализом или мелодическим распевом междометий, либо вовсе отсутствуют. При наличии мелодического распева, исполненного в начале и в конце напева, образуется своеобразная арка—обрамление, придающее форме особую законченность. Постепенно из этого начального распева выкристаллизовывается основное мелодическое зерно, которое затем, *варьируясь*, повторяется. Все напевы, за исключением лесни Халимы и второго напева Кенена, начинаются с верхней Т, затем от нее нисходят к



среднему, удобному по тесситурѐ регистру и завершаются всегда на нижней Т либо нижнем тоне.

Некоторые напевы состоят из разделов (аналогичных куплетам), заключающихся своеобразными мелодическими кадансам»и (располагающимися от терции вверх и плавно идущими на кварту, а затем спускающимися к нижней Т).

Напевы айтыса, как и вообще казахская народная песня» исполнены богатства ладов и ладовых окрасок, расцвечивающих основной лад напева. Отсюда исходит и смена тональных центров. Многим напевам свойственны пентатонные обороты.

\*\*\*

Музыкальный анализ напевов айтыса доказывает большую значимость роли мелодии в поэтических состязаниях, тесную связь ттоэтического и музыкального творчества в данном жанре.

До сих пор, к сожалению, этот жанр фольклора собирался и изучался только филологами. А между тем это самостоятельная страница в искусстве казахского народа. Поэтому перед музыковедами стоит задача — восполнить этот пробел и приступить к сбору материалов этого жанра народного творчества.

*Ә. РАХЫМЖАНОВ, Б. ВАХАТОВ*

### КЕҢЕСІП КӨРСЕК ДЕЙМІЗ

Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кірер денен, —

дейді Абай. Шыр етіп туып, жөргекке жаңа ғана оранған нәресте шілдеhana тойының қуанышты әнін естиді. Дүние салған адамды тіршілік табалдырығынан зарлы жоқтау ұзатады. Табанда такпақтап сөз, тайпалма жыр шығару, төпеп терме төгу, бөгелмей айтысқа түсе кету — қазақ табиғатында көптен сіңісті. Салттық жырларды

былай қойғанда, Қобланды мен Қамбарды, Қозы Көрпеш пен Жібекті, ертегілер мен аңыздарды айтпағанда, арғыдағы Кемпірбай мен Шөже, бертінгі Иса мен Нартайды көмейінен күй төккен, жүрегінен жыр шерткен анық өнер жүйріктері деп бағалаймыз ғой.

Өнердің биік бағаланып, үлкен өріс, кең көрініс табуын Ұлы Октябрден бастаймыз.

...Қаусаған отыз тісім қайта шықты,  
Болғанда қызыл иек әлім кетіп,—

демеді ме Жамбыл! Тұнған тұманың көзін ашып, бітелген бастауларды бір арнаға салған социалистік революциядан кейін ғана Жамбылдың, жасарған Жамбылдардың қатары көбейді. Олардың талай-талай кітаптары шығып, жұртшылықтың кәдесіне асты, халық құрметіне бөленді.

Отызыншы жылдардың, әсіресе, екінші жартысында халық таланттарының қаулап өскенін көрдік, еңбектің қай саласында да жақсылықтың нәсихатшысы, керенаулықтың өткір сыншысы болғанын білеміз.

Ұлы Отан соғысы жылдарында халық ақындары да, қарт өнерпаздар да атқа қонып, мәдени үгіт бригадаларының қызметіне қатты қолғабыс тигізді емес пе?! Қолхоз, облыс, ауданаралық айтыстар көп жұмыстың жандануына жаршы болды ғой.

Көпке ортақ осы белгілі жайды қайталап әңгімелеуді бекер санамадық: өйткені үкімет пен партиямыз жасап отырған қамқорлыққа сай халық таланттарын әлі де аша түсу, өнер бәсекесіне түсіру саябырланбауға тиіс. Жамбыл мен Нұрпейістей, Доскей мен Нұрқандай көсілмесе де, «әліне қарай жүгіретін алуандар» аз емес. Тіпті үлкен өнер туайын деп тұрған талантты кісінің жоқтығына кім кепілдік айта алады. Колхозды ауылдағы, өндіріс ошақтарындағы өнерлілерді өмірге араластыру, белсенді жұмысқа тарту, керегінде көмек алып, көмек көрсету жағы кейінгі кезде кейбір жерде самарқау тартқан сияктанады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институты КПСС XXII съезі мен Қазақстан Компартиясының XI съезінің қарсаңында халық ақындарының мәслихатын өткізгелі отыр. Мәслихат келесі бейсенбіде басталмақ.

Бұл шағын мәслихат семинар түрінде өткізіледі. Онда қазіргі таңдағы халық ақындарының алдына қояр міндеттер мен ауыз әдебиеті қазынасын қалай жинау жайлары әңгіме болады. Сонымен қатар кейбір ақындардың айтыс өнеріндегі қабілеті байқалады.

Мәслихатқа облыс орталықтары мен аудандарда, колхоздар мен совхоздарда тұратын ақын-жыршылар, әңгімеші, ертекшілер, ауыз әдеби нұсқаларын жинаушылар шақырылды. Солардың ішінде Кенен Әзірбаев, Үмбетәлі Кәрібаев, Қалқа Жапсарбаев, Майасар Жапақов, Болман Қожабаев, Сәттігүл Жаңғабылов, Омар Шипин, Нұрлыбек Баймұратов, Көшен Елеуов секілді төкпелермен қатар әлі де болса талантын танытып үлгермеген Темірғали Үрістембеков, Артық Жексембаев, Қалихан Алтынбеков, Әбікен Сарыбаев, Аманжол Әлжановтар да бар.

Жырлап кетсе жел жетпейтін жүйріктер бір пара әңгіме десек, бізше ауылды жерде де, қалалы жерде де қалтарыс, қалыс жүргендерді тауып, қарт болса қадірлеп, бала болса баулып, сахнаға шығару баршаға ортақ парыз. Қазақ ССР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтының жылма-жылғы экспедициялары халық жырларын көп білетін, жанынан дастан шығаратын, терме төгетін, ертегілерді келісті әңгімелеп беретін, жөппелдеме айтысқа да түсіп кететін өнерлілерді әр жерден-ақ кездестіріп жүр. Олардың өздерімен танысып, өмірбаянын жазып, репертуарын хатқа түсіру, талдау мәселесі қоса-қабат атқарылып отырады. Алайда бір ғана ғылыми мекеменің азды-көпті ісімен, әлгінде айтқан, әңгіме тына қоймайды. Бұған бүкіл интеллигенция жұртшылығы — партия, совет қызметкерлері, мәдениет-ағарту мекемелерінің қызметкерлері, мұғалім, агроном, зоотехник, дәрігерлер мен студенттер — қол қойса, ойлағанымыздан да артық нәтижеге жеткен болар едік.

Бұл жұмысқа әсіресе әдебиетшілер мен журналистер жұмыла кіріскені жөн.

Халық шеберлерін шақырып, кеңес көтерудегі тағы бір мақсат «Қазақ әдебиеті тарихының» I томының екінші кітабына байланысты болып отыр. Әдебиет тарихының өткен жылы басылып шыққан бірінші кітабы Қазақстандағы әдебиет тану ғылымының биік бір шоқтығы боп танылды.

«Қазақ әдебиеті тарихының» екінші кітабы алдағы

уақта жазылмақшы. Кітапта Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі жылдарда жарық көрген ауыз әдебиеті үлгілерінің ең тақдаулы деген туындылары талданып, мұның өзі есте жоқ ескі замандардан бері жатталып келе жатқан әр түрлі жыр, дастан, айтыс, өлең, ертегілердің заңды жалғасы ретінде зерттелінбек.

Ендігі мақсат халық творчествосының сол Совет тұсында туған жаңа жырларын, жаңа түрлерін жинақылап, бір жүйеге түсіруде болып отыр. Әрине, бұл бір күннің болмаса бірер айдың ішінде біте қоятын шаруа болмасқа керек.

Ауыз әдебиетінің кейбір үлгілері бүгінгі тірлік-тілегімізге ілесе алмай, ұмыт болып, өшіп келе жатса; екінші бір үлгілері қайта жырланып, қайта жаңарып, жаңғырып келеді; үшіншілері мүлде жаңадан туып, тың туынды ретінде танылғаны күмәнсіз. Мысал үшін бұрынғы тұрмыс-салт өлеңдерінің ішіндегі діни түсінікке байланысты айтылып келген *жарапазан*, *бәдік*, *арбау* бұл күндері тіпті айтылмайды, орындалмайды. Ал, *тойбастар*, *беташар*, *көңіл айту*, *жоқтау* өлеңдерін әр ауылдан-ақ кезіктіруге болады. Бірақ әңгіме сол өлеңдердің қандай түрі, қалай, қандай мазмұнда айтылуында.

О, жас келін, жас келін,  
Ілгері қадам бас, келін.  
Еңбекте кейін қалмағын,  
Жалқау деп атақ алмағын,  
Жарыммен бақыт табам, — деп,  
Қайын енеңді анам, — деп,  
Есігіңді кәнікі  
Бетіңмен қоса аш келін! —

деп келетін бүгінгі беташардың түрінде өзгеріс бола қоймағанымен, мазмұны жаңа, айтар тілек, берер «бата-сы» басқа. Мұнда жаңа дәуір адамының жаңа әдет-ғұрпы, жас келінге, еңбекке деген еркіндік лебі есіп тұр.

Қысқасы, ауылды, қалалы жерлерде халық арасына тез тарап кеткен алуан түрлі, мол мазмұнды шығармалар көп болуы әбден ықтимал. Колхоз, совхоз театрларында, мәдени қостарда, клуб сахнасында жұрт жаттап айтып жүрген бүгінгі шындығымыздың айғағындай өнерлі шығармаларды жазып алу, жинау, жаттау ынталы кісіге қиын жұмыс емес. Көптің өзі тудырған бай қазынаны сұрыптап, жинап, зерттеп, өз кәдесіне қайтыш ұсы-

ну — абзал міндет. Аталы сөз, мағыналы өлең, кестелі жырларды — қазіргі фольклорды жинауға қалың қауым болып жұмылайық.

*«Қазақ әдебиеті», 28 июль 1961 ж.*

*Ғ. ЖҰМАБАЕВ*

### ДАРЫН ИЕЛЕРІ

*(Халық ақындарының республикалық  
мдслихатынан)*

Осынау үлкен төрде Кенен ақсақал отыр. Жылдар жүгі жыға алмаған биік еңсесі топ ақынның тең ортасынан Талғар шыңындай асқақ көрінеді. Өлең-жырдың Кенені. Өз елінің Кенені. Ол кәрі домбырасын қағып-қағып, тау қыранындай қомданып, салалы саусақтарымен беліне төгілген күміс сақалын желпіп қойып, алысқа көз тастайды. Асыл жырдың ағылар шағы. Алатау етегіндегі астана биігінен оған туған жердің ұлан-асыр кең даласы, дарқан шежіресі кітап бетінде жайылып жатыр. Оның Тяньшань сілемдеріндегі қатпар-қатпар әжім сайларында халық өмірінің, қазақ даласының талай сырлары мен жырлары, талай оқиғаға куә боларлық асыл ескерткіштері жатқан тәрізді. Міне, бебеу қаққан «Кенен әуені» домбыраның сағағына барып тоқтады да, жаппасын ашқан арық суындай ағынды жыр, әлгі бір сәтте нар денесін құрсандыра, тұла бойды шыра торлаған кең ойлардың құлама тасқыны жез көмейден ағыла жөнелді.

Ол бақытты заманды, Космосқа ұшқан адамды, коммунизмнің нұрлы сарайына жақын қалған Советтік Ұлы Отанын жырлайды. Кейінгі халық ақындарын, талапкер, талантты жастарды соған шақырады. Оның әр шумағы құнарға тамған нұр тамшыдай жұрт ойында гүл боп еседі.

Онымен тізелес майталман ақын Майасар отыр. Тоқсаннан асса да, дауысы әлі зор, тұйғындай ширақ, қияқ мұрт, шоқша сақалды қадірменді ақсақал. Ол Қарағандының Шет ауданында тұрады. Мынау алқалы жиында

сол өз ауданының, өз колхозының жайқалып өскен жасыл дария мол егінін жырға қосады Майекен. Жалпылама сыпыртпай, бет көбігін лепіртпей, шаруаны білетін, өмір талабын түсінетін, егінші тұрмысының, ерлік еңбегінің егжей-тегжейін саралап ұғынған, қартайса да солардың нақ ортасында болған адамның тілімен сөйлеп отыр. Қария ақынның ең үлкен қасиеті де осында. Иә, бұл ғажап нәрсе емес, өз елімен біте қайнасып, оның ең игі қасиетін жанымен ұққан халық ақыны қартайдым деп, ошақ басында жантайып жата алмайды. Бұл Жамбылдан қалған дәстүр. Майасар сөзінің дәмді, салмақты болуы да осыдан.

Кенен, Майасар бастаған бір топ ақын Қазақ ССР Ғылым академиясының Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының шақыруымен Алматыда үш күн болды. Отыздан астам халық ақындары, жыршы-жыраулар, әншілер мен шешен-тілмарлар, дарынды күйшілер бас қосып, өз өнерлерін ортаға салды, халық фольклорын жинау, ауыз әдебиетін дамытудың келелі мәселелері жөнінде пікірлесті. Алғашқы күні мәслихат Ғылым академиясының кіші мәжіліс залында ашылғанымен, оған қатысқысы келетін адамдардың көбі үйге сыймай сыртта қалды. Өйткені жай ғана мәслихат емес, шын мәнісінде астана жұртшылығының тойына ұласты бұл. Академияның Алатау жақ алаңындағы көгалға тігілген сегіз қанат ақ үйге ежелден республикаға атағы мәлім болған суырып салма ақындар, бал таңдайлы әншілер мен жыршылар жиналды. Бұл 1943 жылы жыр алыбы Жамбыл бастап өткізген үлкен айтыстан кейінгі аса бір елеулі оқиға еді. Ақындардың коммунизм орнату жолындағы күрес дәуіріндегі қасиетті борышы туралы филология ғылымының кандидаты Мұхамеджан Қаратаевтың, ауыз әдебиетінің асыл мұраларын зерттеу, сұрыптау, жинау жайлы филология ғылымының докторы Есмағамбет Ысмайыловтың баяндамаларында халқымыздың қаһарман өмірінде халық дарындарының айырықша роль атқаратындығы атап көрсетілді.

— Халық ақындары, — деді М. Қаратаев, — қашан да өз өнеріне ел өмірін, халықтың арман, тілегін, түйінді мәселелерді арқау етіп келеді. Отанымыздың ілгері басқан әрбір қадамына олар іле жалынды жырларымен үн қосып, совет адамдарын ерлік еңбекке, қайсарлыққа, баатырлыққа баулиды.

Шынында да ауыз әдебиетінің советтік дәуірдегі көрнекті өкілдері — суырып салма ақындардың данышпап Коммунистік партия мен жеңімпаз совет халқын, оның коммунизмге қарай алға басқан жедел қарқынын жырлауда атқарған еңбегі орасан зор.

Мәслихаттың бір тамашасы, ол тек баяндама мен жарыс сөзден ғана құралмай, нағыз өнер сайысы, талант таразысы, думан той болып өтті.

... Сәл қарлығыңқыраған, бірақ әлі де тот баспаған болат шыңылындай күшті дауыс үдере көтерілгенде үйдегілер де, тұс киізі түрілген кереге сыртынан, жабықтан қараған қалың топ та сілтідей тына қалды.

Ау, бейбіт жайлау, өрісте мал өседі,  
Заманаға ылайық бала өседі.  
Жетеміз коммунизм асқарына, —  
Адамзат игілікті келешегі.

Пау, шіркін, кәрі тарлан әлі де мұқалмаған екен-ау! Қайтсін-ай! Үдет! Шырқа, шырқа, сабазым! — деген дауыстар тұс-тұстан ду ете түсті. «Шын жүйріктің бүйірі дуда қызар» деген емес пе. Қарт ақын домбырасын шерттіп-шерттіп, ақ шалғын шоқша сақалын алға изей, иегін тәкаппар көтеріп, шабыттана қомданды да шырқай жөнелді. Қараторы дөңгелек жүзді, қияпатты келген осынау қария бір кезде күллі Әулиеата, Жетісуда, одан әрі Бетпақ шөлінде ойын-сауықтың гүлі болған әйгілі ақын Есдәулет Кәндеков еді. Домбыраның соңғы әуезі үзілмей жатып, Қазақстанның халық ақыны Үмбетәлі Кәрібаев термелей женелді:

Сөйле, бұлбұл қызыл тіл,  
Таңдайымда тынасың.  
Сәлемет тәнің сау болса,  
Сән-салтанат құрасың.  
Халкым сүйіп қаласа,  
Сөйлемей неге тұрасың.  
Советтік Ұлы Отаннан  
Ұшты көкке лашын...

Халық саңлақтары бірінің әуенін бірі іле жөнеліп, бәйгеге қосқан сәйгүліктердей, саңқылдата соқты өлең-жырды. Атыраудың ардагер жыршысы Құмар Жүсіпов мүдірмей, бипылдата, дікілдете, екпіндете лек-легімен желдірмені төкті. Одан кейін Рахметолла Тоқтарбаев езі туып-өскен Алтайдың тамаша сұлулығы мен сарқыл-

мас байлығын асқақтата мақтайды. Оның сазы екпінді речитативтен гөрі байсалды, сабырлы. Ойлы өлеңге, сөзді көздеген нысанаға дөп тигізуге машықтанған егде ақын. Оңтүстіктің сырбаз ақыны, сырнаймен үн қосқанда дабылдатып, дауысын құбылта, аққу үніндей әсем бір әуезбен қайыратын парасатты қарт Белгібай Бектұрғанов Кенен ақынды қағыта жырлайды. Енді бір сәтте Абайдың немересі Әрхам Ысқақов нақыл, ғақлия сөздерді тақпақтай жөнеледі.

Дәл биыл келіп тұрмын сексен бірге,  
Сексен бір ұқсайды екен көк сенгірге.  
Өзімше жас жігіттей болдым бүгін,  
Сайрандап отырған соң көппен бірге.

Бұл — Арқаға аты шыққан, әйгілі Қарағандының қарт ақыны Болман Қожабаев. Мұртының қос жебесі қарлығаштың қанатындай Алматы ақыны Мұқаш Байбатыров, күңірене ән шырқаса кең сарайды дірілдеткен қарт әнші Қали Байжанов, Шығыс тілдерінің біразына ғұлама, эпикалық поэмалар жазған Шәкір Әбенев, Тың өлкесінің теңіздей толқыған мол астығын жырына арқау еткен Аманжол Әлжанов пен Ереймен ақыны Меркемедіденұлы Бекболат, семейлік Тәңірберген Әміренов пен павлодарлық Нұрлыбек Баймұратов, — бәрі де туған елдің ұлылығын, халқымыздың бақытты тұрмысын тебірене жырлайды.

Мәслихаттың үшінші күні болған айтыс өте қызық. Ақындардың ақсақалы Кенен Әзірбаев өзімен өкшелес келе жатқан құрбысы Халима Өтеғалиеваны әзілмен қағытып, айтысқа шақырды. Халима жеңгей де тайсалмай топқа түсіп, әзілге әзілмен жауап берді. Екі қарияның қуақы, күлдіргі, әзіл-сықақ аралас жыр бәсекесіне жұрт ду күліп, рахаттанып қалды. Ұлытаудың Болманы Оңтүстіктің Желеуімен, халық ақыны Қалқа Есдәулетпен, Нұрлыбек Белгібаймен айтысты. Он ақын екеу-екеуімен шаруашылық, мәдениет, тұрмыс саласындағы олқылық, кемшіліктерін жырға қосты. Айтыстың ең бір құнарлысы жастардан шықты. Семейдің дарынды талапкері Қалихан Алтынбаев Жетісу ақыны Әбікен Сарыбаевпен айтысқанда, жиналған жұрт бұл екеуінің суырып салма шеберлігіне, сөз тапқырлығына, әлеуметтік мәнді мәселелерді көтере білетіндігіне, ақындық мәдениетінің



жоғарылығына дән разы болды. М. Қаратаев айтқандай, кейбіреулердің: «халық мәдениеті өрге басқан сайын, айтыс, суырып салу бірте-бірте жойыла береді, ол жас ақындарға онша тән қасиет емес» деген желеулерінің орынсыз екенін осының өзі айқын көрсетті.

Совет ақындары халық ақындарының мол қазына, өрен шеберлігінен үйреніп өсті. Иса мен Нартай бір кезде ауыз әдебиеті мен жазба поэзияның арасында дәнекер боп, халықтың небір асыл мұра, ардақ дәстүрлерін өз творчествосына қорек еткен болатын. Тамаша ақын Қасым Аманжолов та өз шабыты мен шеберлігінің сарқылмас көзі халық поэзиясы деп есептеген. Ғалым ақын Әбділда Тәжібаевтың айтысты ашардағы бұл сөзі тарихи шындықтан туған. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші секретары Ғабит Мүсірепов өзінің қорытынды сөзінде халық ақындарының творчествосын өрістете беру жөнінде түбірлі-түбірлі бірсыпыра мәселелерді қамтыды. Ел арасында, — деді ол, — дарын иелері өте мол, оларды дер кезінде көтермелеп, туындыларын көп игілігіне айналдыруға қамқоршы болуымыз керек. Оның ең басты жолдарының бірі — ақындар айтыстарын жандандыру.

Алдағы жылдарда халық ақындарының республикалық слеті өтпек. Оның алдында жер-жерде аудан мен аудан, облыс пен облыс, жеке ақын мен жеке ақын арасында айтыстар болып ең таңдаулылары, суырыла тартып озып шыққандары ғана астанаға келетін болса, онда республикалық айтыс өте мәнді қызғылықты болған болар еді. Ескеретін бір жай, соңғы жылдары айтысқа келген ақындар айтатын сөздерін алдымен жазып алып, майданға шыққанда бір қолында домбырасы, бір қолында қағазы отыратын әдет шықты. Айтыстың осындай түріне ғана ойысу онша пайда бермейді. Ол ақындардың ұшқырлығына ұтымды сөзді табан астында тауып кетуіне нұқсан келтірмек. Мұндай түрді де жойып жібермей, бірақ, абзалы ауызекі еркін айтысқа көбірек бой ұрған жөн. Ондай дарын иелерінің арамызда бар екенін осы мәслихат айқын көрсетті. Сонымен қатар әр ақынның стиль, машық ерекшелігін ескерген жөн. Біреу қайым айтысқа, біреу әлеуметтік—эпикалық айтысқа, біреулер жүйріктік-тапқырлық айтысқа ұста болуы мүмкін. Айтыстың түр-түрін қатар дамытқан дұрыс. Оның үстіне, бір тақырып төңірегінде талай ақын суырып салып өлең шығар-

са, «мүшәйра» айтыстың да етек алуы мүмкін. Оған ақындарды өнер машығына қарай сұрыптап, іріктеп шығарудың пайдасы мол. Белді ақындардың тәуір туындыларын жаттап алып, ел арасындағы ойын-тойларда нәшіне келтіре орындаудың да қажеті зор.

Айтыс кезінде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің секретары Н. Жанділдин жолдас қатысты.

Мәслихат өтісімен, Жазушылар одағының президиумы халық ақындарына творчестволық көмек беру жөнінде арнаулы мәселе қарады. Бірсыпыра адамдарды Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне алу, Қазақстанның халық ақыны құрметті атағына ұсыну ұйғарылды. Қазақтың көркем әдебиет баспасы халық ақындарының екі томдық жалпы жинағын және біраз адамдардың жеке кітаптарын басып шығаруға уәделесті. Ел арасында атағы кең тараған дарынды жыршылардың өлең, дастандарын жиі-жиі жариялап тұру «Жұлдыз» журналы мен «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторларына тапсырылды. Халық ақындарымен байланыс жасап, көмек көрсетіп отыратын арнаулы комиссия құрылып, оның председателдігіне Сапарғали Бегалин бекітілді.

Коммунистік партияның елімізде коммунизм орнатудың нақты жолдарын белгілеген Ұлы Программасының жобасында әдебиет пен өнер қайраткерлеріне орасан зор міндеттер жүктеледі. Бұл міндетті орындауға «орақ ауызды, от тілді» майталман халық ақындарының атқаратын ролі өте үлкен.

Заманымыздың ұлылығын, коммунизм адамының тамаша қасиеттерін, ерлік бейнесін асқақтата жырға қосыңдар, дарын иелері.

*«Қазақ әдебиеті», 11 август 1961 ж.*

*Ш. ҚҰМАРОВА*

### **ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫНЫҢ МӘСЛИХАТЫ**

Алматыда, Қазақ ССР Ғылым академиясы Әдебиет және өнер институтының ұйымдастыруымен, поэзиямыздың карт саңлақтары халық ақындарының мәслихаты болып өтті. Ақындар бұл жолы ел өмірінің аса бір елеулі

шағында, бүкіл совет халқы, жер жүзіндегі адал ойлы адам баласы заманымыздың асқан ұлы документі — КПСС Программасының жобасына көңіл аударып, зер салып отырған кезінде жиын құрды. Республикамыздың жер-жерінен шақырылған ақындардың басын қосып пікір алысу, кім нені жырлайды, қалай жырлайды, өскелең әдебиетіміздің алтын қорына қосылатын асыл жыр, терең толғауларды жинау ақындардың творчестволық шабытына шабыт қосып, қиялына қанат жалғарлықтай партияның ұлы Программасының мазмұнын кеңінен ұғындырып, ұлы мақсат үшін қызмет етуге жұмылдыру — мәслихатта сөз болған келелі міндет те осы еді.

Міне, осындай игі істің басына тұғырынан түлеп ұшқан жас майталман Қалихан Алтынбаевтан бастап, поэзия алыбы Жамбылдың ізбасарлары, дәмдес-тұздас шәкірттері — Кенен, Үмбетәлі сияқты ақындар ағасы болған қариялар да жырға толы қоржындары мен домбыраларын өңгере кепті. Сонымен бірге, астықты Тың алқаптан Меркемелиденов Бекболат, Әлжанов Аманжол, өрісі малға толы, қамбасы дәнге толы, өнер ордасы болған Семейден Әрхам Ысқақов, Шәкір Әбенев, Тәңірберген Әміренов, ақ алтынды Оңтүстіктен сырнаймен ән қосқан Белгібай ақын, мұнайының мұнарасы көк тіреп, теңізін балық кернеген Гурьевтен ақын-жырау Құмар Жүсіпов, сексен көлді Көкшетаудан — Жұматай ақын, қара алтынның түпсіз мекені Қарағандыдан Майасар Жапақов, Талдықорғанның қарт дауылпазы, атақты «Қалқа» әнінің авторы — Қалқа Жапсарбаев, сөз зергері Халима Өтеғалиева, тағы басқа әр облыстың да өкілдері келген.

Мәслихатты ашқан Академияның Әдебиет және өнер институтының директоры М. Базарбаев «Ақындардың коммунистік құрылыс дәуіріндегі міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасау үшін сыншы М. Қаратаевқа сөз берді.

Баяғы заманнан бері халықтың мұң-мүддесін, ой-арманын жырмен, өлеңмен кестелеп келген ақындар бүгінгі таңда да ел үшін, халқының игі мақсаты үшін қызмет етеді, дей келіп баяндамашы: халық ақындарының тек өзара айтысып қана жүрмей, поэзияның басқа да жанрларында, мәселен, толғау, жыр, дастан сияқты түрлерінде еңбектеніп келгенін де айтты, қазіргі еңбек ерлерін, заманымыздың жақсы адамдарын халық ақындары тебі-

рене, толғай жырлап, үлкен дастандар, терен толғаулар жазу үстінде. Сөзінің соңында баяндамашы өткен ғасырда Маркс пен Энгельс Европаны коммунизм елесі кезіп жүр деп жарияласа, бүгін ол елес емес, бейнелі алып тұлға болып, көз алдымызда көрініп тұрғанын, өмір шындығына айналғанын, мұны дана партиямыздың ұлы Программасы айқындап ашып бергенін айта келіп, кәне, осы ұлы документ жөнінде ешкімнің аузына түспеген жаңа сөз, тың пікір айтыңыздар, елді асыл сөзбен ұйытыңыздар деп ақындар қауымына жора салды.

Келесі сөз, — ақындарды жырмен құттықтау — Кенен Әзірбаевқа берілді. Жасы сексенге келсе де дауысы мүлтіксіз әнші-ақын өзінің ашық кең үнімен:

Зор бақытқа жеткізген,  
Еркін еңбек еткізген,  
Жеңістерге бастаған,  
Қиындықтан саспаған.  
Рахмет саған, партия, —

деп өзінің Коммунистік партияға, Отанға деген мол алғыстың шексіз ризашылдығын толғап, жол бастады да, сөзді өзге ақындарға тастады.

Қызылордалық Таубай Қирабаев:

Таң атып, Октябрьде түсті жарық,  
Еңбекші нұр бақытты құшты анық,  
Жетеміз коммунизм аскарына  
Партия сара жолды берді салып, —

деп шырқады.

Майасар Жапақов:

Уа, құрбым замандас,  
Көз жіберші, ойлашы!  
Қазақстан емес пе,  
Мол байлықтың қоймасы!  
Қойма көзін ашушы —  
Коммунистік партия! —

деп бастап, Қазақстанның табыстарын толғана жырлап өтті.

Бұлардан басқа да ақын-жыраулар асқан шабыттың шалқарында жүзгендей, советтік ұлы заман туралы сөз маржанын төкті. Олардың барлығының да әр дауыспен бір мағынада айтар тақырыбы — өз облысының қол

жеткен табыстары, жетіжылдықтың шам-шырақтары, әлемді таң қалдырған советтік тұңғыш космонавт Гагарин, кемеңгер Ленин, ұлы партия.

Партия нұсқаған коммунистік жарқын келешек, ұлы Программа жобасында көрсетілген алып адымды жиырма жыл! — ақындардың ойына оралып, кестелі сөз орамына ілінген басты үн де, тақырыбы кеңейген замана поэзиясының өкілдерінің бүгінгі өресі биік, көз қарасы кең, ұғымы терең халық ақындарының жырлаған жыры, толғанған толғауы, шерткен дастаны да осы еді.

Ақындардың мәслихатында профессор Е. Ысмайылов «Ауыз әдебиетінің асыл мұраларын зерттеу, сұрыптау, жинау міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасады.

Мәслихаттан кейін халық ақындарының айтыс өлеңдері болды, олардың ең таңдаулы өлеңдерін жазып алу жұмысы жүргізілді. Академияда олардың сұрақтарына жан-жақты жауаптар берілді, елден келген қарт ақындар астананың тамаша жайларын аралап көрді.

Жақында ғана қазақ республикасының 40 жылдық мерекесіне байланысты бірнеше кісіге Қазақ ССР Жоғарғы Совет Президиумының Указы бойынша Халық ақыны деген құрметті атақтың берілуі де, республиканың Ғылым академиясының бүгінгі күні халық ауыз әдебиетінің белгілі өкілдерінің бас қосып, осындай мәслихат өткізуі де — мұның бәрі халық поэзиясының дамуына партия мен үкімет тарапынан, бүкіл жұртшылық тарапынан қамқорлық жасалып, үнемі назар аударылып отыратындығына мысал. Сондықтан да бұл мәслихаттан соң Академияның Әдебиет және өнер институтының ғылыми коллективі, республиканың Жазушылар одағы болып халық поэзиясының асыл шығармаларын әдебиетіміздің қорына ендіре беру, халық арасында өсіп жетілген таланттарды тауып, тәрбиелеу, осының бәрін творчестволық тұтас істің игі бір тарауы ретінде жүргізу жөнінде келелі жұмыстар істеуге тиіс екендігін көрсетеді.

*«Социалистік Қазақстан», 6 август 1961 ж.*

## МАЙТАЛМАҢДАР МӘСЛИХАТЫ

Өнер көзі — халықта дейміз. Иә, өнердің неше бір асыл-інжу маржандары қарапайым халықта. Ол да бір сарқылмайтын бұлақ қайнарындай мөлдір де тұнық, таусылмайтын шыңыраудан көз тартады. Астанамызда үш күн бойы халық ақындарының мәслихаты болып өтті. Бұл мәслихат халық поэзиясының алыбы Жамбыл қатысқан сонау қыркыншы жылдардағы кеңестен кейінгі үлкен бас қосу еді. Осындай бас қосудың болатын кезі келген. Сондықтан да Қазақ ССР Ғылым академиясының Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлерінің ұйымдастыруымен ел ақындарының мәслихатын өткізу ұйғарылды. Еліміз, халқымыз қашаннан да нелер дүл-дүл шешендермен, нелер бұлбұл әншілерге бай. Олардың асыл тастай әдемі сөздері көп ұлтты совет әдебиетінің, оның ішінде фольклорымыздың бай қазынасына келіп қосылып, оның кемерін кеңейте түседі. Айтыс дәстүрі ежелден келе жатқан халықтық дәстүр. Бұл совет үкіметі тұсында Жамбыл, Нұрпейіс бастаған ел жүйріктерінің атсалысуымен өсіп, дамып, жетіліп жаңа мазмұнға, жаңа түрге ие болды.

Қазір қырық жылдық белеске шығып отырған шағымызда өміріміз де, өнеркәсібіміз де, өлкеміз де, өзіміз де табыстан-табысқа жетіп көктем гүліндей құлпырған шағымызда халық фольклоры жаңа бір арнаға түсіп дамыды. Халық ақындары Жамбыл бастап берген елді жырлау, оның ер еңбекті адамдарын жырлау дәстүрін дамытып келеді. Халық ақындары: Кенен Әзірбаевтың, Омар Шипиннің, Үмбетәлі Кәрібаевтың, Қалқа Жапсарбаевтың көркем де терең мазмұнды жырлары советтік Қазақстанды, оның өрге өрлеген өнеркәсібін, Тың өлкедегі дән теңізін, еңбегімен елді сүйсінткен ерлерді жырлайды.

Соңғы жылдары айтыс дәстүрі күрт қаулап өсті. Мәселен, аудан мен аудан, колхоз бен колхоз, облыс пен облыс ақындары өзара айтысқа түсіп жүр. Олардың көпшілігі жас таланттар екенін ескерсек советтік фольклордың, қазақ халқының игі дәстүрінің алға алып барушылары бар екеніне көзіміз жетеді. Бұған өткен жылы баспадан шыққан «Ақындар шықты айтысқа» атты кітап

дәлел. Сол жинақтағы айтыстарды оқып отырсаңыз айтыстың ауыл арасы, үй маңында, тар шеңберде қалып қоймай, қоғамдық мәселелерді қозғап, жетістігі мен кемшілігін салыстыра отырып, өнер сынасатынына сүйсінесіз. Ендеше осы бір дәстүрді дамыту керек. Міне, мәслихат осындай ойларды қозғаған еді.

Мәслихатқа көптеген облыстардан ақындар қатысты. Халық ақындарының бүгінгі таңдағы міндеті жайлы, советтік халықтық фольклордың дамуы жайында бөлім бастығы Мұхамеджан Қаратаев пен профессор Есмағамбет Ысмайылов баяндама жасады. Бұл мәслихатқа Кенен, Қалқа, Үмбетәлі сияқты Жамбылды көзі көріп, сөзін естіген кәрі тарландар қатысты. Мәслихаттың алғашқы күні халық ақындары өздері шығарған өлең-жырларын, толғау термелерін айтып берді. Үмбетәлі Гагарин туралы, бүгінгі қазақ елінің табысын толғаса, Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданынан келген Рахметолла Токтарбаев бүгінгі алтынды Алтайдың асыл қазынасы жайлы шабыттана жырлады. Ал Жамбыл қарттың шәкірттерінің бірі Есдәулет ақын Қазақстанның табысын айта келіп, бүгін отпен ойнап отырған американ империалистерінің адамзатқа жат жексұрын қылықтарын, арам ниеттерін әшкереледі. Сондай-ақ Семей облысынан келген Тәңірберген Әміренов, Қарағандылық Көшен Елеуов, қарт ақын Майасар Жапақов Коммунистік партия туралы, Отан туралы, ел байлығы, жер байлығы туралы шығарма, терме өлеңдерін жиналған көпшілікке айтып берді. Бұл жерде айта кететін бір жай халық ақындары қандай жыр, қандай терме айтпасын бәрінде де Коммунистік партияның ұлы қуатын, әкелік қамқорлығын, бүгінгі табысымызды өз жырларына арқау етті. Сондай-ақ бүгін бүкіл халқымызға жігер кұйып отырған Коммунистік партияның Программасын да, әлемді таңдандырған тұңғыш космонавт Юрий Гагариннің ерлігін де асқан махаббатпен шебер жырлайды.

Мәслихатқа қатысушылар бұрын ел арасында ғана белгілі болып, әлі қағаз жүзіне түсе қоймаған халық ауыз әдебиетінің ескі мұраларын да айтып берді. Мәселен, Гурьевтен келген қарт ақын Құмар Жүсіпов Қашаған ақынның Ізбасар ақынға айтқанын, ал Павлодардан келген Мұқаш Кәрібаев бұрын көп естіле бермейтін «Иран бағы», «Алтын шоқ» сияқты әндерді шеберлікпен шырқады.

Мәслихаттың соңғы күнінде халық ақындары өзара өнер жарыстырды. Мұның ішінде әсіресе, жас ақындар семейлік Қалихан Алтынбаев пен алматылық Әбікен Сарыбаевтың айтыстары жырларының мәнділігімен, көркемдігімен, өткірлігімен, тапқырлығымен тыңдаушыларын қатты сүйсіндірді.

Бұл екі жас болашағынан үлкен үміт күттіреді. Бұларда халық ақындарына тән суырып салмалық та бар. Өзірге айтыстың — қайымдасу айтысының жақсы үлгісін Қалқа ақын мен Есдәулет ақын көрсетті. Бір-бірін жеңіл әзілмен қаға отырып, олар өз облыстарының табыстарын мақтана жырласа, кемшіліктерін шын жеткізіп, тапқыр сөзбен сынап та отырды.

Халық айтысының майталман өкілдері ретінде Оңтүстік Қазақстаннан келген Желеу Жақыпов пен Көкшетаулық Жұматай ақын да өздерін танытты. Мәслихатқа қатысқан қарт әнші Қали Байжанов та өзінің әншілік өнерін жиналған көпшіліктен іркіп қалмады. Осылайша ақындар мен жыраулар үш күн бойы астанамызда өнер көрсетті.

Мұның бәрі халқымыздың ауыз әдебиеті мұраларына әлі де бай екенін байқатады. Тек қана осы бір таланттарды уақытында тәрбиелеп, тың арнаға салып, жаңа міндеттерді жүктеп отыруды тілейді. Жасыратыны жоқ халық ақындары әлі де Жазушылар одағының көзінен сыртқары қалып келеді. Мәслихаттың соңында сөйлеген Қазақстан Жазушылар одағының бірінші секретары Ғабит Мүсірепов халық ақындарына деген қамқорлықтың күшейе түсетіндігіне уәде берді. Бұл мәслихат келесі жылдарда болатын үлкен бас қосудың увертюрасы сияқты болды. Халық ақындары өз міндеттерін айқын түсініп, жаңа күш, жаңа жігер алып қайтты елдеріне. Ендеше өнерлері өркендеп, жемісті болсын.

*«Лениншіл жас», 9 август 1961 ж.*



## КІТАП ҚАЗЫНАСЫНАН

Халық ақындарының шығармаларын жинау, жарыққа шығару және зерттеу жұмыстары Октябрь революциясының алғашқы күндерінен бастап-ақ қолға алынды.

1920 жылы ССРО Халық Комиссариатының қаулысы бойынша ұйымдасқан Қырғыз (қазақ) Оқу Халық Комиссариаты, Академиялық орталық коллегия, Қырғыздың ғылыми комиссиясы, Аймақты зерттеу қоғамы, Орталық аймақ тану бюросы деген мекемелер жас республиканың мәдени жұмыстарын басқарды. Олар 1920—1922 жылдардың өзінде-ақ қазақ ауыз әдебиетін жинау, оны бастырып шығару жұмыстарына көңіл бөлді.

1920 жылдары Жетісу өлкесіне, Сырдария маңына экспедициялар шығарып, көптеген материалдар жинады. Экспедицияны көрнекті ғалым Әубәкір Диваев басқарды. Олар Кенен Әзірбаевтың, Өмірзақ Қарғабаевтың тағы да басқа авторлардың совет тақырыбына арналған өлеңдерін жазып алды. Сол жылдары жоғарыда аты аталған ұйымдардың тапсыруымен мұғалім Шамғали Сарыбаев, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ілияс Жансүгіров, Тұрманжан Өтебаев секілді жазушылар да ауыз әдебиеті материалдарын жинады. Сөйтіп Ұлы Октябрь революциясынан кейін халық қазынасын жинау, зерттеу жеке ақындардың ісі болмай, мемлекеттік іс болды, оларға партия мен үкімет басшылық етті.

1921 жылы өткен РК(б)П X съезінің баспа жұмысы жөніндегі қаулыларынан кейін газет-журнал беттерінде жазба ақындардың ғана шығармалары жарияланып қоймай, ел ақындарының да өлең-жырлары тиісті орын алды. Мысалы, 1920 жылдардағы баспа беттерінде Иса Байзақов, Қайып Айнабеков, Ыбырай Сандыбаев, Қуаныш Баймағамбетов, Төлеубай Үркімбаев, Сәттіғұл Жанғабылов, Жәмел Аймурзин, Саяділ Керімбеков, Оспантай Есхожаев, Құбайыс Қаратаев тәрізді ел ақындарының толғау-жырлары шығып тұрған.

Иса Байзақовтың «Қойшының ертегісі» атты поэмасы — «Қызыл Қазақстан» журналының 1924 жылғы 4-санында, «Құралай сұлу» дастаны сол журналдың

1925 жылғы 2-және 3-санында, «Алтай ертегісі» — «Таң» журналының 1925 жылғы 2-санында, Қуаныш Баймағамбетовтың «Мария, Мағауия» дастаны — «Әйел теңдігі» журналының 1926 жылғы 7—10, 11-сандарында жарияланған.

Бұл жылдары ел ақындарының шығармалары да өз алдына жеке кітап болып жарық көре бастады.

1927 жылы Октябрь революциясының он жылдық мерекесіне арнап, жазушы Сәбит Мұқанов «Ақындар шашуы» атты кітап құрастырды. Жинақтың көлемі 172 бет. Кітап екі бөлімнен тұрады, бірінші бөлімі — өлеңдер, екінші бөлімі — әңгімелер. Оның 38 өлеңі — Октябрь революциясының мерекелеріне, 7—8 өлеңі Ленинге арналған. Жинақта халық ақындарының да өлеңдері бар, өйткені жинаққа кірген «Ленин» деген өлеңге берілген бір түсінікте: «Бұл өлеңді Қарақалпақ облысының Төрткөл округінде тұратын Қара Шоқыр қыстағының бір тұрғыны 1926 жылы Май мейрамына арнап, облыстық партия комитетіне әкеп берген»<sup>1</sup> делінген.

«Бұл тарихи шашу» деген кіріспе мақалада Сәбит: «Менің қолыма айналасы 400-ге жақын өлең, 10-ға жақын әңгіме түсті, оларды 300-ден астам кісі жазған, ішінде 4—5 өлең жіберіп, қай таңдағаныңды ал, дегендер де бар»<sup>2</sup>, — дейді.

Міне бұл цифрлардың өзі совет дәуірінің алғашқы жылдарында-ақ Октябрь революциясының ұлы жеңісі, Коммунистік партияның кемеңгер көсемі Ленинге арналған жырлардың көбейе бастағандығын көрсетеді.

1928 жылы жарық көрген «Ленин» атты жинақтың құрастырушысы да С. Мұқанов. Онда 73 өлең, 4 әңгіме басылған.

Кітапқа Иса Байзақовтың — «Қош, Ленин», Сәттіғұл Жанғабыловтың «Дирек тигелі», Қайып Айнабековтың «Керек едің», Әміре Сұлтанмұратовтың «Еңбекші таптың Ленині» деген өлеңдері кірген.

«Тарихи тема» деген кіріспе мақалада Сәбит: Жинақты баспаға әзірлер алдында ол жөнінде «Еңбекші казак» газетінде құлақтандыру жарияланғанын, одан кейін редколлегия алқасына «Құлақ естіген жерден

<sup>1</sup> «Ақындар шашуы». Қызылорда, 1927, 79-бет.

<sup>2</sup> Сонда, б-бет.

өлеңдер» келгенін, «өлеңдердің бірсыпырасы ел шаруаларынікі»<sup>3</sup> екенін жазады.

1927 жылы Қайып Айнабековтың — «Қырдың қызыл гүлдері», 1928 жылы Қуаныш Баймағамбетовтың «Кедей жыры» атты жинақтары Қызылордада жарияланды.

1930 жылы шыққан «Он жылдықтың олжасы» атты жинақта да ел ақындарының өлеңдері басылған.

1931 жылы Сәкен Сейфулиннің құрастырған «Қазақтың ескі әдебиет нұсқаларының» I жинағында Жамбылдың Құлмамбет ақынмен айтысынан үзінді және «Жабай батыр» деген эпикалық жыры басылған.

1933 жылы Семейде Иса Байзақовтың «Ұлы құрылыс» атты поэмасы жарық көрді.

Сол жылы Қазақстанды зерттеу, Аймақ тану қоғамдарының орнына Ұлт мәдениетін ғылыми зерттеу институты ұйымдастырылды. Бұл институт 1935—1936 жылдары Қазақстанның әрбір жеріне арнаулы экспедициялар шығарып тұрды.

1935 жылғы экспедицияның материалдары негізінде «Қазақ совет фольклоры» жарық көрді. Мұның редакциясын басқарған Сәрсен Аманжолов. Жинаққа Саяділ Керімбековтың «Өшкен — жанды» поэмасы, Қуаныш Баймағамбетовтың «Арнау» атты толғауы кірген. Ал, бірқатар өлеңдердің авторы белгісіз. Қамтылатын тақырыптар: Әйел теңдігі, жер бөлісі, ерікті қойшы, т. б.

Кітапқа «Фольклор туралы» деген алғы сөз жазылған. Онда: «Көп асыл сөз мұралары әлі ғылыми зерттеу орындарына жете алмай, әдебиетшілер, тарихшылар ортасына түсе алмай, елдің алыстағы түкпірінде»<sup>4</sup> жатқандығын айтады.

1935 жылы Қазақ автономиялы республикасының XV жылдық мерекесіне байланысты қазақ және орыс тілдерінде «Қазақстан» деген жинақ шықты. Бұл жинақта да халық ақындарының өлеңдері басылды.

1937 жылы Октябрь революциясының 20 жылдық мерекесіне арнап «Правда» баспасы шығарған «Народное творчество СССР» атты жинаққа Совет Одағында тұратын әр ұлт өкілдерінің өлең, жырлары кірді. Оның

<sup>3</sup> «Ленин жинағы». Қызылорда, 1928, 17-бет.

<sup>4</sup> Қазақ совет фольклоры. I-т., Алматы, 1935, 5-бет.

ішінде Жамбылдың, Әріп Тәңірбергеновтың тағы да басқа ел ақындарының өлеңдері бар.

1937 жылы «Қазақ халық ақындарының өлеңдер жинағы» басылды. Кітапта он жеті ел ақынының отыз өлеңі, бес поэмасы басылған, көлемі — 158 бет.

1937 жылы Қазақстан көркем әдебиет баспасы «Жамбылдың өлеңдері» жинағын екі тілде бірдей орысша-қазақша бастырып шығарды. Сол жылы Москвадағы Совет жазушыларының баспасы Жамбылдың «Жырлары мен поэмалары» деген жинағын орыс тілінде жариялады.

1938 жылы ССРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы құрылды. Оның жанынан Тіл және әдебиет секторы ашылып, сектор Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1938 жылғы 25 майдағы қаулысы бойынша халық поэзиясының алыбы Жамбылдың есімімен аталды. Ұлт мәдениетін ғылыми зерттеу институтына түскен материалдар енді сектордың қолжазба қорына айналды.

Сектор жыл сайын Қазақстанның әрбір облысына арнаулы экспедициялар шығарып, соңғы кезге дейін белгісіз болып келген көптеген ел ақындарын анықтады. Ескі ауыз әдебиет үлгілерін жинады.

1938 жылы Жамбылдың «Өлеңдер мен поэмалары», «Кавказға саяхат», «Өлеңдер мен жырлары» деген жинақтарын Москвадағы Көркем әдебиет баспасы орыс тілінде басып шығарды. Кітапқа М. Қаратаев кіріспе мақала жазды.

ССРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы Жамбылдың «Сұраншы батыр» атты жинағын 1939 жылы қазақ тілінде, 1940 жылы орыс тілінде бастырып шығарды.

1940 жылы Жамбыл «Шығармаларының» бірінші томы шықты. Оған проф. Есмағамбет Ысмайылов «Жамбылдың өмірбаяны» деген кіріспе мақала жазды.

1939 жылы Нұрпейіс Байғаниннің «Өрістеген өмір», 1940 жылы «Шығармалар жинағы», 1939 жылы Саяділ Керімбековтың «Өлеңдер жинағы», 1940 жылы «Бес мылтық» атты поэмалар жинағы, 1939 жылы Иса Байзақовтың «Алтай аясында», 1941 жылы «Кавказ» атты поэмалары; 1939 жылы Айманкүл Тәжібаеваның «Ана даусы» атты өлеңдер жинағы басылды. Мұнымен қатар халық ақындарының өлеңдері, поэмалары аудандық,

облыстық, республикалық газеттерде және журналдарда да жарияланып отырды.

1939 жылы Москваның Көркем әдебиет баспасы «О В. И. Ленине» деген екі томдық жинақ шығарды. Оған Жамбылдың, Әлібек Бәйкеновтың, Әріп Тәңірбергеновтың, Кенен Әзірбаевтың өлеңдері кірген.

1940 жылы Қазақстанның XX жылдық мерекесіне байланысты «Тарту», «Қазақстан» деген жинақтар шықты. Бұл жинақтарға да халық ақындарының өлеңдері енген.

1940 жылы Москвада басылған «Дала жыры» атты қазақ әдебиетінің антологиясына Жамбыл, Нұрпейіс, Айманкүл, Кенен, Қуат, Орынбай, Оспантай, Саяділ, Өмірзақ, Өтеп ақындардың өлеңдері кірген.

1941 жылы Москваның Көркем әдебиет баспасы Қазақстанның XX жылдық мерекесіне арнап «Современная казахская литература» атты кітап шығарды. Онда Жамбыл, Доскей, Нартай, Нұрпейіс, Саяділ, Айманкүлдің өлең, поэмалары басылған.

1941 жылы ССРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы Доскей Әлімбаевтың «Толғау», 1942 жылы Шашубай Қошқарбаевтың «Сөйле, Шашеке» атты жинақтарын бастырды.

1941 жылы Қазақтың біріккен мемлекет баспасы халық ақындарының Отан соғысы жылдарында шығарған өлеңдерінен «Халық қаһары» атты жинақ дайындады. Бұл кітап екі тілде шықты.

Отан соғысы жылдарында Жамбылдың бірнеше жинағы жарық көрді.

1941 жылы «Болат тонды батыр» жыры Алматыда, «Жауға оқ» деген жинағы Москвада басылды, оған белгілі әдебиетші Г. Карабельников «Ерлік пен патриотизмді жырлаушы ақын» деген кіріспе мақала жазды.

1942 жылы Жамбылдың «Отан әмірі», «Майдан жыры» атты жинақтары Алматыда жарық көрді.

1943 жылы ССРО Отан қорғау халық комиссариатының баспасы Жамбылдың «Алынбас қамал», 1944 жылы «Соғыс жыры» атты жинақтарын бастырды. Осы жылы Алматыда «Отан соғысы туралы жыр» деген жинағы орыс тілінде шықты, оған С. Мұқанов «Патриот ақын» деген кіріспе мақала жазды.

1945 жылы «Қамал бұзған қаһарман» атты жинағы Алматыда шықты.

1942 жылы Иса Байзақовтың «Поэмалар жинағы», 1943 жылы Омар Шипиннің «Аманкелді» атты поэмасы басылды.

1943 жылы Қарағанды ақындарының бастауымен әр жерде шахта мен шахтаның, колхоз бен колхоздың, облыс пен облыстың айтысы өткізілді. Сол жылы декабрь айында Алматыда Республикалық ақындар айтысы өтті.

1944 жылы Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы сол республикалық айтыстың материалын «Ақындар айтысы» деген атпен жеке жинақ етіп бастырды. Кітапта Ғ. Мүсіреповтың «Сәлемдеме» деген кіріспе мақаласы бар.

Жинаққа «Қарағанды — Семей ақындарының айтысы»; «Алматы — Жамбыл ақындарының айтысы», «Солтүстік Қазақстан мен Қостанай ақындарының айтысы»; «Қызылорда — Оңтүстік ақындарының айтысы» кірген.

1945 жылы Нұрлыбек Баймұратовтың «Ер Төлеген» атты Совет Одағының батыры Төлеген Тоқтаровтың ерлігіне арналған поэмасы жарық көрді.

1946 жылы Жамбылдың жүз жасқа толуы ССР Одағында үлкен мереке болып өтті. Осы мерекеге байланысты Жамбылдың «Академиялық толық шығармалар жинағы» екі тілде басылды. Том С. Мұқановтың «Жамбылдың өмірі және ақындық қызметі» деген зерттеу мақаласымен басталады. Сол жылы Алматыда Жамбылдың «Таңдамалы жырлары» орыс тілінде шықты.

1947 жылы Москва жұмысшысының баспасынан ақынның «Москва туралы жыр» деген жинағы шықты.

1945 жылы Алматыда Нұрпейіс Байғаниннің «Таңдамалы шығармалар жинағы» қазақ тілінде, 1946 жылы орыс тілінде басылды.

1945 жылы Москвадағы көркем әдебиет баспасы шығарған «Современная казахская литература» деген жинақта Жамбыл, Нұрпейіс, Саяділдің өлеңдері бар. Сол жылы Иса Байзақовтың «Ақбөпе» поэмасы жарияланды.

1946 жылы Алматыда «Қазақ совет поэмасы» деген жинақ басылды. Бұған Жамбыл, Нұрпейіс, Доскей, Саяділдің шығармалары кірді.

1945 жылы октябрьдегі Министрлер Советінің қаулысы бойынша, 1946 жылы 1-июльде ССРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы — Қазақ ССР Ғылым

академиясы болып құрылды. Бұрынғы Тарих, тіл және әдебиет институты енді Тіл мен әдебиет институты деп аталды. Халық ақындарының бұрынғы қолжазба қоры институтке берілді. Институт Қазақстанның әрбір облысына, ауданына және Қазақ республикасынан басқа жерде тұратын қазақтар арасына жыл сайын экспедиция шығарып, халық творчествосын жинау жұмысын бұрынғыдан күшейте түсті.

1948 жылы Тіл мен әдебиет институты Омар Шипиннің «Торғай торабында»; Төлеу Көбдіковтың «Алып күшті Отаным», Иса Байзақовтың «Таңдамалы шығармаларын» бастырды.

1950 жылы Нұрпейіс Байғаниннің «Шығармалар жинағының» II томы жарық көрді. Томды құрастырған, алғы сөзін жазған Оразгүл Нұрмағамбетова.

1948, 1950 жылдары Айманкүл Тәжібаеваның «Ана даусы» атты өлеңдер жинағы, 1949 жылы Кенен Әзірбаевтың «Әли батыр» поэмасы қазақ тілінде, 1951 жылы орыс тілінде; сол жылы Ғабдіман Игенсартовтың «Поэма, өлеңдері», «Лавадағы өмір» жинағы; 1950 жылы Нартай Бекежановтың «Домбыра сазы», Омар Шипиннің «Халық атынан», Қалқа Жапсарбаевтың Совет Одағының батыры Мұсабек Сеңгірбаевтың өмірінен алып жазған «Мұсабек Сеңгірбаев» поэмасы; Омар Шипиннің «Өлеңдер» жинағы (орыс тілінде); 1951 жылы Қайып Айнабековтың «Өлеңдер»; Төлеу Көбдіковтың «Өлеңдері», Үмбетәлі Кәрібаевтың «Өлеңдер жинағы»; Саяділ Керімбековтың «Еңбек — ата, Жер — ана», Әбдіғали Сариевтың «Өлеңдер»; Қуат Терібаевтың «Өмір жыры» атты жинақтары, Нұрқан Ахметбековтың «Аманкелді» атты поэмасы жарыққа шықты, сол поэма 1955 жылы түзетіліп екінші рет басылды.

1952 жылы Кенен Әзірбаевтың «Өлеңдері мен дастандары», Нұрқан Ахметбековтың «Жасауыл қырғыны», Омар Шипиннің «Өмір өрнегі»; 1953 жылы «Халық ақындары» атты жинақ басылды. Баспаға әзірлеген жазушы Сапарғали Бегалин. Жинақта қырық алты ақынның өлеңдері мен дастандары бар. Сол жылы Саяділ Керімбековтың «Колхоз бақшасы» атты өлеңдер жинағы шықты.

1955 жылы Жамбыл Жабаевтың «Үш томдық шығармалары»;

1956 жылы Нұрпейіс Байғаниннің «Шығармалар

жинағы»; Иса Байзақовтың «Шығармалары»; Төлеу Көбдіковтың «Шығармалары»;

1957 жылы Жамбыл «Шығармаларының» бір томдығы казак тілінде, 1958 жылы орыс тілінде;

1959 жылы Қалқа Жапсарбаевтың «Жайқоңыр» атты өлеңдер жинағы, «Советтік халық әндері» жарық көрді.

1961 жылы «Қарағанды жұмысшыларының әңгіме жырлары» жинағы;

1955 жылы Төлеу Көбдіковтың «Шығармалары» 1955 жылы Кенен Әзірбаевтың «Шығармалары» (өлеңдері мен дастандары), Омар Шипиннің «Туған жер» атты жинағы;

1956 жылы Қайып Айнабековтың «Шығармалары», Нартай Бекежановтың «Өлеңдері мен айтыстары»;

1957 жылы Нұрлыбек Баймұратовтың «Шығармалары» (өлеңдері мен поэмалары), Омар Шипиннің «Екі дастан», «Тың үстіндегі ту» атты өлеңдері мен дастандары жарыққа шықты.

1957 жылы Октябрь социалистік революциясының 40 жылдық мерекесіне арналып әрбір ауданда, облыста ақындар айтысы өтті. Сол айтыстың материалдары 1958 жылы «Семей ақындарының айтысы» (Семей), «Ақындар айтысы» (Ақмола), «Заман шабыты», (Қарағанды), «Қостанай ақындарының айтысы» (Қостанай), «Ақындар үні» (Орал), «Оңтүстік өңірде» (Шымкент) атты айтыстар жинағын облысаралық әдеби бірлестігі шығарды.

1958 жылы Нұрқан Ахметбековтың «Тосын толғау» (поэма, өлеңдер) жинағы мен бірнеше ақындардың шығармаларынан құрастырылған «Ақындар жыры» атты жинақ; Үмбетәлі Кәрібаевтың «Өлең, толғаулары»;

1959 жылы Нартай Бекежановтың «Термелер» жинағы, Иманжан Жылқыайдаровтың «Жастарым жайна»; Хұсайн Тәксжаповтың «Термелер» (өлеңдер) жинағы;

1961 жылы Кенен Әзірбаевтың «Шығармалар» (өлеңдер мен дастандар), Халима Өтеғалиеваның «Мақтанышым өз елім» атты өлеңдер жинағы жарық көрді.

1962 жылы Үмбетәлі Кәрібаевтың «Өлеңдері мен поэмалары», «Тандамалы шығармалары», Сапарғали Әлімбетовтың «Өлеңдер мен поэмалары», Қалқа



Жапсарбаевтың «Өлеңдер, айтыстар, дастандар» атты жинағы баспадан шықты.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл мен әдебиет институты халық ақындарының шығармаларын экспедиция арқылы жинаумен қатар, 20—30—40 жылдарда «Екпінді» (Семей), «Екпінді құрылыс» (Орал), «Коммунист» (Жамбыл), «Ленин жолы» (Қызылорда), «Ленин туы» (Қызылжар), «Лениншіл жас» (Алматы), «Оңтүстік Қазақстан» (Шымкент), «Есіл правдасы» (Ақмола, кәзіргі «Тың өлкесі»), «Жетісу» (Талдықорған), «Социалистік Қазақстан» (Алматы), «Социалистік жол» (Ақтөбе), «Қарағанды пролетариаты», «Советтік Қарағанды» (Қарағанды), «Социалистік құрылыс» (Гурьев) газеттерінде, «Қызыл Қазақстан», «Әйел теңдігі», «Әдебиет және искусство» («Жұлдыз») журналдарында жарияланған халық ақындарының өлеңдерін жинады. Бірқатар өлеңдер архивтерден, Халық творчествосы үйі, Филармония, Радиокомитет, Музей қорларынан жазылып алынды. Бұл материалдар қазір Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы.

Ал 1952 жылдан бастап жиналған ауыз әдебиетінің үлгілері Әдебиет және өнер институтының қолжазба бөлімінде.

Қазақ ССР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты 1961 жылы «Халық ақындары шығармаларының» екі томдығын әзірледі. Кітап жоғарыда көрсетілген мекемелердің жинаған қолжазба қорынан алып құрастырылды.

Бірінші томда жетпіс шақты ақынның өлең — толғаулары, екінші томда поэмалары мен айтыстары бар. Жинаққа кіріспе, ақындардың өмірі туралы мәліметтер және суреттері берілді.

\*\*\*

1938, 1941 жылдары Москвада шыққан «Русский фольклор» деген оқу құралында академик Ю. М. Соколов «ССРО халықтарының фольклоры» деген бөлімінде Совет Одағындағы халық творчествосының даму жолдарына тоқталады. Соның ішінде қазақ совет фольклоры, Жамбыл шығармалары әңгіме болады.

1938 жылы Москвада шыққан А. Дымщицтың «Лите-

ратура и фольклор» және 1939 жылы Ленинградта шыққан «Советский фольклор», 1939 жылы Ленинградта басылған М. К. Азадовскийдың «Новый фольклор» деген еңбектерінде де ССРО халықтарының совет дәуіріндегі фольклорына, қазақ ақындарының шығармаларына талдаулар берілген.

1934—1940 жылдар арасында шығып тұрған «Советский фольклор» атты мақалалар мен материалдар жинағында; 1937—1939 жылдан бастап шыға бастаған «Дружба народов» деген көркем әдебиет шығармаларының альманағында, «Советская этнография» журналында — қазақ ақындарының шығармаларымен қатар оларды жинау, зерттеу туралы мақалалар басылып тұрды. Бұлардың ішінде Жамбылдың және басқа да халық ақындарының шығармалары жөнінде аз да болса айтылған пікірлер бар.

1938 жылы Мұхтар Әуезовтің " Джембул и народные акыны» деген мақаласы "Литературный критик" журналының 6-санында, Ғабиден Мұстафиннің "Великан народной поэзии» деген мақаласы "Большевик" журналының 5-санында; Л. Соболевтың «Джембул певец степей» деген мақаласы «Иностранная литература» журналының 4—5-санында (ағылшын тілінде) басылды.

Осымен қатар, бұл жылдары бірқатар халық ақындарының творчестволық еңбектерінің мерекеленуіне және олардың жинақтарының жариялануына байланысты жазылған мақалалар да болды. Мұны «Социалистік жол», «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Казахстанская правда», «Актюбинская правда», «Оңтүстік Қазақстан», «Екпінді», «Советтік Қарағанды» газеттерінен көруге болады. «Әдебиет және искусство» журналының 1940—1950 жылдардағы санында Қанапия Мұстафиннің, В. Копытиннің, Е. Ысмайыловтың, А. Тоқмағамбетовтың, О. Нұрмағамбетованың — Нұрпейістің өмірі және творчесвосы туралы бірнеше мақалалар жарияланды.

«Советтік Қарағанды» газетінде ақын Асқар Тоқмағамбетовтың «Жамбыл және Доскен», Сәбит Мұқановтың «Халық ауыз әдебиеті және Доскей». Дәукеевтің «Доскейдің өмірбаяны», Қалмақан Әбдіқадыровтың «Шашубай Қошқарбаев және Доскей», М. Тиесовтың

«Болман Қожабаевтың өмірі мен ақындық қызметі», А. Хангельдиннің «Кенішбай Жұбандықов», Өмірбек Малқаровтың «Кенен Әзірбаев», «Орынбай Таймаиов» туралы мақалалары басылды. Бұлар әрине, ақын өмірін біршама баяндау ретінде ғана жазылған хабарлар есепті.

1946 жылы әдебиет тану ғылымының көрнекті өкілі М. Әуезовтың — «Қазақтың ғасырлық жыры», Сәбит Мұқанов — «Жүз жылдың жыршысы» («Әдебиет және искусство» журналының 6—7-санында), В. Рождественский — «Славо Джамбула» («Казахстан» журналының 10-санында), И. Сильвинский — «Джамбул Джабаев» («Знамя» журналының 10-санында), В. Шкловский — «Столетний Джамбул акын» — («Звезда Востока» журналының 9-санында), Мәулен Балақаев — «Жамбыл шығармаларының тілі» («Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысының» 6-санында), Н. Смирнова, М. Сильченко — «Импровизаторское искусство Джамбула» («Қазақ ССР Ғылым академиясы Хабаршысының» 7—8-санында) деген мақалалары жарияланды.

1946 жылы М. И. Ритман-Фетисов — «Джамбул Джабаев»; С. Бегалин, Ә. Тәжібаев, М. Фетисов — «Жамбылдың өмірі туралы очерктер»; К. Зелинскийдің «Джамбул» деген кітаптары шықты. К. Зелинскийдің кітабы 1955 жылы қайта басылды.

1947 жылы М. Крюковтің «Жыршы ақын Шипин» («Қазақстан» журналының 5-санында), Манап Хасеновтың «Жамбыл поэзиясының тілі» («Әдебиет және искусство» журналының 5-санында) деген мақалалары жарияланды.

1948 жылы «Қазақ ССР Ғылым академиясы Хабарларының» әдебиет сериясында (6-саны) М. Әуезовтың «Жамбылдың айтыс өнері» деген зерттеу мақаласы шықты.

1949 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының III сессиясының «Еңбегінде» Н. Смирнованың «Жамбылдың айтыстары», Е. Ысмайыловтың «Халық ақындарының творчествосы» деген мақалалары жарық көрді. М. Хасеновтың «Иса Байзақовтың өмірі мен творчествосы» деген мақаласы «Әдебиет және искусство» журналының 9-санында басылды.

1949 жылы шыққан «Қазақ әдебиет тарихының»

I-томында Е. Ысмайыловтың «Қазақ совет фольклоры» деген үлкен зерттеу еңбегі бар.

1950 жылы Б. Кенжебаев пен Х. Махмудовтың «Жамбыл» («Қазақ ССР Ғылым академиясы Хабаршысының» 9-санында); Н. Смирнованың «Жамбыл шығармаларындағы Пушкин бейнесі» («Қазақ ССР Ғылым академиясы Хабарларының» 6-санында); Мүсілім Базарбаевтың «Жамбылдың ақындық шеберлігі жөнінде», Әбділда Тәжібаевтың «Жамбылдың қазақ совет поэзиясындағы ерекшелігі» деген мақалалары Қазақ ССР Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар бөлімінің I сессиясының «Еңбегінде»; Е. Ысмайыловтың «Иса ақын» деген зерттеуі «Әдебиет және искусство» журналының 9-санында жарияланды.

1951 жылы Есмағамбет Ысмайыловтың «Импровизатор ақын» атты Иса жөніндегі мақаласы (орыс тілінде) «Қазақ ССР Ғылым академиясы Хабаршысының» 2-санында жарық көрді.

1952 жылы Ж. Тілековтың «Қарт ақын Айнабековтың шығармалары» деген мақаласы «Коммунист» журналының 8-санында басылды.

1953 жылы Москвада шыққан «Академику В. А. Гордлевскому» деген жинақта Н. С. Смирнованың «Об отношении советских казахских акынов поэтическому наследию» деген зерттеуі; Ж. Нұралиевтың «Кенен жырлары»; С. Шаймерденовтың «Қайып ақын өлендері» деген мақалалары, «Әдебиет және искусство» журналының 6-санында шықты. М. И. Фетисавтың «Джамбул Джабаев» деген брошюрасы басылды.

1954 жылы Есмағамбет Ысмайылов «Жамбылдың реализмі» («Әдебиет және искусство» журналының 9-санында), «Жамбылдың реалистік дәстүрі жайында» (сол журналдың 12-санында) деген мақалалар жазды. Сол жылы Х. Сүйіншәлиевтің «Ж. Жабаев қазақ халқының ұлы ақыны» деген кітапшасы жарық көрді.

1955 жылы Тіл және әдебиет институты «Очерки казахской народной поэзии советской эпохи» деген монографиялық еңбек жариялады. Кітапта: совет халық поэзиясының зерттелуі және оның міндеттері, Октябрь революциясына дейінгі қазақ халық поэзиясының озық дәстүрлері, қазақ совет поэзиясының ерекшеліктері, қалыптасуы, социалистік реализм жолындағы күрес, халық шығармалары жөніндегі коммунистік партияның қойған

міндеттері, халық поэзиясының творчестволық өсу жолдары деген мәселелер қаралған. Осы жылы Қ. Жармағамбетов «Жамбыл Жабаевтың өмірі мен творчествосы» деген кітапшасын бастырды. М. Хасеновтың «Байзақовтың ақындығы» деген мақаласы «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысының» 3—4-санында жарық көрді.

1956 жылы Тіл мен әдебиет институтының Халық творчествосы бөлімінің коллективі «Жамбыл творчествосы» деген еңбекті бастырды, онда Жамбылдың өнерпаздығы жөнінде бірнеше зерттеу мақалалар бар.

1957 жылы Есмағамбет Ысмайылов «Ақындар» атты монографиясын қазақ тілінде, 1958 жылы орыс тілінде жариялады, 1959 жылы сол тақырыпқа диссертация қорғап, филология ғылымының докторы деген ғылыми атақ алды. Бұл еңбек профессор Ысмайыловтың ақындар туралы көп жылдан бері зерттеген еңбегінің қорытындысы. Еңбекте — ақындардың тұлғасы, олардың орындау ерекшеліктері, ақын, жырау, жыршы, әнші деген атаулардың ғылыми ұғымы, ақындықты дамыту, жетілдіру, ақындық орта, дәстүр жайы, ақындардың образ жасаудағы ерекшеліктері туралы көптеген проблемалық мәселелер көтерілген.

1958 жылы Хайрөш Ишановтың «1916 жыл және халық поэзиясы», 1960 жылы «Қазақстанда совет өкіметін орнату үшін күрескен ерлер туралы жырлар» деген кітапшалары шықты.

Соңғы жылдары Қазақстанның көрнекті ғалымдары, жазушылары өздерінің көп жылдардан бергі жазған ғылыми зерттеу мақалаларын жинақ етіп шығара бастады.

1958 жылы Мұхаметжан Қаратаевтың «Туған әдебиет туралы ойлар» атты мақалалар жинағы, 1959 жылы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың «Әр жылдар ойлары» атты ғылыми еңбегінің бірінші кітабы, 1962 жылы екінші кітабы шықты.

1960 жылы Сәбит Мұқановтың «Өсу жолдарымыз», Әбділда Тәжібаевтың «Өмір және поэзия» атты кітабы басылды, ол еңбектерде де халық творчествосы, халық ақындары туралы құнды ғылыми зерттеулер бар.

40—50-жылдарда халық ақындарының шығармаларын зерттеген диссертациялық еңбектер де көріне бастады. 1949 жылы К. Тұрғанбаев — «Жамбылдың батырлық жырлары», 1951 жылы Манап Хасенов — «Иса Байза-

ковтың творчествосы», 1953 жылы Оразгүл Нұрмағамбетова — «Нұрпейіс Байғанин—советтік дәстүрдің жыршысы», 1955 жылы Е. Ландау — «Жамбыл шығармаларының аудармасы», 1956 жылы Х. Ишанов — «Қазақстанда Совет өкіметін орнату үшін күрескен ерлер туралы жырлар» деген тақырыптарға кандидаттық диссертация қорғады.

Қазір Қазақ ССР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қазақ әдебиеті тарихының I-томының екінші кітабын, яғни совет дәуіріндегі халық поэзиясының тарихын жазу үстінде.

Қорыта келе айтарымыз бұл мақалада халық ақындары шығармаларының жариялануы, зерттелуі жөніндегі еңбектер толық қамтылды дей алмаймыз. Мақала совет дәуіріндегі халық творчествосынан хабардар боламын деуші ғалымдарға, студенттерге, әдебиетшілерге арнап жазылды.





## МАЗМҰНЫ

### Бірінші күн

М. Базарбаевтың кіріспе сөзі.	5
М. Қаратаевтың сөзі ..	7
К. Әзірбаев. Ел бастаған кемеңгер.	19
Қ. Жапсарбаев. Қоммунизм шыңына.	21
Х. Өтеғалиева. Ана қуанышы.	23
М. Жапақов. Көмірлі Қарағандым — үштің бірі.	24
Қ. Жүсіпов. Жаңа өмір.	24
А. Әлжанов. Тың өлкеге ту тіктік.	26
Н. Баймұратов. Ленин нұры.	27
Б. Бектұрғанов. Оңтүстіктің табысы.	30
Т. Қирабаев. Қорғаным Компартия.	30
Б. Меркемелиденов. Ақындар жиылысына.	31
А. Жексенбаев- Қазакстан.	32
Т. Әміренов. Бақыт ..	33
Ж. Мәдиев. Толғау.	35

### Екінші күн

Е. Ысмайыловтың сөзі.	37
Ү. Кәрібаев. Нұр тілек.	43
Б. Қожабаев. Болат құс.	45
И. Биназаров. Академияның ақ ордасында.	47
Е. Кәндеков. Ел тілегі — бейбітшілік.	49
Қ. Алтынбаев. Көкте адам.	50
К. Елеуов. Жан сусынын Жосалыдан табасың.	51
Р. Тоқтарбаев. Алтай алқабында.	52

## Үшінші күн

Ә. Тәжібаевтың сөзі.	56
Кенен мен Халиманың өлеңмен қағысуы.	64
Болман мен Желеудің айтысы.	71
Қалихан мен Әбікеннің айтысы.	83
Таубай мен Аманжолдың айтысы.	95
Қалқа мен Есдәулеттің айтысы.	104
Артық пен Құмардың айтысы.	115

### Халық ақындарының тілегі

К. Елеуов.	122
Б. Меркемелиденов.	124
Ғ. Мүсірепов. Қорытынды сөз.	125
Халық ақындарының республикалық мәслихатының ұсыныстары.	132

### ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН МАҚАЛАЛАР

М. Әуезов. Совет ақындарының айтысы.	137
М. Қаратаев. Халық поэзиясы жаңа белесте.	150
Е. Ысмайылов, Б. Уахатов. Қазіргі халық ақындарының өнер жолы.	157
Т. Сыдықов. Сөз асылы елде.	165
Б. Ысқақов. Халық ақындарымен әңгімелескенде.	178
Б. Адамбаев. Ақындық айтыс — ардақты дәстүр.	187
З. Кереева. О музыкальном строе напевов айтыса.	194
Ә. Рахымжанов, Б. Уахатов. Кеңесіп көрсек дейміз.	202
Ғ. Жұмабаев. Дарын иелері.	206
Ш. Құмарова. Халық ақындарының мәслихаты.	211
Б. Әбдіразақов. Майталмандар мәслихаты.	215
М. Ғұмарова. Кітап қазынасынан.	218





**894.342**

**А—44** Песни акынов. Современная казахская народная поэзия. (Республиканское совещание народных акынов (3—5 августа 1961 г.). Изд-во АН КазССР, Алма-Ата, 1963. Стр. 234. (Институт литературы и искусства им. М. О. Ауэзова АН КазССР).

**Редакторы С. Бекмухамедова, Л. Н. Москвичева**

*Худ. редактор И. Д. Суцих*

**Тех. редактор П. Ф. Алферова**

*Корректор Н. Сулейменова,*

\* \* \*

Сдано в набор 24/XII 1962 г. Подписано к печати 18/IV 1963 г.  
Формат 84X108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Физ. л. 14,63. Усл. печ. л. 11,99. Уч.-изд. л. 12,5.  
Тираж 5500. УГ03018. Цена 83 коп.

\* \* \*

Типография Издательства АН КазССР. Алма-Ата,  
ул. Шевченко 28. Зак. 153.

Цена 83 коп.